**Коммерциялық емес
акционерлік қоғамы**

**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**

Қазақстан тарихы және мәдениеті
кафедрасы

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАР: САЯСАТ, ҚҰҚЫҚ, ДІН

Дәрістер жинағы
(барлық мамандықтарға арналған)

Алматы 2018

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Дакенов М.Д., Танирбергенова Р.К. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік институттар: саясат, құқық, дін. Дәрістер жинағы (барлық мамандықтарға арналған). – Алматы: АЭжБУ, 2018. – 134 б.

Ұсынылып отырған Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік институттар: саясат, құқық, дін дәрістер жинағы барлық мамандықтардың күндізгіжәне сырттай оқу бөлімдерінің студенттеріне арналған.

Пікір беруші: тар.ғыл. канд., профессор Орынбекова Д.С.

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2018 ж. баспа жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2018 ж.

Әлеуметтік институт – адам тіршілігін және
оның өмір сүруін қамтамасыз ететін
әлеуметтік нормалардың, реттеуші қағидаттардың
және ұйымдық құрылымдардың кешені.

В.А. Бачинин.

Алғы сөз

Әлеуметтік институттар алғашқы қауымдық қоғамнан қазіргі заманға дейінгі кез келген қоғамда болған. Оларсыз қоғам өзін құрайтын адамдарға қатысты фунцияларын орындай алмас еді.

Отбасы, өндіріс, дін, білім, мемлекет ежелгі дүниеде пайда болған адамзат қоғамының іргелі институттары: өндіріс институтына шамамен 2 млн жыл, отбасы институтына 500 мың жыл болса, адам жасаған қоғам 40 мың жыл бұрын, әскер мен мемлекет 10 мың жыл бұрын пайда болды. Олар даму процесінен өтті, жаңа әлеуметтік институттар шықты.

«Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік институттар: саясат, құқық, дін» пәнін университет білім беру процесіне енгізілген жаңа оқу курсы. Оны оқып үйрену әлеуметтік институттардың пайда болып, қалыптасу себептері мен факторларын, әлеуметтік институттардың түрлері мен формаларын меңгеруге, олардың белгілері мен функцияларын, ерекшеліктерін, даму заңдылықтарын, категорияларын пайымдауға, зерттеу әдістерін, әлеуметтік институттар туралы тұжырымдамалар мен теорияларды қарастыруға, әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға және болашақтың дау – дамайсыз қоғамын құруға бағыт – бағдар береді, жастарды өмір сүруге үйретеді.

Жастардың бойында тұлғалық сапаларды қалыптастырады, жетілдіреді, азаматтық ұстанымын айқындауға бейімдейді, қоғам мен әлеуметтік институт шеңберінде өмір сүруге бағыттайды. Осы оқу құралында қазіргі заманауи қоғамдарда функционалдық міндеттерін атқарып отырған маңызды институттар қамтылған, соның ішінде саясат, мемлекет, парламент, саяси партиялар, құқық, экономика, дін, отбасы және неке, білім, ғылым, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары баяндалған. Сонымен қатар, қоғамдық өмірдің стратификация, мобельдік, жаһандану және т.с.с өзекті мәселелері де назардан тыс қалмады. Осының бәрі сайып келгенде дәрістер жинағын кешенді етуге мүмкіндік береді. Жинақта Қазақстанға байланысты білімдік және тәрбиелік мәні бар материалдарда ұсынылды.

Біздің пікірімізше, осы дәрістер жинағы студенттерге «Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік институттар: саясат, құқық, дін» курсын оқуда көмек көрсетеді. Ол ғылымда қалыптасқан тұжырымдамалық көзқарастар мен бағалануларға негізделген 30 дәрістен тұрады, курстың негізгі материалын жинақтап қарастыруға талпыныстар жасалды.

1 дәріс. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік институттар

1. Әлеуметтік институттар анықтамасы, белгілері және түрлері.
2. Институттену процесі. Институттердың функциялары.

Дәрістің мақсаты: әлеуметтік институттарды индивидуалдық және әлеуметтік қажеттіліктер жүйесі ретінде көрсету.

Дәрістің мазмұны: оқу пәнінің мақсаты мен міндеттері, институттардың белгілері, типтері, кезеңдері, негізгі функциялары қарастырылады.

1. Адамдардың қоғамдық өмірі бытыраңқы емес, оны әлеуметтік институттар біріктіреді. Бұл адамдардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тұрақты және орныққан әлеуметтік байланыстар және қарым-қатынастары мен түсініледі. Бұл, әсіресе, адамдар өмір сүре алмайтын, қоғамды ыдыратуға ұшырататын маңызды қажеттіліктер. Мұндайға ұшырамас үшін кейбір аса маңызды әлеуметтік қатынастар типтерін орнықтыру өмірге керек, орнықтыру әлеуметтік қатынастарды міндетті етеді. Осы үшін қоғамда мінез-құлық ережелерін белгілейтін, сондай-ақ орындалмаған жағдайда санкция жасайтын нормалардың, рөлдердің және мәртебелердің қатаң бекітілген жүйесі құрылады. Бұл жүйе әлеуметтануда «Әлеуметтік институт» ұғымының көмегімен сипатталады.

Әлеуметтік институт – бұл қоғамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыратын маңызды қоғамдық құндылықтар және процедураларды біріктіруші әлеуметтік нормалар мен байланыстардың ұйымдасқан жүйесі. Әлеуметтік институт, әлгінде атап айтылғандай, қоғамда қайсыбір әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайда болады. Егерде мұндай қажеттілік аз болса немесе мүлдем жойылса, онда қоғамдық өмірді тежейтін институттың өмір сүруі мәнсіз. Мысалы қоғамдық өмірді тежейтін дворяндардың ар-намыс дуэлі институты, XVIII – XIX ғасырларда белгілі бір әлеуметтік топтың қарым - қатынасын реттеуге бағындырылған институт болып саналған.

Алайда өмірге ауыспайтын қажеттіліктер әкелген институттар бар. Бұл дәстүрлі институттар: отбасы, саяси, экономика, білім беру және діни. Соңғы жүз жылдықта жаңа әлеуметтік институттар қалыптасты: ғылым, медицина. Олардан адамдар ерекше институттық нормалардың көмегімен қатаң орнатылған мінез-құлық (жүріс-тұрыс) үлгілерімен өздерін топтарға және ассоциацияларға біріктіреді, осылайша қоғамдағы тұрақтылық пен тәртіпке қолдау көрсетеді.

Қоғамда әлеуметтік институттар қалай пайда болады? Мысалы біздің қоғамда жеке кәсіпкерлік қызмет жаңа әлеуметтік институт ретінде нарықтық қатынасқа көшу кезінде пайда болды. Адамдар сол арқылы өздерінің экономикалық қызметке деген қажеттілігін іске асыруға тырысты. Осылайша,

олар табысын, мәртебесін көтерді. Кәсіпкерлік туралы заңдардың шығуы кәсіпкерлік қызметті ретке келтіруге ықпал етті. Байқағанымыздай институттың пайда болуы бірнеше кезеңді басынан өткізеді екен.

Оның құрылуы төмендегідей кезеңдерді қамтиды :

а) қажеттіліктің пайда болуы, оны қанағаттандыру бірігіп ұйымдасқан әректтерді талап етеді;

б) ортақ мақсаттар қалыптастыру;

в) стихиялық әлеуметтік өзара әрекеттесу барысында әлеуметтік нормалар мен ережелердің пайда болуы;

г) нормалармен және ережелермен байланысқан процедура құралады;

д) нормаларды, ережелерді, процедураларды қабылдау және практикада қолдану;

е) заңдар қабылдау, сондай-ақ оларды қолдау үшін қажетті санкциялар орнату;

ж) институттың бүкіл мүшелерін қамтитын мәртебелер мен рөлдер жүйесін жасау.

Әртүрлі әлеуметтік институттардың спецификалық айырмашылықтарына қарамастан, бәріне ортақ белгілер бар. Бұл, біріншіден, мәдени символдардың болуы, басқаша айтқанда, сол әлеуметтік институтқа жататынын көрсететін мәдениеттің белгілі бір элементтерінің болуы. Мысалы, әнұран, ту, герб рәміздері мемлекеттің бейнесі. Бейтаныстардың саусағындағы некелік жүзік оның тұрмыста екенін куәландырады. Екіншіден, адам қайсібір институтқа қызметке тұрғаннан кейін белгілі бір орын алады, яғни міндеттер мен құқық жиынтығынан тұратын мәртебені иеленеді және мәртебе алуымен байланысты күтілетін мінез-құлықты (жүріс-тұрысты), яғни рөлді иеленеді. Бұл рөлдердің жүйесі мінез-құлық (жүріс-тұрыс) формалды кодекстерінде көрсетілген: медиктердің Гиппократқа, президент сайлаудан кейін қызметке кірісердегі, әскердегі жауынгерлердің анттары соның дәлелі. Мүмкін, егерде олардағы ережелер шынайы өмірден қол үзу және оны бұзғаны үшін тез және заңды жаза қолданылмаса бұл кодекстер бұзылуы мүмкін. Үшіншіден, әрбір институт өз идеологиясын, яғни идеялар жүйесін жасайды, бұлар адамдардың қалай және неге белгілі әрекет етуге тиістігін көрсетеді, мінез-құлық (жүріс-тұрыс) ережелерін қолдануды түсіндіреді және ұтымды дәлелдейді. Сөйтіп институтты нығайтуға қолдау жасайды.

Қоғамда еңбек бөлінісі неғұрлым тереңдеген сайын, соғұрлым әлеуметтік институттардың саны көбейеді Күрделі қазіргі қоғамда институттардың көптігі соншама, оларды тізіп шығу мүмкін емес. Аса маңызды институттардың кейбір топтарын атап шығамыз.

Экономикалық институттар – қоғамның материалдық базасын қамтамасыз етеді. Бұл өндіріс институты, нарық институты, меншік институты, банктер институты және т.с.с. Мәдениет институттары-алуан түрлі ақпаратты сақтауды, жинауды және жетілдіруді қамтамасыз етеді. Бұл білім беру институты, дін институты, ғылым институты, бұқаралық ақпарат құралдары институты және т.б. Саяси институттар – қоғамды басқаруды,

әртүрлі топтар мен ұйымдардың әрекетін үйлестіруді, қоғамның ресурстарын бөлуді және т.б. қамтамасыз етеді. Бұл жерде басты рөлді мемлекет институты атқарады. Сонымен қатар сайлау институтын , сот институтын, президент институты, отбасы институтын атауға болады, бірақ бұлардың ішінде ең бастысы – отбасы институты. Әлеуметтік институттар индивидтердің қоғамдағы мінез-құлқын (жүріс-тұрысын) реттейді және тәртіптейді, әлеуметтік рөлдер жүйесі арқылы олардың әрекетін үйлестіреді. Әрбір әлеуметтік институт рөлдердің жиынтығы ретінде өздерін көрсетеді. Әлеуметтік рөл – бұл әлеуметтік орынмен анықталатын тұрақты мінез-құлық. Рөл – бұл адамның қоғамда атқаратын функциясы. Мысалы, білім беру институты көптеген рөлдерді қамтиды: оқушы, мұғалім, мектеп директоры, ЖОО оқытушысы, студент, ректор, әдіскер және т.б. Әлеуметтік рөлдер әлеуметтік институттардың қоғам ішіндегі функционалдық саланы бөлудің нәтижесі сияқты институт ішіндегі функцияларды бөлудің нәтижесі.

2. Қоғамның тарихи дамуы барысында жаңа институттар қалыптасады. Әлеуметтік әлеуметтік институттың қалыптасу процесі институттену (институциализация) деп аталады. Бұл процесс Бергер мен Лукманның «Әлеуметтік шындықты конструкциялау» атты еңбегінде сипатталған.

Институттенуді қызметтің қайсыбір формасының «машықтану» процесі ретінде елестетуге болады. Соның нәтижесінде бұл қызмет қайталанатын, болжаланылатын және әлеуметтік тәртіптің ажырамас бөлігі ретінде қабылданады. Сонда институттену әлемі объективті шындық ретінде қабылданады. Әлеуметтік институттар индивидке даусыз фактілер ретінде қабылдайды. Әлеуметтік әлемді адам объективті қабылдауына қарамастан, ол адам қызметінен тәуелсіз мәртебе ала алмайды. Әлеуметтік әлемді жасаушы адам және әлеуметтік әлем, оның өнімі арасында өзара байланыс байқалады. Мінез-құлық нормалары, құндылықтар индивидтің институттелген мінез-құлқын (жүріс-тұрыс) уәждайды; олар институттар контексінде рөлдерді анықтайды және конструкциялайды. Мінез-құлықтың (жүріс-тұрыс) белгілі болған нормалары мен құндылықтары, әлі белгісіз құндылықтармен араласады. Бірақ ол болашақта белгілі бір жағдайда белгілі болуы мүмкін. Осылайша, әлеуметтік институттарды адам конструкциялайды. Әлеуметтік шындық бұл индивидтің санасында болған және адам санасында конструкцияланатын бірдеңе сияқты.

Институттену әлеуметтік бақылауды қажетсінеді. Кейбір қызметтің әдетке және қажеттілікке айналуы адам мінез-құлқын қалайда реттеуді білдіреді. Институттардың пайда болуы қызметтің қандай да бір формасын бақылау, күтпеген (спонтанды) белсенділікті шектеуді реттеу формасы ретінде пайда болды.

Институттену сондай-ақ легитимдеуді ойластырады. Легитимдеу – бұл қайсыбір қызмет түрінің қажеттігін ойлау, түсіндіру процесі, соның арқасында бұл қызмет негізделген және заңдастырылған болып шығады.

Легитимдеу жаңа ұрпаққа тәжірибені беру қажеттігімен байланысқан. Әрбір жаңа ұрпақ қалыптасқан және оған бейімделуді қажет ететін әлеуметтік тәртіп ҚР және оны құрайтын институттарға кезігеді.

Бұл бейімделу қажеттілікке жәй ғана механикалық бағынуды білдірмейді, қоғамда бар әлеуметтік тәртіпті негіздеген бірқатар идеяларды, құндылықтарды игеруді білдіреді.

Адам отбасын құрмайды, егерде алдын ала оған бұның қажеттілігін және дұрыстығын сендірмесе. Адам егерде биліктің талаптарының әділдігіне және заңдылығына сенбесе өз еркімен мемлекеттік билікке бағынбайды. Қайсыбір әлеуметтік институттың легитимдігі қоғамды құрайтын индивидтердің тарапынан оның қызметінің қажеттігіне, заңдылығына сенуді білдіреді.

Әрбір әлеуметтік институт белгілі бір функцияларды атқарады.

Құрылымдық функционализм өкілі Р. Мертон «функция» деп қайсыбір әлеуметтік құбылыстың (институттың) қоғамға тигізер салдарын түсінуді ұсынған. Қайсыбір әлеуметтік құбылыстың қоғамға тигізер салдары алуан түрлі. Мертон оларды төменгідей классификациялайды: «Функция – бұл жүйенің бейімделуіне немесе лайықтануына ықпал ететін, бақыланатын салдарлар.

Дисфункция – бұл жүйенің лайықтануына немесе бейімделуін азайтатын, бақыланатын салдарлар. Сондай-ақ қаралатын жүйе үшін функционалды емес парықсыз салдарлар болуы мүмкін.»

Сол бір ғана әлеуметтік құбылыс функционалды және дисфункционалды салдарлар туындатуы мүмкін. Сонымен қатар әлеуметтік институт, тарихи бір ситуацияда бұрын функционалды болған, келесі бір жағдайда функционалды емес немесе дисфункционалды болуы мүмкін.

Функция жүйемен тұтастық ретінде ара қатынаста болады. Функция үшін тұтастық ретіндегі қоғамға бағыт-бағдар ұстау маңызды. Функция барлық жүйеден туындайтын талаптарды қояды. Бұл қоғамның өзін аман қалуы және сақтауы принципін күшейтеді. Әрбір функцияның әрекет ету механизмі бар. Осындай механизм қатарына әлеуметтік рөлдерді, құндылықтарды, қоғамдық еңбек бөлінісін, салт жораларды жатқызуға болады.

Функция балама арқылы ашылады, бұл тәсілдерінің пайда болуына жол береді. Бірақ функцияның варианттылық саласы шексіз емес. Әлеуметтік құрылым элементтерінің тығыз байланысы балама жұмыс істеудің даму мүмкіндігін шектейді.

Мертон алға қойған мақсаттың қол жеткен нәтижелерге әрдайым сәйкес келе бермейтінін ескеріп функцияларды айқын және латенттік (жасырын) функцияларға бөледі.

«Айқын функциялар – бұл объективті салдарлар, олар жүйені реттеуге немесе бейімдеуге өз үлесін қосады және олар жүйеге қатысушылардың ниетіне кіріп, саналы түрде меңгерілді.

Латенттік функциялар, керісінше, ниетке кірмеген және саналы мойындалмаған объективтік салдарлар». Латенттік функцияларды айқын функцияларға қарағанда белгілеу қиын дайындау институттерінің элементтері болып табылады.

Қазіргі әлеуметтанушылар әлеуметтік институттардың негізгі төрт функциясын бөліп көрсетеді:

- қоғам мүшелерін ұдайы өндіру;
- әлеуметтену;
- өмірлік маңызды ресурстарды өндіру және бөлу;
- халықтың мінез-құлқына бақылау орнату.

Бақылау сұрақтары:

1) Әлеуметтік институт деген не? Оның қандай белгілері бар?
2) Қоғамның негізгі әлеуметтік институттарына нелер жатады?
3) Институттену процесін сипаттаңдар.

2 дәріс. Қазіргі қоғам әлемдік жүйе ретінде

1. Қоғам анықтамасы және белгілері
2. Қоғам типологиясы
3. И. Валлерстайнның әлемдік жүйе тұжырымдамасы

Дәрістің мақсаты: әлемдік жүйенің қалыптасуы мен дамуын талдау.

Дәрістің мазмұны: қазіргі қоғамның анықтамасы, белгілері, жүйелік сипаты, типтері, теориялары баяндалады.

1. Қоғам ежелгі дүниеде мемлекеттен бұрын пайда болды. Сырт көзге ол адамдардың жиынтығын, бірлестігін елестетеді. Бұл дегеніміз қоғамның адам сияқты жануарлар дүниесінен өзінің саналығымен және мінез-құлқымен түбегейлі ерекшеліктерін көрсетеді. Қоғам – адамзаттың қауымдастығы, оны адамдар құрайды және соның құрамында өздері өмір сүреді. Жануарлардың биологиялық қатынастары, түптеп келгенде, олардың табиғатқа қатынасы болып табылады, ал адамзат қоғамының ерекшелігін адамдардың кез келген механикалық ерекшелігі емес, керісінше, адамдардың тұрақты, орнықты және мейлінше тығыз өзара ықпалы мен өзара әрекеттерінің негізінде құрылатын бірлестік. Қоғамға тар мағынада берілген анықтамаға сәйкес қоғам бұл

1) Қандайда бір қызметті бірігіп орындау мен қарым-қатынас үшін біріккен адамдардың белгілі бір тобы.

2) Қайсыбір елдің немесе халықтың тарихи дамуының нақты кезеңі.

3) Өзінің құрылымы мен институттары бар адамдардың өзара әрекетінің күрделі ұйымдасқан жүйесі.

Қоғам ұғымы мен мемлекет түсінігі бір - біріне ұқсамайды. Олай болса, олардың белгілерінде де өзгешеліктер болады.

Қоғамның белгілеріне мыналар жатады.

Қоғамның алғашқы белгісіне әлеуметтік байланыстардың шоғырлануы жүретін аумақты жатқызады. Аумақ – индивидтер арасында қатынастар мен өзара әрекеттер қалыптасатын, дамитын әлеуметтік кеңістіктің негізі болады.

Қоғамның екінші ерекшелікті белгісі оның ішкі өзара байланыстарының жоғары интенсивтілігін қолдауға және ұдайы туындатуға, жетілдіруге қабілетті болуы.

Адамзат тарихының көне кезеңдерінен бастап қоғамның тұрақтылығы ең алдымен тұлғааралық өзара әрекеттердің есебінен сақталып келеді. Адамдар өздерінің қарым-қатынасын туыстық, көршілік, әдет-дағдылар, көмек пен қолдау көрсету сияқты дәнекерлермен байланыстырады. Ф.Теннис осындай принциптерге негізделген қоғамды қауымдастық деп атаған.

Алайда, халық санының өсуіне орай байланыстардың өзара әрекет жүйесі бұрынғыдай қолданыла алмады. Басты тұрақтандырушы алғышарт болып әлеуметтік құрылым шықты.

Әрбір құрылым әрекеттер мен өзара байланыстардың белгілі бір түрлерін тәртіптейді (реттейді) және оларды ұдайы өңдейді. Айталық, отбасы институты неке қатынастарын, ақша институты тауар айырбастауды реттейді. Бұлардың бәрі біріге отырып, сабақтастықты қамтамасыз етеді, онсыз әлеуметтік байланыстарды ұдайы өндіру мүмкін емес.

Қоғамның үшіншi белгісі қоғамның автономдығы және өзінің толықтылығы сыртқы басқарушылардың болмауынан көрінеді. Қоғам өз ішінде пайда болған және жасалған нормалар мен принциптердің негізінде, институттар мен ұжымдардың арасында реттеліп отырады және басқарылады. Өзін-өзі реттеушілік қоғамның, маңызды қасиеті, бұл оның көлеміне қарамастан өз бетінше әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, қоғамды үлкен интеграциялық күш ерекшелейді. Ол әрбір жаңа ұрпақты әлеуметтендіреді, сол ұрпақты қалыптасқан қатынастар жүйесіне қосады, соларды бәрі мойындап қабылдаған нормалар мен ережелерге бағындырады, өзіне ол жаңа әлеуметтік түзілімдерді, институттарды, нормаларды таңдайды, сөйтіп сол арқылы дамуды жаңалайды және сабақтастығын қамтамасыз етеді.

2. Бұрынғы және қазіргі қоғамдарды әлеуметтік ғылымдар белгілі типтерге бөледі. Қоғамның бірнеше типтері, ұқсас белгілермен және критерилермен біріккен, типологияны құрайды.

Ертеде басты белгі ретінде жазудың болуы алынса, онда барлық қоғам жазуға дейінгі қоғамға, яғни сөйлей алатын, бірақ жаза алмайтын қоғамға және жазба қоғамға, әліпбиі бар және дыбыстарды материалдық сақтаушылар жазып алған: сына жазбаларда, кестелерде, кітаптарда, газеттерде немесе компьютерлерде. Жазба шамамен бұдан мың жыл бұрын пайда болды, бірақ әлі күнге дейін кейбір тайпаларда ол жоқ. Жазудың шығуы халықтың мәдениетінің жоғары деңгейге жеткені куәландырады. Жазуды білмейтін халықты тағы, артта қалған, өркениетке жетпеген жұрт деп атайды.

Келесі типтеу бойынша да қоғам екі топқа – қарапайым және күрделі қоғамға бөлінеді. Оның критериіне басқару деңгейінің саны мен әлеуметтік жіктелу дәрежесі алынады.

Қарапайым қоғамдарда алғашқы қауымдық тайпаларда басшылар мен бағыныштылар, байлар және кедейлер болған емес. Күрделі қоғамдарда мемлекеттік аппарат құрылды, ғылым, техника дамыды, адамдардың жіктелуі жүрді. Мұнда басшы мен бағынушы қарама-қарсы тұрған – үстем ететін және үстем етпейтін таптарды құрайды. Бір кезде стихиялы пайда болған әлеуметтік теңсіздік енді заңмен, экономикамен, дінмен және саясатпен бекітіледі. Саяси институт – мемлекет күрделі құрылымдардың пайда болуына түрткі болды. Қарапайым қоғамдар бұдан 40 мың жыл бұрын пайда болса, күрделі қоғамдар 5-6 мың жыл бұрын пайда болды.

Алғашқы екі типтеу бір-біріне жеңіл сәйкестенеді, тек олардың қасиеттері мен өмір сүрген уақытына көңіл аудару керек. Мысалы, жазуға дейінгі қоғамдар уақыт бойынша қарапайым, ал жазуы бар қоғамдар күрделі қоғамдарға сәйкес келеді.

Үшінші типтеудің негізіне өмір сүруге керекті заттарды табу тәсілдері, яғни өндіріс тәсілдері жатыр. Осының критерийлері бойынша ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейінгі барлық қоғамдарды келесі типтерге бөлуге болады:

- аңшылар мен терімшілер қоғамы;
- бау-бақша қоғамы;
- малшылар қоғамы;
- жер шаруашылығы қоғамы;
- индустриялды қоғам.

XIX ғасырдың ортасында К.Маркс қоғамдарды формациялық типтеуді ұсынды. Ол кеңінен тарады. Оның негізінде 2 критерий алынған: өндіріс тәсілі және меншік формасы. Қоғам тілімен, мәдениетімен, дәстүрімен, саяси құрылысымен, адамдардың өмір деңгейімен ерекшеленетін, бірақ әлгі 2 белгімен біріккен, бір қоғамдық – экономикалық формациясын құрады. К.Маркс адамзат 5 формациядан тұрады деп есептейді – алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық ,капиталистік және коммунистік қоғам, соңғысы болашақта құрылуы тиіс. Қоғамдық экономикалық формацияны ол сатының баспалдағы ретінде қарап, онда әлем халықтары тарихи эволюция процесі барысында қозғалады. Бірақ әлем халықтарының бәрі бірдей бұл формациядан өтпеген, өткендері аттап өткен.

Өркениет формацияға қарама-қарсы тұрған амал. Көптеген авторлар өркениетті тағылықтың орнын алмастырған тарихи дәуірді білдіретін және өндірістің ғылыми тәсілін және қоғамдық өмірдің ізгіліктігін іске асыратын, оған синоним қоғам ретінде қарсы тұр деп есептейді.

Осымен қатар «өркениет» ұғымы қайсыбір елдің, елдер мен халықтар тобының белгілі бір кезеңіндегі дамуының спецификациясын, өздігін білдіру үшін қолданылады. Формацияға қарағанда өркениет өзіндік мәдениетті иеленген нақты, тірі әлеуметтік организм.

Өркениет ұлттық шеберде шектеледі (қытай өркениеті, индия өркениеті, орыс өркениеті), сондай-ақ аймақтың өркениет болып шектеледі (батыс еуропа өркениеті, араб өркениеті және т.с.с). Қайсыбір тарихи эволюция кезінде пайда болған ұлттық немесе аймақтық өркениет тарихи сатының басқыштарының біреулерінде ұзақ тоқтап, кейбіреуіне соқпай өтіп, үшіншілерінен жылдам өтіп ыдыраганға дейін қозғалады.

Аса қуатты өркениеттер жүздеген немесе мыңдаған жылдар барысында қалыптасады. Олар ұрпақтар тәжірибесін және жетістіктерін жеткізеді.

Қазіргі әлемге көптүрлі өркениет тән. Онда ондаған өркениет өмір сүреді – батыс еуропа (өз кезегінде француз, ағылшын, испан т.б. бөлінетін); солтүстік америка, қытай, латын америкасы, индия, ресей, африка, араб және т.б. олардың әр қайсысы әртүрлі формациялық негізде, феодализмнің, капитализмнің, социализмнің белгілерін үйлестіріп, қалыптасты.

Нәтижесінде қазіргі әлемдегі өркениеттің санының формацияның санынан артық екенін көреміз.

Қазіргі ғалымдар тарихи дамудағы адамзат қоғамының жаңа типтелуін ұсынды:

– индустриалдыққа дейінгі қоғам (200-250 ж. бұрын);

– индустриалдық қоғам;

– постиндустриалдық қоғам (Белл, Тоффлер) XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап құрылды. Бұл қоғамның қазіргі типі;

– индустриалдыққа дейінгі қоғамдар Африка, Латын Америка, Оңтүстік Азияда үстем етеді. Мұнда жер, мал шаруашылығы, балық аулау, тау-кен өндіру, ағаш өңдеу өнеркәсібі басым. Еңбекке жарамды халықтың 2/3 бөлігі ғана шаруашылықтың түрлерімен айналысады;

– индустриалдық қоғам адамның табиғатпен жарысатын қоғамның типі. Бұл Солтүстік Америка, Еуропа, бұрынғы КСРО аумағындағы елдерін қамтиды. Мұндағы басты нәрсе – жаппай тұтыну тауарларын өндіруді дамыту, ол үшін әртүрлі техникалар қолданылады. Мұндай өндірісте адам табиғатты өзгертуге жарысады;

– постиндустриалдық қоғам типінде АҚШ, Канада, Жапония және Батыс Еуропа елдері кіреді,олар айтарлықтай үлкен табыстарға жетті. Мұнда ең бастысы ақпаратты алуға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға бағытталған еңбек. Бұл қоғамда адамдар арасында жарыс басымдыққа ие болған. Африка халқының 3/2 ауыл шаруашылығында жұмыс істесе, АҚШ-тың аграрлық секторында халықтың 3% жұмыс істейді. Өнеркәсіп өндірісінде халықтың 1/3, қызмет көрсету саласында 2/3 жұмыс істейді. Бұл жетістік ғылыми-техникалық прогрестің және еңбек өнімділігінің жедел өсуімен байланысты. Дамыған елдердің ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі дамушы елдерге қарағанда 15 есе артық.

3. И. Валлерстайн әлемдік жүйені 3 бөлікке бөледі: ядро, жартылай переферия, переферия

Ядро – Батыс Еуропа, Солтүстік Америка елдері, Жапония сынды – өндіріс жүйесі жетілген аса күшті және қуатты мемлекеттерден тұрады.

Оларда басқаларына қарағанда капитал, ең сапалы тауарлар, ең күрделі өндіріс технологиялары мен құралдары көп. Қымбат және жоғары технологиялық өнімдерді бұл елдер жартылай периферия және периферия елдерге экспорттайды.

Жартылай периферия және периферия мемлекеттер – бұлар «екінші» және «үшінші» дүние деп аталатын елдер. «Үшінші дүние» терминін 1952 ж. французбар АҚШ мен КСРО арасындағы суық соғыс дәуірінде жауласқан екі жақтың бірде-біреуіне қосылмаған елдер тобын жазу үшін ойлап шығарды. Олардың қатарында Югославия, Египет, Индия, Гана, Индонезия болды. 50 жылдардың екінші жартысынан бастап бұл термин аса кең мағынаға ие болады. Ол барлық әлсіз нашар дамыған елдерді белгіледі. Осылайша оның мәні географиялық емес, экономикалық мазмұнмен толықты. Әлсіз нашар дамыған елдердің қатарына бүкіл Латын Америкасын, бүкіл Африканы (ЮАР-ды қоспағанда), бүкіл Азияны (Жапония, Сингапур, Гонконг, Издальды қоспағанда) жатқызатын болды.

Ал кейбір елдер, айталық Африка сахарасы, Гошти және Бангладеш елдері, кедейшілік пен қасірет тым жайлап кеткен, төртінші дүниеге жатқызылды. Оларды экономикалық прогресс жолына түскен үшінші дүниеден бөлді.

Периферия елдері – бұлар Африка мен Латын Америкасы ең артта қалған және ең кедей мемлекеттері. Оларды шикізат көздері деп есептейді. Пайдалы шикізаттар қазып алынады, бірақ жергілікті жерде өңделмейді, тек экспортталады. Қосымша өнімнің үлкен бөлігін шетел капиталы иеленеді. Жергілікті элита ақшасын өз мемлекетінен тыс елдерге салады, олар шетел капиталына қызметке тұрады және солардың мүдделеріне қызмет етеді. Саяси режимдер тұрақсыз, төңкерістер жиі болады, әлеуметтік және ұлттық дау-жанжалдар жиі болады. Жоғары тап орта таптың төменгі жігінен бөлінбеген.

Өйткені олардың өркендеуі шикізатты экпорттауда, тәуелді технология мен капитал тек сырттан келеді. Үкімет көбіне көп диктаторлық немесе авторитарлық режимді, шетел инвестициялары келгенге дейін елді көп немесе кем ақылдылықпен басқарады. Бірақ батыстың көмегі мемлекет шенеуніктерінің қалтасына түседі немесе олардың шетелдегі есепшоттарын толтырады. Мұндай үкімет тұрақсыз, олар халықаралық дау-дамайларды, ішкі соғыстарды туғызады.

Мұндай жағдайлар Латын Америкасы елдерінде, Иран және Филиппеинде болып тұрды. Тіптен революциядан кейінде оларда жеңілдік жоқ. Жаңа үкімет халықты қуғын-сүргінге түсіреді, өзінің қабілетсіздігін көрсетеді, оны халық биліктен кетіреді.

Жоғарыда айтылғандай, әлемдік жүйе бірте-бірте құрылады. Сәйкесінше әр ел әр жылдары ядродағы көшбасшы рөлін атқарады, перифериядан шегініс жасайды немесе перифериядан орын алады.

И. Валлерстайн 80 жылдары ұсынған ядро және периферия теориясы бүгіндері дұрыс деп саналады.

Бақылау сұрақтары:
1) Қоғам деген не? Оның қандай белгілері бар?
2) Қоғам қандай типтерге бөлінеді?
3) И. Валлерстайнның әлемдік жүйе тұжырымдамасының мәні неде?

3 дәріс. Қазіргі замандағы жаһандану үдерісі

1. Қоғамдардың жаһандасу процесі.
2. Жаһандану теориясы мен тұжырымдамалары.
3. Қазіргі жаһандық проблемалар.

Дәрістің мақсаты: жаһандану процесін және қазіргі жаһандану проблемаларын талдау.

Дәрістің мазмұны: жаһандану процесінің теориялары мен тұжырымдамаларын, проблемаларын баяндау.

1. Қазіргі кезде жаһандану жиі қолданылатын терминге айналды. Жаһандану ағылшын тілінен (globalzation) тікелей аударғанда «бүкіл әлемге тарау», «бүкіл әлемдік» (ағыл. «global» әлем, жер шары, «global») дүние жүзілік,бүкіл дүние жүзілік деген мағына береді.

Бұл термин ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында қалыптасқан дамудың бірқатар құбылыстары мен процестерінің жиынтығын білдіреді, оның таралау салмасы жеке мемлекеттердің шеңберінен шығып, өзге аймақтарды, ионтиненттерді қамтыды және әлемдік масштабқа ие болды.

Қазіргі заманда адамзаттың жалпы планеталық бірлігі артып келеді, олар біртұтас әлемдік жүйені қалыптастырды , оның бүкіл бөліктері өзара тығыз байланыста және өзара тәуелді.

Әлем жаһандануы объективті процесс, оған елдер мен халықтар өмірінің барлық жақтарының интернационалдануы себепші болып отыр.

Қазіргі уақытта жаһандану процесінің белгілі бір тенденциялары мен бағыттары жүруде:

1) Жаңа компьютерлік технологияның негізінде тұтас ақпараттық кеңістік қалыптастыру. Бұл қоғамдардың трансформациялануының маңызды факторы. Интернет желісін пайдаланушылардың біреуі жаңа сапалы әлеуметтік кеңістіктің құрылуына әкелді. Онда әлеуметтік әртүрлі ортада және жүйеде бір-бірінен мыңдаған километрде орналасқан әріптестердің коммуникациясы және интеракциясы мүмкін. Әлем қауымдастығы жаһандық коммуникация жүйесіне айналды. Сөйтіп елдер, халықтар, адамдар арасындағы қатынастардың әмбебаптығы және жаһандығы үшін жаңа алғы шарттары жасалады. Бұқаралық ақпарат құралдары, жаһандық коммуникация желілері арқасында бірде-бір ұлттық мемлекет басқаларынан оқшауланып қалмайды, әлемдік жүйеге қосылады.

2) Экономикалық ықтималдасу күшейуде, транс ұлттық бизнестің жаңа формалары дамуда. Бүгінгі трансұлттық корпорациялар (ТҰК) бұрынғы өндірістік тиіптегі ТҰК салыстырғанда ақпараттық және қаржы нарығында басым әрекет етуімен ерекшеленеді. Осы нарықтардың планеталық бірігуі жүруде, тұтас әлемдік қаржы-ақпараттық кеңістік қалыптасуда. Сәйкесінше ТҰК және онымен тығыз байланысқан халықаралық валюта қоры, Халықаралық қайта құру және даму банкі, Халықаралық қаржы корпорациясы сынды және т.б. ұлт үсті экономикалық құрлымдар мен ұйымдардың рөлі артады. Қазіргі уақытта жаңа технологияның 80% ТҰК жасайды, олардың табысы жеке айтарлықтай ірі елдердің кейде жалпы ұлттық табысынан асып түседі. Әлемнің 100 ірі экономика тізімінде ТҰК 51 позицияны иеленген. Олардың қызметінің басты бөлігі гипертехнология жасаумен байланысқан, оған желілік компьютерлерді, жаңа компьютерлік бағдарламаларды, ұйымдық технологияларды, қоғамдық пікірді және қоғамдық сананы қалыптастыратын технологияларды және т.б. жатқызуға болады. Мұндағы технологияларды жасаушылар мен оған иелік етушілер бүгіндері қаржы нарығына бақылау жасайды және әлемдік экономиканың бейнесін айқындайды.

3) Экономикалық жаһандану процесі саяси жаһанданумен қабаттаса жүреді, оның мәнін трансұлттық элитаның қалыптасуы көрсетеді. Бұрынғы ұлттық шекара және әскери-саяси одақтар шеңберінде тұрақталған альянстардың орнын уақытша элита альянстардың икемді жүйесі алмастырды.Үкіметтік деңгейде көптеген саммиттер мен кездесулер өткізу, аймақтық ассосиациялар мен бірлестіктердің форумдарын ұйымдастыру – бұның бәрі ұлттық электоратқа есеп беруі әлсіз, нашар өзара тәуелді элиталық топтардың құрылуын ынталандырады.

4) Жаһандану процесі сондай-ақ мәдениет саласында қамтиды. Бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникацияның дамуы арқасында тұтас әлемдік социомәдени кеңістік қалыптасады. Мәдениеттердің жақындасуы, өмір салты мен стилінің әмбебаптануы, батыстың мәдени үлгілері мен мінез-құлық моделдерінің таралуы басым тенденцияға айналады. Бірқатар зерттеушілер электронды ақпарат құралдары негізінде «жаңа медиальды мәдениет» пайда болғанын атап көрсетуде.

Сондай-ақ «планетарлық сана» жаңа гуманистік мәдениет орнайтындығы жөнінде болжамдар жасалуда, онда адам қоғамдық дамудың қамы ретінде қарастырылмауы тиіс. Бұны тұлғаның ақпаратқа баюын, тұрақты білім және кәсіби сапаларын жетілдіруде жаңа білім алуын ойластырған қазіргі қоғамның интеллектуалдық технологиясының рөлінің өткір артуымен байланыстырады.

2. Қазіргі уақытта әлемдік жүйенің элементтерінің өзара қарым-қатынасы мәнді өзгерістерге түсті. КСРО-ның ыдырауы батыс пен шығыстың арасындағы текетірестікті жойды. Енді әлемді бөлудің негізіне геоэкономикалық Солтүстік-Оңтүстік конструкциясы алынып отыр. Әңгіме өндірісі дамыған Солтүстік мемлекеттері мен Оңтүстік жарты шарында дамушы елдері арасындағы қарым-қатынас туралы болып отыр. Бұның

біріншісіне әлеуметтік, өндірістік инфрақұрылымның дамуы, ақпараттық-коммуникативтік технология мен ғылыми шымды өндіріс салаларының жоғары шоғырлануы, ғылыми-технологиялық процесс жетістіктерін тиімді пайдалану тән, ал екіншісіне- экономикада аграрлық және шикізат салаларының басым болуы, еңбек ресурстарын тиімсіз пайдалану, жоғары білікті кадрлардың жетіспеуі тән. Солтүстік және Оңтүстік елдердің даму деңгейінің алшақтығы халықаралық тұрақсыздықтың көзіне айналды, әлем ресурстарының тең бөлінбеуі, қазіргі әлемнің периферияcы саналатын мемлекеттердің наразылығын туғызады. Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша Солтүстік-Оңтүстік модель жаңа әлем кеңістігінің күрделілігін толық көрсете алмайды. Ресей ғалымы А.И.Неклесс қазіргі әлемді құру моделі гексагоналды алтықабатты сипатта. Оның құрамына Солтүстік атлантика, Тынық мүхиты, Еуразия және Оңтүстік аймақтар кіреді, және екі трансұлттық «Жаңа Солтүстік» (ТҰК және халықаралық ұйымдар) және «Терең Оңтүстік» (жемқор елдер, кланды-мафиозды және қылмысты интерқауымдастықтар) кеңістік енеді. Осы орталықтардың арасындағы жасырын және ашық қарсылыстық елдер мен халықтар арасындағы қақтығыстың дәстүрлі формаларынан кем соқпайтын қарама-қайшылықтың қайнар көзі бола алады. Баска теорияларда тұтас экономикалық, саяси және мәдени кеңістіктің қалыптасуы нәтижесінде қазіргі әлем гомогенді. Ф.Фукуяма осы процестерді батыстың құндылықтарын, институттарын, өмір салты моделдерін таратумен байланыстырады. Америка футурологы Э.Тоффлер қазіргі әлемді компьютерлік – ақпараттық технологияның дамуымен байланыстырып, компьютерлі – ақпаратты өркениет орнады деп есептейді. Ол келесі:

– ақпарат технологиялары;

– демоссифицияланған қоғам (топтар маңыздылығын жоғалтқан);

– қоғам өміріне азаматтардың қатысуын қамтамасыз ететін антиципарлы демократия;

– қазіргі жаһандық проблемаларды шешетін трансұлттық иституттар нұсқасынан тұрады.

Канада философы және әлеуметтанушысы Г.Маклауэнның пікірінше ақпараттық – компьютерлік негізде технологиялық революция әлемді «жаһандық революцияға» әкеледі. Электронды мәдениет жұрттың бәрін әлеуметтік кеңістік – уақыт құрылымына тартылуын қамтамасыз етеді. Соның негізінде адамдар бір деревняда өмір сүретін адамдардай ойлайды және әрекет етеді. Спутниктің шығуымен бүкіл планета жаһандық театрға айналды. Онда енді көрермендер жоқ, тек актерлер ғана қалды деп санайды.

3. Жаһандық проблемалардың пайда болуы жаһандану процесінің қортындысы іспетті, оған бүкіл адамзат өміріне қауіп төндіретін, оларды әлемнің бүкіл қауымдастығының біріккен күшімен ғана жеңуге болатын планетарлық масштабтағы қатерлер жүйесі жатады.

Барлық жаһандық проблемаларды шартты түрде төрт топқа бөлуге болады: әлеуметтік-саяси, әлеуметтік – экономикалық, әлеуметтік – экологиялық, әлеуметтік – гуманитарлық.

1. Жаһандық әлеуметтік – саяси проблемалар бейбітшілікті және халқаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысқан мәселелер кешенін қамтиды. Ұзақ кезең бойы халықаралық қауіпсіздік жүйесі державалардың ядролық қарудың тепе – теңдігіне негізделген еді. Келе –келе мемлекеттердің жаһандық өзара тәуелділігі күшейген жағдайда ядролық соғыстың сыртқы саясаттың мақсатына жету құралы бола алмайтыны түсінікті болды.

Шығыс пен Батыстың теке тіресінің тоқтауы қауіпсіз әлем үмітін тұтандырды. Алайда оқиғаның одан әрі дамуы әлемде шиеленіс пен тұрақсыздықтың жаңа көздерін анықтады. Халықаралық терроризмнің артуы, ислам фундаментализмінің таралуы, локальды қақтығыстардың және «ыстық нүктелердің» санының планетада көбеюі – бұның бәрі әлем қауымдастығы үшін жаңа қауіп – қатердің және тәуекелдің көрінуінің куәсі.

2. Жаһандық әлеуметтік – экономикалық проблемалардың арасынан үш – экономикалық артта қалу мәселесін, демография және азық – түлік проблемасын бөліп көрсетуге болады. Осы үш проблеманың алғашқысы дамушы елдердің үлкен артта қалуынан, олардың тиімді өндірісті жолға қоюға қабілетсіздігінен, өздерін азық – түлікпен қамтамасыз ете алмауынан, қайыршылықты жоя алмауынан, көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуге қабілетсіздігінен байқалады. Осы елдермен және жоғары дамыған мемлекеттер арасындағы әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштерінің алшақтауы зор мөлшерге жетті және ол одан әрі артуын жалғастыруда. Бұл әлемді бай және кедей елдерге бөлуді тереңдетеді, олардың арасында қатынастарды шиеленістіреді, жалпы әлемдік жүйенің тұрақсыздығын тудырады.

Экономикалық артта қалу мәселесімен жаһандық проблеманың екі басқада демографиялық және азық – түлік мәселесі тығыз байланысты. «Демографиялық жарылыстың» нәтижесінде XX ғасырдың екінші жартысында әлем халқы екі еседен астам артты да XXI ғасырдың басында 6 млрд. адамды құрады. Халық өсімінің 80 % астамы Азия, Африка және Латын Америкасының дамушы елдерінің үлесіне тиесілі. Кейбір болжам бойынша таяу жылдары бұл елдерде бүкіл әлем халқының 90% астамы шоғырланатын болады. Мұндай демографиялық ситуация бірқатар келеңсіз салдарларға соқтырады : өмірлік ресурыстардың халыққа тең бөлінбеуі, қоршаған ортаны қиратушылық ықпалдың күшейюі, артта қалған елдерде халықтың шамадан тыс көптігі және қайыршылықтың артуы, бақылаусыз көші- қон ағымдарының пайда болуы, адамдардың өмір жағдайының нашарлауы және т.б.

«Демографиялық жарылыс» дамушы елдерде азық – түлік проблемасын шиеленістіріп жіберді. БҰҰ мәліметі бойынша, мұнда 800 млн адам аштықта өмір сүреді, ал 40 млн адам арықтап әлсіреуден өледі. Әлемде тағам ресурыстарының 20-30% кемуі, халықтың тоқтаусыз көбеюі жағдайында дамушы елдерді апаттық салдарға жеткізеді. Осы жаһандық проблеманы шешу ең алдымен дамушы елдерде тиімділігі жоғары ауыл – шаруашылық өндірісін құруымен байланысты. Оларда «жасыл революцияны» (алдыңғы қатарлы технологияларды кеңінен қолдану негізінде ауыл – шаруашылық

өндірісін жедел көтеру) жүзеге асыру бүгінгі халықтан 2-3 есе артық халықты тамақтандыруға мүмкүндік берер еді. Сонымен қатар әлемде қазіргі уақытта азық – түлік өндіріп алу мүмкіндігі толық іске аспай отыр, мысалы, жер шаруашылығына жарамды жердің тек қана 40% пайдаланыла. Әлем мұхиттарында тағам өнімдерін өндіру айтарлықтай арттыруға болады. Әлемдегі азық – түлік қорын әділетсіз бөлуді қайта қарау қажет, экономикалық артта қалған елдерге азық – түлік көмегін көрсетуді кеңейту керек .

4. Адамның өмір сүретін табиғи ортасының бұзылу қаупінің артуымен байланысты бүгінде жаһандық әлеуметтік – экологиялық проблема алдыңғы қатарға шықты. Қазіргі экологиялық дағдарыс ауа және су бассейндерінің ластануын, жаһандық климаттың өзгеруін, орман – тоғайлардың жойылуын, өсімдіктер мен жануарлардың көптеген түрлерінің құрып кетуін, топырақ эрозиясын, құнарлы жерлердің кемуін және т.б. білдіреді. Парник тиімі, «озон тесіктері», «қышқыл жаңбырлар», уланған өзендер мен көлдер, су басқан үлкен аумақтар, апатты экологиялық зоналар – осының бәрі қоршаған ортаға адамның бүлдіруші ықпалының салдары.

Экология проблемаларын шешу ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейлерде табиғатты қорғау бағдарламаларын жасауды және іске асыруды қажет етеді. Дүние жүзі қауымдастығы елдерінің атмосфера құрамын жақсарту бойынша, планетаның озон қабатын сақтау, табиғи ресурыстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық экологиялық стандарттар мен бақылау қою, қалдықсыз және табиғатты қорғау технологияларын енгізу, экоқорғау жүйесін жасау бойынша және т.б. біріккен шаралары ерекше маңызға ие болуда.

Жаһандық әлеуметтік – гуманитарлық проблемалар адамға тікелей қатысы бар көптеген мәселелерді қамтып отыр. Бұл – өмірдің материялдық және рухани қамтамасыз етілмеуі, тұлғаның құқы мен бостандығының бұзылуы; адамның физикалық және психикалық ауруы; соғыс пен зорлық – зомбылықтан көрген қайғы – қасырет және т.б. стихиялы апаттар, локалды соғыстар, ұлтаралық қан төгісті қақтығыстар нағыз гуманитарлық апаттарға әкеледі, олардың салдарларын жою дүние жүзі қауымдастығы елдерінің күшіне біріктіруді талап етеді. Әлемде жылына жалпы саны 50 млн адамға жететін босқындардың ағымының артуы көптеген елдер үшін қиыншылықтар туғызуда (оларды азық – түлікпен, баспанамен, жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету, жұқпалы ауру тарату, қылмыстың өршуі, нашақорлық және т.б. қауіптің артуы). Осындай проблеманы жасырын көші – қонда тудырып, әлемнің дамыған елдерін шарпып отыр. Сыртқы ортаның ластануы адамдарды ауру сырқаттардың артуына әсіресе жүрек және онкология ауруларының көбеюіне әкелуде. Бүгінде СПИД ерекше қауіпті, одан 6 млн адам көз жұмды. Дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымының салауаты емес өмір салты, есірткінің, маскүнемдіктің, темекі тартудың тарауы, психикалық ауытқулардың көбеюі және т.б. қам жегізіп отыр. Дүние жүзі қауымдастығы

адамзаттың тірі қалу стратегиясын жасаса жаһандық апаттан сақтайды және қазіргі өркениеттің алға қадам басуына мүмкіндік береді .

Бақылау сұрақтары:

1)Қоғам жаһандануы деген не? Оның қандай негізгі бағыттары бар?

2) Жаһанданудың теориялары мен тұжырымдамаларын сипаттаңдар.

3)Жаһанданудың проблемаларын талдаңдар. Жаһанданудың қандай оңды жақтарын білесіңдер?

4 дәріс. Әлеуметтік қауымдастықтар қоғамның әлеуметтік құрылымының элементі ретінде

1. Әлеуметтік қауымдастықтардың формалары мен типтері.
2. Әлеуметтік-аумақтық қауымдастықтар: белгілері және түрлері.
3. Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар: белгілері және түрлері.

Дәрістің мақсаты: қоғамдағы әлеуметтік қауымдастықтардың түрлерін, формалары мен типтерін ашып көрсету.

Дәрістің мазмұны: қоғамның әлеуметтік құрылымының элементі ретіндегі әлеуметтік қауымдастықтардың ерекшеліктері, сипатты белгілері және т.б баяндалады.

1. Әлеуметтік қауымдастықтар тұрақты байланыспен біріккен және ортақ белгілерді иемденген адамдардың тарихи қалыптасқан жиынтығы. Адамдардың саналы жасайтын ұйымдарымен және институттарымен, қауымдастықтар табиғи - тарихи жағдайда пайда болады, яғни олар қоғамдық өндіріс пен қоғамдық дамудың қажеттілігінен туындайды. Әлеуметтік қауымдастық қоғамның әлеуметтік құрылымының маңызды элементтерінің бірі ретінде қоғамның әлеуметтік құрылымының басқа элементтерімен тығыз байланысып әрекет етеді:

1) Әлеуметтік-таптық қауымдастықтар (жұмысшылар, буржуазия, шаруалар, байлар, кедейлер, орта тап). Олар жеке меншік формаларымен, табыс деңгейімен байланысқан, қоғамның әлеуметтік құрылымында жетекші орын алады.

2) Сословиялық қауымдар (дворяндар, көпестер, дін басылары, казактар және т.б). Бұлар дәстүрмен және заңдармен бекітілген мұрагерлік құқықпен және міндеттермен байланысқан.

3) Касталық қауымдастықтар (брахмандар-дін қызметкерлері, кшатрилар жауынгерлер, ваишилер-көпестер, шудралар-шаруалар, жұмысшылар, қолөнершілер). Әрбір каста әлеуметтік иерархияда белгілі бір орын алады.

4) Демографиялық қауымдастықтар (еркектер, әйелдер, балалар, жастар, қарттар, ересектер). Бұлар жыныстық-жастық белгілермен байланысқан.

5) Ұлттық-этникалық қауымдастықтар (этностар, ұлттар, ұлыстар, этникалық топтар). Ерекшелікті этноұлттық белгілермен байланысқан.

6) Нәсілдік қауымдастықтар (европоидтар, негроидтар, монголоидтар, метистер, мулаттар). Бұлар адамдардың нәсілдік-биологиялық белгілерімен байланысқан.

7) Кәсіби қауымдастықтар (токарлар, наубайшылар, мұғалімдер, дәрігерлер). Бұлар қоғамның еңбек бөлінісі, адамдардың мамандыққа жатуы принциптерімен байланысқан.

8) Діни қауымдастықтар (католиктер, православиялықтар, мұсылмандар, иудеилер, буддистер). Діни ұстанымдармен байланысқандар.

9) Идеялық-саяси қауымдастықтар (қалалықтар, ауылдықтар, оралдықтар, сібірліктер, алматылықтар). Тұратын жерімен байланысқан.

10) Біліми қауымдастықтар (мұғалімдер, оқушылар, студенттер, профессорлар).

11) Басқада қауымдастықтар (теле көрермендер, газет оқушылар, автобус жолаушылары, кіржуғыш ұнтақтарын сатып алушылар және т.б).

Әлеуметтік қауымдастықтар құрамы бойынша әртүрлі: екі мүшеден (диада) миллиондаған, миллиардтаған (қытай қоғамы); өмір сүру ұзақтығы бойынша лездеден (клип көрушілер) бастап жүздеген,миллиондаған жылдар; байланыстың тығыздығы бойынша; топтасудан (отбасы) бастап аморфтыққа дейін (тобыр); белгілер жиынтығының күрделігі бойынша; таптық (әлеуметтік топтар) және бұқаралық (ситуацияға орай пайда болатын бұқаралық бірлестіктер).

2. Аумақтық қауымдастық шаруашылықпен игерілген аумақта тұратын адамдардың жиынтығы. Қоғам өмірінің кеңістікте ұйымдасуының бірлігі ретінде ерекшеленген қала халқы, агломерация, мәдени-тарихи аумақ қауымдастық болып саналады,өйткені ол экономикалық, әлеуметтік, саяси, құнды нормативтік байланыстар жүйесіне біріккен, аумақтық қауымдастық адамдарды таптық, кәсібилік, демографиялық және басқада кейбір ортақ әлеуметтік және мәдени белгілеріне және мүдделерінің ерекшеліктеріне қарамастан біріктіреді.

Аумақтық қауымдастық ол халықтың өзіндік бір әлеуметтік құрамын құраған еңбек пен демалудың, отбасы тұрмысы мен қарым-қатынасын ұйымдастырудың спецификалық дәстүрлерін қалыптастырған жастардың әлеуметтік және кәсіби дайындық ерекшелігін айқындаған социум.

Аумақтық қауымдастықтың функциясының мәні адамдардың тұтыну қызметінің іске асуынан тұрады. Индивид оның өнімі болып табылады.

Осында осы социумға тән құндылықтар мен нормаларды меңгеру процесі жүреді. Қазіргі жаһандық ақпаратты тарату құралдарының маңыздылығына қарамастан мәдениеті ұрпақаралық тікелей диахронды беру, жеткізу әлеуметтеуші индивидтің «шағын отанының» шеңберінде жүреді. Тек

қана осы «шағын отан», яғни аумақтық қауымдастық қана адамдар өндірудің, өсудің негізгі ортасы. Осыдан келіп ерекшеленетін тұтыну топтары немесе топтар аумақтық қауымдастықтың стратификациялық құрылымының спецификалық компоненті бола алады. Мысалы, Ресей қаласында жергілікті халықтың және мигранттардың бірінші ұрпағының өмір салты айтарлықтай ерекшеленеді, қала аудандары, тұрғындары әлеуметтік жағынан (элиталық құрылыстар, жекеменшік үйлер, ведомствалық үйлер, қала трущобтары және т.б.); арнайы мектептерді және элитарлық жоғарғы оқу орнын бітірушілер және өзгеде тұрғындар (оқу жылы бойынша) сондай біліммен тағысын басқаларынан өзгешеленеді.

3. Этникалық қауымдастық-бұл шығу тегінің ортақтығымен және бірлесе өмір сүрудің ұзақтығымен өзара байланысқан адамдардың топтары. Адамдар жылдар, ғасырлар бойы ұзақ бірлесе тіршілік еткен әрекеті кезінде әрбір топ шеңберінде оларды бір-бірінен ерекшелендіріп көрсететін тұрақты және ортақ белгілер қалыптасады. Мұндай белгілердің қатарына тіл, тұрмыс мәдениетінің ерекшеліктері, қайсыбір халықтың немесе этностың (әртүрлі тілдерде және ғылыми әдебиеттерде «халық» және «этнос» терминдері синоним ретінде қолданылады) қалыптасу үстіндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тағы басқалар жатады.

Бұл белгілер халықтың этникалық сана-сезімінде ұдайы жаңғырып жетіледі, сол арқылы халық өзінің бірлігін, тұтастығын, ең алдымен өзінің шығу тегінің сол адамдардан бөтен еместігін, сөйтіп өзінің этникалық жағынан туыс екендігін мойындайды. Сонымен қатар ол өзін басқа халықтардан ажырата алады, өйткені оған өзінің шығу тегі, өз тілі мен өз мәдениеті тән. Халықтың этникалық сана-сезімі ерте ме, кеш пе, әйтеуір оның шығу тегіндегі, мұраланған дәстүріндегі, басқа халықтар арасындағы өзінің орнын түсінуіндегі бүкіл түйсігі арқылы оянады.

Тайпалар негізінен көне этникалық қауымдастықтардың бір түрі. Бұл-екі немесе бірнеше руларды әртүрлі байланыстар мен қатынастардың көмегімен біріктірген алғашқы ірі қауымдастық. Рулардың тайпаға бірігуі қандас туыстық пен ортақ аумақтың негізінде жүзеге асқан болса,ал тайпалардың өмірі мен әрекет-қызметі туыстық және әлеуметтік байланыстарға негізделген еді. Әрбір тайпаның өзіндік этникалық қауымдастық белгілері болды:олар бір-бірінен өздерінің шығу тегімен, тілімен, қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен, қарапайымнан салыстырмалы түрдегі жоғары дамыған материалдық және рухани мәдениетке жету көріністері арқылы ерекшеленеді. Әрбір тайпада өзіндік этникалық сана-сезім қалыптасты.

Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауына орай тайпаларда ыдырады. Тайпа этностың екінші элементі, этникалық қауымдастықтың басқа типі-ұлысқа, халыққа өз орнын берді. Ұлыс тайпалық қатынастардың ыдырау нәтижесінде, аумақтың, тілдің, мәдениеттің, шаруашылықты жүргізу мен тұрмыстың бір-біріне ойластырыла жақындасуының негізгі қалыптасқан адамдар қауымдастығы. Тайпаларға қарағанда өркениет дәуірінде халықтар

қалай дегенмен кең ауқымда әлеуметтік-этникалық тұрғыда шоғырлануды және өз тілінің, материалдық әрі рухани мәдениетінің әлдеқайда жоғары сатыда дамуына қол жеткізді. Дәл сол тұста көптеген халықтардың ұлттық мінез-құлықтары қалыптаса бастады, бұл олардың ұлттық сана-сезімі мен санасынан өзінің көрінісін тапты. Басқаша айтқанда, тайпалар енді қалыптасу үстіндегі ежелгі халықтар деп саналған ұлттармен орын алмасты. Ұлттар бұдан кейінгі тарихи дәуірлерде өздерінің гүлдену сатысына көтерілді. Әлеуметтік–экономикалық тұрғыдан алғанда ұлыс ең алдымен құл иеленушілік пен феодализмге қарсы құбылыс болды, ол көбінесе қайсыбір ұлттық-мемлекеттік құрылыс түрінде жиі ұйымдасты. Алайда ұлыс қоғамдық дамудың одан кейінгі кезеңдерінде де тоқырап, жойылып кетпей, өмір сүруін одан әрі жалғастырды. Ұлт-адамдардың тарихи тұрғыда пайда болған әлеуметтік-экономикалық және рухани қауымдастығы, этнос типі. Ұлтты аумақтың, тілдің ерекшеліктері, экономикалық байланыстар, психологияның, мәдениет пен сана-сезімнің ортақтығы сипаттайды.

Тәуелсіздік алған елдердегі ұлттың-мемлекеттік құрылым ұлттың қалыптасу процесін, әсіресе оның әлеуметтік-экономикалық базисінің қалыптасуын барынша тездетеді. Латын Америкасында ұлттық-мемлекеттік құрылым шеңберінде халық испан тілінде сөйлейді, ал мәдениет, салт-дәстүрлер төңірегінде көптеген ортақ белгілері бар аргентин, уругвай, чили және т.б. жиырмадан астам ұлттар пайда болды.

Араб әлемінде тарихи даму барысында дербес мемлекеттердің пайда болуы арабтардың ортақ этникалық негізіне қарамастан Египет, Сирия, Морокко және т.с.с. ұлттарды қалыптастырды.

Қазіргі заман ұлттың этникалық қасиеттерінің маңыздылығы артып отырғандығын айқын көрсетіп берді. Тіл мен мәдениет проблемалары ұлттық қозғалыстар кезінде ерекше маңызға ие болады. Мысалы, Белгия мен Канада мәселесі, Шотландия мен Англияның Уэльсіндегі мәдениет пен салт-дәстүрлер және т.с.с. басты мәселеге айналғаны белгілі. Бұлар Еуропаның бірнеше мемлекетін біріктірген Еуропа одағына қарама-қарсы бағытта қалыптасқан дезинтеграциялық тенденцияның күш-қуатын көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1) Әлеуметтік қауымдастық деген не? Оның қандай түрлері бар және олар несімен ерекшеленеді?

2) Әлеуметтік-аумақтық қауымдастық қалай қалыптасады, оның қандай белгілері бар?

3) Этникалық қауымдастықтың формаларының қалыптасу негіздеріне нелер жатады?

5 дәріс. Әлеуметтік институттар қызметін талдау

1. Әлеуметтану зерттеулерінің түрлері және сипаттамасы.
2. Бастапқы ақпарат жинаудың әдістері.

3. Алынған мәліметтерді талдау мен өңдеу әдістері.

Дәрістің мақсаты: әлеуметтанулық зерттеудің типтері мен сипаттарын ашу.

Дәрістің мазмұны: әлеуметтік институтарды қарастырудың әдістерін айқындай отырып, алынған ақпаратты өңдеу мен талдауды баяндау.

1. Әлеуметтану ғылымы қоғам өмірінің заңдылықтарын және түрлі әлеуметтік құбылыстар мен процестерді зерттеуде эмпирикалық жағынан тексеруге, дәлелдеуге болатын фактілерді жинап, оны талдап, соның негізінде ғылыми қорытындылар жасауға сүйенеді.

Әлеуметтанулық зерттеу деп, әлеуметтік өмірге қатысты фактілерді тиянақты түрде жинап, оны логикалық тұрғыдан түсіндіруге негізделген әлеуметтік дүние туралы жаңа білім жинақтаудың «әдістерін айтамыз.

Әлеуметтанулық зерттеулер теориялық (фундаментальдық) және эмпирикалық зерттеулер деп жіктеледі. Теориялық зерттеулер қандай да бір ғылыми проблеманы шешуге, яғни, қоғамның әлеуметтік құрылымы, қоғамда орын алып отырған әлеуметтік процестер мен құбылыстардың барысы мен болашағы, жеке тұлғаның қоғамдағы орны т.б. мәселелер жайында ғылыми білімді кеңейтуге бағытталады. Мұндай зерттеулердің нәтижесінде қоғам дамуының жалпылама проблемаларының мәнін әлеуметтік – философиялық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік туады.

Эмпирикалық зерттеулер нақты әлеуметтік проблемаларды зерттеуге және соның негізінде практикалық міндеттерді шешуге бағытталады. Мұндай зерттеулердің барысында көптеген фактілер, мәліметтер жиналып, оларды өңдеу, талдаудың нәтижесінде әлеуметтік өмірдің нақты құбылыстарына байланысты қорытындылар жасау мүмкіндігі туады.

Эмпирикалық зерттеулердің қолданбалық және нақты әлеуметтанулық зерттеулер деген түрлері бар. Қолданбалық зерттеулер қандай да бір орын алып отырған әлеуметтік проблеманы практикалық тұрғыда шешуге мүмкіндік береді. Нақты әлеуметтанулық зерттеулер – зерттелдетін обьектіге байланысты жаңа білім жинақтауға мүмкіндік беретін теориялық және эмпирикалық процедуралардың жүйесі, әлеуметтік ақпаратты жинау, оны талдап қорытынды жасау.

Әлеуметтік ақпарат деп отырғанымыз қоғам өмірінің түрлі жақтарын, мәселен, жекеленген адамдар мен әлеуметтік топтардың арасындағы қарым-қатынастарды, тұтас қоғамның, немесе, нақты әлеуметтік ортаның даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер мен белгілер.

Нақты әлеуметтанулық зерттеулердің келесідей түрлері бар:

1) *Пилотаждық зерттеу*, кейде оны жағдайды барлау мақсатындағы зерттеу (разведовательное, зондажное) деп те атайды. Яғни, зерттелетін проблемаға байланысты жедел түрде ақпарат алу. Зерттеудің бұл түріндегі іріктеменің көлемі 50-100 адам шамасында болып, жаппай сауалнама әдісі

қоладанылады. Зерттеу барысында зерттеудің мақсаты мен міндеттерің, гипотезасын, проблеманың қойылуын дәлірек анықтауға, мүмкіндік туады. Сонымен қатар, пилотаждық зерттеуді анкета, сұхбат бланктері, бақылау карталары сияқты құралдардың сапасын тексеру мақсатында да жүргізеді. Зерттеудің қорытындысы бойынша пилотаждық есеп жазылып, соның негізінде зерттеу бағдарламасы мен құралдарын жетілдіруге мүмкіндік туады.

2) *Экспресс сауалнама* деп аталатын зерттеулер көбінесе БАҚ-ның тапсырыс беруі бойынша жүргізіледі. Мұндай зерттеулер белгілі бір маңызды оқиға қарсаңында, немесе оқиға өтісімен іле-шала сол оқиғаға байланысты қоғамдық пікірді зерттеу мақсатында жүргізіледі. Бұл зерттеу түрінде теориялық қорытындылар мен практикалық ұсыныстарды негіздеу мақсаты көзделмейді.

3) *Сипаттамалы*қ немесе оны *дискриптивтік* зерттеу деп те атайды. Бұл зерттеудің көмегімен зерттеліп отырған құбылыс туралы тұтас мағлұмат беретін эмпирикалық ақпарат алуға болады. Сипаттамалық зерттеуді зерттелетін обьектінің құрылымы күрделі және көлемі үлкен болған жағдайда қолдануға болады. Мәселен, ірі кәсіпорындардағы еңбек ұжымының құрамы адамдардың жас, жыныс, мамандық, еңбек стажы, білім деңгейі жағынан күрделі болып келеді. Осындай обьектіге байланысты аталған зерттеу түрін қолдануға болады.

4) *Талдаушылық* зерттеулер құбылыстың немесе процестің белгілерін сипаттаумен шектелмей оның себептерін ашуға бағытталады. Яғни, зерттеліп отырған құбылысқа қатысты себе-салдарлық байланысты анықтау басты мақсат болып есептеледі. Бұл зерттеу түрінде «неге?» деген сұраққа жауап беру керек.

2. Бастапқы ақпарат жинаудың әдістері

Әлеуметтік ақпарат алудың бірден-бір ұтымды тәсіліне құжатты талдау әдісі жатады. Бұл зерттеу жұмысында кеңінен тараған және жан-жақты қолданылады. Демек, ақпаратты сақтау мен жеткізу үшін адамның арнайы жасаған дүниесін әлеуметтануда құжат деп атайды. Құжаттарда жеке адамның, ұжымның, халықтың үлкен тобының және жалпы қоғамның қызмет процестері мен оның нәтижелері жөнінде мағлұматтар жинақталады. Сондықтан олар – әлеуметтанушылар, т.б. зерттеушілер үшін аса маңызды.

Құжаттармен жұмыс істегенде зерттеуші олардың сенімділігіне назар аударуы қажет. Осыған орай құжаттан алынар ақпараттың сенімділігін тексерістен өткізетін ережені білу шарт.

Құжаттарды талдау дәстүрлі жолмен және формальді түрде жүреді. Барлық құжаттар түрлерін оқып-пайымдау сын тұрғысынан қарауды талап етеді.

Құжаттарды дәстүрлі жолмен талдаудың (кейде сапалы талдау деп те атайды) мәні мен сыры – құжаттардың мазмұнын сұңғыла түрде зерттеу, негізгі идеяларын бөліп алу, авторларының саяси, азаматтық бағытын қадағалау, кейбір «айта алмағандарын», бүркеме пікірлерін іздеп табу, автордың құжатты жазудағы тілі мен стиліне аса көңіл аудару болы табылады.

Осындай талдау жасағанда зерттеуші өзіне-өзі сұрақ қойып, айталық, құжаттың құндылығы неде? оны дайындаудағы мақсат не? ондағы фактілердің сенімділігі қандай?- деген сауалдарға жауап беруі керек.

Неғұрлым жан-жақты талдаудан өткен құжаттардың саны мен көлемі көп болса, соғұрлым олардың субьективтік бұрмалаушылығы кемиді. Баспасөз ақпараттары деректерінің саны мен оның көлемінің артуы, ақпарат процесінің «бұқаралық» сипат алуы контент-таңдаудың пайда болып, қалыптасуының обьективті алғышарттарына айналады.

Контент-талдауда мәтінмен жүргізіледі, бірақ мұнда құжаттың мазмұнын ашатын мәнді белгілері анықталады, сонда ғана ол түсінуге, есептеу операциясын жүргізуге қолайлы болады және мәтінге кірмей тыс қалған ақиқат іздестіріледі. Мәтінде көрсетілмеген шындықты оқиғалар мен фактілерден, адамдар арасындағы қатынастардан іздеу жеткіліксіз, сондықтан ақиқатты мәтінді дайындау кезіндегі материалдарды іріктеу принципінен де іздестіру шарт. Басқаша айтар болсақ, зерттеуші үшін мәтінннің мазмұнына енген ой-пікірдің бәріде өте құнды, маңызды болып саналады.

Контент-талдаудың келесі маңызды принципі ретінде құжаттың мағынасын ашатын бірліктерді анықтау қажет. Мәтіндегі ұғымдар, терминдер құнды әлеуметтік ақпарат береді. Мысалы, 1989-1991 жылдардағы баспасөз беттерінде жиі қолданылған егемендік, нарық, нарықтық қатынастар, т.б. ұғымдар елдің әлеуметтік – саяси және экономикалық жағдайының өзгергенін көрсетеді, осыларды ескере отырып, зерттеуші әлеуметтік талдау жасауы қажет.

Арнайы тақырыпқа арналып жазылған мақала болмаса, онда керекті тақырыпты мәтіннің мағыналы абзацтарын іздестірген жөн. Іздеп отырған тақырып мәтінінде көп жағдайда әртүрлі көріністерде кездеседі, айталық, сөз түрінде, сөз тізбегі, айдар түрінде беріледі. Мысалы, 1990-1991 жылдардағы баспасөз беттерінде нарықтық экономикаға көшу, оған өтудің жолдары, оның әлеуметтік салдарын сараптау басымырақ орын алады. Сондай-ақ зерттеуші сол тақырыптарды қолдаушыларды және оған қарсыластарыда анықтағаны дұрыс.

Тарихи тұлғалардың, саясаткерлердің, ғалымдардың есімінеде ерекше көңіл бөлген жөн. Олар баспасөз беттерінде, т.б. жиі кездесетін болса, онда олардың қоғамдық пікірге ықпалын анықтауға болады. Бұлардан кейін қоғамдық оқиғалар, фактілерде назардан тыс қалмауы тиіс.

Ақпарат жинаудың маңызды көзі және әдістемесі - бақылау. Бақылау микроәлеуметтік зерттеулер жүргізгенде шағын топтарды, ұжымның әлеуметтік – психологиялық ахуалын, басшылық етудің тәсілдерін зерттегенде, қақтығыс, шиеленіс жағдайын саралауда жақсы нәтиже беретін тиімді әдіс болып есептелінеді.

Әлеуметтану ғылымында түйсіну арқылы ақпаратты жинау және обьект жөнінде барлық фактілерді тіркеу әдісін бақылау деп атайды.

Бақылаудың сенімділігі субьекті мен обьектінің арақатынасындағы жағдайдың біркелгілігі, процедураның құрылысы, ақпараттың

репрезентативтілігі арқылы қамтамасыз етіледі. Солай дегенменде бақылау көбінесе зерттеушінің психологиялық көңіл – күйіне, оның талғамына, мәдениетіне, т.б. қасиеттеріне тәуелді болып келеді. Бұл талаптардың зерттеушінің бақылау жүргізу кезінде өз сөзіне, пікіріне және қимыл әрекетәне барынша сақ, байыпты болуын талап ететінін естен шығармаған жөн, сонда ғана оқиғаның табиғи желісі бұрмаланбайды.

Бақылаушының қолданылатын әдісіне орай бақылауды іштен және сырттан бақылау депте ажыратады. Бұлардың біріншісінде зерттеуші әлеуметтік ортаға енеді, соған бейімделеді, сөйтіп, оқиғаны іштен талдайтын болад, соның негізінде обьектінің сырт көзге түсе бермейтін құпияларын білуге, ерекше ақпарат алуға мүмкігдік жасалады. Екінші жағдайда зерттеуші топтың арасына мүше болып енбейді, бақылау топтың сыртынан жүргізіледі. Сондықтанда бұдан алынған ақпарат ат-үсті, жеңіл-желпі болып шығады.

Іштен және сырттан бақылауды ашық түрде немесе жасырын (бүркеніш) атпен жүргізугеде болады.

Жасырын атпен іштен бақылау (бақылауға алынбаған топ мүшелері әріптестерінің бірінің зерттеуші екенін білмейді) әдетте «жабық» ұжымдарды зерттегенде қолданылады. Ашық ұжымдарда топ мүшелері өздерін ғылымның бақылап жүргенін білуге болады. Сөйтіп, шамалы уақыт өткеннен кейін ұжым мүшелерінің зерттеушіге бойы үйреніп алады да өздерінің дағдылы іс-әрекетіне, кәнігі мінез құлқына қайта енеді.

Жалпы бақылау әдісі арқылы алынған ақпараттың сенімділігі міндетті түрде тексерістен өткізіледі. Ол үшін бақыланған алғашқы обьект дәл сондай жағдайда екінші рет бақылаудан өтеді. Екі бақылаудың нәтижесі бірдей болса, онда ақпараттың сенімді болғаны.

Сұрау әдісі. Әлеуметтанушыға бақылау жүргізу арқылы алуға болмайтын немесе құжаттарда жазылмаған құбылыстар мен процестер (респондент пікірі, себептері, т.б.) жөнінде ақпараттар өте жиі қажет болады. Мұндай ақпаратты сұрау әдісін қолдану арқылы алуға болады. Бұл әдіс ғылымда ең кеңінен тараған және барынша жиі қолданылатын әдістеме болып саналады. Сұрақтардың жиынтығы бұл әдістің түп негізін қалайды. Сұраулардың көмегімен ақпарат алынып жиналады. Ғылымда сұрауды жүргізуші адамдарды – анкетерлер (сауалшылар) және сұрақтарға жауап қайтарушылар – респонденттер (жауап берушілер, жауапкерлер) деп аталады.

Сұрау әдісінің екі түрі бар: олар – сауалнама және сұхбат немесе сұхбатнама (интервью). Сауалға жауап алу ұжымдардың және жеке адамдардың кез-келген проблема бойынша пікірін білуге мүмкіндік жасайды. Әсіресе бұл әдіс құжаттар арқылы зерттеу, бақылау, т.б. әдістерді қолдану үлкен қиыншылықтар туғызғанда пайдаланылады. Сауалнама көп жағдайда алдын-ала дайындалған анкетамен жүргізіледі, респонденттің аты-жөні көрсетілмей (анонимді) өткізіледі. Анкетаны құрастыруда сұрақтардың тұжырымдылығына баса назар аударылады.

Анкетаның сұрақтары үш негізгі топқа бөлінеді:

1) Ашық түрдегі сұраулар, мұның жауаптары анкетада жазылмайды, оны жауапкерлер өз қолдарымен жазып қайтарады.

2) Жабық сұрақтар, мұның жауаптары мен варианттары анкетада жазылады. Жауап беруші жауаптың астын сызып немесе дөңгелекшеге алып қайтарады.

3) Аралас сауалдар, бұл бірінші және екінші топтағы сұрақтардың элементтерінен құралып, белгілі мөлшерде жауаптары да жазылады, бұлармен қатар «Басқасы не екенін көрсетіңіз?» – деген сұрақтарға жауап алу да белгіленеді.

Анкеталы сұрақтардың түрлері түсінікті болуы үшін мысалдар келтірейік:

1) Ашық сұрақ: «Қазақстандық газеттердің қайсысы халықаралық жағдайлар туралы сауаттырақ жазады?». Мұнда алдын-ала сұрақ жауабының тізімі берілмеген, сондықтан жауап беру жауапты өзі әзірлеуге міндетті болады.

2) Жабық сұрақ: « Сіздің болашақ мамандығыңызды таңдауға ықпал жасаған» ата-анам, мектептегі ұстаздарымен, жолдастарым, болашақ мамандықты өзім таңдадым.

3) Аралас сұрақ: «Сіздің пікіріңізше нарықты экономикаға көшу жастарға не береді?» - материалдық жағдайды жақсартады, материалдық жағдайды нашарлатады, жұмыссыздықты көбейтеді, жұмыс орнын кеңейтеді. «Сізді қазір қандай әлеуметтік проблема қатты толғандырады?». Басқаларын өзіңіз жазыңыз.

Ашық және жабық сұрақтардың қайсысы жаман немесе нашар деп олардың ара-жігін аша, бөліп салыстырудың қажеттілігі шамалы. Осы екі сұрақтардың өзіндік ұстанымы, қолдану аясы бар. Пікір жинау барысында өтетін сынақ (пилотаж) зерттеу кезінде ашық сұрақтар қолданылады, далалық зерттеуде жабық сұрауларды пайдалану басымырақ орын алады.

Анкета мен сұхбаттың сұрақтарын сауатты дайындау үшін көп жыл бойы жинақталған тәжірибе қажет.

Анкетаның көлемі неғұрлым үлкен болса, соғұрлым нашар толтырылатын болады. Тиімдісі – көлемі орта анкета, ол 30-40 сұрақтан аспайды. Олай дейтініміз, адам 40 минуттан артық уақытын анкета толтыруға жұмсайтын болса, қателіктер жібере бастайды, оның соған беріле ден қоюының нашарлауына орай сұрақтарда жауапсыз қалады.

3. Алынған мәліметтерді талдау мен өңдеу әдістері.

Зерттеу нәтижесінде алынған эмпирикалық мәліметтерді өңдеудің әдістерін сипаттауға арналады. *Мәлімет* деп отырғанымыз бастапқы ақпарат, яғни, респонденттердің берген жауаптары, эксперттердің пікірі мен бағалаулары, бақылаудың қорытындылары және т.б.

Мәліметтерге талдау жасау зерттеліп отырған обьектінің тұрақты және мәнді қасиеттерін, тенденцияларын анықтауда, обьектіге тән белгілі бір көрсеткіштерді айқындап, оларды есептеуге, зерттеу гипотезасын негіздеу мен

тексеруге, зерттеудің қорытындысын құруға мүмкіндік беретін әлеуметтанулық зерттеу жұмысының маңызды түрі болып табылады.

Алғашқы ақпаратта өңдеудің мәні оны қорытындылау болып саналады. Қорытындылаудың нәтижесін әлеуметтану ақпараты деп атайды. Құралдарды (анкета т.б.) өңдеудің тәсілі жөнінде алдын ала шешім қабылданады. 60-70 адамнан алынған сауалнама жауаптарын өңдеу қолмен, микрокалькуляторомен жүзеге асырылады. Егерде анкета айтарлықтай үлкен болмаса (20 сұраққа дейін болса), онда 200-350 анкета қолмен өңделеді. Егерде құралдарда 20-дан көп сұрақтар болатын болса, онда қолмен өңдеу мүмкіндігі 100-200 анкетаны құрайды. Электронды есептеу машинасымен өңделгендердің нәтижесі табуляграммалар түрінде көрсетіледі.

Анкетадағы немесе сұхбатнаманың бланкісіндегі әрбір сұрақ белгілі бір дәрежеде өлшем шкаласы болып табылады. Өлшем бірлігі болып соларға сәйкес жауаптардың балама варианттары саналады. Осы позициялар (жауаптардың варианттары) бойынша респонденттерді топтастырылады. Сонымен қатар, белгілі бір өлшем шкаласына жауап берушілердің обьективтік сипаттары, олардың субьективтік бағалары, т.б. топтастырылады.

Өлшеу әртүрлі шкалалардың көмегімен іске асырылады, оған мағлұматтарға математикалық талдаудың әртүрлі ережелері сәйкес келеді. Әлеуметтану зерттеулерінде, әдетте шкалалардың үш негізгі типтері: номинальды, рангтік (реттілік), интервалды қолданылады.

Алғашқы әлеуметтанулық ақпараттарды қорытындылаудың ең қарапайым формасы – топтастыру болып табылады. Осы кезеңде мәнді белгілері ерекшеленеді, немесе бір ғана белгісі (мысалы, жынысы, жасы, білімі) ерекшеленеді және респондент анықталған белгіге сәйкес топтың біріне қосылады. Респонденттердің жауаптарын, айталық жыныстық белгісін ескеріп жинақтағанда қарапайым топтастыру іске асады. Дәл осындай жұмысты маңызды белгі ретінде білім деңгейін алғанда да атқаруға болады. Бұл жерде топ екеу емес, кем дегенде үшеу немесе төртеу болуы тиіс.

Бөлініп алынған топтарды салыстыруға, теңестіруге болады, содан шыға отырып қайсыбір әлеуметтік құбылыстарды, мотивтерді, жауап берушілердің мүдделерін терең әрі жан-жақты талдауға қол жеткізіледі.

Әлеуметтану ақпараты төмендегідей белгілеріне орай топтастырылуы мүмкін: номинальды белгісіне сәйкес (кәсібі, ұлты, т.б.); Рангтік шкалаға сәйкес белгілері бойынша (мысалы, еңбектің сипатына орай: қол еңбегі, механизмдермен жұмыс, интеллектуальды еңбек); сандық белгілері бойынша (топтар сандық белгімен сипатталады, оларды өзара сапалы салыстыруға болады, мысалы, жас мөлшері интервал бойынша топтастыру: 18-20 жас, 21-25 жас, т.б.).

Бақылау сұрақтары:

1) Әлеуметтану зерттеулерінің қандай түрлері бар?

2) Бастапқы ақпарат жинау деген не? Ол үшін қандай әдістер қолданылады?

3) Алынған ақпарат қалай өңделеді және талданады?

6 дәріс. Қазіргі қоғамның стратификациялық модельдері

1. Әлеуметтік стратификация анықтамасының мәні.
2. Стратификацияның тарихи типтері, модельдері.
3. Негізгі стратификация теориялары.

Дәрістің мақсаты: әлеуметтік стратификацияның типтері мен модельдерін және оның теорияларын көрсету.

Дәрістің мазмұны: әлеуметтік стратификация анықтамасын баяндай отырып, топтар мен жіктерді , олар туралы теорияларды қарастыру.

1. Әлеуметтік стратификация (лат. stratum – қабат, жік және facio – жасаймын) адамдардың қоғамдағы әлеуметтік жіктелісін, олардың қоғамдағы әлеуметтік құрылымын білдіретін белгілер мен критерилер жүйесі.

Әлеуметтік стратификация – бұл қоғамның арнайы қабаттарға (жіктерге) бөлінуі. Қоғамның қабаттарға бөлінуі олардың арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің негізінде іске асады. Әлеуметтік қабаттар (жіктер) жақсы тұрмыс-халы, билік, білім, дем алу, тұтыну индикаторы бойынша қатаң жүйемен вертикальді (тік) орналасады.

Әлеуметтік стратификацияда адамдар арасында белгілі бір әлеуметтік қайшылықтық (әлеуметтік көзқарастар) орнайды және әлеуметтік жіктерден иерархия қалыптасады. Осылайша қоғам мүшелерінің қайсыбір әлеуметтік маңызды жеткіліксіз ресурстарды тең еместігін бекітеді. Әлеуметтік қабаттарды бөлетін шекараларға әлеуметтік сүзгіштер қоюмен бұл іске асады. Әлеуметтік жіктің әлеуметтік құрылымдағы орнын анықтайтын негізгі факторға қоғам жасап, қолдаған нақты мәртебенің маңыздылығы мен рөлдің әр түрі жатады. Қазіргі әлеуметтануда әлеуметтік сатыдағы әлеуметтік жіктің орны, табыс деңгейі, сияқты айнымалы шама арқылы анықталады.

Әлеуметтік стратификация бүкіл қоғамға тән. Бұл тарихи, өйткені біз оны ежелгі және бүгінгі барлық қоғамдардан табамыз және ол әмбебап, себебі ол қарапайым және күрделі қоғамдарда өмір сүреді.

Әрбір қоғамның өз әлеуметтік стратификация жүйесі бар. Біз стратификация жүйесінің бөлігіміз және әр қоғам әртүрлі құрылымданған. Қоғамның екі типі бар:

1) Жабық қоғам. Мұнда жіктердің бір қабаттан екіншісіне өтуге қатаң шекара қойылған. Кастаға және сословияға бөлінген қоғамдар жабық стратификациясының мысалы бола алады.

2) Ашық қоғам. Мұнда бір жіктен екінші жікке өтуге формальды тыйым салынбаған.

Әлеуметтік теңсіздікті индивидуалдық теңсіздікпен шатастыруға болмайды. Адамдар қайсы бір қатынастарда әрдайым бірдей болмаған және

бірдей болмайды. Сондықтан индивидтердің абсолютты теңдігі болған емес және болмайдыда.

Әлеуметтік теңсіздіктің белгілі бір тарихи формаларын, оның шектен ауысуларын және критерилерін жоюға тырысу және талпыныс жасауға болады. Теңсіздікті жоюға бағытталған ілім мен әлеуметтік саяси қозғалыс эгалитаризм деп аталады. Әлеуметтік теңсіздіктің рөлі мен маңызын бір жола жоққа шығаруғада, абсолюттендіругеде болмайды. Тарихи тәжірибе бір жағынан, теңгермешіліктің жолына тосқауыл қойып, адамдардың белсенділігін ынталандыра отырып әлеуметтік прогресте маңызды рөл атқарады. Екінші жағынан, теңсіздіктің шектен асқан, дөрекі формалары бұқара халықтың наразылығының пайда болуына және әлуметті дүмпуге және саяси төңкерістерге дейін жеткізетін әлеуметтік шиеленісудің артуына әкеледі.

2. Әлеуметтік стратификация нақты бір елдің шеңберін, қоғамның әлеуметтік өлшемін және нақты уақыт шеңберін қарастырғанда көбірек байқалады.Әлеуметтік стратификацияның тарихи 4 типі бар:

1) Құлдық - теңсіздіктің шектен асқан түрі, индивидтер басқа біреулердің меншігі болады. Оны өлтіруге рұқсат етілді. Құлдың жеке меншігі болмады, бірақ ол қожайынның жеке меншігі деп саналады. Құлдық кемелденген сатыға жеткенде құл иеленушілік қалыптасты. Құлдық стратификацияның тарихи бір типі ретінде қарастырған кезде оның жоғарғы сатысын тілге тиек етіп, алға тартады. Құл иеленушілік – құлдардың ең төменгі сатыда тұрған, кез келген құқық пен еріктіліктен айырылған, бір адамның мешігі болады.

Касталық құрылыс құл иеленушілік құрылысқа қарағанда бертінде ғана пайда болды және ол бүкіл елдер басынан өткізсе, (әрине әртүрлі деңгейде), ал касталық тек Үндістан мен Африканың кейбір елдерінде ғана кездеседі. Ол құл иеленушіліктің жойылған кезінде жаңа заманның бірінші ғасырында пайда болды.

2) Каста – адамның туғаннан бастап мүшесі болатын оның мүшелері әлеуметтік шығу тегі мен құқықтық жағдаймен байланысқан, тіршілігінде бір кастадан екіншісінен өте алмаған. Касталық жағдайда үнділіктердің діні бекітті.

3) Сословия – әлеуметтік топта, олардың қоғамдағы орны, дәстүрлер мен құқықтық актілермен анықталады. Титулдар, мундирлер, ордендер, атақтар сияқты әлеуметтік символдар мен белгілердің болуы сословияның сипатты белгісі.

4) Таптар стратификациялық жүйесінің үш түрімен ерекшелінетін бірқатар айырмашылықтарды меңгерген.

Қазіргі қоғамның негізгі стратификациялық моделін айқындайтын топтар жүйесі қандай? Әңгіме бір – біріне қарама қарсы тұрған (К. Маркстың буржуазия және пролетариаттың қарсы қозғалысы мысал болады) таптар жөнінде емес, олардың белгілі әлеуметтік қауымдастыққа жатқызу туралы болып отыр.

- Таптар заңдарға және діни дәстүрлерге арқа сүйемейді, тапқа жату заңмен немесе сотпен бекітілген жеңілдікті мұрамен байланысты емес;

- Индивидтың тапқа мүше болуы туғанында «алғаны емес», керісінше өз күш-қайратының арқасында жеткені;

- Таптар индивид топтарының экономикалық жағдайындағы айырмашылықтармен, экономикалық ресурстарын меңгерудегі және бақылаудағы айырмашылықтармен байланысты.

Феодалдық қоғам дамуының соңғы кезеңдерінде буржуазия мен пролетариат пайда болып, қалыптасты. Бұлар жаңа қоғамның әлеуметтік құрылымын, таптық қатынастарын өзгертті.

Тап деген ұғым ғылыми айналымға жаңа заманда енді. Әсіресе, XVIII-XIX ғасырларда Бтыс Европа ойшылдарының еңбектерінде бұл ұғымның мәні негізделіп, қоғамда таптардың бар екендігін мойындау болды. Бастапқы кезде таптар деген ұғымның баса айтылды. Тек К.Маркс және М.Вебер еңбектерінде қоғамдағы таптық жіктелудің экономикалық себептері мен астарларына терең назар аударыла бастады.

3. К.Маркс таптардың пайда болуының экономикалық себептерін ашып, оған қоғамдық еңбек бөлінісі мен және меншіктің шығуын жатқызды. К.Маркс қоғамда негізгі және негізгі емес таптардан басқа әлеуметтік жіктердің болатынын ескереді. Әлеуметтік жіктер – таптың белгілерін бойына толық сіңіре қоймаған аралық таптар. К.Маркс интеллигенцияны әлеуметтік топқа жатқызады. Өйткені бұл топтыңда белгілі бір тапқа ұқсас белгілері аз және олар шығу тегі жағынан да әртүрлі топтардың өкілі болуы мүмкін.

Әлеуметтік стратификация теориясына өз үлесін қосқан М.Вебер бұл мәселеге тұжырымдамаларында К.Макстің теориясынан өзгеше және оған ұқсас жақтары да бар екендігін айта кету керек. М.Вебер экономикалық факторлармен қатар бөлінумен әлеуметтік престиж (мұраланған немесе өзі қолжеткен мәртебесі) де мәртебесін саяси партияға, жату көрсеткіштерін ерекшеледі. М.Вебер қоғамдағы тапқа бөлінуге әсер ететін факторларды ескере отырып, 4 түрлі таптарды атап көрсетеді. Олар:

– капитал иелерінің табы;

– интеллектуалдар мен менеджерлерден, басқарушылардан тұратын тап;

– дәстүрлі ұсақ буржуазия табы;

– жұмысшы табы.

Сонымен, М.Вебердің ұсынған әлеуметтік стратификация теориясында қоғамды стратаға жіктеудің біршама кең өлшемдері берілген.

XX ғасырдың екінші жартысында Батыс елдерінің ғылымдары әлуметтік стратификация құбылысын одан әрі тереңірек зеріттеуге кірісті. Ғалымдардың пікірінше, капиталистік қоғамдарда таптар арасынағы қайшылықтар бәсеңдеп, жұмсара түскен. Олар сонымен қатар қоғам мүшелерінің түрлі топтарға, страталарға жіктелу процесінің тереңдей түскенін атап көрсетті. Еуропа мен АҚШ әлуметтанушылары нақты әлеуметтік зерттеулер жүргізіп, қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардың, таптардың және страталардың арасындағы қарым

- қатынасты реттеуге байланысты ұсыныстарын негіздеді. Бұл кездегі әлеуметтік стратификация теориясының көрнекті өкілдерінің бірі - П.А. Сорокин қоғамнан үш: экономикалық, саяси және кәсіби стратификациялық құрылымды көрді.

Капиталистік қоғам, әсірісе оның қазіргі моделі, өзіндік күрделі әлеуметтік құрылымнан тұрады. Оның әлеуметтік құрылымының шеңберінде ең алдымен әртүрлі буржуазия топтары, орта тап және жұмысшылар деп аталатындар өзара әрекетке түседі. Ортаңғы тап- дүниежүзілік тарихтағы бірегей құбылыс. Қоғамда ол ерекшелікті қызмет атқарады. Ол- қоғамның тұрақтылығын сақтаушы. Олардың саны көбейген сайын, қоғамдағы революциялық ой-пиғыл ауқымы да соншалықты азаяды, ұлтаралық шиеліністердің, әлеуметтік катаклизмалардың болуы мүмкіндігі де мүлдем кемиді. Бұл тап өз тағдырын өз қолымен жасап, қалыптастыратындардан, соған орай қоғамдық құрылылысты сақтап қалуға ынталы адамдардан құралады. Ортаңғы тап қарама-қарсы тұрған екі тапты- кедейлер мен байларды бір-бірінен аластатып, олардың қақтығысуына жол бермейді.

Неомаркстік стратификация өкілі Алвин Гоулднер (1920-1980) қоғамды 3 тапқа бөліп көрсетті: ескі буржуазия немесе капиталистердің ақшалы табы; пролетариат және жаңа тап, соңғысын екі жікке бөлді:

– интеллигенция (ғылыми- техникалық қызметкерлер және мамандар);

– интелликтуалдар (гуманитарлық интеллигенция). Жаңа тап билеуші таптың құрамды бөлігі. Гоулднер жаңа тапты «мәдени буржуазия» деп атайды, оны ескі «ақшалы буржуазияға» қарама-қарсы қояды. Тұрақты табыс көзіне айналған мәдениет капиталға айналады. Мұндай жағдайда капитал басымдыққа ие болады. Білімнің және мамандықтың капитализациясы еңбегі үшін берілген жалақы, қаламақы, патент, авторлық құқық, ғылыми диплом және т.б түрде іске асты. Мәдени (интелликтуальды) капиталдың болуы жаңа тапты біріктіреді және дәстүрлі жұмысшы табынан бөлді.

Жаңа таптың екінші ерекшелікті сипаты- сыни дискурс мәдениеті маңызды рөл атқарады. Интеллектуалдар мен интеллигенцияны сауатты, мазмұны бай әдеби тіл ерекшелейді. Мұндай тілге жату жаңа тапты өшінің тіліне біріктіреді. Тілде мамандық сияқты қуатты қаруға айналады, оның көмегімен интелликтуалдар және интеллигенция еңбек нарығында жеңілдігі бар позицияны жеңіп алады және өзінің әлеуметтік, экономикалық құқығын қорғайды. Жаңа таптың тілін құндылықтар мен сенімдердің жүйесін алып жүрушіге айналуды ерекше субмәдениетті қалыптастыра бастады. Тілді тек таптық топтасудың құралы болуымен қатар, таптық сана мен идеологияны қалыптастырудың қаруы да болды. Неомаркизмнің келесі өкілі америка әлеуметтанушы Эрик Райт. Ол америка әлеуметтанушыларының таптарды кәсіпшілік категориялар терминдерімен қарастыратынына яғни таптарды мамандық жиынтығы ретінде түсіндіруін қате деп есептейді. Марксистер тап пен мамандықты араластыруды концептуалды жоққа шығарады, бұл екі ұғым еңбекті әлеуметтік ұйымдастырудың әртүрлі жақтарын саналы бейнелейді деп санайды. Мамандық кең мағынада жұмыстың техникалық мазмұнын

суреттейді, ал тап үстем ету және иелену қатынастарын білдіреді, олардың техникалық қызметі өрістейді. Егерде тап және мамандық әлеуметтік құрылымының әр түрлі сипаты болып табылады деген ұстаным дұрыс болса, онда көптеген мамандық олардың таптық мазмұны тұрғысынан біртекті болмауы тиіс. Тап пен мамандық арасында қайсы бір жүйені тәуелділіктің барлығы сөзсіз, бірақ қызметкерлердің айтарлықтай барлығының мамандығы таптарға енбейді. Бұны ескермесе, қате ақпарат алу мүмкін.

Э.Райт қазіргі капиталистік қоғамның таптық құрылымындағы әлеуметтік пощицияны үш типке бөліп көрсетеді:

– негізгі таптар позициясы;
– сол өндіріс тәсілі шеңберіндегі қарама - қайшылықты позиция;
– өндіріс тәсілдері арасындағы қарама- қайшылықты позициялар.

Соның екеуін «таптық қатынастар жүйесіндегі қарама - қайшылықты позициялар» деген ортақ атауға біріктірген. «Қарама - қайшылықты позициялар» термині таптар арасындағыны білдірмейді, бірақ бір мезгілде бір неше тапқа жатқызатын позицияларға қатысы бар. Бұған менеджерлердің қарама- қайшылықты позициалары айқын мысал бола алады. Бір жағынан олар жұмысшыларды басқарады, ал екінші жағынан кәсіпкерлерге бағынады. Меншікке кейбір құқтары болу мүмкін, сондықтан жұмысшыларды қанайды және өзіде капитал тарапынан қанауға түседі. Сондықтан менеджерлер екі тапқа жатады деп есептейді.

Бақылау сұрақтары:

1) Әлеуметтік стратификация деген не? Оған кімдердің берген анықтамаларын білесіздер?
2) Стратификацияның тарихи типтері мен қазіргі моделдеріне не жатады?
3) Стратификацияның негізгі теорияларының авторлары кімдер? Олардың теорияларының мәнін ашыңыздар.

7 дәріс. Қазіргі институттар қоғамдағы әлеуметтік мобильдіктің негізгі арнасы

1. Әлеуметтік мобильдік оның түрлері мен ерекшеліктері
2. Вертикальді және горизонтальді мобильдік.
3. Әлеуметтік институттар мобильдіктің негізгі арнасы.

Дәрістің мақсаты: стратификацияның әр формасындағы әлеуметтік мобильдіктің түрлерін және ерекшеліктерін ашу.

Дәрістің мазмұны: әлеуметтік мобильдіктің типтерін, заңдылықтары мен кедергілерін, негізгі орындарын қарастыру.

1. Адамдар әрдайым қозғалыста болады, ал қоғам- дамуда болады. Адамдардың қоғамдағы әлеуметтік ауыспалық жиынтығын яғни өзінің мәртебесін өзгертуін әлеуметтік мобильдік деп атайды. Адамдар еш уақытта әлеуметтік сатыда төмендегісі келмейді, қайта жоғары көтерілгісі келеді. Әдетте өрлеу әркімнің ерікті ісі, ал құлдырау зорлық зомбылық, күштеуімен жасалатын құбылыс. Зерттеушілер жоғары мәртебені иеленгендер өзіне және балаларына жоғарғы позицияны тілесе, төменгі позициядағылар өздеріне және балаларына дәл соны тілейді.

Демек адамзат қоғамында ешкімнің төмен құлдырағысы келмейді, керісінше бәрі жоғары көтерілуге ұмтылады екен.

Әлеуметтік мобильдіктің негізгі екі түрі бар: ұрпақаралық пен ұрпақішкі және екі негізгі типі бар: вертикальді және горизонтальді.

Ұрпақаралық мобильдікте балалары ата аналарына қарағанда әлеуметтік позицияның ең жоғарғы сатысына жетеді немесе төменгі сатысына орналасады. Мысалы, шахтердің ұлы инженер болады. Ұрпақаралық мобильдік бұл балалар мәртебесінің әкесінің мәртебесімен салыстырғанда өзгеруі. Мысалы, инженердің ұлы корпорация президенті болады, немесе керісінше президенттің ұлы инженер болады. Ұрпақаралық мобильдік әлеуметтік мобильдіктің аса маңызды формасы, оның масштабы қоғамдағы теңсіздіктің бір ұрпақтан келесі ұрпаққа өтуінің қандай деңгейде жүретінін көосетеді. Егерде ұрпақаралық мобильдік үлкен болмаса онда бұл осы қоғамда теңсіздіктің терең тамыр жайғандығын білдіреді, адамның өз тағдырын өзгертуі оның өзіне байланысты емес, туған ортасымен анықталып қойылғанын көрсетеді. Ұрпақ аралық мобильдік айтарлықтай жағдайда болғанда адамдар жаңа мәртебеге шыққан тегіне қарамай, өз еңбегінің, күшінің арқасында жетеді. Жастардың ұрпақаралық мобильдігінің ортақ бағыты дене еңбегі қызметкерлерінің тобынан ой еңбегі қызметкерлерінің тобына өтуімен айқындалған.

Ұрпақ ішкілік мобильдік индивидтің өз өмірі барысында бірнеше рет әлеуметтік позициясын өзгертуі. Басқаша сөзбен айтқанда, оны әлеуметтік мансап дейді. Мысалы, токарь инженер болады, кейін цех бастығы, завод директоры, машина жасау саласының мастері болады.

Мобильдіктің бірінші түрі ұзақ мерзімді, ал екіншісі қысқа мерзімді процеске жатады. Бірінші жағдайда, әлеуметтанушыларды тап аралық мобильдік қызықтырады, ал екіншісінде дене еңбегі саласының ой еңбегі саласына ауысуы қызықтырады.

Мобильдік процесінің сипаты көптеген қоғамдарда және әлеуметтік топтарда әртүрлі және қоғамның немесе топтардың құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты. Кейбір қоғамдарда әлеуметтік мобильдіктің әр түріне кедергі жасайтын қалыптасқан әлеуметтік құрылым бар, ал ол басқаларды әлеуметтік көтерілуге, әлеуметтік құлдырауға азды-көпті еркіндік береді. Ашық таптық қоғамдарда олардың әр мүшесі өзінің күш-жігері, қабілеті негізінде мәртебе бойынша көтеріледі және төмендейді. Жабық таптық қоғамдарда әрбір әлеуметтік позиция индивитке туғанынан беріледі,

ол қанша тырысса да қоғам оны өз еңбегімен әлеуметтік сатыда көтерілуге, немесе әлеуметтік төмендеуге жол бермейді. Демек, бұл екі қоғамда мінсіз типті әлеуметтік құрылым жоқ. Алайда мінсіз ашық және жабық таптық қоғамдарға жақын тұрған әлеуметтік құрылымдар бар. Жабық қоғамға жақын тұрған қоғамдардың бірі Ежелгі Индиядағы касталық қоғам болды. Ол бірнеше кастаға бөлінді, олардың әрқайсысының өз әлеуметтік құрылымы болды және басқа касталардың арасында белгілі бір қатаң орын алды.

Каста стратификациясының бір түрі бола отырып, онда индивидтер ұстанған позиция адамның шығу тегіне және қатаң ережемен жоғары мәртебеге жетуге мүмкіндікті жойған. Әртүрлі каста өкілдерінің арасында некеге отыруға тыйым салынған. Бұл ереже діни наным сенімдердің көмегімен санада бекітілуі Ежелгі Индияда, мысалы, касталар арасында әлеуметтік кедергілер айтарлықтьай болуы және индивидтердің бір кастадан басқасына өтуі өте сирек кездесті. Әрбір каста спецификалық мамандықтың түрін иеленген, жүріп тұру үшін жеке жолды пайдаланған, сондай-ақ өзінің ішкі өзара байланыс типін жасаған. Кастадағы рангылық орын қоғамда қатаң орындалды. Айталық, жоғарғы касталық-брахмандардың өкілдері, әдетте, үлкен байлықты және білімнің жоғарғы деңгейін иеленді. Алайда, осы жағдайға кастаның өкілі банкротқа ұшыраса да немесе белгілі себепке байланысты сауатсыз болып қалсада өз кастасынан төмен құлдырамаған.

Қазіргі қоғамдар касталық типке бірқатар әлеуметтік және экономикалық себептермен ұйымдаса алмайды, оның себептердің қатарына ең алдымен қоғамның білікті де білгір, күрделі әлеуметтік, саяси және экономикалық үдерістерді басқаруға қабілетті адамдарға қажеттігі жатады. Тіптен қазіргі қоғамдарда «жабық» типті, кастаны еске түсіретін әлеуметтік топтар бар. Көптеген елдерде аса жоғарғы әлеуметтік мәртебе алуға басымдығы бар, қоғамдық өнімді, билікті бөлуге, жақсы білім алуға т.б. басымдығы бар элита салыстырмалы түрде жабық топ ретінде өмір сүреді.

Сонымен қоғамдарда кейбір әлеуметтік мәртебелі топтар бар, олардың вертикальді мобильдігі олардың басқа әлеуметтік топтар өкілдері жолында жасалған тұйықтықпен және кедергілермен қиындатылған. Сонымен қатар топ тұйық болса да оған өтуге аз ғана адамның, басқа топ өкілдерінің мүмкіндігі бар. Демек вертикальді әлеуметтік мобильдікті жабуға мүмкін емес белгілі бір жолдары бар және төменгі жіктер өкілдерінің әр кезде жоғарғы жікке өтуге мүмкіндігі бар.

2. Вертикальді мобильдік - индивидтің бір қабаттан, жіктен (топ, каста) басқасына ауысуын білдіреді. Ауысудың бағытына байланысты өршең мобильдік (әлеуметтік өрлеу, жоғарыға қарай қозғалу) және құлдырау мобильдігіне (әлеуметтік төмен түсу, төмен қарай қозғалу) бөлінеді. Қызметте көтерілу-өрлеу мобильдігіне, жұмыстан босау, шенін төмендету құлдырау мобильдігінің мысалдары.

Горизонтальдық мобильдік- индивидтің бір әлеуметтік топтан бір деңгейде орналасқан әлеуметтік топтың екіншісіне өтуі. Бұған православие діни тобынан католик діни тобына, бір азаматтықтан екінші азаматтыққа

ауысуы, бір отбасынан (ата-ана) басқа отбасына (өзінің қайта құрған отбасына), бір мамандықтан екіншісіне ауысу мысал бола алады. Мұндай қозғалыс вертикальді бағыттағыдай әлеуметтік жағдайға айтарлықтай өзгеріс жасамайды.

Географиялық мобильдік-горизанталь мобильдіктің бір түрі. Ол мәртебенің немесе таптың өзгерісін білдірмейді, бұрынғы мәртебесін сақтай отырып, бір орыннан екінші орынға ауысуды көрсетеді. Бұған халықаралық және аймақаралық туризм, қаладан ауылға және керісінше, бір кәсіп орыннан екіншісіне өту мысал бола алады.

Егерде орынның ауысуына мәртебенің өзгеруі қосылса, географиялық мобильдік көші-қонға (миграцияға) айналады. Егерде ауыл тұрғыны туысқанын көруге қалаға келсе, бұл географиялық мобильдік. Егерде ол қалаға тұрақты тұру үшін қоныс аударса және жұмысқа тұрса, онда бұл көші-қон. Ол кәсібін, мамандығын өзгертті.

Вертикальді және горизантальді мобильдікке жыныс, жас, туу деңгейі, өлім деңгейі, халықтың тығыздығы ықпал етеді. Жалпы қарттар мен әйелдерге қарағанда жас адамдар мен ер адамдар мобильді. Халқы артық елдер иммиграциядан гөрі эмиграция салдарын көп тартады. Туу деңгейі жоғары жерде халық жастардан тұрады, сондықтан әлдейқайда қозғалғыш және керісінше.

Жастарға кәсібилік мобильдік тән, орта жастағы адамдарға-экономикалық, мосқал адамдарға саяси мобильдік тән. Туу деңгейі топтарда біркелкі бөлінбеген. Төменгі топтарда, әдетте, бала көп, ал жоғарғы тапта керісінше бала саны аз. Әлеуметтік саты бойынша адам жоғары көтерілген сайын оның отбасында бала аз туылатын заңдылық бар. Бай адамның әр ұлы өзінің әкесінің жолымен жүрсе де, әлеуметтік пирамиданың жоғарғы баспалдағында бәрібір бос орын пайда болады, оны төменгі топтардан шыққандар толтырады. Ешбір тапта адамдар ата-анасын алмастыруға қажетті баланың нақты санын жоспарламайды. Бос орын саны мен үміткер саны әр түрлі топтарда қайсы бір әлеуметтік позицияны иелену үшін әртүрлі. Кәсібилерде(дәрігер, заңгер т.с.с.) және білікті қызметшілерде (служащие) келесі ұрпақта өздерінің жұмыс орындарын толтыратын балалары жеткіліксіз болады. Керісінше, фермерлер мен ауыл шаруашылығы жұмысшыларының, әңгіме АҚШ-тағы жағдай туралы, өздерін алмастыру үшін қажетті балалар 50% астам екен. Осыдан қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мобильдіктің қай бағытта жүруі керек екендігін анықтау қиын емес.

Горизонтальді мобильдік үшін әр елдегі халықтың тығыздығы қандай тиімділік берсе, әртүрлі таптарда жоғары немесе төмен туу вертикальді мобильдік үшін соншалықты тиімділік береді. Қабаттарда да жіктерде де елдердегі сияқты халық артық немесе жеткіліксіз болуы мүмкін.

Әлеуметтік мобильдікті классификациялауды басқа қажеттіліктермен жалғастыруға болады. Мысалы:

- индивидуальдық мобильдік, мұнда әр адамның жоғары, төмен алмасуы немесе горизонтальді жүруі басқалардан тәуелсіз өтеді;

- топтық мобильдік, ауыспалық ұжыммен жүреді, мысалы, әлеуметтік революциядан кейін ескі тап үстемдік позициясын жаңа тапқа береді.

Индивидуальдық және топтық мобильдік туа біткен және қолымен жеткен мәртебелермен байланысты. Индивидуальдық мобильдік қол жеткен мәртебеге, ал топтық туа біткен мәртебеге сәйкес келеді.

Топтық мобильдік таптық, сословиялық, касталық, рангтық, категориялық қоғамдық маңыздылығы артқан немесе кеміген кезде жүреді. П.А.Сорокин пікірінше топтық мобильдіктің себептеріне келесі факторлар ықпал еткен: әлеуметтік революция, шетел интервенциясы, шапқыншылық; мемлекетаралық және азамат соғыстары, әскери төңкерістер және саяси режимдердің ауысуы; ескі конституцияның жаңамен ауыстырылуы; шаруалар көтерілісі; аристократ тұқымдардың өзара күресі. Қазан төңкерісі бұрын жоғары орында болмаған большевиктердің биіктеуіне әкелді. Индияда брахмандар (діни адамдар) бұрын кшатрилармен қатар болған, ұзақ және табанды күрес нәтижесінде жоғарғы кастаға жетті. Ежелгі Грекияда конституция қабылданғаннан соң адамдардың көпшілігі құлдықтан босатылды және әлеуметтік сатыға көтерілді. Ал олардың бұрынғы қожалары көпшілігі төмен құлдырады.

К.Маркс ілімінде әлеуметтік таптар, әлеуметтік конфликт, қоғам құрылымы, әлеуметтік мобильдік категориялары маңызды. Ол әлеуметтік мобильдіктің жан жақты теориясын жасауды мақсат еткен емес. Бірақ ол бұл теорияның өзегіне қатысы бар құбылыс ретінде топтық мобильдіктің үш түрін көрсетті:

- буржуазиялану;
- пролетаризация (пролетариялану);
- поуперизация (поуперлену).

Буржуазиялану деп жұмысшылардың буржуазияның қатарына енуін айтады. Бұл ұғым жұмысшылардың орта және жоғарғы топқа сүзілуі, бір капиталистің орнын екінші капиталистің орын басуы.

Пролетаризацияда Маркс ұсақ буржуазияның жұтауын және оның жұмысшы табының қатарына өтуін айтады. Бұл ұғымды қазіргі қоғамға қолданатын болса, онда орта таптың жұмысшы табына өтуін түсінеміз. Ежелгі Римде пролетарилер (лат. proletaril, proles сөзінен-ұрпақ, яғни тек ұрпағы бар, бірақ мүлкі жоқ адам) патша Сервия Туллидің реформасы бойынша азаматтардың мүліксіз кедей жігі болды. Осылайша Маркс пролетаризация деп құлдырау мобилділігін, орта таптан жұмысшы табына өтуді атаған. Буржуазияда жұмысшы табына өте алады, өйткені оның сословиялық титулы жоқ, экономикалық жағдайы өзгеруде.

Поуперизация төменге құлдырау мобильділігінің бір түрі. Поуперизм (лат. pauper-кедей) бұқараның қайыршылануы.

Еңбектің ауыр қаналуы, өмір деңгейінің төмендеуі жұмысшыларды физикалық және моральдық деградацияға әкелуі мүмкін. Еңбек қабілетінен айырылудан немесе жұмыстан босатудан пролетариат жұмыссыздар қатарын толтырады. Созылмалы жұмыссыздық адамды жолдан шығарады, ол

экономикалық өз бетіншілікке қызығушылығын жоғалтады, ішімдікке салынады, үйінен, отбасынан айырылады. Ол әлеуметтік түпке дейін төмендейді. Осылайша поуперизация пролетариаттың қайыршылануын білдіреді.

XVII ғасырдың II жартысында Англияда пауперлер өте көп болды, әсіресе шаруалар. Бүгіндегі поуперизация тек жұмысшыларды ғана қамтып қоймайды, қоғамдағы барлық таптарды қамтиды, оның өкілі қоғамның ең түбіне түссе.

Меншігі жоқ, тұрақты табысы жоқ және жұмысшы табының өмір салтының атрибуттары жоқ жұмысшы табының төменгі жігін люмпендер деп атайды. Жұмысшы табының жоғарғы және орта жігінің жұмысшы табының төменгі жігіне өтуінен өз атауын люмпенизация атауын алған.

Люмпен – пролетариат (нем. Lumpen – жалба-жұлба) терминін пролетариаттың төменгі жігін белгілеу үшін К.Маркс енгізген. Кейін люмпен деп халықтың барлық тапсызданған жіктері айтылатын болды (кезбелер, қайыршылар, қылмыскерлер және т.б.). «Қоғамның люмпенденуі» халықта осы жіктің үлесінің көбеюін және әлеуметтік дағдарыс жағдайында люмпендер психологиясының таралуын білдіреді.

Қазіргі тілмен айтқанда поуперизация, люмпенизация және пролетаризация құлдырау мобильдігіне жатады, буржуазиялану– өрлеу мобильдігіне жатады. Поуперизация және люмпенизация индивидтің таптық жүйеден әлеуметтік түпке құлдырауын білдіреді.

Осылайша жоғары немесе төмен ауысудан өз табының өкілі таптық мәнін ауыстырады, бірақ бұдан таптар иерархиясы өзгермейді. Жоғарға және төменгі инивидуальдық ағыс қанша қарқынды болсада ол әлеуметтік стратификацияда ештеңені өзгерте алмайды, өйткені онда жақсы позицияны меншігі бар таптар алған, ал төменгі позицияны меншігі жоқ таптар алған.

Мұрагерлік аристократиядан плутократияға (байлық қағидатындағы аристократтар) өтуі дәл сондай салдарға әкеп соқты. Б.з.д. 212 жылы Рим империясының барлық халқы рим азаматтығы мәртебесін алды. Соның арқасында адамдар, бұрын құқықсыз деп саналған, өздерінің әлеуметтік мәртебесін арттырды. Варварлардың шапқыншылығы (ғұндар, лангобардтар, готтар) Рим империясының әлеуметтік стратегиясын бұзды: ескі аристакратиялық тұқымның бірінен кейін бірі жоғалды, ал олардың орнына жаңалары келді. Бөтен елдіктер жаңа династиялармен жаңа ақсүйектерді негіздеді.

Индивидуальдық мобильдікте адамның төмен, жоғары ауысуы немесе горизантальдық ауысуы басқалардан тәуелсіз жүреді.

Мобильды индивидтер әлеуметтенуді бір тапта бастаса, басқа біреуінде аяқтайды. Олар бір біріне ұқсамайтын мәдениетпен және өмір стилі арасында қалды. Олар басқа таптар стандарты тұрғысынан өздерін қалай ұстауды, қалай киінуді, қалай сөйлесуді білмеді. Жаңа жағдайға жиі бейімделу ат үсті жүрді.

Мобильділік сондай-ақ ерікті және күштеу, зорлық-зомбылықпен де болады, құрылымдық және ұйымдасқан да түрлері бар. қоғамдық өмір саласы

бойынша мобильдік – экономикалық, саяси, кәсіби, діни т.с.с. айқындалған. Қоғамның таптық құрылымындағы өзгерістер – мобильдіктің нәтижесі: тапаралық және тапішілік (тапсыздану, маргиналдану, люмпендену). Мобильдіктің каналдары (арналары) немесе институттары (П.Сорокин бойынша), әскер, мектеп, шіркеу, жекеменшік. Бұларды кейде лифті деп те атайды. Мобильдік ашық және жабық қоғамда да ерекшеленеді. Жабық қоғамдар– касталық, құлиеленушілік қоғамдар. Ашық – индустральды (буржуазиялық) қоғамдар. Жартылай ашық қоғам–феодальдық қоғам. Жабық қоғамда мобильдік өте шектеулі, ашықта– мобильдік деңгей жоғары болады.

Әлеуметтік мобильдіктің негізгі түрлері, типтері мен формалары осылар.

3. Вертикальді мобильдік жүзеге асуының арнасы-әлеуметтік институрттар.

Әскер сондай институттардың бірі .Ол арна ретінде бейбіт күндері емес, соғыс кезінде қоғамдық қудалаудағы ірі шендердің бос орынды төменгі шенділермен толықтыруға әкеледі. Соғыс кезінде жауынгерлер мен батылдығының арқасында тез қозғалады. Атақтарын арттырғаннан кейін олар қолына тиген билікті одан әрі жылжыту үшін қолданады. Оларда тонауға, талауға, олжа басып алуға контибуция алуға, құлдар әкетуге, титулдар алуға, өз билігін мұраға қалдыруға мүмкіндік туады. Мұндай мысалдар өте көп, 92 рим императорының 36–ы бұдан төменгі шеннен бастап жеткен. 65 византия императорының 12-і әскери мансабының арқасында жеткен. Наполеон және оның айналасындағылар, маршалдар, генералдар және ол тағайындаған Европа корольдері қарапайым халықтан шыққандар. Кромвель, Грант, Вашингтон және мыңдаған басқарушы қолбасшылар ең жоғарғы орында әскердің арқасында жеткен.

Шіркеу әлеуметтік мобильдікттің институты ретінде қоғамдағы төмендегі көп адамды биікке шығарады. Гебон, Рейм архиепископ құл болған. Папа Георгий VII - ағаш шеберінің баласы. П. Сорокин рим католик папаларының өмірбаянын зерттеп, олардың 28–і төмегі, орта жіктен шыққаны анықталған.

Жоғарыға қарай өрлеу қозғалысымен қатар, шіркеу төменге қарай қозғалудың да арнасы. Мыңдаған еретиктер, пұтқа табынушылар шіркеу жаулары ретінде сотқа беріледі, ойсырады, жойылды. Солардың арасында корольдер, княздар, лордтар, арестократтар, дворяндар болған.

Мектеп. Білім және тәрбие институты,қандай формада болсада, ғасырлар бойы әлеуметтік қозғалу лифтісінің қуатты арнасы қызметін атқарып келеді. Демократиялық елдерде, мектеп қоғами мүшелерінің қол жетімді оқу орны. Көптеген елдерде колледждер мен университеттердің үлкен болуының себебі білім вертикальді мобильдіктің жылдам және қолайлы арнасы болып саналады. Мұндай қоғамда, барлық қабаттардан өтіп, ең биікке жетеді. Ежелгі Қытай «Ұзын лифтінің» мысалы болады. Конфуции дәуірінде барлық топтар үшін мектептердің есігі айқара ашық болды. Әрбір үш жыл сайын емтихан қабылданды. Оның оқушылар мәртебесіне қарамастан жоғары

мектептерге, содан кейін университеттерге қабылданды. Одан олар үкіметтің жоғарғы лауазымдағы қызметіне орналасты.

Меншік өзін жинақталған байлық пен ақша түрінде анық көрсетеді. Тек солар ғана әлеуметтік қозғалыстың ең қарапайым тәсілдері. XV-XVIII ғасырларда еуропа қоғамын ақша биледі. Ақшасы барлар ғана биік орынға жетті, мұнда шығу тегі есепке алынбады. Ежелгі Грекия және Рим тарихының соңғы кезеңінде жағдай дәл осындай болды. П.Сорокин кейбір кәсіп пен мамандықтың байлық жинауға ықпал еткенін анықтады. Оның есебі бойынша 29% жағдайда байлық жинауға фабриканттың кәсібі, 28%– банкир мен биржа, 12%– саудагер кәсібі мүмкіндік берген. Әртістер, суретшілер, өнертапқыштар, мемлекеттік қызметкерлер, шахтерлар және кейбір басқада мамандықтардың мұндай мүмкіндігі болмайды.

Отбасы мен некеде әлеуметтік мобильдік сол уақытта іске асады, егерде әртүрлі әлеуметтік мәртебе өкілдері одақ құрса Еуропа қоғамында титулы бар кедейлердің ақсүйек емес байлармен некеге отыруы кең тараған. Нәтижесінде екі жағыда әлеуметтік сатыда қозғалып, әрқайсысы өз керегін алды.

Құлдырау мобильдігіне мысалды антикалық өмірден алуғада болады. Рим заңы бойынша ерікті әйел, құлға тұрмысқа шыққан, күңге айналған және ерікті азамат мәртебесінен айрылған. Отбасы әлеуметтік таңдауды, әлеуметтік мәртебені анықтаудың және мұраға қалдырудың басты механизміне айналды. Ақсүйек отбасынан шыққандар жақсы мұрагер және білімді болуға кепілдік бермеген. Ата- аналары балаларына жақсы тәрбие берді, бұл аристократтар үшін міндетті нормаға айналды. Кедей отбасындағы ата-аналар қажетті білім мен тәрбие бере алмады. Бұны тек ақсүйек отбасылар ғана берді. Олар басқару элитасының қатарын толтырды. Отбасы қоғам мүшелерін қабаттарға, жіктерге бөлудің бір институты болды.

Бақылау сұрақтары:

1) Әлеуметтік мобильдіктің қандай түрлері мен ерекшеліктері бар?
2) Вертикальды және горизантальді мобильдік дегеніміз не?
3) Әлеуметтік мобильдіктің негізгі арналарына не жатады?

8 дәріс. Азаматтық қоғам қалыптастырудағы әлеуметтік институттар

1. Азаматтық қоғамның мәні және құрылымы.
2. Азаматтық қоғам өмір сүруінің шарттары мен принциптері.
3. Азаматтық қоғам тұжырымдамалары мен генезисі.

Дәрістің мақсаты: азаматтық қоғамның мәнін, құрылымын және өмір сүруінің негізгі принциптерін ашып, айқындау.

Дәрістің мазмұны: азаматтық қоғмның құрылымын, шарттары мен принциптерін, белгілерін, субъектілерін, тұжырымдамаларын қарастыру.

1. Азаматтық қоғам мемлекеттік емес типтегі қоғам. Азаматтық қоғам қазіргі түсінікте адамдар арасында дамыған экономикалық, саяси, құқықтық және мәдени қатынастар қоғамы, мемлекеттен тыс тұрған, бірақ онымен өзара әрекетесетін қоғам. Ол жеке мүдделерді қорғайды, жеке өмірдің дербестігіне кепілдік береді. Азаматтық қоғам өзінің өмірлік мақаттары мен мүдделерін өз қалауынша анықтауға және жүзеге асыруға қабілетті азаматсыз, адамсыз өмір сүре алмайды. Азаматтық қоғамның бірқатар субъектілері бар, олардың арасынан: индивид, отбасы, мектеп, шіркеу, әлуметтік топтар (әсіресе меншік иелері және кәсіпкерлер), қоғамдық бірлестіктер, оппозициялық саяси партиялар мен қозғалыстар, еркін бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. ерекшеленеді. Бұлардың ішінде бастапқы және ең бастысы индивид. Әрбір индивид азаматтық қоғмның ішкі құқық қатынастарына жеке субъект, отбасы мүшесі, қоғмдық бірлестік мүшесі немесе оған қатысушы, әлеуметтік топтың бөлігі ретінде қатысады. Алайда азаматтық қоғам индивидтің қайсыбір бірлестік шенберіндегі қызметін оның мүддесімен және қажеттіліктері мен байланыстырады. Қоғамдық бірлестіктердің көмегімен адамдар ортақ мәселелерді шеше алады, өздерінің қажеттіліктерімен мүдделерін саясат, экономика, мәдениет және т.б. қоғамдық өмірдің салаларында қанағаттандырады және қорғайды. Бұлар мемлекеттен тәуелсіз ұйымдар, олар мемлекеттік институттарға ықпал етуге, олардың адамдардың қоғамдық өміріне жөнсіз араласуынан қорғауға қабілетті ұйымдар. Бірлестіктер, адамзаттық қоғамды құрайтын, адамзаттардың және ұйымдардың шаруашылық, отбасылық, құқықтық, мәдени және т.б. мүдделерін кенінен айқындайды. Азаматтық қоғамның құрылымы – қоғамның ішкі құрылысы, оның құрайтынларлың өзара әрекеттесуін және көп түрлілігін бейнелейтін, оның тұтастығы мен даму динамизмін қамтамасыз ететін құрылым. Адамдардаң әртүрлі қауымдастықтары мен бірлестіктері және олардың арасындағы тұрақты өзара байланыс (қатынас) құрылымының бөліктерін, элементтерін құрайды.

Азаматық қоғамының экономика саласындағы құрылымдық элементтеріне – мемлекеттік және муниципальды кәсіпорындар, шаруашылық серіктестіктері мен қоғамдар, өндірістік және басқада кооперативтер, одақтар және шаруашылық қызмет саласында заңды тұлғалар мен азаматтардың бастамасымен құрылған басқа да ерікті бірлестіктер.

Әлеуметтік сладағы оның құрылымдық элементтеріне – отбасы, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар, қоғамдық өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құрамдары және т.б.

Рухани салада – өз алдына жеке, мемлекетке тәуелсіз шағармашылық, ғылыми және басқа да бірлестіктер жатады. Азаматтық қоғам көптеген әлеуметтік мемлекеттерде мемлекет тарапынан адамның жеке өміріне қатаң реттеуден қорғауды қамамасыз етті. Ол үшін оның құрылымында қуатты қорғау ассациациялар (адам құқын қорғау қоғамы, тұтынушылар құқы және т.б.) қалыптасты. Адамзаттың қоғамда адам мемлекет үшін өмір сүрмейді, мемлекет адам үшін өмір сүреді.

2. Азаматтық қоғамның қалыптасуы белгілі жағдайды (шарттарды) қажет етеді. Ондай жағдайлардың қатарына:

- азаматтық қоғамның әлеуметтік және құқықтық негізін жасау – әлеуметтік және құқықтық мемлекет құру, мұнда мемлекетпен азаматтар бір – бірінің алдында және заң алдында тең жауап беруі;

- тұлғаның дамуының, оның ішкі еркіндігінің, азаматтық қоғамның қайсыбір институтына қосылу ептілігінің жоғары деңгейде болуы жатады.

Азаматтың қоғам құндылықтарын талап ететін және оның даму қажеттігін түсінетін халықтың азаматтық мәдениетінің белгілі деңгейі қажет. Азаматтық қоғам – өзін-өзі ұйымастыратын және өзін-өзі дамытатын жүйе. Алайда ол қолайлы жағдайлар жасалған жағдайда әлде қайда жылдам дамиды. Оны қоғам көбінесе мемлекет арқылы немесе мемлекеттің қатысуынсыз-ақ құрады. Мемлекет арқылы азаматтық қоғам қажетті заңдар қабылдау, демократиялық мемлекеттік құрылымдарды қалыптастыру, қабылданған демократиялық нормалар мен процедураларды қатаң ұстау жолымен құрылады.

Мемлекетке қарамастан конституция шенберінде тәуелсіз бірлестіктер, ассоциациялар және бұқаралық ақпарат құрамдары құрылады, бұқаралық қоғамдық демократиялық қозғалыстар өмір сүреді. Бұл жолда әрекет етуші тәсілдің бірі – бұқараның алуан түрі әлеуметтік иниациативаларды ұсынуға және жүзеге асыруға кеңінен қатысуы. Азаматтық қоғамның қалыптасудағы құрылымы өзіне қоғамды тұрақтандыру функциясының бөлігін ала алады. Азаматтық қоғам қалыптасқан елдерде нарықтық экономоканың қалыптасу процесі интенсивті жүреді. Өзін-өзі басқару институттарын құра отырып, азаматтық қоғам мемлекеттің бірқатар функцияларын өзіне алады.

Азаматтық қоғамның қазіргі түсіндірмесі оның кешенді мәнді белгілерінің бар екендігін көрсетеді. Олардың болмауы немесе бірінің дамымай өалуы әлеуметтік организмнің “ден саулық” күйін және оны жетілдірудің өажетті бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Азаматтық қоғамның негізгі белгілеріне мыналар жатады:

- адам мен азаматтық құқы мен бостандығын барынша толық қамтамасыз ету;

- өзін-өзі басқару;

- оның құрылымын құрайтындардың және адамдардың әртүрлі топтарының бәсекелесуі;

- қоғамдық пікір мен плюрализмнің еркін қалыптасуы;

- жаппай ақпараттан, ең алдымен адамның ақпаратқа құқының шынайы жузеге асуы;

- азаматтық қоғамдағы тіршілік әрекетінің үйлесуі принципіне негізделуі. Мемлекеттік ақпараттағы субординация принципі негізінде құрылған яғни «кіші қызметкердің жоғары қызметкерге» қатаң бағыну жүйесінен ерекшелейді.

Азаматтық қоғам мемлекетпен қарама-қайшы бірлікте өмір сүреді. Демократиялық режимде азаматтық қоғам мемлекетпен өара әрекетке түседі,

тоталитарлық режимде ол мемлекетке енжар немесе белсенді оппозициялық қарсылық көрсетеді. Кез келген азаматтық қоғамға, елдердің қайсыбір спецификалық ерекшеліктерінен тәуелсіз, ортақ бірқатар принциптер қалыптасқан, орныққан. Олар мыналар:

- экономикалық еркіндік, меншік формасының көптүрлілігі, нарықтық қатынас;
- биліктің легетимділік және демократиялық сипаты;
- адамның және азаматтың табиғи құқы мен бостандығын сөзсіз мойындау және қорғау;
- топтық және ұлттық келесімдер, өзара әріптестік;
- билікті бөлу және оның өзара әрекеттесу қағидатына негізделген құқықтық мемлекет;
- заң және сот алдында бәрінің тендігі, тұлғаның заңмен сенімді қорғалуы;
- саяси және идеологиялық, плюрализм, жария оппозицияның болуы;
- сөз және баспасөз бостандығы, бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіздігі;
- мемлекеттің азаматтардың жеке өміріне араласпауы, олардың өзара міндеттілігі мен жауапкершілігі;
- адамдардың лайықты өмір діңгейін қамтамасыз ететін тиімді әлеуметтік саясат.

Осылайша азаматтық қоғам тұтас қоғамдық жүйе ретінде айқындалады. Оны нарықтық қатынастардың дамуы, мемлекеттен тәуелсіз өз бетінше өмір сүру көздері бар әлеуметтік топтар мен жіктердің болуы, экономикалық еркін өндірушілердің болуы, азаматтардың саяси, әлеуметтік және жеке бас бостандығының болуы, саяси биліктің демократиялануы, қоғамдық қызметтің барлық саласында мемлекетті қосқанда құқықтың жоғары тұруы.

3. «Азаматтық қоғам» ұғымының шығуы тұрғысынан алғанда ол «қоғам» және «азаматтық» деген екі сөзден тұрады. Сондақтан оны тұсіндіру негізінен екі бағытта жүреді: азаматтық қоғамды анықтау рулық «қоғам» ұғымы арқылы және «азаматтық» терминінің ерекшелікті белгілерін көрсету арқылы іске асады. «Қоғам» ұғымы, қазіргі түсініктегі, күні кеше пайда болды. XVIII ғасырға дейін бұл ұғым мемлекет ұғымымен бір мағынада қолданылып келді: XVIII ғасырдың соңы XX ғасырдың басында ол қазіргі мағынасына ие болды. Ғылыми әдебиеттерде «қоғам» ұғымы екі негізгі мағынада қолданылады. «Қазіргі батыс әлеуметтануы» сөздігінде ол кең және тар мағынада анықталған. Кең мағынада бұл адамдардың бір-біріне жан-жақты тәуелділігін білдіретін аламдар бірігуінің өзара әрекеті мен формаларының барлық тәсілдерінің жиынтығы. Тар мағынада ол тарихи белгілі бір тұтастық ретінде немесе сол тұрақты құндылықтың өз алына жеке элементі (аспект, момент және т.с.с.) ретінде көрінетін қарым-қатынас құрылымдық немесе белгілі бір генетикалық типі (ру, түр және т.с.с.). «Азаматтық» термині латынның «civils» сөзінен шыққан. Бұл термин рим құқы жүйесінде кенінен тараған. Ол көптеген заң сөйлемшелері мен

ұңымдарында айтылатын болды. Мысалы, «азаматтық құқық», «азаматтық процесс», «азаматтық ақылы іс» және т.б. XVIII ғасырдан бастап «азаматтық» термині қоғамдық құбылыстар, дау-жанжалдарды, теке тірестерді сипаттау үшін қолданылы. Содан бері «азамат соғысы», «азаматтық бағынбау», «азаматтың қарсылық көрсетуі», «азаматтық келісім», «азаматтық татулық» және т.б. сөз тіркесінде ғылыми айналымға еніп отыр. Бұл ұғым азаматтық қоғамды автомонды қоғам ретінде, көбінесе мемлекеттік құрылыс орнықтырған әлеуметтік тәртіпті қиратуға немесе сақтауға қабілетті стихиялық күш ретінде айқындайды.

Сонымен қатар бұл термин бүгендері саяси институттар және саяси партияларға қарама-қарсы тұрған алуан түрлі қоғамдық қозғалыстарды, ұйымдарды білдіреді. Оған мысал ретінде «азаматтық қозғалыс», «азаматтық форум», «азаматтық инициатива» сөз тіркестерін айтса да болады.

Азаматтық қоғамды жеке субстанция ретінде «байқағандардан» алғашқыларының бірі ежелгі грек ойшылы Платон. Адамдардың табиғи әлеуметтік қажеттіліктері туралы, рақымшылдық және мінсіз адамзат қоғамы туралы ойлары оны объективті түрде мемлекеттен басқа да қоғамдық тіршілік әрекетінің формалары болатындығына көзін жеткізді.

Аристотельдың пікірінше қоғам мүшесі болу мемлекеттің азаматы, мүшесі болу деген сөз, әркім оның заңдарымен өмір сүруге және әрекет етуге мүндетті, басқа азаматтардың өміріне нұқсан келтірмеуі тиіс. Азаматтардың қоғамдық тіршілік әрекетінің өзгеде: экономикалық, неке-отбасылық, рухани, адамгершілік, ғылыми, діни салаларына талдау жасап, мемлекеттің өндіргіш күштердің дамуының белгілі деңгейіне дейін араласуы қажет емес деп санайды. Осылайша Аристотельдің еңбектерінен мемлекет пен азаматтық қоғамды бөлу көрініс тапты. Италия ойшылы Н.Макиавелли мемлекетті адам рухының ең жоғары көрінісі, ал өмірдің мәні мен сәні оған қызмет ету деп санады. Патша қол астындағыларды қорқыту мен зорлық-зомбылықтың көмегімен басқару құқығын асыра сілтемеуі керек, бағыныштылардының оны жек көруін оятпау үшін олардың мүліктік және жеке құқығын бұзбауы тиіс. Сөйтіп ол азаматтық өоғамның белгілері туралы сөз қозғады. Т.Гоббс «азаматтық қоғам» ұғымын тіке қолдануды, бірақ оны бірде мемлекетпен бірдейлесе, басқа жағдайда оны бөлді. Дж.Локк «азаматтық қоғам» ұғымын белсенді қолданды, азаматтық қоғамның мемлекеттен басымдығын жариялады. Меншікті қоғамның негізіне, соның ішінде азаматтық қоғамның негізіне санады. Ш.Л.Монтескье азаматтық қоғам туралы көптеген жаңа ой-пікірлір айтты. Оның пікірінше азаматтық қоғам адамдардың бір-бірімен жауласқан қоғамы, осы жауласуды бейтараптандыру үшін және алдын алу үшін ол мемлекет болып құрылады. Ол заңдарды азаматтық, мемлекеттік, саяси заңдарға бөледі. Азаматтық заңдар азаматтық қоғамға тән қатынастарды реттейді: меншік, азаматтардың ерікті бірігуі және т.б. Мемлекеттік заңдар сол азаматтардың негізінен саяси құқы мен бостандығын реттейді. Монтескье азаматтық қоғам мен мемлекет заңдарының диалектикалық бірлігін және

қарама-қайшылығын байқап, осындай бірліктің бір жағының жоғалуы сөзсіз ірі қоғамдық сілкіністерге әкеледі деп түсінді.

Ж.Ж.Руссода азаматтық қоғамды мемлекетке айналған қоғам ретінде көрсетті, бұл процесс қоғамдық келісімнің көмегімен іске асады деп ойлады. Өзінің «Қоғамдық келісім туралы немесе саяси құқық принциптері» атты еңбегінде ол халықтың егемендігін жариялады, халықтың абсолютизмді құлату және демократиялық жолмен сайланған үкімет құру құқын негіздеді. Азаматтық қоғам ұғымын қалыптастырып, саяси организмнің мәнін бағыну менбостандықты қалыптастырудан көрді. И.Кант азаматтық қоғам туралы түсінікті тереңдетіп, оның мәнін баяндауда диалектикалық амал басымдау болды. Адам табиғатындағы: сыйыспаушылық, менменшілдік, бірігуді көксеу сияқты қарама-қайшылықты сапаларды қарастыра отырып, олардың келісімге тырысуын байқады. Әркімнің бостандығын басқалардың бостандығымен қиылыстыру азаматтық қоғамды қалыптастырудың басты жолы деген қорытынды жасады. Канттың пікірі бойынша азаматтық қоғам келесі принциптерге негізделген:

- қоғам мүшесінің адам ретіндегі еркіндігі;
- бағынушы ретіндегі оның басқалармен тендігі;
- қоғам мүшесінің азамат ретіндегі дербестігі.

Г.Гегель азаматтық қоғам деп мемлекеттен тәуелсіз, азаматтық құқықпен өзара байланысын реттелетін индивидттердің, топтардың, топтардың және институттардың жиынтығын атаған. Ол азаматтық қоғамның қалыптасуын бүкіл қоғамдық өмірдің тарихи трансформациялануының нәтижесінде, отбасынан мемлекетке дейінгі ұзақ диалектикалық қозғалыс натижесінде болатындығын көрсетті. Осы генезистің нәтижесінде қалыптасқан социум, жеке меншік қатынастарды, нарықтық экономиканы, леуметтік топтарды, институттарды өзіне қосқан. Г.Гегель мемлекеттің азаматтық қоғамынан басым екенін мойындаған. Мемлекет, оның пікірі бойынша, жоғары ұйымдсқан органикалық тұтастық ретінде азаматтық қоғамға шын еркіндікті берудің кепілі болады.

К.Маркс тұжырымдамасы бойынша мемлекет сырт қарағанда азаматтық қоғамды тұтастай қамтиды, ал шындығында үстем етуші әлеуметтік топтардың, меншік иелерінің мүддесіне қызмет етеді. Өндіріс, айырбас және тұтыну дамуының белгілі бір сатысын алсаңыз, сіз белгілі бір қоғамдық құрылысты , белгілі бір отбасы, сословия немесе топтар ұйымын – бір сөзбен айтқанда белгілі азаматтық қоғамды аласыз. Белгілі бір азаматтық қоғамды алыңыз, онда сіз азаматтық қоғамның ресми көрінісі болып табылатын белгілі бір саяси құрылысты аласыз – деп атап көрсетті. Италия әлеуметтанушысы А.Грамши азаматтық қоғам деп мемлекеттік аппаратына тіке қосылмаған әлеуметтік таптар мен жіктердің «жеке» ұйымдарын түсінген, атап айтқанда кәсіби, мәдени, ағартушылық, діни, қайырымдылық, сондай-ақ қоғамдық саяси топтар мен бірлестіктерді азаматтық қоғамға жатқызған. Ол азаматтық қоғамды экономикалық және саяси қоғамдардың арасына орналастырған.

Бақылау сұрақтары:

1) Азаматтық қоғам деген не? Оның құрылымдық элементтеріне не жатады?

2) Азаматтық қоғам өмір сүруінің қандай жағдайлары мен принциптері бар?

3) Азаматтық қоғам генезисін ашып көрсетіңіздер.

9 дәріс. Саясат қоғамдық құбылыс ретінде

1. Саясат деген не? Саясат қоғамдық құбылыс ретінде.
2. Саясат функциялары. Саясатты зерттеу амалдары.
3. Саясат билік ретінде. Билікті бөлу принциптері.

Дәрістің мақсаты: студентке кең көлемде білімді ғана емес, сонымен бірге ғылыми талдау әдістерін түсіндіріп, қоғам мен мемлекетті болашақтағы саяси дамуын болжай алатын, қазіргі саяси құбылыстарға творчестволық талдау– зерттеу жасай білетіндей болуға уйрету.

Дәрістің мазмұны: билік, саясат, саясат қызметтері, қазіргі қоғамның саяси институттарымен қоғамдық даму мәселелерін түсінуге көмектесуді, саясатты белгілі бір тарихи кезеңдердегі жүйелі саяси парадигмаларын анықтауға мүмкіндік беруді қарастыру.

1. Саясат – адамдар үшін және адамдар арқылы жүзеге асырылатын үрдіс.

Саясаттың нәтижелі болуы оның адамдар үшін қызмет етуінде және адамдар арқылы іске асуында. Бұл қоғамның жан – жақты дамуының заңды шарты. Әлеуметтік топтар, қоғамдық қозғалыстар, саяси партиялар және т.б. қоғам өмірінде қанша көрнекті рөл атқарғанымен, саясаттың ең басты субъектісі – адам. Қандай қоғамдық, саяси ұйымдар болмасын барлығы да адамдардан тұрады, бүкіл саяси үрдістің, қоғамның саяси өмірінің мәні, бағыты – негізінен адамдардың мақсатымен, көзқарастарымен, олардың ерікті іс – әрекетімен анықталады. Олай болса, қоғам, мемлекет - адам үшін қызмет етуі шарт. Себебі адам қоғам өміріндегі, саясаттағы шешуші фактор.

Саяси ойлар тарихында саясаттың субъектісі ретіндегі адамның қоғам өміріндегі жасампаздық рөлі туралы көптеген ғылыми құнды тұжырымдар сақталған. Мысалы, «Республика» атты еңбегінде Платон саяси бағыттың әртүрлілігі адамдардың табиғи өзгешеліктерімен тығыз байланыста екендігін атап көрсеткен. Ал Аристотель «Саясат» деген шығармасында адам өзінің табиғи жаратылысына байланысты саясаттан тыс бола алмайтындығына басты назар аударған. Т.Гоббс және Дж.Локк мемлекеттің шығуы туралы өзара бір – біріне ұқсамайтын теорияларда адам жөніндегі қарама-қайшы концепцияларға сүйене отырып зерттеген. Шын мәнінде, адамгершілік, гуманизм тұрғысынан қарағанда, адам қоғам өмірінің, саясаттың ең негізгі белді буыны екендігі

даусыз. Әрине, бұл үшін әрбір жеке адам саясат субъектісі деңгейіне көтерілуі қажет. Ал бұл процесс, яғни адамдардың саясаттың субъектісі болып қалыптасуы күрделі, мағыналы, үлкен проблема. Біз олардың кейбіреулеріне ғана тоқталамыз. Адамның саяси субъектілігі - оның саяси өмірге белсене қатысуымен сипатталады. Саясатты қалыптастыру, оны іске асыру, оған дер кезінде өзгерістер енгізіп отыру, әр адам өзінің саяси қызметінде халықтың өмірлік қажетіне байланысты мақсаттарын іске асыруға көмектесуі және айтарлықтай нәтижеге жетуі, қоғамға пайдалы істерге қатысу саяси субъектілікті сипаттайтын негізгі белгілер. Саясатқа саналы араласуы үшін адамның оған сай қабілеті болуы қажет. Бұл саяси субъектіліктің ішкі терең, мәнді сипаттамасы. Қабілеттілік әрбір адамның қолы оңай жететін қасиет емес. Бұндай қасиет саяси субъектіліктің жоғарыда келтірілген екіжақты көріністерінің өзара тығыз байланыста, өзгерісте болуы арқылы қалыптасады. Адам саясатқа қаншалықты белсене қатысса, оның саяси қабілеті соншалықты артады. Адам қабілетінің осылайша үнемі артып отыруы оның саяси белсенділігін де күшейтеді, бұл шексіз өтетін үрдіс, бұның өзі адамның саясат субъектісі болып қалыптасуының ішкі, сыртқы қайшылықтары мол күрделі процесс екендігін көрсетеді. Демократиялық жағдайда жеке адамдар саясаттың ерекше, құнды субъектісі болып табылады. Олар қоғамдық оқиғалардың нақты қатысушылары, бұқаралық қозғалыстарды ұйымдастырушылар, басқарушылар. Сайып келгенде, көптеген факторлар әрбір адамның азаматтық сипат, қасиеттерінің өсіп дамуының, саясаттың объектісінен субъектісіне айналу процесінің сапасын, мәнін анықтайды. Бұдан туындайтын қорытынды – саясаттың субъектісі болу азаматтық қасиеттердің жоғары деңгейде дамуы.

2. Саяси ғылым қоғам арасында әлеуметтік мәнісі бар қызметтерді атқарады (лат. Functio-атқару).

Саясаттану қызметтеріне мыналар жатады:

1) *Танымдық* – теоретикасы – ол мемлекеттік қатынастар табиғаты мен

саяси құбылыстары туралы білімнің жиналуы және қоғамның даму эффект түрлерін зерттейді.

2) *Болжамдық* – ол берілген саяси шешімдерді қабылдау негізінде дүниежүзіндегі саясаттың дамуы мен оның қоғаммен қызығушылығын зерттеу.

3) *Тәжірибелік* – ол қоғамның шын мәнісіндегі алдын ала диагностика жүргізуін анықтайды, яғни әлеуметтік процесс жүруі.

4) *Мәдени қызмет* – ол мемлекет азаматтарына керекті білім, яғни билік, құқық, мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастың пайда болуын, қолдануын үйрену.

Әдіс деп зерттеу жүргізуді ұйымдастыру тәсілін айтады. Оларға салыстырмалы, жүйелеу, социологиялық, тарихи, бихевиористік, нормативтік және тағы баска әдістер жатады.

Салыстырмалы әдіс – әртүрлі елдердегі саяси құбылыстарды салыстырып, олардың жалпы жақтарын және жеке ерекшеліктерін ажыратуға мүмкіндік береді.

Жүйелеу әдісі – саяси құблыстарды басқа күрделі құрылымының бір бөлігі ретінде қарап, оны құрайтын элементтердің әлеуметтік өмірдегі орнын, қызметін қарастырады.

Социологиялық әдіс – саясатты қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік құрылым, мәдени және т. б. жағдайына байланысты анықтайды.

Тарихи тәсіл – саяси құбылыстарды мерзімі жағынан дәйекті, заманына қарай, бұрынғы, қазіргі және болашақтың байланымын айқындай отырып қарастырады.

Бихевиористік әдісі – жеке адамдар мен топтардың іс- әрекетін, белгілі бір саяси жағдайларда адамдардың өздерін өздері қалай ұстауын талдауға негізделеді.

Нормативтік әдіс – қоғамның игілікті ең мол қамтамасыз ететін немесе адамға әуел бастан тән ажыратылмас табиғи құқықты іске асыруға барлық мүмкіндікті жасайтын саяси құрылыстың түрін іздейді.

Диалектикалық - материалдық әдісі табиғаттағы, қоғамдағы және санадағы құбылыстар мен процестерді бірімен– бірі тығыз байланыста және үздіксіз даму жағдайында болады деп санайды. Қазіргі демократиялық

мемлекеттерде саясатқа байланысты жағдайларды зерттегенде сан түрлі әдістемелерді пайдаланады.

3. Адамзат тарихында саясат негізгі рөл атқарады. Саясатқа берілген анықтамаларды екі топқа бөлуге болады. Мемлекеттік іс – әрекет пен саясатты байланыстыру біріншісіне жатады және бұндай көзқарас, антикалықта пайда болып, бүгінгі күнде өзінің мағынасын жоғалтқан емес.

Ежелгі грек тілінде саясатты «мемлекет басқару өнері» немесе мемлекеттің аумағы шегінде (ішкі саясат) және одан тыс жерде (сыртқы саясат) оның мақсаттарын белгілі бір әдіспен жүзеге асыру дегенді білдіреді.

Саясаттың негізгі элементі билік болу себебінде, саясатты саяси билікпен байланыстыру екіншісіне жатады және бұл көзқарас бүгінгі күнде біріншісіне қарағанда артығырақ болады. Себебінде, саяси биліктің институттары арқылы өздерінің мүдделерін іске асыратын әртүрлі топтардың әрекеттестерінің өрісі саясат болады деп белгілейміз.

Саясаттану анықтамасы бір дауыспен қабылданған, яғни бұл ғылым саяси ұйымдарда билік орнатуды құратын, оны бөлшектерге бөліп, шын мәнде шығарады. Бұның өзінде институттар, қоғам және жеке тұлға қатысады.

Саясаттану пәніне айтарлықтай бір пікір алынбайды, яғни саясат ғылымын зерттеуде екі көзқарас бар:

1) Саясаттану – мемлекет туралы ғылым, яғни оның пәні тар мағынада беріледі. Бұл дәстүр Аристотельмен қаланған.

2) Саясаттану – билік туралы ғылым. Бұл түсінікті Н. Макиавелли негіздеген. Бұл саладағы саясаттану пәні кең мағынада берілген.

Әр мемлекеттерде және ұлттар арасындағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени шарттарда билік институты құрылуда. Бұл құбылыстар саясаттану дамуында еуропалық және американдық мектептер деп бөледі:

1) Еуропа дәстүріне сәйкес саясаттану – саяси тарихы, саяси философиясы, саяси социология, т.б туындылары бар саяси ғылым. Еуропалық саясаттанушылық мектебі үшін жалпы әлеуметтік, философиялық аспектілер, мемлекет әрекеттерін және басқа саяси институттарды зерттеу жатады.

2) Американдық саяси ғылымға жоғары бағдарлама мен қорытынды функциялары қасиеттері тән. Американдық зерттеушілері саясаттану ғылымын психологиялық, функционалды жағынан қарастырды. Мысалы, Т. Парсонс және Р. Даль биліктің басты функциясын ресурстардың бөлінуі мен жалпы қоғамдық тәртіптің болуында көреді. Басқа американдық саясаттанушы Д. Истон саяси ғылымның пәнін тәсілдер ретінде көрген, өйткені әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып қоғамға, билік институттарына қандай да шешім қабылдаған.

Бақылау сұрақтары:

1) Саясаттың мәні мен мазмұнын ашып көрсетіңіздер.
2) Саясаттану қызметтеріне не жатады?
3) Қазіргі демократиялық мемлекеттерде саясатқа байланысты жағдайларды зерттегенде қандай әдістемелерді пайдаланады?

10 дәріс. Мемлекеттік қоғамның саяси жүйесінің негізгі институты

1. Мемлекет саяси жүйенің спецификалық институты ретінде.
2. Мемлекет пайда болуының факторлары. Мемлекет дамуын түсіндірудегі теориялық амалдар.
3. Мемлекет түсінігі және белгілері. Мемлекет формасы.

Дәрістің мақсаты: экономиканың даму деңгейі, халықтың әл - аухаты, елдің әлеуметтік тұрақтылығы, қоғамдық және мемлекеттік құрлыстың демократиялық деңгейі, аса маңызды саяси институттардың ара қатынасы, басқару элитасы мақсаттарының бағыттылығын білу.

Дәрістің мазмұны: мемлекет ұғымының саяси мәнін ашу, оның белгілерін анықтау, мемлекеттің пайда болуы туралы теориялары мен оның өкілдерін қарастыру, мемлекеттің нысаны, соған сейкес мемлекеттің түрлерін ажырату және мемлекеттің атқаратын қызметі мен міндеттерін қарастыру.

1. Мемлекет – адамдардың, қоғамдық топтардың, кластардың және ассоциациалардың біріккен әрекеттері мен қарым-қатынастарын бақылап және бағыт беріп отыратын қоғамның саяси жүйесінің институты. Мемлекет

қоғамдағы биліктің орталық институты ретінде болады, ол осы билік арқылы саясатты жүзеге асырады.

Саяси ғылымда мемлекет оны түсінудің үш тәсілінің арақатынасы арқылы қарастырылады:

а) саяси-философиялық. Мемлекет «ортақ істерді» шешу және билік пен қоғамның қатынастарын реттеу құралы ретінде, сонымен қатар халық пен адамның саяси өмірін қамтамасыз ететін құрал ретінде түсіндіріледі;

б) таптық. Мемлекет қоғамның таптарға бөлінуінің нәтижесі (марксистік тәсіл). Классикалық анықтама (В. Ленин бойынша) мемлекетті «бір таптың басқа бағынушы таптарды қол астында ұстайтын, бір кластың басқасына үстемдік етуіне мүмкіндік беретін машина» ретінде түсіндіреді;

в) құқықтық және ұйымдастырушы-құрылымдық тәсіл бойынша мемлекет «құқықтық мемлекет» ретінде, қоғам өмірін және мемлекеттің өзінің әрекеті мен оның саяси және қоғамдық қатынастар жүйесіндегі құрылымын ұйымдастыратын құқық пен заң бастауы.

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің алатын орны ерекше болып табылады. Мемлекет барша елдің ресми өкілі болып саналады, себебі ол қоғамды бөлшектерге бөлмей, қоғамның, халықтың мүддесін қанағаттандыру үшін қызмет атқарады.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесіне кіретін барлық ұйымдарды, бірлестіктер мен одақтарды, ұжымдарды біріктіріп, оларға көмек жасап отырады.

Конституция арқылы барлық азаматтарға өздерінің бірлестіктері мен ұйымдарын құруға толық мүмкіндік береді.

Қоғамдағы демократияны дамытуға міндетті.

Қоғамдық ұйымдардың құқықтық құзыретінің көлемі мен шеңберін анықтайды.

Қоғамдық ұйымдардың дербес жұмыс жасауына толық мүмкіндік беріп, оларды қорғап отырады.

Сөйтіп, мемлекет қоғамдағы барлық ұйымдарды, ұжымдарды біріктіріп, қоғамның саясатын, мүдде мақсатын дұрыс, жақсы орындауын, демократияның дамуын қамтамасыз етіп, саяси жүйенің жан-жақты нығаюына мүмкіндік береді.

2. Мемлекетке дейінгі кезеңдегі әлеуметтік биліктің ерекшеліктері мыналар болып табылады: ол тек бір ру көлемінде ғана таралды, соның еркін білдіріп, қандық туыстыққа негізделді; ол алғашқы қауымдық демократияның, өзін-өзі басқарудың бастамаларының негізінде қалыптасты; мұнда билік органдары ретінде рулық жиналыстар, ақсақалдар, әскербасылары және т.б. қызмет етті, олар алғашқы қауымдық қоғамның өмір сүруінің маңызды мәселелерін шешіп отырды.

Діни (теологиялық) теория – мемлекеттің пайда болуын, мемлекеттік биліктің пайда болуын құдайдың құдыретінен деп есептейді, яғни барлық билік құдайдан деген тұжырымдаманы жақтайды. Бұл теорияның көрнекті өкілдерінің бірі – Фома Аквинский.

Патриархалды теория – мемлекеттің пайда болуын отбасымен байланыстырады, ал мемлекет басшысының билігін отбасы мүшелерінің алдындағы әке билігінен туындатады. Бұл теория Грекияда пайда болған, негізін салушы Аристотель болса, ағылшын ғалымы Фильмердің еңбектерінде дамытылған.

Шартты теория (табиғи құқықтық теория) – бойынша адамдардың өздерінің табиғи құқықтары болады (бостандық, теңдік, еңбек ету, т.б.). оны ешкім жоя алмайды, оған зиян келтіре алмайды. Мемлекет пен құқықтың шығуын, пайда болуын адамдар арасындағы келісім-шартпен байланыстырады. Өкілдері: Г.Гроций, Спиноза, Д.Локк, Т.Гоббс, Ж.Ж.Руссо, А.Радищев. Мысалы: А.Радищевтің пікірінше, билік халыққа тиесілі, алайда ол мемлекет басшысына берілген және оны халық бақылауы тиіс.

Күштеу теориясы – мемлекеттің пайда болуының негізі ретінде күштеу әрекетін, бір халықтың екінші халықты жаулауын таниды. Жауланған халықтың үстінен билікті бекіту үшін, оған күштеу жүргізу үшін мемлекет құрылады. Күштеу теориясы XIX ғас. пайда болды, өкілдері - Л.Гумплович, К.Каутский, Е.Дюринг.

Психологиялық теория – мемлекеттің пайда болуын адам психикасының көріністерімен: бағыну қажеттігімен, еліктеуімен, жоғарғы топқа тәуелділікті сезінуімен, белгілі бір әрекет түрлерінің әділдігін түсінуімен және т.б. байланысты. Өкілі – Л.Петражицский, Г.Тард.

Мемлекет типологиясы (жіктелуі, топтастырылуы) дегеніміз - мемлекеттерді өздеріне тән айырмашылық негізінде біріктіріп топтастыруға мүмкіншілік жасайтын, сөйтіп оның тарихи дамуындағы қисынын (логикасын) айқындайтын ғылыми жіктеу болып табылады.

Мемлекеттерді типке бөлудің екі тәсілі бар:

1) *Формациялық тәсіл.*

2) *Өркениеттік тәсіл.*

Формациялық тәсілді пайдаланып мемлекеттер типологиясын жасағанда айырмашылығы ретінде *қоғамдық экономикалық формация* категориясын, өндіріс тәсірінің қайсы біріне негізделген қоғамның тарихи түрі (типі) алынады. Формациялық типология бойынша мемлекеттердің төрт түрі болады, олар: құл иеленуші; феодалдық; буржуазиялық; социалистік.

«Өркениет» ұғымы діни, ұлттық географиялық және басқадайда белгілерге (нышандарға) байланысты болып келетін қоғамдық дамудың, материалдық және рухани мәдениеттің деңгейі ретінде түсініледі. Өркениет өзінің дамуында бірнеше кезеңнен өтеді.

Мемлекетті өркениетті тәсілмен сипаттағанда оның қоғамды басқару жолдары қандай екені, экономиканы, мәдениетті дамытудағы атқаратын қызметі айқындалады. Осы тұрғыдан қарағанда мемлекеттер *алғашқы өркениеттегі және кейінгі өркениеттегі мемлекеттер* деп екі топқа бөлінеді.

Алғашқы өркениеттегі мемлекет шексіз билікке негізделеді де, біріктіруші және ұйымдастырушы күш ретінде қоғамның әлеуметтік және

экономикалық құрылымын анықтады. Бұл - көне Грек, Шумер, Ассиро-вавилон, Иран, Бирма, Жапон, т.б. елдеріндегі саяси ұйымдар.

Кейінгі өркениеттіктегі мемлекеттік билік алғашқы өркениеттігідей аса қуатты барлық қоғамды қамтып, басқарған күшті емес. Мемлекет көп жағдайда мәдени - діни жүйеге бағынған. Мемлекет басшысы заңдарды, қағидаларды бекіткеннен кейін оларды өзі сақтауы керек, әйтпесе, оның билігі заңсыз болып саналады. Бұларға Батыс Еуропа, Шығыс Еуропа, Солтүстік Америка т.б. мемлекеттері жатады.

3. Мемлекет - бұл арнайы басқару және мәжбүрлеу аппараты бар, қоғамның өкілі бола тұра, оны басқаратын және оның дамуын қамтамасыз ететін, бұқаралық биліктің саяси аумақтық, егеменді ұйымы.

Мемлекеттің белгілері.

Арнаулы кәсіби басқару және мәжбүрлеу аппаратының болуы, яғни бұқаралық биліктің болуы. Бұқаралық билік – бұл чиновниктер, әскер, полиция, түрме мен б. д. мекемелер.

Салықтар жүйесі, яғни мемлекет өмір сүруі үшін халықтан салық жинауға мәжбүр.

Аумақтық бөлініс. Мемлекет өз аумағында өмір сүруші барлық адамдарды өз билігімен және қорғау арқылы біріктіреді.

Егемендік, бұл мемлекетке тән өз аумағындағы үстемдік пен халық аралық қатынастардағы тәуелсіздік. Егемендік белгісі мемлекетті басқа ұйымдардан, қоғамдық құрылымдар мен институттардан жоғары қояды. Егемендіктің екі құрамдас бөлігі бар: үстемдік және тәуелсіздік.

Құқықтың болуы. Мемлекет құқықсыз өмір сүре алмайды, себебі құқық мемлекеттік билікті заңдастырады.

Мемлекет функциясын жүзеге асыру нысандары – мемлекеттің функцияларын жүзеге асыруға бағытталған оның органдарының біртектес қызметі. Бұл құқықтық және ұйымдастырушылық болып екіге бөлінеді.

Мемлекеттің ішкі функциялары:

- экономиканы ұйымдастыру, басқару және реттеу функциясы;
- әлеуметтік функциясы;
- экологиялық қызмет;
- ғылымды, білім беруді, денсаулық сақтауды, мәдениетті басқару функциясы. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
- меншік нысандарын қорғау;
- құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;
- ғылыми техникалық прогресті дамыту;
- алымдар мен салықтарды жинау қызметі.

Мемлекеттің сыртқы функциялары:

- мемлекеттің өзін -өзі қорғау қызметі;
- ұлттық қауіпсіздік;
- басқа елдермен қарым-қатынас жасау қызметі;
- бейбітшілік функциясы.

Мемлекет нысаны негізгі үш элементтен, атап айтқанда: мемлекетті басқару нысаны, мемлекеттің құрылым нысанынан және саяси тәртіп нысанынан құрылады.

Мемлекетті басқарудың нысаны. Басқару нысаны ұғымын пайымдағанда мемлекеттік жоғары биліктің ұйымдастырылуын түсінеміз.

Монархия - мемлекеттің егеменді жоғары билігі бір адамның қолында өмір бойы болады және атадан балаға мұра (мирас) ретінде беріледі (өтіп отырады). Монарх (патша, кароль, перғауын (фараон), қаған, хан және тағы басқалар) ешкімнің алдында жауапты болмайды. Ол тек құдайдың алдында ғана жауапты.

Монархияның үш түрі болады:

1) *Шексіз (абсолюттік) монархия.*
2) *Шектеулі конституциялық немесе парламенттік монархия.*
3) *Дуалистік монархия.*

Басқарудың бұл нысаны бойынша бұл мемлекеттегі ең жоғары билік (өкімет) сайланбалы органдарға тиесілі болып келеді. Мұндай органдар белгілі бір мерзімге ғана сайланады және олар сайлаушылар алдында жауапты болады.

Республика билігінің екі жолы бар: президенттік және парламенттік.

1) *Президенттік республика*.
2) *Парламенттік республика.*

Мемлекеттің құрылымы - тұтастай мемлекет пен оның бөліктерінің белгілі түрдегі құқықтық қатынастарын сипаттайтын мемлекеттің аумақтық ұйымдастырылуы болып табылады. Мемлекет құрылымына байланысты барлық мемлекеттер біртұтас (унитарлы) және күрделі болып екі топқа бөлінеді.

Унитарлық мемлекеттің ішкі аумақтық құрылымында басқа мемлекеттер болмайды. Осы мағынада унитарлық мемлекет біртұтас мемлекет деп аталады. Унитарлық мемлекет, әдетте тек әкімшілік-аумақтық бөліктерге бөлінеді де, мемлекеттің әкімшілік - аумақтық құрылымын құрайды. Қазақстан Республикасы - унитарлық мемлекет.

Конфедерация - белгілі бір тарихи кезеңде, өздерінің алдына қойған мақсаттарына жету үшін егеменді мемлекеттердің уақытша жасасқан келісімдері бойынша құрылған одақ .

Федерация - бұл мемлекет күрделі одақтық мемлекет, оның құрамдас бөліктері мемлекеттік құрылымдар болып табылады. Мысалы, АҚШ, Ресей.

Бақылау сұрақтары:

1) Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің алатын орны.
2) Мемлекетке дейінгі кезеңдегі әлеуметтік биліктің қандай ерекшеліктері бар?
3) Мемлекеттің қызметі және оның түрлерін талдаңыздар.

11 дәріс. Саяси режим мемлекет формасының элементі ретінде

1. Саяси режим ұғымы. Саяси режимнің сипаты және белгілері.
2. Саяси режим формалары мен түрлері.
3. Демократиялық саяси режим: ұғымы, белгілерінің мәні.

Дәрістің мақсаты: мемлекеттік билік ету әдістерін зерттей отырып, жеке тұлғаның нақты мәртебесі туралы және олардың құқықтары мен мүдделерінің кепілдік және қамтамасыз етушілік деңгейі туралы түсіндіру.

Дәрістің мазмұны: мемлекеттегі саяси бостандық дәрежесі туралы, мемлекеттік механизмнің түрлі буындары арасындағы қарым – қатынастары және бір жағынан, олардың арасындағы да, екінші жағынан партилардың, қоғамдық бірлестіктер мен халықтың арасындағы өзара қарым – қатынастың моральдық – психологиялық ахуалы туралы пікір айтуға мүмкіндіктерін ашып көрсету.

1. Саяси режим (тәртіп) дегеніміз – мемлекеттік билікті жүзеге асырудың тәсілі, қоғамдағы азаматтардың еріктері мен құқықтарының деңгейі. «Саяси режим» деген түсінікті «мемлекетті басқару түрлерімен» шатыстырмаған жөн, себебі демократиялық мемлекет жағдайындағы саяси тәртіптің де әртүрлі сипаттары бар. Бұл ұғым мемлекет басқарудың түрін емес, оның сапасын айқындайды, қоғамның саяси өміріне сипаттама береді. Саяси тәртіп түсінігінің шеңберіне мемлекеттік билікті қалыптастыратын тәсілдер, сол үшін қолданылатын құралдар, саяси биліктің іс-қимылдарының түрлері және т.б. жатады.

Саяси тәртіп ұғымымен танысу барысындағы ерекше байқалатыны - мемлекеттегі билік жүйесін қалыптастыру мәселесі. Билік сайлау арқылы қалыптасады ма, әлде өзара сыбайластықпен тағайындала ма? – деген сұрақ.

Мысалы, кейбір жағдайда сөз жүзінде мемлекет жүйесіндегі барлық басшылар сайланады деп айтылғанмен, іс жүзінде оларды жоғарғы органдағылар бекітеді немесе жариясыз түрде тағайындап отырады. Бұл шенеуніктердің іс жүзінде билікке қатысты мәселені бір-бірімен келісіп өз мақсатына сәйкес шешуіне ықпал етеді. Бұндай іс – әрекет көп жағдайда қоғамдағы азаматтардың еріктері мен құқықтарына қайшы келіп мемлекеттік биліктің заңдылығына (легитимдігіне) нұсқан келтіреді, демократияға кедергі жасайды. Қоғамның саяси өмірінде сыбайластық, жағымпаздық қаншалықты орын алса, мемлекет соншалықты ескірген саяси тәртіпке айнала бастайды.

Саяси білімдер әдебиетінде саяси тәртіптерді демократиялық және демократияға қарсы (антидемократиялық) деп үлкен екі топқа бөледі.

Демократиялық немесе саяси әртүрлілік (плюрализм) тәртібі дегеніміз – саяси билік органдарының халықтың бақылауында болуын қолдайтын қоғамның саяси және экономикалық құрылысының түрі. Саяси әртүрлілік

қоғам мүшелерінің құқығы мен бостандығын жоғары бағалаушы саяси тәртіп. Бұл режимде мемлекеттік биліктің көзі толығымен халық болып саналады.

Саяси әртүрлілік тәртібінің негізгі белгілері:

- заңсыз үстемдік етуші биліктің қоғам өмірінен аластатылуы;
- қоғамның саяси жүйесінің жалпы адамзаттық құндылықтар жолын ұстануы;
- экономикадағы демократиялық принциптердің орнығуы;
- азматтарды әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуы;
- қоғам мүшелерінің мәдени-рухани дамуына толық жағдай жасау.

Адамзат тарихында орын алатын монархиялық, тоталитарлық билік тұсында және авторитаризм кезеңінде демократиялық тәртіптің орнатылуына мүмкіндік болған жоқ. Әлем халықтары демократияға соңғы кезеңдерде ғана жете бастады. Сол себептен қазіргі кездегі саяси тәртіпке сипаттама жасау үшін демократиялық емес саяси тәртіптердің тарихи түрлерін білудің маңызы зор.

2. Адамзат тарихында саяси тәртіп бірнеше түрлерден және кезеңдерден өтті. Саяси тәртіп көп жағдайда бір қалыпта емес, аралас түрде кездеседі. Солардың ішіндегі негізгі үш түрін атауға болады. Олар империя, тоталитарлық және авторитарлық режим.

Империяның негізгі белгілері:

- жер көлемінің орасан зор болуы;
- құрамындағы халықты күшпен бір орталыққа бағындырып отыратын биліктің орнығуы;
- әрдайым өз жерін кеңейтуге бағытталған саясат ұстануы;
- саяси орталық пен шет аймақтардың өзара шиеленісте болуы;
- орталық саяси биліктің қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделері мен сұраныстарын ескермеуі;
- мемлекеттің әртүрлі мәдени және этностық құрамнан тұруы.

Империялар ерте заманнан бастап қалыптасты, ал қазіргі уақытта олар таза күйінде кездеспейді. Тарихтан белгілері: Рим империясы, Қытай, Латын, Осман империялары, Араб халифаты, Британ, Ресей империялары, КСРО.

Империялардың ең ұзақ өмір сүргені Рим империясы (б.з.д. 27жылдан б.з.1453 жылға дейін). Империялар тарихын терең зерттеген ойшыл, ғалым—

Цицерон болды. Империя жөнінде ол былай деген: «Империяның ыдырауы айқын, себебі империя барлық уақытта орталық билік пен бағынышты халықтардың арасындағы қайшылыққа негізделеді». Цицеронның осы пікірінің ақиқат екенін тарих дәлелдеп отыр. Бүгін әлемде таза күйінде кездесетін империя жоқ және адамзаттың интелектуалдық сана-сезімінің жоғары дамуына байланысты ол тарихқа қайта оралмауы тиіс.

Тоталитарлық тәртіп дегеніміз – қоғамның барлық саласындағы әрбір адамның өмірі мемлекет тарапынан толық бақылауға алынған мемлекеттік-саяси құрылым түрі. Экономика саласында жеке меншікке шек қою; саяси салада қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар қалыптастыруға тиым салу;

бір ғана басқарушы партияға мүше болуға мәжбүр ету; рухани салада бір идеологияға бейімделу т.с.с.

Тоталитарлық тәртіптің негізгі белгілері:

- қоғамдағы саяси-әлеуметтік тәртіптің күшпен орнатылуы;
- әлеуметтік топтардың бостандығының шектелуі;
- мемлекеттік немесе жалғыз басқарушы партияның идеологиясының жүргізілуі;
- бейімделушіліктің (конформизм) қалыптасуы: іштей келіспесе де, билік басындағы адамдардың ығына жығылып, бейімделу.

Авторитарлық тәртіп дегеніміз - қоғамдағы толық жетілмеген демократияға негізделген жеке адамның немесе саяси биліктің бір тармағына сүйенетін мемлекеттік-саяси құрылым.

Авторитарлық тәртіп көбінесе өтпелі кезеңде қалыптасады, әсіресе қоғам тоталитарлық тәртіптен демократиялық тәртіпке ауыса бастаған жағдайда қалыптасады. Себебі осындай кезеңде алда тұрған мақсаттарды демократиялық тәсілдермен (сайланбалы органдармен) ғана іске асыру қиындыққа түседі. Мысалы, ТМД елдерінің көбінде орын алған авторитарлық тәртіп, жеке тұлғаның билігі немесе атқарушы биліктің күшеюі осы әлеуметтік – экономикалық қиындықтарға тікелей байланысты.

Авторитарлық тәртіптің негізгі белгілері:

- жеке адам билігінің немесе саяси биліктің бір тармағының күшеюі;
- қоғамдық саяси ұйымдардың құқықтары мен еркіндіктерінің шектелуі;
- мемлекеттік жүйедегі қызметкерлердің билікпен мүдделес саяси партиялармен бірігуі;
- парламент ролінің шектелуі немесе кейбір жағдайда жойылуы.

Мемлекеттің саяси өмірінде авторитарлық тәртіп көбінесе монархияға, бір адамның шексіз билігіне ұқсас болады. Қазіргі кезеңде негізінен бұл көптеген дамушы мемлекеттер үшін объективті процесс, өтпелі кезеңге қажет саяси тәртіп болып саналады.

Сонымен, саяси тәртіп саяси биліктің және саяси жүйенің сапасын анықтап, қоғамның саяси өміріне сипаттама береді.

Қорыта келгенде, әлемдік тарихи тәжірибе – демократиялық билік негізінде қоғам құру, қоғамдық өмір салаларына демократиялық ұстаным енгізу ең дұрыс шешім болып табылатынын көрсетеді. Демократиялық билік орнату үшін төмендегідей негізгі міндеттер атқарылуы қажет, олар:

- билікті бөлу және бөлісу (заң, атқару, сот билігіне ажырату), олардың бір-біріне үстемдік етпеуі және бір-бірімен сыбайластыққа бармауы;
- меншік түрлерінің теңдігі мен еркіндігін қамтамасыз ету;
- азаматтардың заң алдындағы теңдігін қалыптастыру, азаматтық қоғам орнату.

3. «Демократия» ұғымы ежелгі грек сөзінен енген, этимологиялық жағынан «халық билігі» дегенді білдіреді. Демократияға бұл жағынан толық анықтаманы американдық президент А. Линкольн берген болатын: «халықтың басқаруы, халық таңдаған және халық үшін».

Демократия – мемлекет пен биліктің, қоғамның саяси және әлеуметтік ұйымдарының түрлерінің бірі, тарихта дамып келе жатқан саяси тәртіп.

Заманауи демократияның өзіне тән белгілері:

а) халық- билік көзі;

б) мемлекеттік биліктің басты органдарының кезеңдік сайлануы;

в) сайлау құқығының теңдігі, мемлекетті басқаруға қатысу құқығының тең болуы;

г) көпшіліктің шешімі азшылықтың құқығын шектейді;

д) демократия үздіксіз және қадалған қоғамдық бақылауда болады;

е) мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларындағы және барлық деңгейлердегі қақтығыстардың алдын алудың механизмдерін дайындайды.

Демократияның антикалық теориясы. Демократия идеясын алғаш V ғасырда Геродот былайша ұсынған: ол- теңдік арқылы тұрғызылған Мемлекет (грекше-изономия).

Мұндай саяси құрылымның басты белгілері:

– қызметтерді жеребелерге сәйкес иелену;
– үкіметтік;
– қаржылық іс - әрекеттері жайлы есеп беру міндеті.

Бақылау сұрақтары:

1) Саяси режимнің қандай формалары мен түрлері бар?
2) Тоталитарлық саяси режим: ұғымы, белгілерінің мәні.
3) Заманауи демократияның өзіне тән белгілерін атаңыз.

12 дәріс. Қазіргі қоғамның идеологиялық көрінісі

1. Идеология және дүниетаным: мазмұны, құрылымы, функциялары.
2. Қазақстан республикасының ұлттық – мемлекеттік идеясы.
3. Қазіргі идеологиялық тұжырымдамалар мен доктриналар: либерализм және неолиберализм, консерватизм және неоконсерватизм, коммунизм, ұлтшылдық, жаһаншылдық.

Дәрістің мақсаты: теориялық мәселелерді студенттерге ұғынықты түсіндіріп оқытып қана қоймай, олардың білімін іс жүзінде қоғам өміріне пайдалана алатындай дәрежеге жеткізу.

Дәрістің мазмұны: адамзаттың саяси өмірінің дамуы да саналы адамдардың ой-пікірлеріне, ұсыныстарына, идеяларына негізделеді. Идеялардың негізгі көзі, бастауы ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдамаларын қарастыру.

1. «Идеология» деген ұғым гректің ideia және loqos деген сөздерінен шыққан. Идея – көзқарас, логос – ілім, ой. Ал идеология сөзінің мәні – «идея

туралы ілім» немесе «мәртебелігі бар ілім» ретінде түсініледі. Идея – ол бір субъектінің немесе бір әлеуметтік-саяси топтың ғана көзқарасы. Ал идея идеологияға айналғаннан кейін ол мақсат, нұсқау ретінде жүргізіледі, тіпті тапсырма мәртебелілігіне ие болады. Идеяның идеологияға айналуы үшін оған қоғамдық жүйеден немесе мемлекеттік билік тарапынан қолдаушылық көрсетілуі қажет. Сонда ғана идея идеология ретінде қабылданып іске асырылады. Мысалы, марксизм идеологиясы алғашқыда бір ғана ғалымның –

К.Маркстің идеясы ретінде пайда болды. Ол идеяның мағынасы: еңбекшілер буржуазиялық таптың қанауына ұшырайды, жұмысшылар мен шаруалар әділеттілікке, теңдікке, бостандыққа жетуі керек. Ол үшін жұмысшылар таптық революция ұйымдастырып, буржуазия өкіметін құлатып, жеке меншікті жойып, социализм орнатуы қажет деген ойды білдірді. Кейін, К.Маркстің осы идеясын идеологияға айналдыру үшін коммунистік партия 1917 жылы Ресейде Қазан революциясын ұйымдастырып, өкімет билігін өз қолына алды. Мемлекеттік биліктің ұйғаруымен осы ойшылдың идеясы марксистік идеологияға айналып, КСРО сол идеология бойынша 70 жылдай өмір сүрді. Идеяның идеологияға айналуы туралы тағы бір мысал – реформизммен байланысты. Реформизм идеологиясы алғашқыда Э.Бернштейннің идеясы ретінде пайда болды. Бұл идеяның мазмұны: еңбекшілерді әділеттілікке, теңдікке, бостандыққа жеткізу үшін реформалар жүргізу қажет. Оларды буржуазиялық қанаудан қорғау үшін ешқандай революцияның қажеті жоқ, жұмысшы табын қорғайтын партиялар парламентке келіп, еңбекшілерді қорғайтын әлеуметтік жүйені заң арқылы қалыптастыруы керек деген идеяны ұсынды. Бұл саясаткердің идеясын идеологияға айналдыру жолында Еуропаның көптеген елдерінде социал-демократиялық партиялар ұйымдастырылды. Осы партиялар сайлау арқылы өз парламенттерінен орын алып, ал кейбірі мемлекеттік билікке келіп, нәтижесінде реформалар арқылы еңбекшілердің мүдделерін қорғай бастады. Э.Бернштейннің идеясы идеологияға айналды. Бұл идеология саяси ғылымда «демократиялық социализм» деп аталады.

Сонымен, *идеология* дегеніміз - биліктің қолдауымен іске асырылатын идеялар жиынтығы. Идеология мемлекет, саяси билік үшін қоғамды, азаматтарды бір мақсатқа жұмылдыру үшін пайдаланатын құрал. Идеология ұғымын ғылыми айналымға, әдебиетке енгізген француз ғалымы, философы Дестют де Треси (1754-1836 жж.). Кейінірек идеология деген түсінікті терең зерттеген неміс ғалымы Карл Манхейм болды.

2. Саяси ғылымда идеология - кімде кімнің қызығушылықтарына қызмететін идеялардың кез келген жүйесі. Бұл көзқараста тек пролетарлық және буржуаздық емес, сонымен қатар шаруалар туралы, ұсақ буржуазия, ұлттық идеология айтылады.

Идеология теориялары:

а) аксиологиялық (Ф. Ницше, XIX ғасырдың аяғы);

б) психологиялық (З. Фрейд, В. Парето, XX ғасырдың бірінші жартысы);

в) әлеуметтанулық (К. Мангейм, XX ғасырдың бірінші жартысы);

г) «деидеологизация» тұжырымдамасы (Э. Шилс, Д. Белл, С. Липсет, Р. Арон, XX ғасырдың екінші жартысы).

Идеология қоғам өмірінің феномені ретінде сол немесе басқа да шынайылыққа қатынас, адамдардың, кластардың, партиялардың, саясат пен биліктің субъектілерінің көзқарастары, қызығушылықтары, мақсаттары көрінетін көзқарастар мен идеялардың жүйесін білдіреді.

Қазіргі кездегі саяси ғылымда саясат пен идеология қоғамдық сана мен қоғамдық ұйымдардың неғұрлым экспансивті (өктем), жабысқақ жүйелері ретінде қарастырылады. Саясат пен идеология қоғамдық өмірдің барлық салаларына еніп қана қоймайды, сонымен қатар бір бірімен үйлесім табады. Дегенмен жалпы ереже бойынша, идеологияның саясатқа өзара енуінің белгілі бір шектері болады. Бұл қажет, себебі гиперидеологизация саясатты құртады, оны қоғамдық маңызы бар міндеттерді анықтау мен шешуге қабілетсіз етеді. Басқа салдары болып тоталитарлық және тирандық тәртіптер, репрессиялар, соғыстар, дағдарыстар табылады. Саяси тәжірибе көрсетіп отырғандай, идеологияның артық болуы саясаттың деидеологизациясының, оны идеологиялық басымдықтардан құтқару қажеттілігін тудырады. Саяси идеология сол немесе басқа да топтың билікке тартылысы мен осы мақсатқа сәйкес ұмтылатын бағынуды ақтайтын белгілі бір доктрина ретінде қарастырылады.

Саяси идеология элитаның билік үшін күрестегі рухани қаруы, «құралы» ретінде болады.

Саяси идеологияның басты қызметтері:

а) бұқаралық саяси санаға ықпал ету және ол үшін саяси өмірде көрсеткіштер мен бағдарлар жүйесін қалыптастыру;

б) саяси бағдардың, сызықтың берілген идеология арқылы жағымды бейнесін қалыптастыру;

в) азаматтардың неғұрлым кең шеңберіне арналған саяси мінез-құлық мотивациясы.

3. Әрбір адамның іс-қимылы ойдан басталатыны баршаға мәлім.

Адамзаттың саяси өмірінің дамуы да саналы адамдардың ой-пікірлеріне, ұсыныстарына, идеяларына негізделеді. Идеялардың негізгі көзі, бастауы ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдамалары. Мысалы, кезінде идея ретінде ұсынылып, кейін идеологияға, теорияға айналған Конфуцидің мемлекеттік билік пен халық арасындағы теңгергіштік заңы, Аристотельдің орташылдық, орта таптық концепциясы, Гоббстың антиэтатизм принципі, Монтескьенің билікті бөлу туралы заңы және т.б. Солардың ішінде бүкіл адамзаттың дамуына үлкен өзгерістер әкелгендері либералдық, консервативтік, реформистік, социал-демократиялық идеологиялар.

Либерализм – азаматтарға қатысты мемлекеттік және қоғамдық әртүрлі басымдықтарды жою немесе жұмсартуды мақсат ететін идеология түрі. Бұл идеологияның негізін қалаушы ағылшын философы Джон Локк. Осы ғалымның ұсынысы өз заманының қажеттілігінен туындады. XYII ғасыр адамзаттың ортағасырлық бұғаудан жаңа ғана шыға бастаған кезі еді. Адамзат

тарихында орта ғасырлар баршаға әйгілі монархияның, шексіз биліктің, тұйық сословиеның, еуропа елдеріндегі шіркеу түнегінің үстемдігінде болды. Әрбір адамның өз табиғи қабілетін іске асыру бостандығы мен мүмкіншілігі болмады. Осылайша адамдарды мәжбүрлеу тәртібі қоғамдағы тоқыраушылық көріністерін күшейтті. Дж.Локк өзінің либералдық идеясында әрбір адам өз қабілетін іске асырмайынша, елдің дамуына өзінің үлесін қоспайынша қоғам қарқынды дами алмайды, адамдарды мемлекеттік дәстүрлі жіктеуліктен, дін құрсауының ықпалынан босату керек деп түсіндірді. Қорыта келгенде, либерализм идеологиясы капитализмнің қалыптасып дамуына зор әсер етті.

ХХ ғасырдың басында либерализм идеологиясының одан әрі дамуына байланысты бұдан өзгеше саяси идеология ретінде жаңа либерализм – неолиберализм бөлініп шықты.

Неолиберализм – азаматтар мен қоғамның экономикалық және әлеуметтік өмірін мемлекеттік реттеуге бағытталған идеялар жиынтығы. Егер осы екі идеологияны: либерализм мен неолиберализмді салыстырып қарасақ, алғашқыда бір-біріне қарама-қарсы бағыт сияқты көрінеді. Себебі, либерализм мемлекеттік үстемдікті жұмсарту жолын талап етсе, ал неолиберализм керісінше - мемлекеттік реттеуді күшейтуді ұсынады. Дегенмен, осы екі идеологияның арасында бітіспес қарама – қарсылық жоқ. Неолиберализм идеологиясының пайда болуы қоғамда қалыптасқан әлеуметтік жағдайлармен байланысты болатын. Либерализм ұстанымы бойынша дамушы нарықтық қатынас ең алдымен бәсекелестікке байланысты.

XYIII ғасырда дүние жүзінде тағы бір саяси идеология қалыптасты. Ол – консервативтік (консерватизм) идеология.

Консерватизм - қоғамда тарихи қалыптасқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани құндылықтарды сақтау мен дамыту идеологиясы.

XYIII ғасыр Еуропа, Америка және Азияның көптеген елдеріндегі нарықтық экономиканың дамып, капитализм қалыптасып, әлеуметтік теңсіздіктің күшейген уақыты болды. Ол кезде еңбекшілер мен кедейлердің, жалпы жоқшылыққа ұшыраған адамдардың мүдделерін қорғауға арналған әлеуметтік қорғау жүйесі жетілген жоқ еді. Сол себепті революция ұйымдастырып, буржуазиялық тапты ығыстырып, социализм орнату қажет деген идеялар кеңінен тарала бастады. 1789 жылғы Ұлы Француз революциясы бұның іс жүзіндегі дәлелі болатын. Осы саяси құбылыстарға байланысты қалыптасқан консерватизм идеологиясының негізгі мақсаты - қоғам мен мемлекетті, олардың саяси жүйелерін бұрынғы қалпында сақтап қалу болды. Консервативтік идеология – қоғамды әртүрлі кездейсоқ жағдайлардан, ретсіз реформалардан, әсіресе қатыгез, қантөгісті революциялардан сақтап қалу жолдарын ұстанды.

ХХ ғасырдың ортасынан бастап консерватизм идеологиясының негізгі қағидаларына өзгерістер енгізіліп консервативтік ой-пікірдің басты бағыты жаңарған консерватизмге (неконсерватизмге) ауысты.

Неоконсерватизм –қоғамдағы саяси плюрализмді (әртүрлілікті) дамыту

және саяси процестерді реттеу үшін мемлекеттің рөлін күшейту мақсатындағы идеология. Консерватизм идеологиясы бойынша бұрынғы және қазіргі құндылықтарды «сақтаудың» орнына «әртүрлілік» принципі ұсынылды. Не себептен консерватизм идеологиясын жаңартуға тура келді? Дәстүрді сақтау, дәстүрмен өмір сүрудің қандай кемшіліктері болуы мүмкін?

Жаңа консервативтік бағытты жақтаушылардың жауабы бойынша дәстүр, тарихи қалыптасқан тәжірибе ол зор рухани құндылық. Дәстүрсіз, тарихи зердесіз халық – қоғам, мемлекет болып қалыптасуы мүмкін емес. Бірақ дәстүрдің қандай салада болмасын (рухани, ұлттық, діни, саяси) халыққа, адамға үстемдік етіп тұратын да қасиеті бар, дәстүр бұғау сияқты бостандықты, ерікті шектеп тұрады.

Келесі саяси идеология – марксизм идеологиясы. *Марксизм* дегеніміз қарулы төңкеріс арқылы қанаушы таптарды, жеке меншікті жойып, социализм және коммунизм құрып, қоғамдағы әлеуметтік теңдік орнату мақсатындағы идеология. Бұл идеологияға негіз болған жоғарыда айтылған неміс ойшылы, ғалымы К.Маркстың(1818-1883) идеясы.

Бақылау сұрақтары:

1) Қазақ мемлекетінің идеологиясының қалыптасуының қайнар көздерін атаңыздар?
2) Саяси идеологияның басты қызметтері қандай?
3) Идеология теорияларының мәнін ашыңыздар?

13 дәріс. Конституция мемлекет пен қоғамның негізгі заңы

1. Конституцияның анықтамасы. Құқықтық институттар.
2. Конституция ұғымы және мәні.
3. Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі принциптері.

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық заң салаларының заңдық базасы болып табылады, ал оның нормалары басқалар үшін нормалық принцип болып есептелінеді. Сондықтан еліміздің Ата Заңының мәні мен оның алатын орнының, заңдылық қасиеттерінің, құрылысының, қағидаларының ерекшеліктерін айқындау.

Дәрістің мазмұны: қоғамның экономикалық, әлеуметтік саяси жүйелерінің түрлі конституциялық қағидаларын, оның рухани өмірінің негіздері туралы, басқарудың, мемлекеттік аумақтық – саяси құрылымының түрлі нысандары туралы, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін - өзі басқару органдары жүйелері туралы теориялық білімдерді тереңдетуден тұрады.

1. Тарихқа көз жүгіртіп қарасақ Конституция ұғымын ерте заманда сонау Грекияда Аристотель қалыптастырған болатын. Ол кезде

«Конституция» деген сөз «саяси құрылыс» ұғымын білдіретін. 17 ғасырда Францияда бұл сөз рентаны, рента шартын бейнеледі. Мұнан соң Конституция грекше ұғымға қайта оралып, бұл атаусыз құқықпен белгіленетін құрылым мағынасына ие болды. Ұлы франция төңкерісі қарсаңында «Конституция» сөзі «мемлекеттің жай күйі» ұғымын танытты. Конституция сөзі (латынның conctitutio – бекіту, орнату деген сөзі) Рим империясы заңдарында императорлардың құқық көздеріне айналған түрлі нұсқаулары мен жарлықтарын білдірді. Орта ғасырларда феодалдық еркіндік туралы құжаттар осылай атала бастады.

Конституция ұғымының қазіргі түсінігі 18 ғасырдан бастап орнықты. Алғашқы Конституция 1787 жылы АҚШ та, сонан соң 1789 жылы Францияда қабылданды. Кез келген Коституция қоғамда орныққан тәртіптің негізгі ұсыныстарын бекітіп береді. Мұнда ел өміріндегі аса маңызды өзгерістер көрініс табады. Кеңестік Конституцияларда бұл екі термин қатары пайдаланылып, оның аттары былайша жазылған: 1918 жылы РКФСР Конституциясы (Негізгі заң), 1924 жылғы КСРО Негізгі заңы (Конституция), 1936 жылғы КСРО Конституция (Негізгі заң), 1977 жылғы КСРО Конституция (Негізгі заң). Терминді қосарланып пайдалану әдісі Қазақ, КСРО Конституцияларында да қолданылған. Бірақ, еліміз егемендік алғаннан кейінгі екі бірдей Конституцияларында (1993, 1995) «Негізгі заң» деген жақша ішіндегі сөз алынып тасталынды.

Конституциялық құқық өзіндік мемлекеттік – құқықтық институтқа ие. Құқықтық норма–құқықтық әлемнің тіні. Ал құқықтық институт құқықтық жалпылықты, яғни, өздерінің заңдық мазмұнының жақындығы бойынша топтасқан құқықтық нормалар жиынтығын білдіреді. Құқықтық нормалар конституциялық құқық саласын сырттай емес, құқықтық институттар арқылы құрады. Конституциялық құқықтың конституциялық институттары конституциялық–құқықтық нормалардың ықпалындағы қоғамдық қатынастардың белгілі бір учаскелерін реттеуді көздейді. Әр құқықтық институт шартты түрде конституциялық құқық саласының дербес құқықтық нормалар тобын білдіреді. Құқықтық институттың шарты түрдегі дербестігі құқықтық реттеудің тұйықталмаған тетігімен, конституциялық құқықтың басқа да құқықтық институттарымен байланыста және тәуелділікте екендігімен көрінеді және олардың бәрі өзара байланысты конституциялық қатынастарды реттеуді қамтамасыз етеді.

Конституциялық құқықтың құқықтық институттары қоғамдық қатынастардың ірі немесе шағын тобын реттей алады. Алайда, бұған қарап, олардың мәнділігін жоғары немесе төмен деп бағалауға болмайды. Әр құқықтық институт өз учаскесінде құқықтық қатынастарды тиімді реттеуі тиіс. Бұл үшін құқықтық институт реттелетін қатынастардың барлық қырын қамтитын құқықтық нормалар кешенін толық менгеруі қажет. Әрине, ол бір–ақ рет қайталанатын іс емес. Реттеу пәні–қоғамдық қатынас–жанды, серпінді құбылыс. Осыған орай, оның жағдайын назардан шығармай, тиісінше құқықтық институтты жетілдіріп отыру керек.

Әр конституциялық–құқықтық институт тек қоғамдық қатынастардың белгілі бір учаскесін ғана реттемейді. Оның нормаларында арнаулы ұғымдар, терминдер, қағидалар жатыр. Мысалы, азаматтық институтының мазмұны «азамат», «азаматтық», «азаматтық алу», «азаматтықты жоғалту», «азаматтықтан шығу», «азаматтың құқы, бостандығы және жауапкершілігі» тағы басқа осындай ұғымдардан көрінеді.

Конституциялық – құқықтық институттың, кез келген басқа құқықтық институттың сияқты, өз құрылымы бар. Бұл құрылымды құрайтындар әр қилы заңдық мазмұнымен сипатталады. Мұндай әр қилылық қоғамдық қатынастар тиісті бөлігін реттеуді қамтамасыз етеді. Бүкіл әр қилылығына қарамастан құқықтық институттың нормалары ортақ құқықтық принциптермен, идеялармен бірлестірілген. Айталық, қабылдау негіздеріне қарамастан азаматтық институты азаматтардың бірлігі мен теңдігі принципімен бірлестіріледі. Құқық институты кей кездері жекелеген нормативтік құқықтық актілерде бекітіледі. Арнаулы заң қабылданған сол азаматтық институтын–ақ алалық. Бұл азаматтық қатынастарды реттейтін барлық құқықтық нормалар осы заңның ішінде деген сөз емес. Азаматтық туралы негіз боларлық нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылған.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – демократиялық, өркениетті даму жолына түскен мемлекет пен қоғамның негізгі, басты нормативтік актісі.

Конституцияны түрлі негіздермен жіктеуге болады. Олар өзгерістер мен түзетулер енгізу тәсілі бойынша *қатаң* және *өзгермелері* болып бөлінеді *Қатаң конституциялар* референдум жолымен жаппай дауыс беру арқылы не арнаулы конституциялық іс-шаралар жолымен немесе Парламентпен қабылданады. *Өзгермелелі конституциялар* қатардағы зандарды қабылдау тәртібімен қабылданады және өзгертіледі.

Формасы бойынша конституциялар *жазылған* немесе *жазылмаған* болуы мүмкін. *Жазылғандар* бірыңғай нормативтік құқықтық акт түрінде болады. *Жазылмағандар* – конституциялық сипаттағы бірқатар жүйеленбеген актілер, соттық прецеденттер, құқықтық әдет - ғұрыптар

Конституция өзіндік заңдық ерекшеліктерге: жоғарға заң күшіне, тікелей әрекет етуге, құрылтайшылық сипатқа, түзетулер қабылдау мен енгізудің ерекше тәртібіне ие. Конституция қоғамда пайда болатын күрделі қатынастарды реттейді, ол барлық салаларды қамтиды: саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани.

Коституцияның мәні неде деген сұраққа әртүрлі теориялар әрқалай тұжырымдайды. Оның кең таралғаны конституцияның мәнін қоғамдық шарт ретінде баяндау. Мұндай пікірді уағыздайтындар Конституцияда қамтылған тұжырымдар қоғамның барлық мүшелерінің жасасқан шартының нәтижесі, өйткені онда бұл қоғам қандай негізде құрылған, ол қандай ереже бойынша өмір сүретіндігін бейнелейтіндігі көрініс табады дейді. Осындай тұжырымдамаға сәйкес, Конституция халықтың егемендігін, оның біркелкі еркін білдіретін құжат болып табылады. Теологиялық теория конституцияның

мәнін адам қоғамына өмір сүру ережесін құзыретті күш тұжырымдаған, содықтан Конституция мәтінінен жоғарғы әділеттікті, ақыл парасаттылықты көреміз, деп түсіндіреді.

Табиғи құқық мектебінің кейбір өкілдерінің пікірінше, конституцияның мәні халықтың салт дәстүрі ретінде біртіндеп қалыптасқан талай ғасыр бойына жинаған тәжірибелер қамтылғандығында. «Бұл тұжырым бойынша тек осындай конституциялар ғана «революциялық» конституцияларға қарағанда, тұрақты, мызғымайтын болып келеді», - деп қортындылайды.

1995 жылғы Конституцияда басқа бағыт, айталық жалпы демократиялық сипат қалаған. Өзінің қайнар көзіне қарай ол халықтық Конституция болып табылады, өйткені халықтың қатысуымен референдумда қабылданды.

Конституцияның жалпы демократиялық мәнділігі оны қабылдауға сайлаушылардың көпшілігінің қатысуы және сол көпшіліктің қолдауында болып тұр. Қазақстан Республикасының Конституциясы өзінің мәні жағынан адам, оның өмірін құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына деп танудан туындайтын, жалпы демократиялық принциптерді бекітетін, қоғам мен мемлекет өмірінің негіздерін қалауға бағытталған, жалпы халықтық дауыс беру жолдарынан көрініс тапқан, көп ұлтты Қазақстан халқын қамтитын демократиялық, құқықтық мемлекеттің конституциясы болып табылады.

Конституция Қазақстан Республикасының қызметіне негіз боларлық принциптерді орнықтырады.

Қоғамдық келісім принципі бірінші орында тұрады. Мұндай принципті нығайтудың қажеттігі мынада, әртүрлі объективтік және субъективтік факторларға байланысты қоғам әртүрлі қабаттарға, топтарға, таптарға, ұлттарға, тектерге конфессияларға және басқаларына бөлінеді. Мұндай бөліну әртүрлі әлеуметтік топтардың біріне – бірі сәйкес келмейтін әртүрлі дүниетанымдары, көзқарастары, идеялары, сенімдері барлығын білдіреді.

Қоғамдық келісімді қолдау – мемлекеттің, оның органдарының ғана емес, сондай-ақ қоғамдық – саяси институттардың, тұтастай қоғамның да міндеті.

Республика қызметіне негіз болатын маңызды принциптердің бірі – *елде саяси тұрақтылықты орнату*. Қоғамдық келісім сияқты, саяси тұрақтылық та мемлекеттің, қоғамның, олардың институттарының үздіксіз, ойластырып жүргізген жұмысының нәтижесінде жүзеге асырылады. Саяси тұрақтылық қоғамда саяси, құқықтық мұраттар және әлеуметтік-саяси құндылықтар бірлігі нәтижесінде белгіленеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы қоғамның барлық мүшелерін біріктіре алатын және саяси тұрақтылық үшін берік негіз қалайтын саяси – құқықтық мұраттарды, әлеуметтік - мәдени құндылықтарды қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының қызметі *экономикалық дамуға* бағытталуы тиіс. Экономиканың қоғамның гүлденуіндегі шешуші мәніне орай бұл негізгі принцип болып табылады. Осы принципті орнықтыра отырып, Конституция, *біріншіден*, мемлекеттің қоғамның экономикасын дамытуда алатын орны мен

жауапкершілігін атап көрсетеді. *Екіншіден*, Конституция қатынастарды жолға қойып, экономиканы дамытуда азаматтық қоғамның өзінің де алатын орнын мойындайды. Бұл конституциялық меншіктің екі нысанын: мемлекеттік және жеке меншікті Қазақстан экономикасының негізі ретінде мойындау туралы қағидасынан туындайды.

Конституция *қазақстандық патриотизм* принципін негізгі принциптердің бірі ретінде есептейді. Патриотизм Қазақстан азаматтарының өз Отанына деген сүйіспеншілігі мен берілгендігін білдіретін, оның өмірдің барлық салаларында – саяси, экономикалық, мәдени салаларда табысқа жетуіне, оның қуатының, қорғаныс қабілетінің артуына, халықаралық аренада беделінің нығаюына ықпал ететін идеясы, сезімі мен әрекеті.

Мемлекет өміріндегі маңызды мәселелерді демократиялық жолмен шешу – Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі принципі. Конституция мемлекет өмірі мәселелерін демократиялық жолмен шешудің бірқатар әдістерін қарастырған. Ол – мемлекет өміріндегі мейлінше маңызды мәселелерді халықтың өзінің республикалық референдум арқылы шешуі.

Билік бөлу принципінің маңызды болатын себебі, ол мемлекеттің ұйымдастырылуын, оның тетіктерін белгілейді. Қазақстан Республикасының Конституциясында республикада мемлекеттік билік біртұтас, оның заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігі тармақтарына бөліну және тепе - теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара байланыс жасау принципіне сәйкес Конституция мен заңдардың негізінде жүзеге асырылатындығы атап көрсетілген. Бұл биліктің әр тармағының өз құзіреті бар екендігін және оның шегінен шығуға болмайтындығын білдіреді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші және нормаларының тікелей қолданылу принципінің мазмұны оның үстемдігі принципімен салыстырғанда басқашалау.

Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші, Қазақстан Республикасында қабылданатын заңдар және басқа да құқықтық актілердің Қазақстан Конституциясына қайшы келмеуін, жоғарыдан төменге дейінгі мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, жергілікті өзін - өзі басқару органдары, сондай-ақ азаматтар, олардың бірлестіктері Конституцияны сақтауға міндетті екендігін білдіреді.

Конституцияда тура айтылмағанымен, *конституциялық заңдылық принципі* оның алтын арқауы іспетті. Конституциялық заңдылық іліміне айтарлықтай мән беріліп жүрген жоқ. Конституциялық заңдылық – ол барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың және олардың бірлестіктерінің Қазақстан аумағында конституциялық нормалар мен қағидаларды мүлтіксіз сақтап, біркелкі қолдану. Мысалы, Президент өзінің тыйым салу құқығын пайдаланып, конституцияға қайшы келетін заңды Парламентке кері қайтара алады.

Айқындалмағандар қатарына *демократиялық централизм принципі де* жатады. Әңгіме – атқарушы биліктің иерархиялық құрылуы мен қызметі жөнінде. Айталық, жергілікті атқарушы органдар Республиканың атқарушы

органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатты тиісті аумақтағы даму мүддесі мен тұтыну қажетіне сай жүргізуін қамтамасыз етеді. Централизм Президенттің облыстардың, қалалардың әкімдеріне тағайындауларынан көрінеді.

Бақылау сұрақтары:

1) Конституциялық құқықтың құқықтық институттары қоғамдық қатынастардың қандай тобын реттей алады?
2) Конституцияны қалай жіктеуге болады?
3) Конституция Қазақстан Республикасының қызметіне негіз боларлық принциптерін сипаттаңыздар.

14 дәріс. Президент институты: тарих және қазіргі заман

1. Қазақстандағы Президент институты: қалыптасуы мен дамуының тарихи-құқықтық аспектілері.
2. Қазіргі құқық жүйесіндегі Президенттің конституциялық – құқықтық мәртебесі және маңызы.
3. Президент модельдерінің классификациясы Қазақстан Президентінің басты белгілері.

Дәрістің мақсаты: Қазақстанда Президент институтының терең дағдарыс жағдайында қалыптасқаны және оны орнықтыру кезеңдерін, Президенттің Конституциялық – құқықтық мәртебесін анықтау.

Дәрістің мазмұны: Қазақстан Республикасында Президенттік басқару жүйесінің қырлары мен ерекшеліктерін танып білу.

1. Қазақстанда Президенттік институты КСРО ыдырар алдында бірер ай бұрын құрыла бастады. Қазақ КСР – ның Жоғарғы Кеңесі 1990 жылғы 24 сәуірде Қазақстан КСР – ы Президенті қызметі орнын белгілеу мен тиісінше Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер енгізу туралы Заң қабылдады. Заң Президенттің мемлекеттік биліктің ең жоғары органдары жүйесінде алатын орнын, сондай – ақ, оның өкілеттігін белгіледі. Конституциялық мәні бар осы Заңда мемлекеттік билікті бөлу туралы сөз болған жоқ. Кеңестердің қолында бүкіл билік сақталды. Сонымен бірге, Президентке «халық депутаттары кеңестерінің бүкіл билігін жүзеге асыруына ықпал ету» (Қазақ КСР Конституциясының 114 - бабы) міндеті жүктелді. Жоғарғы Кеңес қоғам өміріндегі барлық мәселелерді шешуге құқығы бар мемлекеттік жоғарғы орган күйінде қалды. Қазақ КСР– ының бірінші Президентін жасырын дауыспен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі сайлады. Қазақ КСР– ының бірінші Президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды. Президент өкілеттігін талдау, оның көп жағдайда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне тәуелді болғанын көрсетті. Оған қоса Президент Республика басшысы деп аталғанмен егемен, тәуелсіз

мемлекеттің басшысы болған жоқ. Қазақ КСР Президентінің әрекеті мен өкілеттігі КСРО Жоғарғы Кеңесінің және КСРО Президентінің құзретімен шектелді. Қазақ КСР Президенті мәртебесінің мұндай жағдайы КСРО ыдырағанша, Қазақ КСР– ының егемендігі туралы Декларация қабылдағанша созылды. Осы алғашқы кезеңде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің толық билігі, өзіндік парламенттік республика турлы айтуға болады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланған кезден Президенттік институты қалыптасуының екінші кезеңі басталды. Ең бастысы, осы кезеңде – Президент тәуелсіз мемлекеттің басшыс болды. Осының нәтижесінде одақтық органдармен, әсіресе КСРО Президентімен өзара қатынасқа байланысты өкілеттік жойылды, өйткені оның қажеті болмай қалды. Мемлекеттік биліктің заң шығарушылық, атқарушылық билік, сот билігі тармақтарына бөліну принципінің қабылдануына орай Президент тек мемлекет басшысы ғана емес, республиканың атқарушы билік басшысы деп танылды. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы желтоқсанда Президентке заң қабылдау өкілеттігін беріп, басқарудың президенттік жүйесіне алғашқы қуатты серпіліс туғызды. Президентке уақытша заң қабылдау өкілеттігін беру туралы Заң қабылданған кезде Қазақстан Республикасында Президенттік басқару жүйесін қалыптастырудың жеделдетілген процесі басталды деп есептеуге болады.

2. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы Қазақстанды Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жариялады.

1995 жылғы Конституция бойынша Қазақстан Республикасында Президентік басқару жүйесі белгіленеді. Қазақстан Республикасында Президенттік басқару жүйесі мынадай қырларымен сипатталады.

Президент – мемлекет басшысы.

Үкімет өзінің барлық қызметімен Президент алдында жауап береді және Конституцияда көзделген жағдайда ғана ол Парламент алдында есепті.

Президент Үкімет мүшелерін тағайындайды.

Президент өз қалауы бойынша Үкімет мүшелерін қызметінен босатады.

Президенттің Парламент қабылдаған заңдарға тыйым салуға құқығы бар.

Конституцияда көзделген жағдайда, Президент заңдар, сондай – ақ заң күші бар жарлықтар шығарады.

Президент қабылданатын заңдардың кезеңділігін белгілей алады.

Президент Парламентті тарата алады.

Президент лауазымы бойынша Қарулы Күштердің Бас қолбасшысы болып табылады.

Президент өз қалауы бойынша мемлекеттің, тиісінше Үкіметтің де ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын белгілейді.

Президенттің өз қалауы бойынша Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыруға құқығы бар.

Президенттің өз қалауы бойынша референдум өткізуге құқығы бар.

Президенттің елде төтенше жағдай енгізуге шектеулі құқығы бар.

Президенттің елдің бүкіл аумағында немесе жекелеген аймақтарында әскери жағдайды, жекелеген немесе жаппай жұмылдыру жағдайын енгізуге құқығы бар.

Президенттің кешірім жасауға, марапаттауға, азаматтық беруге құқығы бар.

Мемлекеттің және атқарушы биліктің басшысы ретінде Президент лауазымы бірінші рет Америка Құрама Штаттарында пайда болды. Қазіргі кезде көптеген елдерде ел Президенті қызметі орнықтырылды. Президенттік қазіргі таңда Еуропаның, Азияның, Африканың, Американың көптеген елдерінің саяси жүйесінің элементі болып табылады.

Президентік институты президенттік, сондай – ақ парламенттік басқару республикаларында құрылып, қызмет етуде. Парламенттік басқару жүйесі кезінде ел басшысы қызметін Президент атқарады, ал нақты атқарушылық билік Парламент алдында есеп беретін Үкіметтің қолында болады. Президентік Республикада Президент кең өкілеттікті және ерекше жағдайды иеленеді. Президентік Республика мынадай қырларымен сипатталады: Үкімет Президент алдында жауап береді, Үкімет мүшелерін Президент өз қалауымен қызметке тағайындайды және қызметінен босатады; Президент заңдар бойынша ұсыныс енгізуге, Парламент қабылдаған заңдарға қол қоюға немесе оларға тыйым салуға құқылы; Президент өз қалауымен заң күші бар Жарлықтар шығаруға және т.б. құқылы. Президентік Республика дүние жүзінің көптеген мемлекеттерінде, оның ішінде АҚШ – та, Францияда, Италияда, Туркияда, Аргентинада, Мексикада, Сирияда, Филиппинде, Тайваньда, Корей республикасында және басқаларында қызмет етеді.

3. Қазақстан Республикасының Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Республиканың Президенті - халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Президентін Конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды. Республика Президенті болып тумысынан республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлана алады. Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа - тұс келмеуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бұл ретте Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысымен белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңес қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілігімен қабылданады. Республиканың Президенті өзінің міндеттерін атқару кезіндегі іс - әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап береді және бұл үшін Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкін.

Бақылау сұрақтары:

1) Президенттің мемлекеттік биліктің ең жоғары органдары жүйесінде қандай орын алады?
2) ҚР Президенттік институты қалыптасуының қанша кезеңі бар?
3) Қазақстан Республикасында Президенттік басқару жүйесі қандай қырларымен сипатталады?

15 дәріс. Парламент қоғамының саяси жүйесінің инсттуты ретінде

1. Заң шығарушы билік. Заң шығарушы билік органдары.
2. Парламент құрамы, құрылымы, функциялары.
3. Парламентаризмнің қалыптасуы мен дамуы: әлемдік тәжірибе және азаматтық қоғамның институты ретінде.

Дәрістің мақсаты: Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық - құқықтық мәртебесін түсіндіру.

Дәрістің мазмұны: қоғамының саяси жүйесінің институты ретінде Парламенттің құрылымын, құрамын, заң шығару тәртібін, тарату себептерін қарастыру.

1. Парламент Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңес деп аталған «бір буынды» өкілетті органының орнына келді. Жоғарғы Кеңес жоғарғы өкілді орган ретінде 1937 жылғы ҚСР Конституциясымен белгіленді. ҚСР–ның 1978 жылғы Конституциясыда Жоғарғы Кеңесті мемлекеттік биліктің жоғарғы органы ретінде таныды. Ол КСРО Конституциясы мен Қазақ ҚСР Конституциясында көрсетілген республика құзырындағы барлық мәселелрді шешуге құқылы болды. Жоғарғы Кеңес еліміздің мемлекеттік өміріндегі барлық мәселелерді шешу құқығын иеленеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заң мемлекеттік билікті заң шығару, атқару және сот тармақтарына бөлу

принципін жариялады. Осының нәтижесінде Парламент және Парламен таризм құруға қарай маңызды қадам жасалынды.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы Жоғарғы Кеңесті республиканың бірден–бір заң шығарушы және өкілді органы деп таныды. Тұрақты жұмыс істейтін Жоғарғы Кеңес өз қызметін толық атқара алмады. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы Парламентті заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғарғы өкілді орган ретінде сипаттайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бірінші рет Парламенттің екі Палаталық (Сенат және Мәжіліс) құрылымын бекітті.

Жариялы құқықтық доктринада мемлекеттік органның құқықтық мәртебесін қарастыруда үш деңгейлі жүйе қалыптасқан:

1) Мақсатты бөлім (түсінік беруші).

2) Ұйымдастырушылық (құрылымдық) бөлім.

3) Органның қызметін сипаттайтын бөлім.

Сонымен ҚР Парламентінің конституциялық-құқықтық мәртебесін қалыптастыратын *мақсатты (түсінік беруші) бөлімді* қарастырайық. Мемлекеттің жоғарғы өкілді және заң шығарушы органның көптеген мәні (атауы) бар: федералды жиналыс (Ресей, Швецария), Конгрес (АҚШ), Кнессет (Израил), Генералды Кортес (Испания) және т.б. Көбінесе бұл мақсат үшін «Парламент» термині қолданылады. Бұл сөздің этимологиясы «parlare» латын және «parle» француз сөздерінен шыққан, екі жағдайда да «айту», «сөйлеу» мағыналарын білдіреді, яғни – «сөйлейтін орган», дегенді білдіреді «Парламент» терминіне байланысты, оның қызметін жүзеге асыруға бағытталған нақты мақсаттар пайда болады.

ҚР Парламенті конституциялық - құқықтық мәртебесінің келесі бөлімі – *ұйымдастырушылық.* Оның мазмұны Парламенттің құрылымы анализдерінен тұрады, оның палаталары мәртебесінің ара қатынасы және басқада мәселелері. Парламент палаталарының соңы – конституциялық құқықтағы даулы мәселелердің бірі. Бұл мәселенің шешімі бір палаталы немесе екі палаталы жүйе. Конституциялық - құқықтық қағидалардың түпкілікті өзгеруі және тәуелсіздік алу нәтижесінде бір палаталы Жоғары Кеңес, қос палаталы парламентке өтеді.

Қорта келе қазіргі авторлар қос палаталы жүйе пайдасына екі түрлі аргументтер келтіреді:

Біріншіден бір палатаның шексіз билігі, басқа нысанда құрылатын екінші палатаның құрылуы мен шектелетін заңшығару билігі мен атқару биліктері арасындағы тұрақты тепе-теңдікке ұмтылу және екіншіден асығыс қабылданған шешімдерді тексеретін екінші бақылаушы палатаның арқасында парламентті тиімді жұмыс жасату мақсаты Қазақстанның қос палаталы жүйені таңдауының шынайы табиғатын нақты саяси факторлардың (әсіресе билік тармақтарының өзара байланысы) даму тарихын анализдеу нәтижесінде түсінуге болады. Қақақстанда қос палаталы парламентті құру, конституцияны дайындаушылардың тәуелсіз бір палаталы парламенттің қызметін

консервативті сенаттың көмегімен шектеуді жүзеге асыратындығын *сипаттайтынын* көруге болады.

2. Парламент қай елде де қоғаммен мыңдаған тамырлар арқылы тығыз байланысты, көп қырлы, күрделі саяси – құқықтық және әлеуметтік – мәдени құрылым. Қоғамдағы күрделі әлеуметтік – экономикалық қатынастар, әртүрлі әлеуметтік таптардың, топтардың, жіктердің, саяси партиялармен қозғалыстардың, қысым жасау топтарының сан – салалы, кейде тіпті қарама – қарсы әлеуметтік мүдделері дәл Парламентке келіп тоғысып, шешімін табады. Парламенттің бүкіл қызметіне өз әсерін тигізеді. Сондықтан да Парламент елдің әлеуметтік – саяси айнасы деген сөздер жиі әрі дұрыс айтылған. Ол өзінің заң шығарушылық қызметінде тек осы істегі өз әріптестері – мемлекеттік органдармен ғана емес, сонымен бірге, қоғамның бүкіл жүйесін – әлеуметтік – экономикалық, рухани – мәдени құрылымдарымен тығыз байланыста болады. Парламент, парламентаризм – еліміздегі ашық пікір таласы мен көзқарастар еркіндігінің, жария саясаттың, әлеуметтік – экономикалық мүдделер мен көппартиялықтың трибунасы ғана емес, сонымен бірге болашағы мол демократиялық фактор, қалыптасу, даму үрдііндегі аса маңызды мемлекеттік институт.

Жалпы әлеуметтанушылық анықтамалар мен түсініктерді талап – нормаларды қолданар болсақ, парламентке депутаттықты тұрақты, өзіндік, белгілі – бір әлеуметтік – демократиялық институт деп ғылыми анықтауға мынандай нақты негіздер бар:

Біріншіден, депутаттың еліміздің мемлкеттік билігіндегі ең жоғарғы өкілді органның мүшесі ретінде мәртебесі, институциональдық міндеттері еліміздің Конституциясында түбегейлі анықталған. Саяси жүйенің жоғарғы өкілетті және заң шығарушы органы Парламентке сайланып, халық сенімімен мандатқа ие болған депутат мәртебесіне сәйкес өз сайлау округіндегі сайлаушылармен бірге бүкіл халықтың мүддесін білдіруші, соларды үйлестіруші, біріктіруші, олардың арасындағы дәнекерші, яғни институциональдық, жүйе құраушы, орталық тұлғаға айналады.

Екіншіден, Парламент депутаттары өкілгігі мерзімінің Мәжілісте бес жыл, Сенатта алты жыл болуыолардың қызметінің институциональдық, бір шама тұрақты, жүйелі сипат алып, өз міндеттері мен функцияларын толық орындауына, бұл істе белгілі жүйелілік, реттілік, біріздiлік, мақсаттылық сияқты қатынастардың нығайып, депутаттардың парламентаризм мектебінен жеткілікті мерзімінен өтіп, оның неше дүркін сайлауына да ешқандай шек қоймай, белгілі бір тәртіптің қалыптасуына жағдай жасайды.

Үшіншіден, депутаттардың елімізде қалыптасқан тиісті заңнамалық өрісте қоғамдағы басқа мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара тұрақты қатынастар жүйесіне енуі.

Төртіншіден, депутатар еліміздің басқару институттарының қызметін заңнамалық анықтау және жетілдіру мүмкіндіктеріне ие.

Парламент - Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады. Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады.

3. ҚР Конституциясында Сенат және Мәжіліс депутаттарының әртүрлі өкілеттілік мерзімдері бекітілген. Парламенттің өкілеттілігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен бастап, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезде аяқталады. Парламент сессиясын шақыру кезектілігі Мәжіліс отырысын ашумен анықталады , ал Парламенттің өкілеттілігі мерзімі жаңа Мәжіліс депутаттарының бірінші ашылуының өкілеттілік, мерзімімен анықталады.

Палаталардың өкілеттілік мерзімдерінің әртүрлілігіне қарамастан, Президент Парламентті мерзімінен бұрын таратқанда олар өз қызметін бір уақытта тоқтатады. Президент парламентті қандай жағдайларда таратады. Олар Парламент Үкіметке сенімсіздік білдіргенде, Парламент Премьер – Министрді тағайындауға екі мәрте келісім бермегенде, Парламент палаталары арасындағы немесе мемлекеттік өкіметтің басқа тармақтары арасындағы еңсерілмейтін келіспеушілік салдарынан саяси дағдарыс болғанды.

Үкіметке сенімсіздік білдіру мәселесі конституцияға сәйкес жүргізіледі, үш жағдайда: Үкіметтің бағдарламасын екі мәрте қабылдамай тастау Үкіметке сенімсіздік көрсетілгенін білдіреді; Парламенттің өз бастамасымен; Премьер – министрдің өз бастамасымен, егер Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты.

Парламентті таратуға болмайтын жағдайлар: төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезінде, Президент өкілеттілігінің соңғы алты айында, сондай – ақ осының алдындағы таратудан кейінгі бір жыл ішінде. Парламентті тарату туралы мәселе дүниежүзілік тәжірибиеде «Парламент – атқару билік» қатынасымен және қандайда бір мемлекеттің нақты саяси шын қатарымен

байланысты. М. Амеллердің белгілеуі бойынша тарату құқығының құрылымдық мәні жоқ.

Саяси ғылым саласындағы мамандар бұл институттың ерекшеліктері туралы мәселе бойынша бір пікірде емес. Яғни бұл саясат пен саяси ғылымның обьективті заңдылықтарын көрсетеді. Тарихи негізде тарату құқығы Англияда пайда болды және алғаш «прагматикалық» түрде манарх өз қажеттілігі бойынша палатадан құтылу түрінде қолданылды. Нәтижесінде, халық өкілділігі қағидасының енуіне және король билігінің кабинет билігімен ауысуына байланысты Парламентті тарату құқығы Үкімет жауаптылығының «негізі» болады.

Парламентті тарату институты билік тармақтары арасындағы тепе - теңдік және тежемелі механизімінің басты элементі. ҚР 1993 жылғы Конституциясында заң шығару, атқару және сот биліктері тармақтары тепе теңдік және тежемелік жүйесін қолдана отырып өзара байланыста болатындығы туралы ереже көрсетілген. Алайда аталған институт мәні бойынша болған жоқ, бірақ Президентке қатысты вето институты, Президентті қызметінен кетіру, Вице – Президентті және Министрлер кабинетін Жоғары Кеңес ұсынысы боиынша қызметінен мерзімінен бұрын босату институттары болды. Парламентті тарату институты 1995 жылғы Конституцияда толығымен көрсетілді. Қазіргі кезеңде Конституцияның бұл нормалары ғылыми әдебиеттерде өз бағасын толық алған жоқ деуге болады. Академик С.З. Зиманов, Мысалы былай деп жазады: «Конституция жобасына сәйкес Парламенттің үстіне үнемі жабылып тұратын «темір қақпақ» орнатылған, бұның мәні Президент өз бастамасы бойынша кез келген уақытта Парламентті тарата алатындығы. Бұл өркениеттік норма емес. Ол Парламентті Президенттің жанындағы әкімшілік органға айналдырады». «Үкіметтің Парламент алдындағы алқалы жауаптылығы институты мынаған келтіріледі, яғни Президент бұл үшін Парламентті тарата алады», – деп жазады басқа автор. Келтірілген позициялар белгілі бір шекте қарсылықтарды тудырады, бұл басқада пікірлерді білу қиындығын тудырады. Ол «Қазақстандық Парламентаризм өзектілігін арттыру». Бұл мәселеге байланысты жоғарыда көрсетілген және басқада редакциялар билік тармақтарын бөлудегі дүниежүзілік тәжірибелердің обьективтік қажеттіліктері талаптарына сай емес.

Бақылау сұрақтары:

1) «Парламент» терминіне байланысты, оның қызметін жүзеге асыруға бағытталған қандай нақты мақсаттар бар?

2) ҚР Парламентінің қандай конституциялық - құқықтық мәртебесі бар?

3) Парламентаризм – саяси жүйе дамуының маңызды институты.

16 дәріс. Саяси партиялар азаматтық қоғамның институты ретінде

1. Партия әлеуметтік - саяси институт ретінде.

2. Саяси партиялардың пайда болуының, қалыптасуының және эволюциясының алғы шарттары, жағдайлары.

3. Қазақстанда партия жүйесінің даму ерекшеліктері мен тенденциялары.

Дәрістің мақсаты: саяси партиялардың пайда болуының, қалыптасуының және эволюциясының алғы шарттары мен ортық белгілерін, маңызын түсіндіру.

Дәрістің мазмұны: саяси партияларды құрудың құқықтық негіздері, қызметінің кепілдіктері, саяси партиялардың мемлекеттік органдармен және басқа ұйымдармен қатынастары қарастырылады.

1. «Партия» ұғымы латын тілінен енген, «бөлім», «бөлемін» дегенді білдіреді. Партия әлеуметтік қабаттар, кластар мен мемлекетке қатысты делдал ретінде болады, бірақ қызығушылықтар топтары мен қоғамдағы басқа да бірлестіктерден ерекшелігі, ол Р. Доуздың анықтамасы бойынша ең саяси болып табылады. Ол қоғамның әлеуметтік қабаттарының және белгілі бір кластардың қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен мақсаттарын білдіреді, саяси билік механизмінің қызмет етуіне қатысады.

Партияның іс-әрекетінің маңызды жағы болып саяси сананы қалыптастырудан көрінетін қоғамға оның идеологиялық ықпалы табылады.

Саяси партия- қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік қабаттар мен топтардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін білдіретін ұйымдасқан, ерікті жақтастарды білдіретін қоғамдық өмірдің институты, мемлекеттік билікті әр түрлі саяси әдістермен жаулап алуды мақсат тұтады.

Саяси партияларды біріншіден, партияларға тән ұйымдасқан құрылым мен дайындалған саяси бағдарламасы жоқ саяси қозғалыстардан, екіншіден, мемлекеттік билікті жаулап алуға емес, оны жүзеге асыратындарға ықпал етуге қол жеткізуге тырысатын қысым топтарынан айырып алған дұрыс. Заманауи бұқаралық партиялар Европада XIX ғасырдың ортасында қалыптасты. Саяси ғылымда партиялардың тарихи қалыптасу процесі М. Вебер ұсынған сызба бойынша қарастырылады:

а) аристократиялық үйірмелер(категориялар);

б) саяси клубтар;

в) бұқаралық партиялар.

Партиялар ішкі бірлестіктерге ие тұрақты иерархиялық ұйымдарды білдіреді. Құрылымында партиялар мыналардан тұрады:

а) партия көшбасшыларынан;

б) ми штабы, партияның идеологтарынан;

в) партиялық бюрократиядан;

г) бюрократияға жатпайтын партиялық активтен;

д) партияның белсенді емес мүшелерінен.

Саяси партияның қызметтері:

а) саяси- мемлекеттік билікке ұмтылу, саяси құрамды толықтыру, электоралдық міндеттерді атқарады;

б) идеологиялық қызмет - партиялық идеологияны дайындау, партиялық үгіт-насихат;

в) әлеуметтік қызмет- өкілділік, бұқараның мобилизациясы, саяси әлеуметтену.

Бұл саяси партияның қызметтерінің жалпыланған сипаттамасы.

Саяси партияның қоғамның саяси институты ретіндегі басты қызметтеріне мыналар жатады:

а) саяси мақсатты анықтау және билікке қол жеткізу;

б) үлкен әлеуметтік топтардың мүдделерін анықтау, қанағаттандыру;

в) саяси жүйенің барлық деңгейлері үшін саяси көшбасшылар мен элитаны таңдау, сұрыптау;

г) партиялық идеологияны дайындау, саяси бағдарламаны жасау және жүзеге асыру, үгіт - насихат жүргізу және қоғамдық пікірді қалыптастыру;

д) саяси әлеуметтендіру, азаматтардың билікке қатысудағы қасиеттері мен қабілетін қалыптастыру;

е) биліктің жоғарғы және жергілікті органдарын қалыптастыру бойынша сайлау науқандарын дайындау және өткізу.

2. Сонымен, *партия* деп – қоғамдағы әлеуметтік-саяси мүдделерді шешу үшін өздеріне ортақ көзқарастарды іске асыру жолында мемлекеттік билікке келуге ұмтылатын азаматтардың ерікті ұйымын айтады. «Партия» деген сөз латын тілінен шыққан, «бөлу», «бөлшек» деген мағынаны білдіреді. «Мен бүтіннің бөлшегімін», «мен осы топтың пікірін қолдаймын», «мен біреулермен пікірлеспін» деген түсініктер. Тарихта XVIII-XIX ғасырларда саяси партиялар клуб, әдебиеттік бірлестіктер, қоғамдық ұйымдар түрінде пайда бола бастады. Бірақ сол кездегі шексіз мемлекеттік билік (монархия, патшалық) жағдайында партиялардың айтарлықтай маңызы болмады. Ол уақытта әртүрлі мемлекет басшылары қоғамдық ұйымдарға, саяси қозғалыстарға қарсы болды, тіпті дұшпандықпен, қастықпен қараған жағдайлар да болған. Мысалы, Америка Құрама Штаттарының бірінші президенті Джордж Вашингтонның өзі де 1787 ж. «саяси бірлестіктер», яғни, «саяси партиялар – олар тыныштықты бұзушылар, олар халықтың ішінде іріткі салып, билікке таласушылар» – деп түсінді.

Партиялардың құрылуы, өмір сүруі *партиялық жүйемен* тығыз байланысты. Бұл жүйе елдегі саяси күштердің орналасуы мен өзара қатынастарына сәйкес келеді. Партиялық жүйе партияның мемлекетпен қарым – қатынасын, елдегі саяси тәртіптің мәнін анықтайды. Демек, партиялық жүйе шамасы келгенше мемлекеттік істерге, елдегі басқарушы орындарды құруға, саяси бағыт-бағдар белгілеуге белсене қатысатын саяси күштер тобы. Партиялық жүйенің үш түрі болады: бір партиялық, екі партиялық және көп партиялық. Бір партиялық жүйе бұрынғы барлық социалистік елдерде болды.

Қазіргі кезде бір партиялық жүйе саяси қызмет ететін елдер – Солтүстік Корея, Қытай, Куба, Ливия, Алжир, Заир, Египет және т.б. Елдегі партиялық жүйе партиялардың санымен анықталмайды. Мысалы, Қытайда бір партиялық жүйе, бірақ саяси партия біреу ғана емес, онда бірнеше партия бар. Сол сияқты, АҚШ-та, Англияда екі партиялық жүйе, бірақ бұл елдерде партиялардың саны тек екі - екіден ғана емес, екеуінде де көптеген партия саяси өмірге қатысады.

Екі партиялық жүйе көбінесе өзара келісімді, тілектес саяси топтарға айналады. Билікке шын мәнінде заңды қарсылық тобы (оппозиция) болмай қалады. Бұл жағдайда ағылшын ғалымы Джон Стюард Миллдің "демократия –минус оппозиция = диктатура" деп атап көрсеткеніндей демократияға зияндық келеді. Мысалы, АҚШ-тағы екіпартиялық жүйе туралы батыстың белгілі саясатшысы К.Росситер былай деп жазады: "Республикашылар мен демократтардың арасындағы айырмашылықтар жоқтың қасы. Өйткені, американ саясатының жазылмаған заңдары партиялардың негізгі принциптері, саясаты, сипаты, мақсаты бір-біріне ұқсас болуын талап етеді".

Сонымен, партиялық жүйелердің ішіндегі ең озығы, тиімдісі көп партиялық жүйе болып табылады, ол демократияның негізгі принципіне әртүрлілікке (плюрализмге) сәйкес – қалаушылық, таңдаушылық қалыптастырады. Партиялар көп болған сайын қоғамның даму жолдарын, ұстанымдарын қарастыратын бағдарламалар да көбейеді.

3. Қазақстанда «Алаш» партиясыннан бастап бүгінгі көппартиялықтың қалыптасу тарихы Ресейдің саяси өмірімен тікелей байланысты болды, себебі Қазақстан 1731 жылдан бастап 1991 жылға дейін алдымен Ресейдің, кейін Кеңес Одағының құрамында болды. Ал Ресейде көппартиялық жүйе басқа елдермен салыстырғанда өте кеш қалыптасты, оның себебі демократиялық процестерге кедергі болған монархиялық билік. Бұл елде ең бірінші болып қалыптасқан Ресей социал – демократиялық жұмысшылар партиясы (РСДЖП) болса, оның өзі де қызметін астыртын түрде жүргізді. 1905 жылы Ресей патшасының арнаулы манифесінен кейін ашық түрдегі партиялар қалыптаса бастады. Оның бірі – Конституциялық демократия (кадеттер) партиясы болды. Кадеттер партиясының идеялары: мемлекеттік құрылысты демократияландыру, Ресейде тұратын ұлттардың еркін өздігімен дамуы, яғни ұлттық мәселені шешу, олардан тартып алынған жерлерді қайтып беру, құқықтық, әділетті тәртіпті, заңдылықты іске асыру болатын. Әрине, кадеттердің бұл мақсаттары қазақ зиялыларын қызықтырмауы мүмкін емес еді. Әлихан Бөкейханов және тағы басқа да қазақ зиялылары осы партияға мүше болып кірді. Кейін Ә.Бөкейхановтың бастауымен 1905 жылдың желтоқсанында Орал қаласында Қазақстанның 5 облысынан делегаттар съезі шақырылды. Бұнда кадет партиясының қазақ бөлімі құрылып, осы партияның бағдарламасы қабылданды. Бірақ Ресей кадет партиясы да, 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін пайда болған Уақытша үкімет те қазақ халқына байланысты ұлт және жер мәселелерін шешуде ешбір қызмет жасамады.Осының бәрі Ә.Бөкейхановты кадет партиясынан шығып, «Алаш»

партиясын құруға мәжбүр етті. «Алаш» 1917 жылы 21-25 шілдеде (3-8 тамыз) Орынборда болған бүкіл қазақтық съезде дербес саяси партия ретінде қалыптасты.

Кейін, 1918 жылдан бастап Қазақстанда бір ғана саяси партия - коммунистік партия болды.

1991 жылы «Қазақ КСР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Осыған сүйеніп парламенттік тұрғыдағы Қазақстанның Республикалық партиясы (ҚРП) – «Азат» құрылды. 1992 жылғы маусым айында «Азат» және ұлттық-демократиялық «Желтоқсан» партиясы бірігіп, бір партия құру туралы шешім қабылдады (Ұлттық-демократиялық «Желтоқсан» партиясы 1990 жылы «Әділет», «Ақиқат», «Азамат» т.б. ұйымдардың негізінде құрылған болатын). 1992 жылдың 26 желтоқсанында осы біріккен «Азат» партиясы ресми түрде тіркеуден өтті.

Еліміздегі жасампаз күштердің бағытын бір арнаға тоғыстыру мақсатымен 1993 жылы «Қазақстанның халық бірлігі одағы» құрылды. Оның жетекшісі (лидері) болып Президент Н. Назарбаев сайланды. Алғашқы төрағасы С.Әбдірахманов, ал сол жылдың аяғында болған съезде төрағалыққа Премьер – Министрдің орынбасары Қ. Сұлтанов сайланды. Бұл одақ елдегі саяси ағымдарды тұрақтандыру, бір арнаға түсіру жолында үлкен жұмыстар жасады. Осы жылдары Қазақстанның Аграрлық партиясы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, Республикалық «Отан» саяси партиясы, Республикалық «Асар» партиясы», Қазақстанның социал-демократиялық «Ауыл» партиясы, «Қазақстанның Азаматтық партиясы», «Қазақстанның Коммунистік партиясы», «Қазақстанның патриоттары партиясы», «Руханият» партиясы ресми түрде тіркеуден өтті.

2006 жылы 22 желтоқсанда «Отан» партиясының кезектен тыс съезінде Қазақстан қоғамындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатымен «Асар», Азаматтық және Аграрлық партиялар «Отан» партиясымен қосылып, біртұтас саяси партияға айналды. Съездегі осы партиялардың 346 делегаты партияның «Нұр Отан» деген жаңа атын мақұлдап бекітті. Қазақстан Конституциясына 2007 жылғы 21 мамырда енгізілген өзгертулер бойынша, Мәжіліске 98 депутат партиялық тізім негізінде сайланатын болды. 2007 жылғы 18 тамыздағы Мәжіліс сайлауында «Нұр Отан» жетекші саяси партия болып қалыптасты. Бұл партия бүгінгі таңда Қазақстандағы ең қуатты, халықты көп қамтыған, ұйымшыл қоғамдық - саяси күш. Ол қазақстандықтардың басым көпшілігінің сеніміне кіріп, үлкен беделге ие болды. Қазақстанның саяси өміріндегі көппартиялықтың дамуы – қоғамды демократияландыру үрдістерінің құрамдас бөлігі. Әрбір партия халыққа адал қызмет жасаса ғана партиялық жүйе қоғамның жетекші саяси күші бола алады. Қазіргі заң талабы бойынша Қазақстанда партия жасақтау үшін оның 10 адамнан тұратын бастамашыл тобы және Республика бойынша 50 мыңнан кем болмайтын жалпы мүшелері болуы керек. Сонымен қатар елдің әр аймақтарында филиалдар ашылып, әрбірінің құрамында кемі 800-1000 адамнан болуы қажет.

Бақылау сұрақтары:

1) Партияның билік жүйесіндегі алатын орны қандай?
2) Партиялар және партия жүйесі, олардың классификациясы?
3) Саяси партияның қоғамның саяси институты ретіндегі басты қызметтеріне не жатады?

17 дәріс. Құқық әлеуметтік институт ретінде

1. Құқық әлеуметтік институт ретінде.
2. Құқық ұғымы. Әлеуметтік институт ретіндегі құқықтың белгілері және функциялары.
3. Құқықтық сана мен құқықтық мәдинет.

Дәрістің мақсаты: студенттерді қазіргі кездегі құқықтық құбылыстар жөнінде, құқықтық реттеудің сатылары туралы, адамның құқықтары мен бостандықтары және оны қамтамасыз ету мен қорғаудағы заңның орны жайлы білім беру.

Дәрістің мазмұны: қоғамның саяси институттары мен құқықтық өзара байланысы, құқық интегравтивті институт және құқық қоғамның әлеуметтік — мәдени құндылықты жүйесінің бөлімі ретінде қарастырылады.

1. Құқық әлеуметтануы — құқықтың пайда болуының әлеуметтік себептерін; қалыптасу процесін; қоғамдық катынастар жүйесіндегі себеп-салдарлық байланыстардағы арнайы әлеуметтік институт есебіндегі орнын; оның қоғамдық басқа институттар мен жеке адамға тигізетін әсерін; құқықтық мемлекет орнатудағы көкейтесті мәселелерді шешудің шараларын зерттеп, негіздейтін жалпы әлеуметтану ғылымының арнайы саласы. Құқық әлеуметтануы мәселелерін зерттегенде ерекше көңіл бөлетін мәселелер:

– құқықтық қатынастар мен оған жатпайтын әлеуметтік қатынастардың ара байланыстары мен олардың бір-біріне өту процестерін зерттеу;

– адамдар арасындағы, адамдар мен мемлекеттік орындар арасындағы қатынастардағы теңдіктің сақталу мәселелерін анықтау;

– қоғамдық тәртіп мен құқықтық мінез-құлықты әлеуметтік мүмкіндіктерді орынды пайдалану жолдарын табу, соның ішінде әлеуметтік өзін-өзі басқару мен бақылаудың соңғы резервтерін ашу;

– соңғыларды күнделікті өмірдің беделді күшіне айналдыру;

– жалпы құқықтық мемлекет орнату арқылы елімізді өркениетті өмір салты бар азаматтық қоғамға айналдырудың шараларын жүзеге асыру.

Құқық әлеуметтануы теориялық негіздері әлеуметтік философиядан, құқық философиясынан және жалпы әлеуметтану теориясынан бастау алады, ал оның нақтылы мәселелері мемлекет пен құқықтың жалпы теориясына, юриспруденцияның арнайы ғылыми салаларына терең байланысты түрде зерттеліп, жүзеге асады. Құқық әлеуметтануы өз ретінде қылмыстық

әлеуметтану, заң әлеуметтануы, әлеуметтік қатынастар әлеуметтануы сияқты салалар мен сабақтас бағыттарға бөлінеді. Олар құқықтың жасалу, қабылдану, жүзеге асу кезендеріндегі әлеуметтік, танымдық, әлеуметтік - психологиялық, тағы басқа факторларды біртұтас байланыста қарастырып, олардың ішкі механизмдерін ашады; қабылданған жаңа құқықтық ғұрыптардың қоғамдық қатынастардағы атқаратын міндеттерін, әсіресе олардың әлеуметтік ортаға, әлеуметтік қатынастарға жаңаша тигізетін әсерлерін анықтайды, сол процесте кеткен кемшіліктер мен қажетті шараларды ұсынады.

2. *Құқық дегеніміз* – мемлекет шығарған немесе ресми түрде бекіткен, мемлекеттің күшімен қамтамасыз етілетін, адам бостандығы өлшемін білдіретін, жалпыға бірдей міндетті, формальды анықталған заң нормаларының (ережелерінің) жүйесі.

Құқықтың негізгі белгілеріне мыналар жатады:

- саналылық – еріктілік сипаты;
- жалпыға міндеттілігі;
- нормативтілігі;
- мемлекетпен қамтамасыз етілуі;
- формальды анықтылығы;
- құқықтың жүйелілігі;
- өзгермелілігі;
- құқық әділдік пен бостандық идеяларын білдіреді.

Құқықтың түсініктері өте көп, бірақта олардың мазмұны біреу - ақ: қоғамның және адамдардың мүдде-мақсатын қорғау, қоғамдық қарым-қатынастарды реттеп, басқару; қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени т. б. бағыттарын дамыту; мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілеттігін, арақатынасын реттеп, басқарып отыру; халықаралық қатынастарды реттеп басқару.

Құқықтың мәні - өркениеттілік жағдайында қоғамдық қатынастарды реттеуден, нормативтік негізде қоғамның тұрақты ұйымдастырылуына жете отырып, демократияның, экономикалық бостандықтың, тұлға бостандығын жүзеге асырылуынан көрінеді.

Құқық жалпы әлеуметтік мәніне ие болады, әрбір адамның мүддесіне қызмет етеді, әлеуметтік байланыстардың ұйымшылдығын, реттілігін, тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етеді.

Құқықтың функциялары - құқықтың қоғамдық қатынастарды реттеудегі ролін көрсететін құқықтық әсер етудің негізгі бағыттары, яғни адамдардың іс-әрекетіне, мінезіне, тәртібіне нормативтік актілердің жасайтын ықпалы, сол арқылы қатынастардың дұрыс және дер кезінде орындалуы қамтамасыз етіледі.

Құқықтың өзіне тән 2 функциясы бар, ол реттеуші және қорғаушы функциялар.

Реттеуші функциясы – нормативтік актілер арқылы қоғамдық қатынастардың байланысын, орындалу жолдарын, бағыттарын анықтап отырады, позитивтік жүріс-тұрыс ережелерін орнықтырады, қоғамның,

мемлекеттің, тұлғаның мүдделеріне сәйкес қатынастарды дамытуға көмектесу мақсатында құқық субъектілеріне субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер жүктеуден көрініс табады.

Қорғаушы функциясы – қоғамдық қатынастарды құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғау, тұлға мен қоғам үшін зиянды қатынастарды жою, жаман қатынастарға тиым салу, жауапкершілік түрін көрсету, жасаған қателіктері үшін субъектілерді жауапқа тартумен сипатталады.

3. Құқықтық сана – қоғамдық және жеке сана саласына жататын жоғары дамыған құбылыс. Ол жеке тұлғаның құқыққа деген түсінігі мен сезімінің, көзқарастарының, қатынастары мен бағасының жиынтығын білдіреді.

Құқықтық сана адамдардың жаңадан қабылданған заңдарды, нормативті актілердің жобаларын қолдауы немесе қабылдамай тастауы т.б.

Құқықтың сана – сезім белгілері мыналар:

- құқықтық қажеттілікті ұғынуы және сезінуі;
- құқықты бағалауы;
- құқықты жете түсіну, дамыған заң шығару жүйесін құрудың қажеттілігі;
- қимылдағы нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізудің мұқтаждығы.

Сана кез келген қызмет процесінде пайда болады. Құқықтық сананың қызметі оның субъектісінің қызметінің нәтижесі.

Құқықтық сананың негізгі қызметтеріне мыналар жатады:

- танымдық қызметі, жеке адамның құқықтық тәжірибесіне байланысты құқықтың өмірдегі құбылыстарға қатынасын анықтау;
- бағалаушылық қызметі, жеке адамның құқықтық тәжірибесіне байланысты құқықтың өмірдегі құбылыстарға қатынасын анықтау.

Құқықтық мәдениет құқықтық санамен тығыз байланысты, бірақ ол құқықтық санадан әлде қайда мағыналы түсінік, осыған байланысты ол психологиялық және идеологиялық элементтерді, сонымен бірге заңды мінез - құлықты да қамтиды.

Құқықтық мәдениет мыналардан көрінеді:

- құқықтық шындықты сезіммен қабылдаудың және құқықтық ойлаудың нақты дәрежесінен;
- тұрғындардың заңдарды білуінің тиісті жағдайынан;
- жоғары дәрежеде құқық нормаларын сыйлауы, оның беделділігін арттырудан;
- құқықтық шығармашылық және құқықты іске асыру процесінің сапалы дәрежесінен;
- құқықтық қызметтің арнайы тәсілдерінен (құқық қорғау органдары қызметінен, конституциялық бақылаудан т.б.);
- адамдар қалыптастырған рухани және материалдық байлық түріндегі құқықтық қызметтің нәтижесінен (заңдар, сот тәжірибесі, заң шығарушылық жүйесі және т.б.) көрінеді.

Қоғамның құқықтық мәдениеті дегеніміз – бұл қоғамның құқықтық белсенділігі және құқықтық санасының дәрежесі, заң нормаларының және заң қызметінің белсенділігі.

Құқықтық мәдениеттің жақсы дамыуының негізгі шарттары: халықтың рухани сана-сезімін дамыту; мемлекеттік биліктің үш бағыттағы жұмысын жақсарту; заңдылықты, құқықтық тәртіпті орнату; мәдениеттің жетістіктерін қорғау; құқықтық мемлекетті қалыптастыру.

Бақылау сұрақтары:

1) Әлеуметтік – құқықтық институттардың мәні неде?
2) Құқықтық реттеудің заңдық механизмі қандай?
3) Қоғамның саяси институттарымен құқықтық өзара байланысы деген не?

18 дәріс. Құқық қоғамдық қатынастарды реттеуші ретінде

1. Құқық нормасы және құқық нормаларының қасиеттері.
2. Қазіргі заманның құқық жүйесі.
3. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы.

Дәрістің мақсаты: құқық Қазақстан Республикасындағы мемлекеттілікті жетілдірудің, заңның үстемдігін орнатудың қажетті шарты, заңды құрметтеуге, бұзбауға тәрбиелеу құралы, студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Дәрістің мазмұны: құқық әлеуметтік тәртіптің маңызды факторы, заңдардың реттеушілік күші ретінде жан жақты — талдау жасап қарастыру.

1. Құқық нормасы – қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерінен туатын, жалпыға міндетті мемлекет бекіткен мінез – құлық ережелері.

Құқықтық норма заңды ресмилендірілген нормативтік нұсқау. Сондықтан оны мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, лауазымды адамдар мен барлық азаматтар сақтауға міндетті. Заң нормасы – құқық жүйесінен пайда болатын алғашқы құқықтың клеткасы. Соған байланысты ерекше әлеуметтік құбылыс ретінде өзіне тән белгілері бар. Құқық және құқық нормалары бір-біріне сай келмейді. Олар жалпы және жеке түрде қатынаста болады. Құқық - бұл құқықтық нормалардың жиынтығы, ал құқықтық норма ең маңызды қоғамға және тұлғаға қатысты өте қажет қоғамдық қатынастарды реттеуші. Құқықтық нормада қоғам және тұлға үшін зиянды қатынастар да бейнеленеді. Құқық нормаларын өз органдары атынан мемлекет бекітеді және ол орындалуға міндетті, оны бұзғандар заң алдында жауапкершілікке тартылады.

Құқық нормалары міндетті түрде әрбір құқық саласына сәйкес арнайы кодекстерде тұжырымдалады.

Құқық нормасы кімге бағытталса, оны сол орындауға міндетті. Бұл міндеттегі барлық тұлғаға қатынасты және ол біртекті, ұқсас көптеген өмірлік жағдайларды реттеуге арналады. Заң нормаларын өз жазбаларының мазмұнына сәйкес бірнеше түрлерге бөлеміз:

- реттеуші, құқық қорғаушы, басқарушы;
- тиым салушы, міндеттеуші;
- императивті, диспозитивті.

Реттеуші нормалар қоғамдық қатынастарға түсуші субъектілердің субъективті құқығын және заңды міндеттілігін, олардың пайда болуын және әрекет жағдайын анықтайтын нормалар.

Құқық қорғаушы нормалар қоғамдық қатынастарға түсуші субъектілердің құқықтық жауапкершілігінің шегін және мемлекеттің күштеу шараларының субъектіге қолдану жағдайын, белгіленген шаралардың мәні мен мазмұнын анықтайды. Басқарушы нормалар қоғамдық қатынастарға түсуші субъектіге қандай да болсын іс-әрекет жасауға құқық беретін нормалар. Тиым салушы нормалар – бұл нормалар субъектінің қандай іс-әрекетке өзін-өзі тоқтату қажет екендігін көрсетеді. Міндеттеуші нормалар – бұл нормалар субъектінің іс-әрекетіндегі іске асыруды қажет ететін міндетін көрсетеді. Императивті нормалар – бұл қатаң талаптармен жазылған жазбаларда көрсетілген және құқық субъектілерінің мүддесіне тәуелсіз іс-әрекет ететін нормалар. Диспозитивтік нормалар – бұл әр–түрлі тұлғалардың осы норма реттейтін қатынастардағы мәселелерді өз еріктерімен реттеуі.

Құқық нормасының құрылымы үш бөліктен тұрады: гипотеза, диспозиция және санкция.

Гипотеза (болжам) – құқық нормалары қолданылатын анықталған жағдай, құқықтық нормада көрсетілген мінез –құлық ережелерінің күшіне енетін мезгілі. Гипотезаны үшке бөлеміз:

- жай гипотеза;
- күрделі гипотеза;
- балама гипотеза.

Диспозиция (мінез-құлық ережелері) – құқық нормасының негізгі бөлігі, осы құқық нормасы реттейтін қатынастарға түсушілердің құқықтары мен міндеттерін іске асыруға тиісті мінез-құлық ережелерін белгілейді.

Диспозиция үшке бөлінеді:

- жай диспозиция;
- бейнеленген диспозиция;
- сілтеме диспозиция.

Санкция (жаза, шара) – құқық нормасының соңғы бөлігі, диспозицияда мазмұндалған әрекет не әрекетсіздік үшін немесе мінез-құлық ережесін сақталмағандығы үшін жауапқа тартылу қорытындысы. Санкцияда мемлекет қандай іс-әрекеттерді, мінез-құлықты қолдамайтындығын көрсетеді.

Санкцияның түрлері:

- абсолютті – анық;
- баламалы;
- салыстырмалы.

2. Құқық өте күрделі жүйені көрсетеді. Ол әртүрлі бір – бірімен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді. Қоғамдық қатынастардың өзі де түрлерге бөлінеді.

Жаңа қоғамдық қатынастар пайда болып, қалыптасқан қатынастар жүйесі өзгеріп отырады. Соған байланысты жаңа нормалар және бұл нормаларға қатысты жаңа байланыс жүйесі қалыптасады. Құқық жүйесі дегеніміз құқықтың өзінің ішкі құрылымы, оның әртүрлі салаларға, бұл салалардың өздере тән ішкі бөлімдерге және институттарға бөлінуі.

Құқық құрылымының жүйесі – бір - бірімен байланыстағы көптеген элементтерден тұратын біртұтас құрылым.

Құқық жүйесі бірнеше сатыдан тұратыны анық біріншісі, ішкі байланыстағы заң нормалары. Бұл нормалар қоғамдық өмірдегі ең қажетті құқықтық қатынастарды реттейді. Ішкі байланыстармен қатар сыртқы байланыста да бұл нормалардың маңызы зор.

Белгілі қоғамдық қатынастардың өзі бір ғана құқық нормасымен ғана емес, бірнеше құқық нормаларымен реттеліп және қорғалып отырады.

Бұл нормалар біртұтас құқықтық институтты құрайды: мысалы, азаматтық құқықта меншік институтын, қылмыстық іс-жүргізу процесінде айыпталушының құқықтық жағдайы институты т.б.

Құқық жүйесінің екіншісі сатысы, құқықтық институттар болып табылады. Құқық институты – белгілі - бір қоғамдық қатынасты реттеуші тәртіпке салынған нормалар. Құқық институты заң нормалары салаларының жиынтығымен салыстырғанда анағұрлым төмендірек. Әрбір құқық саласынан көптеген құқық институттарын бөліп көрсетуге болады. Мысалы, еңбек құқығы бойынша еңбек тәртібі институты, жалақы институты, азаматтық құқық бойынша талаптың ескіруі институты, отбасы құқығы - неке институты, ұл (қыз) асырап алу институты т.б. халықаралық құқықта консулдық институты, елшілік институты т.б.

Құқықтық институттың үш негізгі белгісін көрсетеміз:

- құқық нормаларының заңды түрдегі теңдігі;
- қоғамдық қатынастың нақты анықталған бір саласының жағын реттеуі;
- құқықтық институтты құрайтын нормалардың, заңдардың және басқа нормативті құқықтық актілердің тарауларға, бөлімдерге, бөлімшелерге жіктелуі.

Құқық жүйесінің бұл үшінші сатысы құқықтың әртүрлі салаларға бөлінуін көрсетеді. Құқық саласы – бұл қоғамдық қатынастарының нақты анықталған саласын реттейтін нормалар тобы. Мұндай қатынас саласын реттеуде өзіне тән арнайы әдіс – тәсілдерді пайдаланады. Құқық салаларын конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, азаматтық іс жүргізу құқығына және т.б. құқықтарға бөлеміз.

3. Құқықтық мемлекет саяси билікті әділетті заң шеңберінде ұйымдастыру мен адам және азматтың құқықтарын, бостандықтарын қамтамасыз ету теориясы, тиісті тәжірибесі ретінде әлемдік өркениеттің, адамзаттың саяси және құқықтық мәдениетінің маңызды жетістіктерінің бірі болып табылады. Ол жалпы адамзаттың құндылығын анықтайды, құқықтық мемлекеттіліктің идеялары мен конструкциялары – зорлық - зомбылық пен заңсыздыққа қарсы бағытталған барлығына тән жалпыға міндетті құқықтық бастаулар негізінде, қоғам алдында жауапты бұқаралық билікті ұйымдастыру мен қызметтерінің тиісті нысандары мен тәртіптерін іздестіру процесіндегі тарихи тәжірибеде мақұлданды. Құқықтық мемлекеттің нақты теориялық тұжырымдама және соған сәйкес тәжірибе ретінде тереңге тамырланған тарихы бар. «Құқықтық мемлекет» терминінің өзі Еуропа елдерінде, әсіресе Герамнияда (der Rechtsstaat) XIX ғасырдың бірінші жартысында – ақ (К.Т.Велькер, Р.Моля және өзгелердің еңбектерінде) берік, түбегейлі қалыптасты.

Құқықтық мемлекет – дегеніміз жеке тұлға мен олардың бірлестіктері арасындағы қатынастарды құқық нормалары негізінде реттеуге бағытталған мемлеттік билікті ұйымдастыру нысаны мен қызметі.

Келесі тілге тиек ететін мәселе құқықтық мемлкеттің негізі сипаттамлары, яғни оның экономикалық, әлеуметтік және рухани негіздері.

Құқықтық мемлекеттің экономикалық негізі меншіктің барлық нысанына (мемлекеттік, ұжымдық, жалгершілдік, кооперативтік, жеке, т.б.) негізделен өндірістік қатынастар. Ол меншік нысандары тең және заңдық тұрғыдан бірдей дәрежеде қорғалады. Құқықтық мемлекетте меншік тікелей өндірушіге және материалдық құндылықтарды тұтынушыларға қатысты, ал жеке өндіруші өз еңбегінің өнімінің иесі ретінде танылады. Мемлекеттің құқықтық бастауы тек меншіктің теңдігі және еркіндігі негізінде жүзеге асырылады, өйткені өндірістің қатысушыларының теңдігін қамтамасыз ету қоғамдық дамудың тұрақты өрлеуін қамтамасыз етіп отырады, ал ол жеке тұлғаны өзін өзі айқындауға жол ашады. Бұл мемлкеттің экономикалық дамуына әкеліп соқтырады және құқықтық механизмның дамуына алғышарт болып табылады, сонымен бірге, құқықтың үстемдігінің бірден бір кепілі десе де болады. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін құқықтық мемлекет құруға бет алды, сондықтан экономикалық реформалар орын алды, яғни нарықтық экономикаға көшу жүзеге асырылды, бұл өйткені заман талабы және құқықтық мемлекеттің бір белгісі десек те болады.

Құқықтық мемлкеттің әлеуметтік негізін қоғамдық прогресті өз бойына сіңірген ерікті азаматтарды біріктіретін өзін-өзі реттеп отыратын азаматтық қоғам құрайды. Бұндай мемлкеттің өзекті және ең маңызы мәселесі адам және олардың мүддесі болып табылады. Әлеуметтік институттар жүйесі, қоғамдық байланыстар арқылы әр азаматтың шығармашылық, еңбектік мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, ой-пікір плюрализмін (әралуандығын), жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Тоталитарлық жүйеден құқықтық мемлекеттік басқару тәсіліне көшу

мемлекеттік әлеуметтік қызметіне өзгерістер енгізбей қоймады. Өйткені берік әлеуметтік негіз құқықтық жүйе тұрақтылығының кепілі.

Құқықтық мемлекеттің рухани негізін жалпы адамзаттық гуманизм, әділдік, теңдік және еркіндік қағидалары құрайды. Әрине бұл қағидалар жүзеге асуы үшін мемлекеттік басқарудың демократиялық тәсілдері қолданылуы керек, яғни соттың әділдігі, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының жоғары тұруы, азшылықтың құқықтарының қорғалуы, әртүрлі діни көзқарастарға жол беру. Құқықтық мемлекет - ол егеменді мемлекет, ол өз бойына мемлекетте өмір сүріп жатқан халық, ұлт және ұлыстардың егемендігін біріктіреді.

Құқықтық мемлекеттің қағидасына мыналар жатады:

- билікті заңсыз пайдалануды болдырмау мақсатында оны заңшығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлу;
- заңның үстемдігі, яғни, биліктің жоғары органымен барлық конституциялық тәртіптерді сақтай отырып қабылданған заң атқарушылық билік актілерімен жоққа шығарылуы, өзгертілуі және тоқтатылуы мүмкін емес;
- мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі;
- қоғамдағы құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі;
- азаматтық қоғамның болуы және тарапынан құқық субъектілерінің заңдарды орындауына бақылау жүргізуі.

Құқықтық мемлекет туралы идея ежелгі дәуірде - ақ пайда болған.

Құқықтық мемлекеттің элементтері мен соған сәйкес идеялар бірте – бірте қоғам дамуына сай қалыптасты.

Бақылау сұрақтары:

1) Құқықтық институттың қандай негізгі белгілерін білесіңіздер?
2) Құқықтық мемлекет дегеніміз не?
3) Құқықтық мемлекеттің қандай қағидаттары бар?

19 дәріс. Экономикалық жүйе әлеуметтік институт ретінде

1. Экономика және қоғам.
2. Экономикалық жүйе.
3. Қазақстан дамуының экономикалық моделі.

Дәрістің мақсаты: экономикалық өмір туралы әлеуметтанулық идеялардың дамуы: М. Вебер, Э. Дюркгейм, К. Маркс, К. Поланьи және т.б. талдау жасау.

Дәрістің мазмұны: экономиканың мәні мен құрылымын ашу; оның негізгі сипаттамаларын: ресурстарды, факторларды, нәтижелерді айқындау; ресурстардың шектеулігін кез келген экономиканың орталық экономикалық

мәселесі ретінде қарастыру; экономикадағы таңдаудың қажеттілігі мен оның ұтымдылығын қамтамасыз етуші шараларды қарастыру.

1. «Экономика» термині екі мың жылдан астам уақыт бұрын пайда болған. Ол гректің «ойкос» (үй, шаруашылық) және «номос» (заң) деген сөздерінен құралған. «Экономия» терминін ең алғашқы рет *Ксенофонт* үй шаруашылығын жүргізудің саналы ережелерін қарастыратын өзінің шығармаларының атауы ретінде енгізген.

Дербес ғылым ретінде экономикалық теория саяси экономия атауымен пайда болды. Саяси экономия тарихи тұрғыда негізгі таптар мен әлеуметтік топтар арасындағы әлеуметтік – экономикалық қатынастарды зерттеу болып табылатын ғылым ретінде қалыптасты. Экономикалық теория ресурстардың шектелген жағдайында қажеттіліктерді қамтамасыз етуді көздеген адамдар мен топтардың материалдық игіліктері мен қызметтерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтынудағы іс-әрекеттерін зерттеп, талдайтын қоғамдық ғылым.

Экономикалық теорияның зерттеп тану объектісіне нарықтың қызмет ету механизмі мен нарықта және оның сегменттерінде бар болатын жетілген және жетілмеген бәсеке, жеке шаруашылық салалардың монополиялану дәрежесі, бағалық және бағалық емес бәсекенің формалары мен әдістері, нарық қатынастарын реформалаудың бағыттары мен тәсілдері және т.б. жатады. Экономикалық теорияның зерттеу мәселесіне қарай келесідей екі бөлімі болады. *Микроэкономика* жеке өндірушілердің қызмет-әрекеттерін, кәсіпкерлік капитал мен бәсекелік ортаның қалыптасу заңдылықтарын зерттейді. Мұнда жеке тауарлардың бағасы, жұмсалған ресурстар, шығындар, кәсіпорынның қызмет атқару механизмі, бағаның құрылуы, еңбекке ынта және т.б. жағдайлар талданады. *Макроэкономика* микропорциялардың негізінде қалыптасатын ұлттық экономикалық жүйенің қызмет-әрекеттерін зерттейді. Мұның зерттеу объектісіне ұлттық өнім, бағаның жалпы дәрежесі, инфляция, жұмыспен қамту жатады.

Экономикалық теория жалпы ғылымдар жүйесінде белгілі қызметтер атқарады. Олар *танып – білу* қызметі, яғни ол қоғамдық экономикалық өмірдегі процестер мен көріністерді зерттеп түсіндіре білуі керек. Сонымен қатар, *тәжірибелік* қызметі, яғни ұтымды шаруашылық жүргізудің принциптері мен әдістерін жасау, экономикалық өмірді реформалаудың экономикалық стратегиясын ғылыми тұрғыдан дәлелдеу, т.б. экономикалық теорияның үшінші қызметі қоғамдық дамудың ғылыми болжамын және перспективасын жасауды қамтиды. Экономикалық теорияның осы аталған қызметтері өркениетті қоғамның күнделікті өмірінде жүзеге асырылып отырады. Экономикалық ортаның қалыптасуында, экономикалық динамиканың көлемі мен бағыттарын анықтауда, өндіріс пен айырбастың сала аралық құрылымын жетілдіруде, адамдардың жалпы өмір дәрежесін ұлттық деңгейге жоғарылатуда - осының бәрінде экономикалық теорияның маңызы өте зор.

Өмір үшін қоғамның дамуына қажет ресурстардың шектелген жағдайында экономикалық өсу процесінде қалыптасатын қатынастар мен заңдылықтарды экономикалық теория зерттейді. Пәннің ерекшелігі зерттеудің әдістемесі мен әдістерінің ерекшелігін тудырады. Әдістеме дегеніміз - экономикалық жағдайларды зерттеуде қолданылатын жалпылама әдіс, белгілі философиялық көзқарастар тұрғысынан қарағанда ол субъективтік, диалектикалық – материалистік, эмпирикалық, рационалистік және т.б. бағыттарды қолдануды талап етеді. Рационалистік әдіс объективтік шындықты талдаудың тұрақты динамикада жүргізілуін тілейді. Бұған өндіріс, бөлу, айырбас және тұтынудың ішкі байланыстары мен заңдарын зерттеп, талдау жатады. Рационалистік және аналитикалық әдістердің өзара байланыстары әсіресе ұдайы өндіріс пен экономикалық өсу процестерін талдауда толық байқалады.

2. «Жүйе» терминінің жалпы мағынасы (гректің systema – бөлшектерден құралған тұтастық) белгілі бір тұтастықты құрайтын, бір – бірімен тығыз байланысқан және қатынаста болатын элементтердің жиынтығы дегенді білдіреді. Осыны ескере отырып, *экономикалық жүйені материалды және материалды емес игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтынуда қалыптасатын шаруашылық байланыстар мен қатынастардың тәртіпке келтірілген жиынтығы* ретінде анықтауға болады. *Өндіріс* – белгілі бір уақыт ішінде игіліктер мен қызметтерді жасау процесі (кең мағынада өндіріс өндірілген игіліктер мен қызметтерді тікелей өндіру, бөлу, айырбас және тұтынуды қамтитын үздіксіз қайталанушы процесс ретінде түсініледі). *Бөлу* – шаруашылық қызметі қатысушыларының тұтынуына түсетін өнімнің үлесі мен көлемін анықтау. *Айырбас* - өндірістің әрбір қатысушысын бөлудегі бекітілген үлесіне қарай қажетті игіліктер мен қызметтерді алуын қамтамасыз ету. *Тұтыну* – жасалған игіліктерді қандай да бір тұтыныстарды қанағаттандыру үшін пайдалану.

«Экономикалық жүйе» термині талдаудың әртүрлі деңгейлерінде қолданылады. Бұл мағынада экономикалық жүйе ретінде ең қарапайым құрылымдарды да санауға болады (мысалы, жеке үй шаруашылықтары немесе шаруашылық субъектілер), бірақ бұл термин көп жағдайда макроэкономикалық көзқарас шегінде тұтас ұлттық шаруашылық қызмет ету заңдылықтары қарастырылған кезде қолданылады. Кез келген экономикалық жүйе қоғамдық өндіріс дамуының қандай да бір деңгейін қарастырады, сондықтан әдетте ол екі аспектіде сипатталады: *техника – технологиялық – «адам - табиғат» қатынастарын бейнелейді*, яғни *«өндіргіш күштер»* категориясымен бейнеленетін қатынастарды қарастыратын; *әлеуметтік – экономикалық – адамдар арасындағы қатынастарды бейнелейтін, «өндірістік қатынастар»* категориясымен бейнелетін қатынастарды қамтитын. Құрылымы бойынша *өндірістік қатынастар* ұйымдық – экономикалық (техникалық - экономикалық) және әлеуметтік – экономикалық деп бөлінеді. *Ұйымдық – экономикалық* қатынастар адамдар арасында қоғамдық еңбекті ұйымдастыруға қатысты қалыптасады. Ұйымдастыру

формалары болып еңбек бөлінісі, еңбек кооперациясы, өндірістің шоғырлануы (фирмалардың іріленуі), олардың орталықтандырылуы (фирмалардың бірлесуі) болып табылады. Жалпы экономикалық жүйе нақты жағдайда шаруашылық ету тәжірибесінен туындайтын қоғамның ерекше құрылымын бейнелейді.

Адамзат қоғамының тарихи даму барысында, ең алдымен, экономиканың негізгі мәселелерін: не өндіру? (қандай тұтыныстарды ең маңызды деп санау және сирек ресурстарды қалай бөлу керек); қалай өндіру? (кім өндіру керек, қандай ресурстардың және технологиялардың көмегімен өндіру керек); кім үшін өндіру керек? (өндірілгенді қалай бөлу керек) шешудің жолдары және тәсілдерімен айрықшаланатын экономикалық жүйелердің бірнеше типтері (үлгілері) қалыптасқан. Қазіргі кезеңде адамзат, шегінде әртүрлі кезде экономикалық жүйелердің бірнеше типтері: нарықтық, әкімшіл-әміршіл, аралас және дәстүрлі экономикалар қалыптасқан ұзақ тарихи даму жолынан өтті. Ең алдымен, меншік формасы мен үйлестік (координация) механизмнің типі оларды бөлудің критерийлері болып (жоспар немесе нарық) табылады.

3. Экономиканың өсуі көбінесе тұтынудың жаңа түрлерін қанағаттандыру қабілеті болып табылады. Сонымен қатар ірі әлеуметтік экономикалық теория «экономикалық өсу» категориясына теориялық және тәжірибелік тұрғыдан ерекше мән береді. Қазіргі таңда экономикалық өсу деп өндіргіш күштердің ұзақ мерзімдік дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімдегі өзгерістерін айтады. Яғни, өндірістің потенциалдық көлемінің өсуі талдаудың пәні болып табылады.

Экономикалық өсу ұлғаймалы ұдайы өндірістің болуымен түсіндіріледі: бұл жыл сайынғы, қоғамдық өнімнің сандық әрі сапалық артуы және олар екі топтан: өндіріс құралдары мен тұтыну құралдарынан тұрады. Жыл сайынғы қоғамдық өнім көлемінің өсуі ұлғаймалы ұдайы өндірістің экстенсивті типі немесе ұлғаймалы ұдайы өндірістің интенсивті типі негізінде дамиды.

Экономикалық өсуді есептеу екі жолмен жүргізіледі: жалпы ұлттық өнімнің пайыздық жылдық өсуі қарқынымен және осы көрсеткіштердің халықтың жан басына шаққанда өсуімен есептеледі. Экономикалық өсу қоғамның арқасында экономикалық және әлеуметтік прогреске қол жеткізілетін негізгі мақсаты болып табылады

Қазіргі таңдағы реформалардың негізгі стратегиялық мақсаты *тұрақты экономикалық өсулі тиімді қызмет етуші нарықтық экономиканы қалыптастыру.* Тұрақты және ұзақ мерзімді өсуге көшу үшін экономикалық саясаттың негізгі бағыттары болып келесілер табылады:

- жинақталған сұранысты қолдау және ынталандыру (тұрғылықты халықтың табысын арттыру, жұмыссыздық қысқарту, шағын бизнесті дамыту, отандық тауарларды мемлекеттік сатып алуларды кеңейту, отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттігін арттыру, инвестицияларды экономиканың нақты секторына тарту есебінен);

- импортты алмастырушы өндірісті ынталандыру және тиімсіз және шығынды кәсіпорындарды жою; сыртқы нарыққа жылжытудың белсенді саясатын жүргізу.

Қазақстанның инновациялық индустриялану міндеттерін орындау үшін біздің экономиканың нақты мүмкіндіктерінен шығу керек. Осыған орай жаңа бағдарламаның негізгі 7 бағыты анықталған: АӨК және ауылшаруашылық - тағы қайта өңдеу; құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру; мұнайды өңдеу және мұнай-газ кешенінің инфрақұрылымы; металлургия және дайын метал өнімдерін өндіру; химиялық, фармацевтика - лық және қорғаныс өнеркәсібі; энергетика; көлік және телекоммуникация инфрақұрылымы.

Жаңа индустриализация бағдарламасының негізгі құралдары болып 2015 жылға дейінгі индустриализация Картасы және 2020 жылға дейін өндіріс қуаттарын тиімді орналастыру сұлбасы табылады. Қазақстанның индустриал - ды – инновациялық дамуының сапалы аспектілеріне негізделген нақты ұлттық инновациялық жүйе мен іскерлік ортаны жасау жоспарлануда.

Экспорт потенциалын жоғары қосылған құнға ие тауарлар мен қызметтер есебіне диверсификациялау; сапаның әлемдік стандарттарына көшу; әлемдік ғылыми - техникалық және инновациялық процестерге қосылу арқылы аумақтық және әлемдік экономикаға интеграцияларды дамыту жоспарлануда.

Бақылау сұрақтары:

1) Жаһандық еңбек бөлінісі проблемалары және жаһандық экономика дегеніміз не?
2) Экономикалық өсуді есептеу қанша жолмен жүргізіледі?
3) Жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселелері және оларды шешудің жолдары қандай?

20 дәріс. Экономика әлеуметтік үдеріс ретінде

1. Еңбек адам тіршілік әрекетінің негізгі және әлеуметтік үдеріс ретінде.
2. Еңбек өнімділігін арттырудың американдық және жапондық тәсілдері.
3. Жұмыссыздық ұғымы және оның түрлері.

Дәрістің мақсаты: еңбек категориялары жүйесі мен анықтамалары негізінде, еңбек түрлерімен және заңдарымен еңбек ұжымдарының даму деңгейлерімен таныстыру.

Дәрістің мазмұны: «еңбек» және «жұмыссыздық», «инфляция» түсініктерінің мазмұнын ашу; нарықтық экономикада осындай құбылыстарды туындататын себептерді көрсету; олардың негізгі типтері мен формаларына, салдарына сипаттама беру; оларды жою жолдарын қарастыру.

1. Еңбек - қоғам мен адам өмірінің негізгі шарты. Еңбек адам мен табиғат арасында жасалынатын жүйе және осы жүйеде адам өз әрекетімен өзінің табиғат пен қарым-қатынасын бақылайды, реттейді. Осы еңбектің арқасында адам өз өміріне бөлінді және адам болып қаланды. Еңбек әлеуметтануы еңбекті әлеуметтік процесс ретінде зертттейді, еңбектің әсерін, еңбек тиімділігінің өсуін, еңбекте техникалық және әлеуметтік шарттардың адамдарға өзара байланысын зерттейтін әлеуметтануының бөлігі. Адам мен қоғамның жасалыну жүйесін еңбектің негізгі үш ерекшелігін бөліп алуға болады.

Біріншіден, еңбек әлеуметтануы - бұл еңбек заттары және құралдарымен адамдардың өзара әрекетін көрсететін әлеуметтік заңдылық. Бұл жерде адамдар мен ұжымдардың қазіргі заманғы шарттардағы әрекетіне байланысты мәселелерді қарастырады.

Екіншіден, еңбек әлеуметтануы - бұл адамдар мен ұжымның еңбек сипаттамаларына, мазмұнына, шарттарына қарым-қатынастары. Бұл жерде адамдар мен ұжымдардың еңбекке материалдық қызығушылықпен, еңбек мазмұнына, еңбек мәніне қатысты себептерді талдайды.

Үшіншіден, еңбек әлеуметтануы - ұжымдық әлеуметтік ұйым немесе жұмысшылар арасында байланыстың, құнның, көзқарастың жиынтығын құрайтын қарым-қатынастың ең маңызды жүйесі. Бұл жерде ұжым ішіндегі әлеуметтік - психологияның климаттағы мәселелерді, мысалы, ұжымды басқару тәсілдерін, олардың арасындағы жанжалдарды, ұжым мүшелерінің қарым-қатынастары талданды.

Еңбектің қызметін көрсететін қоғамдық қызметтер.

Біріншіден, еңбек адам қажеттіліктерін қанағаттандыратын тәсіл ретінде көрінеді.

Екіншіден, адам қажеттіліктерін қанағаттандыратын тәсіл ретінде көрінеді және еңбек - қоғамдық байлықтың көзі.

Үшіншіден, еңбек қоғам жасаушы және қоғамдық алға басу факторы.

Төртіншіден, еңбектің адам шығарушы факторы. Бесіншіден, еңбек адам үшін төленетін бостандыққа жолдағыш күш.

Еңбек әлеуметтануының негізгі категорияларына мыналар жатады: еңбек шарты, еңбек ұйымы, еңбек түрлері, еңбек мазмұны, еңбек сипаты, еңбекке көзқарас, еңбекпен қанағаттанушылық, ұжымның әлеуметтік-психологиялық климаты және т.б.

Адамның еңбекке әсерін анықтайтын негізгі факторлардың бірі жұмысшыларға материалдық мүдделерінің қолма-қолдығы және жетіспеушілік нәтижесі болып табылады.

2. Еңбек әлеуметтануы туралы идеялардың дамуы XX ғ. 20-30 жылдарынан бастау алады. Американдық, социолог Фредерик Херцбергтің айтуынша, батыс әлеуметтануында өндірістегі жұмысшылардың тәртібін реттеудің 3 тәсілі талданған.

Бірінші тәсіл - ғылыми менеджмент. Оның негізгін XX ғасырдың басында американ инженері Фред Тейлор қалады. Оның теориясына сүйенсек, адам еңбегінің нәтижелігі еңбек дағдыларын қажет етпейтін жай ғана операцияларға негізделген өндірістік тапсырмаларды орындау барысында жинақтаған мәліметтер арқылы өседі. Тіпті жалқау еңбекке қызығушылығы жоқ жұмысшыларға прогрессивті - премиялық, жалақыны үйлестіріп бөліп беру арқылы олардың еңбек өнімділігін арттыруға болады. Сонымен бірге, еңбек қозғалысын үнемдеу мақсатында жұмысшы операцияларын хронометриялау және еңбек функцияларын жеңілдету арқылы еңбек өнімділігін арттыруға болады.

Еңбек әлеуметтануында өзіндік орны бар Элтон Мэйо (1880-1949) «адамдардың қарым-қатынастарының» дамуына зор үлес қосты. Өндірістің ұлғаюына әсер етуші бірнеше факторларды - еңбектің ұйымдастырылуы, оған қойылатын шарттар, жалақы, басқару стилі, жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастар, т.б. факторларды зерттей келе, Э.Мэйо адами фактордың рөлін көрсетті. Э.Мэйо 1927-1932 жылдар арасында Чикаго штатына жақын Хоторн аймағындағы электрлік кәбілдер зауытында орналасқан «Уэстерн Электрик» фирмасында жүргізілген зерттеулерге жетекшілік жасады.

Ондағы эксперименттер еңбек шарттарының, оның өнімділігіне әсер ету деңгейін анықтаудан басталды, оған жұмыс істеу режімі, демалыс ұзақтығы, жалақы беру жүйесі және тағы басқа параметрлері кіреді. Осы зерттеулер нәтижесінде мынандай қорытынды жасалды:

- еңбек шарты мен оның нәтижелілігі арасында ешқандай тәуелділік жоқ болып шықты;

- еңбек өнімділігінің өсуіне еңбек шартына тәуелсіз факторлар ықпал ете алады екен. Ондай факторларға жеке адамдардың өзара қарым – қатынасы, «топтық рух», жұмысшылардың еңбекпен және жетекшілікпен субъективтік қарым – қатынас жасауы жатады.

Жасырын факторлар арасында жұмысшылардың формальды емес нормалары, ережелері талаптары да анықталды. Бұл нормалар мен талаптар жұмысшыларға еңбек өнімділігін сақтауға, әкімшілік жақтан көрсетілген қыспақтарға қарсы тұруына, еңбекке қызығушылығының жойылуына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Жұмысшылардың мінез-құлқын реттейтін үшінші тәсіл американдық әлеуметтанушы Беррес Фредерик Скиннердің есімімен байланысты және ол оқиға менеджменті деп аталады. Бұнда менеджменттің бұл түріне қозғау салатын әлеуметтік-материалдық факторлар есепке алынады. Онда еңбек процесінде айқын мақсаттарға қол жеткізген адамдар марапатқа ие болады.

Американдық әлеуметтанушы Абрахам Маслоудың еңбек ету себептері туралы теориясы Адам талаптарын баяндайды. А.Маслоу адам талаптарын жіктей отырып, оны базистік (өзінің қауіпсіздігі, азық-түлік қажеттігі, қоғамда өзінің жоғары бағалануы және т.б.) және туынды (әділеттілік, ырыс-берекелігі, қоғамдық өмірдің бірлігі және т.б.) деп бөледі.

Фредерик Херцбергтің жасаған тұжырымы көптеген американдық компаниялардың қолдауына ие болды. Еңбек ұйымдастырудың 3 түрлі жобасы жасалды. Бұлар:

1) АҚШ-та пайда болған «қатысушылық менеджменті» деп аталатын жобада жұмысшылар басқарудың кейбір мәселелерін әкімшілікпен біріге отырып талдап, шешім қабылдайды.

2) «Әлеуметтік техникалық жүйе» деп аталатын түріне мысал ретінде Швеция мемелекетіндегі Вольво компаниясының машина бөліктерін жинастырумен айналысатын жұмысшылардың бригадалық, ұйымын алуға болады.

3) Жапониядағы «сапа ұйымдары» деп аталатын жоба. Жұмыс орындарында жұмысшыларды өнімнің сапасына статикалық есеп беруде жауапкершілік көрсетуіне орай оларды түрлі топқа бөледі, сонымен бірге өндірісті дамытуда жұмысшылардың көрсеткен белсенділіктеріне қарай жіктейді.

3. Жұмыссыздық – бұл жұмыс істегісі келетін еңбекке жарамды халықтың өндірісте жұмыспен қамтылмауы. Жұмыспен қамтылмау өндірістің тиімділігін арттыруы, сонымен бірге жұмысшы күшінің бір бөлігін жұмыстан босатуға мүмкіндік жасайтын немесе оның құрылымына, сапасына жаңа талаптар қоятын ғылыми-техникалық прогрестің салдары болуы мүмкін. Нарықтық экономикада жұмыссыздық дағдарыстар кезінде көбейеді. Нарық жоқ жағдайда жұмыссыздықтың көбею себебі мемлекеттің өндіргіш күштерді орналастырудағы бұрыс құрылымдық саясаты болуы мүмкін.

Жұмыссыздықтың мынандай түрлері бар:

1) Жасырын жұмыссыздық - өндірісте және мемлекеттік аппаратта артық жұмысшылардың қолданылуы. Қазіргі болмыста олардың жұмыстарын аз жұмыс күшімен атқаруға болады.

2) Фрикциондық жұмыссыздық– адамдар бір жұмыстан басқа жұмысқа, бір жерден басқа жерге жұмыс ізденумен ауысуын айтамыз.

3) Маусымдық жұмыссыздық – жұмыс күшінің тек маусымдық кезеңде жұмыс жасауы, бұл кейбір ауыл шаруашылығы өндірісі саласында кездеседі, әсіресе қайта өңдеу өнеркәсібінде т.б.

4) Құрылымдық жұмыссыздық- өндірістік қуаттың жетпеуінің нәтижесінде болады: жеке саланың дамуының кері пропорционалды болуынан және ескі саланы жабу мен жаңа саланы дамытудың нәтижесі ретінде қараймыз.

5) Технологиялық жұмыссыздық – адамдарды машинамен ауыстырудың нәтижесі, біліктілікті өзгертуді немесе басқа мамандықты игеруді талап етеді.

6) Циклдік жұмыссыздық - өндірістің құлдырауынан туындайды, яғни экономикалық циклдың осы фазасымен байланысты.

Жұмыссыздық қоғамға көптеген зиян келтіреді; инфляцияның өсуіне ықпал жасайды, сондықтан еңбекке қабілетті адамдардың бір бөлігі өнім өндіруге қатыса алмайды. Сөйтіп олар жұмыспен қамтылмағандықтан ақшалай жұмыссыздыққа ақы алады, осыдан барып мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігі өсе түседі. *Кез келген жұмыссыздың деңгейімен байланыста болатын экономикалық зиянды анықтау үшін әлемдік практикада Оукен заңы қолданылады. Бұл заң американ экономисі Артур Оукеннің (1724-1780 жж.) есімімен аталған. Осы заң математикалық тұрғыдан жұмыссыздық деңгейі*

мен жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) көлемінің төмендеуі арасындағы байланысты көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1) Еңбек пен адамзат қоғамы дамуының сатыларын анықтаңыздар?
2) Ұжымдық еңбекті ұйымдастырудың әлеуметтік және технологиялық қандай жақтарын білесіздер?
3) Жұмыссыздықтың әлеуметтік қандай проблемалары бар?

21 дәріс. Дін қоғамдық сананың спецификалық формасы ретінде

1.Діннің әлеуметтік институт ретіндегі ерекшелігі.
2.Дін классификациясы.
3.Мемлекет пен діннің өзара әрекеттесу процесі.

Дәрістің мақсаты: әлеуметтік институт ретіндегі дін феноменін көрсету.

Дәрістің мазмұны: дін институттының өзге әлеуметтік институттардан айырмашылығын көрсете келе діндерді классификациялау тәсілдері, мемлекет пен діннің қарым-қатынасы қарастырылды.

1. Дін индивидтің, топтың, қауымдастықтың табиғаттан тыс күштің өмір сүретініне деген сенімі, дүние танымы, мінез-құлқы (жүріс-тұрысы). Дін қоғам дамуына байланысты түрлі өзгерістерге түсіп отырды. Ол адамның, топтың, қоғамның өмірінде айтарлқтай рөл атқарды. Әрбір дін өз ұстанымына орай адамдарға жалпы адамзаттық құндылықтарды жеткізді, қоғамға мінез-құлық (жүріс-тұрыс) нормаларын бекітті, халықтардың көп ғасырлық рухани мұраларын сақтады, әлеуметтік тәртіпті қолдаудың аса тиімді және кең тараған жария құралы болды. Сондай-ақ әлеуметтік институт ретінде дін әлеуметтік рөлдерді, наным-сенімдер мен салт-жоралғыларды, ұйымдық форма жүйесін қамтыды.

Дін институты бүгіндегі өзара діни қатынастар жүйесімен байланысқан діндарлардың бірлестігі, оған шариғаттың, ырым-жоралғылардың, ұйымының бірлігі, рөлдік өзара байланыс тән. Дін институты өзінің тұрақтылығымен, қатаң иерархиялық, догматтарының үстемдігімен, шариғат пен мінез-құлық (жүріс-тұрыс) саласындағы қатал ұйғарымдарымен ерекшеленеді.

Дінді әлеуметтік институт ретінде қарастырғанда зерттерушілер діннің басты белгілеріне назар аударады. Өйткені бұлар қоғамдық өмірдің басқа салаларынан айшықтайтын белгілер болып саналады. Оныҡ белгілері:

- дінді міндетті түрде ұстанатын топтардың болуы;
- дінге тән қасиетті заттардың, құбылыстардың болуы жатады. Әрбір діннің өз қасиеті заттары бар. Мысалы, Индияда сиыр Вишну құдайымен байланысқан киелі жануар;

- өзінің ерекше мәдени символдарының болуы саяды. Олар жинақы формада сол дін туралы түсінік береді (крестке кіру,жарты ай);

- институттық нормалар мен илану жүйесіне арқа сүйеуі жатады. Бұл илану адамның келбетін, қоршаған ортаны, құдыретті күштерді түсіндіреді (православия бойынша адамның о дүниеде құдайдың алдына баруы, жұмаққа немесе тозаққа кетуі);

- ерекшеліті салт-жоралғылар- бұл құдыретті күштерге қатысты жүріс-тұрыс (мінез-құлық) үлгілері. (храмға кіргенде православия діншілдері бас киімін шешеді, шоқынады);

- өсиет-парыздар немесе діни нормаларлар жатады, бұлар жүріс-тұрысты реттеп отырады.

Нормалар адамның өзін қалай ұстауын айқындайды (христиандықтың он өсиет-парызы кісі өлтіруге, өтірік айтуға және т.б. күнә жасауға тиым салған).

Демек әлеуметтік институт ретіндегі дін құнды-нормалар құрылымын және жүріс-тұрыс үлгілерінің құрылымын сипаттайды.

2. Әлеуметтік институтты құрайтын дінді классификациялаудың ғылымда бірнеше тәсілі, критерилері айқындалған. Хронологиялық тұрғыдан діндер тарихқа дейінгі және тарихи болып бөлінеді. Тарихқа дейінгі дін деп ешбір жазба дерктер болмаған кездегі діндер саналады. Біз еш уақытта сол кездегі адамдар не туралы ойлағандарын анық біле алмаймыз. Сол кездегі білім ауызша және салт жоралдарды сақтаумен берілді.

Тарихи діндер (Т.Д), біздерді жазба дәуірмен таныстырады.

Діни өмір ел билеушілерін құдайға айналдырумен сипатталды, абыздардың арасында нақты иерархияның болуымен, храмдар салудың кең жүруімен, салт-жоралғылар мен құрбандыққа шалулар жасаумен сипатталды. Тарихи діндерде құдайлар көп болды, олардың өз иерархиялары болды,оны бас құдай басқарды.

Діндерді классификациялаудың келесі қарапайым тәсілі политеистікке және монотеистікке бөлінуінде. Діннің бұл формаларының қайсысы бұрын пайда болды деген мәселе зерттеушілерді ертерек ойландырды. Библияға сүйенсек: Адам мен Ева монотеист болған алғашқы адамдар. Алайда күнәға ұшыраганнан кейін олар жануарларды құрбан шалып құдаймен қатынасты қалпына келтіруге тырысты. Шын монотеист құдайға табынуда пұттарды пайдалануға жол бермейді. Пұттарға табыну монотеизмнің ыдырауын және политеисттік сатының шабуылдауын көрсетеді. Қазіргі ғылымның алғашқы қауым адамдарының дінін толық зерттеуге мүмкіндігі жоқ және осы мәселе бойынша толық қамтылған жауап алынбайды.

Бүгінде біз алуан түрлі діндерді көріп отырмыз, оларды әртүрлі адамдар мен халықтар ұстанады. Сондықтан діндерді классификациялаудың тәсілдері көп. Классификациялау бойынша діндерді:тайпалық, ұлттық және әлемдік діндер формаларына бөлу қалыптасқан.

Тайпалық діндер алғашқы қауымдық адамдарға тән. Олар табиғатпен тығыз байланыста болды және қандайда бір құдыретті және құпия күштрдің

өздерімен қатар өмір сүретінің сезінді. Ежелгі аңшылармен, терімшілермен қатар қазіргі Австралия мен Океаниянің аборигендері, Амазонка бассейініндегі Оңтүстік Америка индейцтері және Тропилық жәнк Оңстүстік Африканың көптеген тайпалары табиғи апаттарға, су тасқындарына, теңіз дауылдарына, өретке, жер сілкіністеріне тәуелді болды, бұл құбылыстар оларға жауыз күштерді елестетті. Ажал әрдайым қасында жүрді. Сондықтан алғашқыда қауымдық тайпалар, өз діни жүйелерін жасайды, сол арқылы құдыретті күшпен байланыс орындатуға талпынады.

Адам күштерінен айтарлықтай басым табиғаттан тыс күштермен және тірі жәндіктермен толыққан, рухтар әлеміне сену, ертедегі нанымдар негізі болып табылады. Қоршаған әлемімен рухтану сенімі анимизм деп аталады. Кейбір рухтар адамдарға қайтымды, адамдар оларға әртүрлі (дұға қылу)немесе ашулы рухтардан қашу құрбандық шалумен (алғыс айтуға тырысады), басқа да жау немесе құрбан шалу көмегімен көңілін аулау қажет деп сенді.

Ертедегі нанымдардың арасында маңызды орынды магия алды. Магия-бұл белгілі бір нәтиже алу үшін, табиғаттан тыс күштерге ықпал етуді мақсат еткен, салт-жоралдардың кешені. Алғашқы қауым адамдарды магияға жүгініп, өз мақсаттарына (өзге дүниелік) күштерді қолдануға ұмтылды, тырысты. Магиялық салт-жоралғыларды қолдану белгілі бір адам топтары. Көз бойлаушылардың, бақсылардың құзырында болды.

Тотемизм-бұл адам топтары (тайпалар мен рулар) арасында орнаған қандайда бір жануармен, өсімдікпен немесе басқада материалдық затпен байланысқан сенім.

Тотем рудың немесе тайпаның қорғаушысы саналады. Оны құдай деп танымады, бірақ онымен туыстығына сенеді.

Тайпалық діннің келесі бір кең тараған формасы-фетишизм. Бұл заттарға және мүлікке табыну, олар магиялық және сакральды күштерді алып жүруші болып саналады. Фетишизм-әртүрлі пұттарды ағаштан, саздан және өзгеде материалдардан және неше түрлі тұмарларды жасаудан көрінеді.

Фетишизмді ерте діни түсініктерді кешенді қалыптастыру процесінің аяқтау сатысы деп есептеуге болады.

Қазіргі кезде ертедегі діндер Тропикалық және Оңтүстік Американың шалғай жерлерінде сақталған. Мұнда фетешизм мен магияға, рух пен құпия одақтарға сенім кең тараған.

Ұлттық діндер, өзінің атауы айтып тұрғандай, қайсы бір ұлттың немесе халықтың тарихымен байланысты. Мұндай діндер белгілі бір облысқа немесе мемлекет шеңберіне тараған. Иудаизмнің діни дәстүрлерін алып жүруші еврейлердің бүкіл әлемде тұратыны тарихи шындық. 1947 жылы Израиль мемллекеті құрылған соң иудаизм оның ресми дініне айналды.

Қытайда миллиондаған ұстанушылары бар конфуциандық және даосизм ұлттық діндер болып табылады. Бұлардың діндігінен гөрі этико-діни ілімдігі басым. Осыған ұқсас жағдайды Индия туралы да айтуға болады. Бұл елдің ұлттық діні-индуизмді 400 млн астам адам ұстанады. Тағдыр үнділіктерді

қайда апарып тастаса да, олар өз мәдениетін, дәстүрлі құндылықтарын, идеялары мен діни жораларын сақтауға тырысады. Әрине бұл индус болып туғанның бәрі индуизмді ұстанды екен деу емес. Бірақ олар өздерін индуспіз деп санайды, индус болып туғандықтан. Өзінің аты айтып тұрғандай, оны ұстанушылардың шығу тегі ортақ элемент болып табылады. Бұл жерде өмір салтынан гөрі ойлау құрылымы және үлгісі әлдеқайда маңызды. Индияда индуизммен қатар джайындар ілімі тараған, ал пенджаб штатының тұрғындарының көпшілігі үшін сикхизм ұлттық дін болып саналады. Синтоизм келесі бір ұлттық дін. Оны Жапония жұртының көпшілігі ұстанады. Бұл діни наным әртүрлі діни дәстүрлердің жиынтығы іспетті, оның көпшілігінің түп тамыры елдердің ертедегі тарихымен байланысқан.

Әлемдік діндер туралы айтқанда бұл діни нанымдардың дүние жүзінің әртүрлі бөліктерінде көптеп саналатын ұстанушылар бар екенін айтып кеткен жөн. Әрбір әлемдік діннің пайда болуы бүкіл адамзат тарихына айтарлықтай ықпал етті.

Барлық әлемдік діндердің ұқсас белгілері бар. Ең алдымен олар ұлттан жоғары тұр, космосаясилық сипаты бар, таптық, этникалық және әлеуметтік айырмашылықтарына қарамай барлық адамдар ұстайды.

Әлемдік діндерге бөлініп кетуге ықпал жасайтын ұлттық ерекшеліктен және қайсыбір спецификалық жоралардан бас тарту тән. Мыңдаған адамдарға әсер етіп,олардың тағдырын айқындағанда барлық әлемдік діндердің және ірі тарихи оқиғалар мен процестердің пайда болуының арсында байланыстың барлығын атап өту қажет.

Барлық әлемдік діндердің негізгі мазмұнын бір құдайлық туралы ілім, сондай-ақ Құдай мен адам арасындағы өзара қарым-қатынас туралы ілім құрайды. Бұл қарым-қатынаста адамды құтқару үшін Құдайға қызмет ету идеясы басты орында тұр. Б.з.д VI ғасыр Буддизм пайда болды. Оны жасаған Индия ханзадасы Гаутама, кейін ол Будда атты есімді иеленді. Оның ілімі ежелгі Индия дінінің кейбір идеяларына негізделген. Ол жаңа дінді құрды. Дінінің ұстанушылары көбейіп, әлемдік дінге айналды. Екі жарым мың жыл өмір сүрген уақытта буддизм көптеген өзгерістерге ұшырады, оны басты идеясы- адам санасының тереңдеуі өзгеріссіз қалады. Буддизм қазіргі уақытта Қытайда, Монғолияда, Кореяда, Жапонияда, Непалда және Оңтүстік Шығыс Азияның бірқатар елдеріне тараған. Кейбір елдерде (Лаос, Шри-Ланка, Тайланд) буддизм ресми мемлекеттік дін болып саналады.

Буддизмді ұстанушылардың қатары Азиядан тыс жерлерде де көбеюде.

Әлемде шамамен 600 млн буддистер бар.

Келесі әлемдік дін - христиан діні. Ол I ғасырда Рим империясының шығыс провинцияларында пайда болды. Христиандық бірқатар ережені иудаизм дінінен қабылдады,мысалы,монотеизм идеясын және құтқарушы-Миссияға сенуді қабылдады. Иусус Христос сол құтқарушы ретінде саналады. Оның өзін құрбан етуге, қиналып өлуге және дүниеге қайта оралуға сену христиандықтың негізін құрады. 1054 жылы христиан діні православие және рим католик шіркеуіне бөлінді. XVI ғасырда Реформацияның барысында

келесі бір христиандық шіркеу-протестанттық шіркеу құрылды. Кальвинизм, лютериандтық және англикандық протестантизмнің негізгі ағымдары блып саналады және де оның көптеп саналатын модернисттік бағыттары бар-мормондар, адвентистер, баптистер, квакерлер, иегова куәләрі, елулікер және т.б.

Қазіргі әлемде 2 млрд адам өздерін христианбыз деп санайды. 1993 жылы әлемде шамамен 22 мың христиандық шіркеу ұйымдары болды. Православияны ұстанушылар Грекияда, Сербияда мен Черногорияда, Болгария, Румыния, Россия және Украина, Белоруссия, Молдова, Грузияда басым. Сондай-ақ Италия, Венгрия, Ирландия, Белгия, Испания, Франция, Португалия, Польша мемлекеттерінде, Оңтүстік Америка мен Кариб бассейніндегі мемлекеттерінде, Солтүстік Америка мен Африкада католиктер біршама басым. Нидерландия, Швейцария тұрғындары, Скандинавия және Балтық жағалауы мемлекеттері, Германия, Ұлыбритания және АҚШ халықтарының көпшілігі протестанттар болып саналады.

Ислам әлемдік діндердің бірі. Бұл ілім VII ғасырдың алғашқы ширегінде Арабия жарты аралында пайда болған. Исламды негіздеген Мұхаммед. Исламды ұстанушыларды мұсылмандар деп атайды. Мұхаммед бір құдайға-Аллаға сенуді уағыздады. Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін ішкі күрестің нәтижесінде негігі ағымдары: суннизм және шиизм пайда болды. Ислам дінін ұстанушылардың көпшілігі суннит бағытында,шиитті негізінен Иран және кейбір Таяу Шғыс мемлекеттері аумағында ұстанады. Сунниттер үшін Мұхаммедтің өмірі туралы әңгімелер мен аңыздар жинағы қасиетті. Исламда міңез-құлық (жүріс-тұрыс) нормалары мен ережелерінің жүйесі бар, ол қлғамның экономикалық, саяси өмірін және діндардың жеке бас өмірін реттейді. Қазіргі әлемде мұсылмандар 1 млрд. астам. Бұл дінді ұстанушылар тұрақты түрде өсуде. Ислам Таяу Шығыс, Орта Азия, Солтүстік және біре-сарен Шығыс Африка елдерінде, сондай-ақ Ресейдің кейбір аймақтарында тараған.

3. Дін мен мемлекет арасындағы қатынас адамзат тарихында әртүрлі сипатта және алуан түрлі институттық формада болды, олардың көптеген модельдері мен классификациясы (еврей және ислам теократиясы, мемлекеттік шіркеу моделі, сепаратистік, секулярлық, зайырлы және т.б.модельдер). Қазіргі кезеңде әр елдің мемлекет-діни қатынастарына тарихи, саяси, этникалық, ұлттық, конфессионалдық ерекшеліктері үлкен ықпал етеді. Олар дін мен мемлекет қатынастарының әртүрлі дәрежесі мен деңгейін, сондай-ақ мемлекеттің діни ұйымдарға ықпалын айқындайды. Көптеген елдерде мемлекет-дін қатынастарының негізіне Еуропаның жаңа заманында қалыптасқан қағидаттары алынған. Дінге және діни ұйымдарға қатынасына байланысты қазіргі мемлекеттердің бірнеше типтері бар: конфессионалды (клерикалды) мемлекет, бұған діни мемлекеттер (теократия) және мемлекеттік діні бар мемлекет (шіркеу) жатады; дінді мемлекеттен бөлу қағидатын ұстанған мемлекет (бұлар қатаң секулярлы және атеистік сипатта немесе жекелеген мойындалған конфессиялармен әріптестік қатынаста болуы

мүмкін); зайырлы мемлекеттер, бұлар діни ұйымдарға қатысты бейтараптық позиция ұстайды, ұждан және діни сенім еркіндігі қағидаты басқыншылыққа алынады. Дін мен мемлекет қатынастарын реттеудің көптеген тәсілдері, олардың өзара әрекетінің формалары бар, олар мемлекет дамуымен және құқық жүйесінің жетілуімен эволюциоланады. 1905 жылы алғашқы елдердің бірі болып Франция шіркеуді мемлекеттен бөлу туаралы Заң қабылдады, бірақ мемлекеттің діни ұйымдардың істеріне араласуын сақтады. АҚШ-та керісінше, 1791 жылы Конститутцияның бірінші түзетілімінде дін ісіне мемлекеттің араласуына шектеу қойылды. КСРО-да шіркеу мемлекеттен, ал мектеп шіркеуден бөлінуі, ұждан бостандығы, діни культтерді атқару еркіндігі және дінге қарсы насихат бостандығы жарияланды. Сонымен мемлекеттік атеистік саясат жүргізілді, ұйымдар заңды тұлғалық құқықтарынан айырылды.

Қазіргі мемлекеттердің көпшілігі діни ұйымдармен қатынаста басымды рөл атқарады, өздерінің діни саясатын жүргізеді. Осы мақсаттар үшін арнайы «дін туралы заңнамалар» немесе ұждан және діни ұйымдар бостандығы туралы заңнамалар қабылдайды, дін мен мемлекеттің өзара қатынастарын реттейтін мемлекеттік органдар құрады,солардың қатарына әртүрлі министрліктер, дін ісі бойынша мемлекеттік комитетер мен агенттіктер және кеңестер жатады.

Бақылау сұрақтары:
1) Әлеуметтік институт ретіндегі діннің ерекшелігі неде?
2) Дінді классификациялаудың қандай тәсілдері бар?
3) Неліктен дін мемлекеттен бөлінген?
4) ҚР дін мен мемлекеттің қатынасы қалай құрылған?

22 дәріс. Неке және отбасы әлеуметтік институт ретінде

1. Отбасы шағын топ және әлеуметтік институт ретінде.
2. Отбасының құрылымдық типологиясы.
3. Отбасының қоғамдағы функциялары.

Дәрістің мақсаты: отбасын әлеуметтік институт ретінде сипаттай отырып, оның типтерін айқындау, қоғамдағы рөлін көрсету.

Дәрістің мазмұны: неке және отбасы түрлері мен формалары, отбасының атқаратын қызметтері қарастырылады.

1. Отбасы некеге немесе қандас туыстыққа негізделген шағын әлеуметтік топ, оның мүшелері тұрмыстың ортақтығымен, өзара көмекпен және жауапкершілікпен байланысқан. Отбасына деген әлеуметтік қажеттілік халықтың физикалық және рухани жағынан үнемі өсу мұқтаждығынан туындаған. Отбасы әрі әлеуметтік топ, әрі әлеуметтік институт болып саналады. Әлеуметтік топ ретінде ол белгілі бір отбасылық рөлді атқаратын

және тікелей жеке қарым-қатынасы бар нақты адамдардан тұрады. Әлеуметтік институт ретінде отбасы адамдар арасындағы туыстық қатынастарды бөлісетін салттармен, заңдармен, мінез-құқық ережелерімен байланысқан. Отбасында күйеудің, әкенің, әйелдің, балалардың мәртебелері қалыптасады. Некенің көмегімен қоғам жыныстық өмірді реттейді, ерлі-зайыптылық және туыстық қатынастарды орнықтырады. Неке күйеу мен әйелдің міндеттерін, олардың өз балаларына қатынасын анықтайтын жарлықтар жиынтығы. Неке құқық және мәдениет нормаларымен реттеледі. Егерде құқық нормалары некені заң негізінде реттесе, мәдени нормалар оны мораль, дәстүр, салттар негізінде реттейді.

Әлеуметтік институт тұрғысындағы отбасы құрылымын өзгертуге мәнді ықпал жасайтын ең маңызды ситуациялар отбасының циклдарын құрайды, ол бірнеше фазаларды қамтиды:

1) Қалыптасу фазасы. Бұл фазаны некеге алғаш рет отыру мен бірінші баланың дүниеге келуі төңірегіндегі оқиғалар сипаттайды.

2) Өсіп-өну (көбею) фазасы. Бұны бірінші баланың дүниеге келуі мен соңғы баланың тууы сипаттайды.

3) Өсіп-өну фазасының аяқталуы. Бұл фазаны соңғы кенже баланың дүниеге келуі мен тұңғыш баланың ата-анасының шаңырағынан бөлініп, жеке отау құруы сипаттайды.

4) Азаю фазасы. Тұңғыш баланың ата-анасының үйінен бөлініп, жеке түтін түтуі және соңғы баланың ата-анасының үйінен бөлініп кетуі сипаттайды.

5) Азаюдың аяқталу фазасы. Соңғы кенже баланың ата-ана үйінен бөлек шығуы және бірінші жұбайдың қайтыс болу оқиғасымен сипатталады.

6) Отбасының ыдырау фазасы. Бірінші жұбайдың қайтыс болуы және одан ұзағырақ өмір сүрген екінші жұбайдың да қайтыс болу оқиғасы сипаттайды.

2. Некенің типологиясы некенің тарихи формалары мен түрлерінен тұрады, некенің тарихи формаларына моногамия және полигамия жатады. Олар бір-бірінен некенің мөлшері және құрылымы бойынша ерекшеленеді. Моногамия бұл бір еркектің бір әйелмен некелік одағы болса, полигамия бірнеше адамның некелік одағын білдіреді. Полигамия өз кезегінде полигиния, полиандрияға және топтық некеге бөлінеді. Полигиния бұл бір еркектің бірнеше әйелмен некелесуі. Полиандрия бұл бір әйелдің бірнеше еркекпен некеде тұруы. Топтық неке бірнеше еркек пен бірнеше әйелдің одағы.

Некенің түрлері де бір-бірінен ерекшеленеді. Некенің түрлеріне эндогамды және экзогамды неке жатады. Бұлар некелік жар таңдау тәсілімен айрықшаланады. Эндогамды некеде жар таңдау таңдаушының өз тобында жүреді. Экзогамды некеде жар таңдау басқа топта жүреді.

Жұбайлардың тұратын жеріне байланысты патрилокальды, матрилокальды, дислокальды, унилокальды неке болып ажырайды. Патрилокальды некеде ерлі-зайыптылар күйеудің ата-анасымен бірге тұрады,

матилокальды некеде олар әйелдің ата-анасымен бүрге тұрады, дислокальды некеде жұбайлар бір-бірінен бөлек, әркім өз ата-анасымен тұрады, унилокальды некеде ерлі-зайыптылар ата-анасынан бөлініп тұрады.

Басқа критерийлер бойынша тең емес неке, сатып алынған, балалық, ерте, қайталанған, азаматтық некеге бөлініп кетеді. Сүйіспеншілікке, есепке, құда түсуге, келісімге, алып қашуға негізделген некелердің түрлері де бар.

Отбасының құрылымы – бұл оның негізгі элементтерінің тұтастығын қамтамасыз ету тәсілі болып саналады. Отбасының құрылымы мен тәртібі, өмір салты, дәстүрі, өзге отбасылармен және қоғаммен өзара қарым-қатынастары бір-бірімен тығыз байланысты.

Отбасының құрылымдық типтері – ерлі-зайыптылық, тұрмыстық және ата-аналық сипаттарға сәйкес пайда болып қалыптасқан құбылыс. Сондықтан отбасы құрылымын оның мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынастар, рөлдерді бөлісу мен ішкі билікті жүргізу анықтайды.

Отбасы туыстық жағынан нуклеарлық немесе ерлі-зайыптылық отбасына және кеңейген отбасына бөлінеді. Нуклеарлық отбасының негізін ерлі-зайыпты мен олардың балалары құрайды, яғни мұндай отбасында екі ұрпақтың өкілдері өмір сүреді. Балалар болғандықтан мұндай отбасын қандас-туыстас топ деп атайды. Отбасының бұл түрінің аса көлемді етек алуына әлемдегі қазіргі таңда кеңінен жүріп жатқан индустрияландыру мен урбанизация процестері себепші болып отыр. Қазіргі кезде отбасының осы түрі Қазақстанда 67% құраған (жалпы 4 млн отбасы бар).

Кеңейген отбасында ерлі-зайыптылар өз балаларымен, ерлі-зайыптылардың бірінің ата-аналарымен, бауырларымен бірге тұрады, осылайша онда бірнеше ұрпақ өмір сүреді.

Шынайы кеңейген отбасы бірнеше ұрпақты біріктіреді, олар үй шаруашылығын жүргізеді, отбасылық меншікті иеленеді. Номиналды кеңейген отбасы әртүрлі ұрпақтан тұратын туысқандардың қауымдастығы, бірақ олар әр жерде тұрады және жеке үй шаруашылығын жүргізеді. Бұларды бір-біріне деген байланыс, отбасылық ынтымақ, қолдау мен көмек біріктіреді.

Отбасындағы билікті бөлу, яғни билікке, лидерлікке ие болу және ондағы міндеттерді бөлу сипатына қарай отбасының дәстүрлі немесе авторитарлық отбасы және эгалитарлық немесе демократиялық отбасы типтері бар. Дәстүрлі отбасына мынандай сипаттар тән: ер адам негізгі мәселелер бойынша шешім қабылдаушы, оның қожайындығы басым, әйелдің ер адамға экономикалық жағынан тәуелдігі, отбасындағы міндеттерді бөліп, ер адамның және әйелдің міндеттерінің бекітілуі (ер адам асыраушы, әйел отанасы), мұнда үй шаруасы мен бала тәрбиесі негізінен әйелдің иығына түседі. Дәстүрлі отбасы Қазақстанда 17% құрайды.

Эгалитарлық немес демократиялық отбасына үй шаруасына отбасы мүшелерінің тең қатысуы, тұрмыстық мәселелер бойынша жұбайлардың бірлесіп шешім қабылдауы, демалыстарын бірге өткізуі, балалар тәрбиесіне бірдей қатысуы тән.

Әлемде отбасын демократияландыру процесі қарқынды дамып келеді.

Отбасындағы көшбасшылыққа типтеудің келесі бір түрінде патернальды отбасы және матернальды отбасы деп бөлуде кездеседі. Патернальды отбасында ер адам көшбасшы, матернальды отбасында әйелдің билігі басымдық алады.

Отбасы демографиялық құрамы, көлемі, мүшелерінің саны бойынша, әлеуметтік және ұлтқа жатуына қарай да ерекшеленеді.

3. Отбасылары қоғамдық басқа да институттар іспетті белгілері бір функциялар атқарады. Отбасының функциясы деген оның белгілі әлеуметтік салдары бар қызметі. Отбасының негізгі функциялары:

- дүниеге нәресте әкелуімен байланысқан репродуктивтік функция. Халықтың саны көбеюі әр отбасында кем дегенде 3 бала болуы керек. Отбасы осы функциясын атқарудың негізінде әлем халқының саны 2000 жылы 6 миллиард адамға жетті. Бұл көрсеткіш 2050 жылы 8 миллиард 909 миллион адамға жетеді деп болжамдауда;
- ортақ үй шаруашылығын жүргізуге, экономикалық қамтамасыз етуге, меншікті қорландыру мен мұраландыруға, кәмелетке жетпегендерге және еңбекке қабілетсіздерге қолдау көрсетуге және т.б. бағытталған;
- әлеуметтендірудің маңызды агенті ретіндегі отбасында бала тұлғасын қалыптастыру функциясы;
- жұмыстан бос уақытта отбасы мүшелерінің демалыс уақыттарын бірге өткізу, демалысты ұйымдастыру, демалысты бақылау функциясы;
- сыртқы ортаның жағымсыз әсеріне қарсы тұрып, адамдардың физикалық және моральдық күш-қуатын қалпына келтіретін рекреация функциясы;
- отбасында ата-аналық және оның мүшелерін тәрбиелеу қажеттілігін қанағаттандыратын тәрбиелік функция;
- отбасы мүшелерінің мінез-құлқын (жүріс-тұрысын), ата-ананың балалары арасындағы жауапкершілігі мен міндеттерін, қоғамдық өмір және отбасының қарым-қатынас нормаларын бұзғаны үшін санкция қолдайтын әлеуметтік бақылау функциясы;
- отбасында оның мүшелерінің рухани жағынан өзара байыта қарым-қатынас функциясы;
- отбасында эмоционалдық қолдау көрсететін эмоционалдық функция;
- отбасы мүшелеріне әлеуметтік мәртебе беретін, олардың әлеуметтік қозғалу қажеттіліктерін қанағаттандыратын әлеуметтік-мәртебелік функция;
- отбасы мүшелерін физикалық, экономикалық және психологиялық тұрғыдан қорғайтын, олардың әлеуметтік қауіпсіздігін жасайтын қорғау функциясы.

Бақылау сұрақтары:

1) Отбасы әлеуметтік институт ретінде басқа институттармен салыстырғанда несімен ерекшеленеді?

2) Отбасының құрылымдық типологиясы дегеніміз не? Отбасының типтерін атаңыздар.

3) Отбасы қоғамда қандай функциялар атқарады?

23 дәріс. Тұлғаны әлеуметтендіру институттары, агентері және механизмдері

1. Адам тұлғасының қалыптасуы .
2. Әлеуметтендіру факторлары мен механизмдері.
3. Әлеуметтендіру кезеңдері.

Дәрістің мақсаты: өзінің «Менін» қалыптастыруды қарастыру.

Дәрістің мазмұны: тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін факторлардың, әлеуметтену кезеңдерінің, оның агенттері мен институттарының ерекшеліктерін қарастыру.

1. Әлеуметтену бұл индивидтің негізгі мәдениет элементтерін меңгеру процесі. Қысқаша айтқанда бұл әлеуметтік «Меннің» қалыптасу процесі. Өмір жағдайларының тез ауысуымен байланысты индивидтердің әлеуметтену процесі күрделенеді және ауытқыған мінез-құлық нормасына айналады. Топтың қарым-қатынас барысында тұлғаның қалыптасуы қалай іске асады және адам өзінің «Менін» қашан мойылндайды? Ол үшін бұл процесті түсіндіретін аса белгілі ғылыми түсініктемені қарастыру қажет.

Ч.Кули индивидтің әлеуметтенуі оны қоршаған ортаға, оның берген бағасына көп байланысты деп есептейді. Бұл теория айналы «Мен» деген атау алды. Дж.Мид айналы «Мен» теориясын толықтыратын «Өзгені жинақтап қорыту» тұжырымдамасын ұсынды. Бұл тұжырымдаманың мәні индивид қарым-қатынас процесінде өзін басқаның орнына қойып, өзін сол адамның көзқарасымен бағалауға саяды. А.Халлер Дж.Мидтің «маңызды басқа» тұжырымдамасын толықтырды. «Маңызды басқалар» индивидтің лайықты болуын қолдайтын және оның Менін қалыптастыруға аса ықпал жасайтын тұлғалар. З.Фрейд әлеуметтенуді адамның тума сапаларын ашатын процесс ретінде қарастырды және әлеуметтенудің еліктеу, ұқсастыру, ұят пен кінә сезімі механизмдерін бөліп көрсетті. Т.Парсонс және С.Бейлз еліктеуді мәдениеттің, білімнің, дағдының элементтерін меңгеру процесі ретінде анықтады, ал ұқсастыруды әлеуметтік тәжірибені қабылдау ретінде айқындады.

Тұлғаның бастапқыда физикалық әлемнен, кейін бүкіл өмір бойына созылатын әлеуметтік дүниеден оқшауланыу айтарлықтай күрделі процесс.

Бала басқа адамдардың арасындағы айырмашылықтарды есімдері бойынша анықтауды үйренеді. Ол әкенің ер адам екенін, ананың әйел адам екенін түсінеді. Осылайша оның санасы бірте-бірте есімнен, мәртебені сипаттайтын (мысалы еркектің мәртебесі), жекелеген индивидтердің спецификалық қасиеттеріне қарай қозғалады.

2. Әлеуметтену факторлары – бұл механизмдер, оның көмегімен әлеуметтену процесі жүреді. Әлеуметтік педагог А.В. Мудриктің бөліп көрсеткен негізгі үш факторы бар:

1) Макрофакторлар-тұлғаның әлеуметтік дамуына ықпал ететін жаһандық механизмдер (планета, космос, мемлекет, ел, қоғам, үкімет).

2) Мезофакторлар-негізінен аумақ немесе этникалық белгілері бойынша әлеуматтенуге ықпал жасайтын жағдайлар (қоныс орны мен типі, аймақ, қала, ауыл, халық, этникалық шығу тегі).

3) Микрофакторлар-адамның әлеуметтенуіне тікелей ықпал ететін факторлар (отбасы, құрбы-құрдастар, мектеп, оқу және жұмыс орындары). Әрбір факторда әрекет етуші элемент бар, соның арқасында әлеуметтену жүреді. Мысалы, отбасында-бұл ата-ана, аға-інілері, әпке-қарындастары, мектепте- мұғалімдері, сыныптастары. Бұл элементтерді әлеуметтенудің агенттері деп атайды.

3. Әлеуметтену процесін өмірлік циклдарға сәйкес төрт фазаға (кезеңге) бөлу қабылданған: біркінші әлеуметтену – нәрестелік кездегі әлеуметтену кезеңі; екінші әлеуметтену – формальды білім алуға сәйкес келетін кезең; кәмелеттік әлеуметтену – индивидтың өз алдына экономикалық агентке айналу және оның отбасын құру кезеңі; қарттық әлеуметтену – белсенді еңбек етуден бірте-бірте шегіну кезеңі.

Әлеуметтануда әлеуметтенудің екі деңгейі ерекшеленеді: бірінші әлеуметтену деңгейі және екінші әлеуметтену деңгейі. Осы деңгейлердің әр қайсысында әлеуметтенудің әртүрлі агенттері мен институттары әрекет етеді. Әлеуметтендірудің агенттері деген мәдени тәжірибені жеткізуге жауапты нақты адамдар. Әлеуметтену институттары деген әлеуметтену процесіне ықпал ететін және оны бағыттайтын мекемелер. Бірінші әлеуметтену кіші (шағын) топтардағы тұлға аралық қатынастар саласында жүреді. Әлеуметтенудің бірінші агенттеріне индивидтің жақын қоршаған ортасы жатады: ата-ана, жақын және алыс ағайын-туыс, отбасы, достары, құрбы-құрдастар, мұғалімдер, жаттықтырушылар, дәрігерлер және т.с.с. Осы агенттерді индивидпен жақын қарым-қатынас жасайтындықтан бірінші агенттер деп атамайды, олардың тұлғаны қалыптастырудағы ықпалының маңыздылық дәрежесі бойынша бірінші орында тұтынуымен байланысты бірінші агенттер деп атайды. Екінші әлеуметтендіру үлкен әлеуметтік топтар мен институттар деңгейінде жүреді. Екінші агенттер, бұлар ресми ұйымдар мен мекемелер: мектеп, әскер, мемлекет әкімшіліктерінің өкілдері. Әлеуметтенудің әрбір агенті тұлғаны қалыптастыру үшін неге үйрете алатынын және тәрбие бере алатынын ұсынады. Бірінші әлеуметтену агенттері әмбебап. Олардың ықпалы индивидтің тыныс-тіршілігінің барлық саласын қамтиды және олардың функциялары бірін-бірі алмастыра алады. Басқаша айтқанда ата-ана туыстарымен, достары тұлғаның қалыптасу процесіне өз үлестерін қоса отырып, көбінесе өз функцияларында қиылысып жатады. Екінші әлеуметтендіру агенттері тар маманданумен әрекет етеді. Әрбір институт өз функцияларына сәйкес міндеттерін шешуге бағыт ұстайды.

Әлеуметтену кезеңдері өмірлік циклдар деп аталатындарға сәйкес келеді. Өмірлік циклдар адам өмірбаянының маңызды кезеңдері, олар әлеуметтік «Менін» қалыптасуының сапалы кезеңдері ретінде қарастырылады – мектепке дейінгі кезең, мектепте оқу, студенттік өмір, үйлену (отбасылық өмір), әскердегі қызмет, мамандық таңдау және жұмысқа тұру (еңбек циклі), зейнетке шығу (зейнеттік цикл). Өмірлік циклдар әлеуметтік рөлдерді алмастырумен, жаңа әлеуметтік мәртебе алумен, бұрынғы әдеттерден, ортадан бас тартумен, өмір салтын өзгертумен және т.с.с байланысты. Өмірлік циклдың әр кезеңі бірін-бірі өзара толықтыратын екі процеспен қосақтасып жүреді: деәлеуметтену және реәлеуметтену. Деәлеуметтену – бұл ескі құндылықтарды, нормаларды, рөлдері және мінез-құлық ережелерін тастау,безу. Реәлеуметтену ескінің орнына жаңа құндылықтарға, нормаларға, рөлдерге және мінез-құлық ережелеріне үйрету, оқыту процесі.

Бақылау сұрақтары:
1) Тұлғаның әлеуметтенуі деген не?
2) Әлеуметтенудің қандай кезеңдері бар?
3) Әлеуметтену агенттері мен институттары дегеніміз не?

24 дәріс. Девиация әлеуметтік құбылыс ретінде. Аномия: себептері және оны жоюдың жолдары

1. Девианттық мінез-құлық әлеуметтік құбылыс ретінде.
2. Девианттық мінез-құлық теориялары.
3. Қазіргі қоғамдағы девиация проблемалары.

Дәрістің мақсаты: девианттық мінез-құлықты әлеуметтік құбылыс ретінде түсіндіру.

Дәрістің мазмұны: девиацияның шығуына тоқтала отырып, оны тежеудегі нормалардың рөлін, оны анықтаған теориялардың мәнін, ауытқудың қазіргі мәселелерін ашу.

1. Девианттық мінез-құлық әлеуметтік құбылыс ретінде белгілі бір тарихи тамыры бар. Ол ежелгі қоғамдардан бүгінгі қоғамдарға дейін орын алған құбылыс.

Мүшесі аса көп және нормасы жеңіл құрылымды қарапайым қоғамдарда ауытқыған мінез-құлық оңай анықталады және бақыланады. Әлеуметтік нормалары жиі қарама-қайшылыққа келетін күрделі құрылымды қоғамдарда жалпы қабылданған мінез-құлықтың ауытқуы мәселесі айтарлықтай көлемде өскендіктен, оны анықтау қиыншылықтар туғызады.

Әлеуметтік тұрақтылық пен тәртіпке белгілі бір қауіп-қатер төндіретін адамдар-ауытқыған мінез-құлық субъектілері болып саналады. Әлеуметтік ауытқу әртүрлі формаларда көрінеді: қылмыс, есірткі, маскүнемдік сиятқы

ауытқуды қоғам айыптайды. Ал девиантыққа жататын суретші — жаңашылдардың, ұлы қолбасшылардың, мемлекеттік қайраткерлердің, батырлардың және т.с.с. мінез-құлқыдағы ауытқуды қоғам жағымды санап, оны қолдайды. Қоғам жөнді өмір сүру үшін әлеуметтік нормаларға жүгінеді.

Қоғамда әрекет ететін алуан түрлі әлеуметтік нормалар-діни, эстетикалық, саяси, құқықтық және т.б. әртүрлі әлеуметтік ауытқулардан қорғау, тежеу, құралына айналған. Уақыт өте әлеуметтік нормалар мен ережелер сияқты әлеуметтік ауытқулар өзгерістерге ұшырайды. Бұрын девианттық деп санағандардың бәрі мінез-құлық (жүріс-тұрыс) нормаларына айналады және бұл керісінше де болады.

Нормалардың реттеушілік ықпалы олардың шекаралар орнатуынан, мінез-құлық формаларын, қатынастар сипатын айқындаудан, оларға жетудің мақсаты мен тәсілдерінен тұрады. Нормалар мінез-құлықтың ортақ қағидаттарын және оның нақты өлшем-параметрлерін қарастырады, олар басқа құндылықтармен салыстарғанда аса толық моделді, тиісті эталонды бере алады. Норманы бұзушылық мінез-құлық нормаларынан ауытқушылықты жоюға бағытталған әлеуметтік топ, қоғам, оның институттық формалары тарапынан аса нақты келеңсіз реакцияны тудырады. Сондықтан нормалар ауытқушылықпен күрестің аса өтімді құралы, қоғамда тәртіпті қамтамасыз етудің, тұрақтылықты сақтаудың ықпалды құралы болып табылады.

2. Қоғам барлық уақытта адамгершілік нормалары мен заңдарын бұзғандарды қатаң айыптады, жазалады. Әлеуметтік ауытқудың себептерін зерттеген және анықтаған үш түрлі теория бар: физикалық типтер теориясы, психоанализдік теория, әлеуметтанушылық немесе мәдени теория. Алғашқы теория өкілдері Ч.Ломброзо, У.Шелдон. Ч.Ломброзо тұжырымы бойынша адамдар дене бітіміне қарай, қоғам айыптайтын қылықтар жасайды. Оның пікірінше криминальді «тип» деп аталатын адамдардың маңдайы тайқы, төменгі жағы шығыңқы, құлақ ұштары ұзын, сақалы сирек, шашы аса-қалың, азу тісі ірі, мұрны жалпақ келеді. У.Шелдонның теориясы бойынша адамның нормадан ауытқуын сипаттайтын, қылықтарына ықпал ететін физикалық белгілердің төрт негізгі типі бар; эндоморфты тип (гр. эндо-іштей) - артық салмақты адамдар, мезоморфты тип (гр. мезо-ортаңғы, аралық) - бұлшық етті адамдар, эктоморфты тип (гр. экто-тыс, сырттан, морф- форма) - арық адамдар. Алайда, практика физикалық типтер теориясының негізсіздігін дәлелдейді.

Ауытқыған мінез-құлықтың психоаналитикалық негізіне адам санасында орын алған дау-жанжалды зерттеу жатыр. Бұл теорияны жақтаушылар девианттық мінез-құлықты психологиялық сапалардан, мінездік белгілерден, өмірлік ішкі ұстанымдардан шығара отырып түсіндіреді. Бұл жағдайлар адамда тумасынан азда болса орын алады, оларды тәрбие мен орта да солай қалыптастырады. З.Фрейдтің теориясына сәйкес әрбір тұлғаның белсенді санасының астында санасыздық сала жатыр.

Санасыздық – бұл біздің табиғи энергиямыз, онда барлық жабайылық шоғырланған, ол шекара дегенді білмейді және мәдениеттің ықпалы

байқалмайды. Адамның саналы-Менімен оның санасыздығының арасында дау-жанжалдық жағдай пайда болуы мүмкін. Сонда мәдениетті, нормаларды және құндылықтарды білмейтін ішкі дүние сыртқа шығады. Мұндай жағдайда қоғамда жасалған мәдени нормалардан ауытқу жүруі мүмкін. Бірақ индивидтің биологиялық қажеттілігі мен мәдени нормалар арасында дау-жанжал жиі болады, бірақ одан бәрі бірдей девиант бола бермейді.

Әлеуметтік ауытқудың әлеуметтанулық немесе мәдени теорияларына сәйкес индивидтер девиантты болады, өйткені олардың әлеуметтену процесі кейбір нормаларға қатысты сәтсіз өткен, осы сәтсіздіктер тұлға құрылымына сөзсіз әсер етеді.

Жиі өзгеретін және тұрақты норма жүйесі жоқ күрделі қоғамда көптеген нормалар мен әртүрлі субмәдениет құндылықтары бір-біріне қарама-қайшы. Күнделікті өмірде дау-жанжалды нормалардың көп болуы, мінез-құлықты таңдаудың айқынсыздығы аномия құбылысына әкеледі. Э.Дюркгейм аномия құбылысын тез жүретін әлеуметтік өзгерістер кезеңдерінде болатын қоғамдық құндылықтар жүйесінің қирауымен түсіндірді. Демек, аномия тұлғаның ешбір нормативті мінез-құлыққа жатпайтынын сезіну күйі.

Америка әлеуметтанушысы Р.Мертон девиацияның себебін норманың жоқтығынан деп есептемеді, норманы қолдану мүмкін еместігінен деп түсінді. Аномия бұл мәдени мақсаттарға және оларға жетудің әлеуметтік мақұлданған құралдарға қол жетімділік арасындағы үйлеспеушілік, қарама-қайшылық. Осымен байланысты Р. Мертон девиацияның мүмкін типтерін атап көрсетеді:

- жанашыл тип, қоғамының мақсаттарымен келіседі, бірақ оған жетудің мақұлданған тәсілдерін мойындамады (бұған жезөкшелер, алаяқтар, бопсашылдар, қаржы пирамидасын құраушылар, ұлы ғалымдар, сатып алу, пара беру, ұрлық жатады);
- салтшыл тип, мақсатқа жетудің құралдарын қабылдайды, бірақ оған жетудің тәсілдерінің маңыздылығын асыра бағалауды мойындамайды, мысалы, бюрократ, әрбір құжаттың дұрыс толтырылуын, екі мәрте тексерілуін, бірнеше данада тігілуін талап етеді, бірақ мақсат ұмыт болады;
- оқшауланыу тип, әлеуметтік мақұлданған мақсаттардан және оларға жетудің тәсілдерінен бас тартуды білдіреді (нашақорлар, бомждар, қаңғыбастар, маскүнемдер және т.с.с.);
- бүлікшілер типі, қоғам ұсынған мақсат пен тәсілдерді жоққа шығарады (революциянерлер, ланкестер).
- конформшы тип, Р.Мертон бұны мақсаттармен және оларға жетудің құралдарымен келісуді білдіретін, бір ғана девиантты емес мінез-құлық типі деп санаған.

3. Қазіргі қоғамдағы девиация проблемаларына қылмыс жатады. Қылмыскерлердің қатарына сот айыптаған адамдар кіреді.

Ұйымдасқан қылмыс қазіргі қоғамда ерекше қауіпті. Олар тұрақты топтар құрады. Олар базарларды, өндірістік құрылымдарды, депутаттарды, банктерді бақылайды, әскери қоймалардан қару-жарақты ұрлайды, заңсыз

жолмен ақшалар алады, адамдарды өлтіреді, адамдарды ұрлайды, тонау, бопса, зорлық-зомбылық, қауіп-қатерді жүзеге асырады.

Қазіргі заманда қылмыстың жаңа ерекше қауіпті формасы пайда болды немесе тарап отыр. Соның ішінде ішкі және халықаралық деңгейлердегі қылмыстар (трансұлттық монополиялардың қылмысы), қызметкерлердің сыбайлас жемқорлығы, өнер туындыларын ұрлау, есірткімен байланысты қылмыс, халықаралық лаңкестік, тұтынушыларға қарсы қылмыстар (жасанды өнімдер), экологиялық қылмыс, экономикалық бопса және т.б. атап айтуға болады.

Біздің еліміздегі қылмыстың өрістеуі жалпы әлемдік үрдістерге жақындау. Индустриалды елдерге қарағанда әзірге бізде қылмысты тіркеу деңгейі төмен, бірақ қылмыс санының арту қарқыны өте жоғары. Қазақстандағы қылмыстық жағдайға нарықтық қатынастарға көшу және бәсеке, жұмыссыздық, инфляция сияқты феномендердің пайда болуы үлкен ықпал етті.

Ішімдікке салыну XVIII ғасырда этил спиртін өндірумен байланысты. Ол ішімдікті жаппай тұтынуға мүмкіндік берді. Содан бастап маскүнемдікке салыну проблемасы қоғамдық маңызға ие болды.

Бүгінде миллиондаған еуропалықтар ішімдік ауруымен ауырады. Алайда осы ішімдік жағдайы еуразия қоғамына қымбатқа түсуде. Статистика айғақтағанындай, бұзақылықтың 85%, зорлаудың ауыр жағдайының 80%, басқа да қылмыстың 40%-ы дерлік мас болумен байланысты. Өлтіру, тонау, қарақшылық шабуыл, ауыр дене жарақатын салу сияқты оқиғалардың 70%-ын мас күйіндегі адамдар жасайды, барлық ажырасулардың да шамамен 50% маскүнемділікпен байланысты. Ата-аналардың маскүнемділігі балалар тәрбиесіне және одан кейінгі тағдырларына өте келеңсіз әсер етеді. Ол балалардың тумысынан ауруының, ата-аналардың балалардан бас тартуының, оларға зорлық-зомбылық жасауының, балалардың үй-күйсіздігінің және балалар қылмысының себебі болып отыр. Осылайша, жүйелі түрдегі маскүнемдіктің әлеуметтік салдарлары өте қауіпті. Қазақстандағы көптеген ауыр қылмыстар мас күйінде жасалады.

Ішімдікке салынумен күресті мемлекеттік құрылымдар, қоғамдық және медициналық ұйымдар жүргізеді. Ішкіштерге олардың туыстары мен жақындары үлкен ықпал ете алады. Өзін-өзі тежеу өте маңызды. Оған ішімдіктің денсаулық үшін зияны туралы және маскүнемдіктің әлеуметтік салдарлары жөніндегі дер кезіндегі ақпарат та ықпал етеді.

Есірткі тұтыну девианттық мінез-құлықтың келесі бір формасы болып табылады. Наркомания термині гректің narke – естен айырылып қалушылық және mania – «құтыру, есаланңдық» сөзінен шыққан. Есірткіні өсіру мен тұтыну дәстүрінің кем дегенде 2,5 мың жылдан бері келе жатқанын айту керек. Бүгінде оның өсімдік және химиялық жолмен алынған шамамен 240 түрі бар.

XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басында есірткі проблемасы жалпы ұлттық масштабқа айналды. Қазақстанда есірткінің таралу факторлары болып

– халықтың мүліктік жіктелуі, әлеуметтік тәртіпсіздік туғызу (аномия), кейбір әлеуметтік жіктер өкілдерінің өмірлік бағыттары мен перспективаларын жоғалтуы, қоғамның идеологиялық межеленуі және оның идеологиялық тұрақсыздығы, бірқатар әлеуметтік топтар мен қабаттардың білім және мәдениет деңгейінің төмендеуі, көптеген субмәдениет нормалары мен құндылықтардың өзгеруі (ең алдымен жастар), мектепте, отбасында, өндірісте әлеуметтік бақылаудың төмендеуі саналады. Нашақорлық ең алдымен жастардың әлеуметтік-саяси проблемасы. «Радикалды» деп аталатын есірткіні тұтынатындардың өмірі кемел жасқа жетпейді. Бүгінде нашақорлыққа қарсы әрекеттің басты бағыттарын анықтау аса маңызды шара.

Суицид адамның өз өмірін саналы түрде тоқтатуы. Суицидтік мінез-құлықты өршітетін факторларға жыныс, жас, білім, әлеуметтік және отбасылық жағдай сияқтылар жатады. Өзіне-өзінің қол салуын зерттеудің әлемдік тәжірибесі суицидтік мінез-құлықтың негізгі заңдылықтарын анықтаған. Суицидтер көп жағдайда жоғары дамыған елдерге тән.

Әлеуметтанушылардың ішінде алғашқы болып өзіне-өзінің қол салу проблемасын кәсіби зерттеген Э.Дюркгейм болды. Ол «Суицид» деген іргелі еңбек жариялады (1897). Өзіне-өзінің қол салуының негізгі себебін ол индивидтің әлеуметтік топпен, қоғаммен байланысын жоғалтудан көрді. Э.Дюркгейм өзіне-өзі қол салуды жіктейді:

- өзімшілдік, бұл – қоғамдағы ынтымақтастықтың жеткіліксіздігінің, индивидтің жекеленуінің нәтижесі болып табылады;
- аномиялық, қоғам өмірінде орын алған ескі нормалар мен құндылықтар әрекет етпейді, ал жаңаларды көпшіліктің басым бөлігінің әлі игермеуі (нормативтік вакуум деп аталатын орын алған) аномияның қалпы болып саналады;
- альтруистік, бұл топтың, қоғамның басқа мүшелері үшін атқарылады.

Психикалық ауытқулар психиканың бұзылу табиғаты бойынша эндогендікке (ішкі факторлар) және экзогендікке (сыртқы факторлар) бөлінсе, психиканың бұзылушылық көріну деңгейіне орай невроздарға және психоздарға ажырайды.

Невротикалық тұлға сөзсіз девиант, бірақ ол әлі де болса қоғамда өмір сүреді. Невротик мінез-құлқындағы кейбір ауытқуларға қарамастан жұмыс істей алады, отбасында тіршілік ете алады, таныстарымен және бөгде адамдармен қарым-қатынас жасай алады. Психоздар девиацияның аса күшті және әлеуметтік қауіпті формасы болып табылады. Олар әртүрлі формаларда көрінуі мүмкін:

1) Шизофрения – бұл шынайылықтан кету, аутизм. Девиант – шизофреник өзіне- өзі басқа әлем жасайды, оның заңдары бойынша және шынайы әлемнің заңдарына орай (тұлғаның қосарлануы - амбиваленттік) әрекет етеді.

2) Паранойя – интеллект төмендемеген және тұлғада өзгеріс болмаған кездегі жүйеленген сандырақ. Паранойя алуан түрлі маниядан көрінеді. Мысалы, ұлықтық маниясы, қорқыныш маниясы.

3) Аффектілер – бұл девианттың психофизикалық жағдайының тез көтерілуінен және құлдырауынан байқалатын маникалық торығу реакциясы.

Қазіргі өндірісте жүйке және физикалық салмақтың өсуімен, өмір қарқынының жеделдеуімен, адами байланыстар санының тез артуымен психикалық девианттар саны тұрақты өсіп келеді. Америка әлеуметтанушылары әрбір оныншы американдықты қандай да бір мөлшерде девиантты деп санайды. Әрбір төртінші американ отбасында кем дегенде бір психикалық ауру адам бар. Олардың көпшілігі медициналық немесе психологиялық көмек алмайды. Емдеуден және ақтап алудан (реабилитациядан) 35 аурудың тек біреуі ғана өтеді. Еуразияда психозбен ауыратын адамдардың саны халықтың шамамен 4% құрайды, олар невротиктермен қосылып шамамен 12%-ға жетеді.

Бақылау сұрақтары:

1) Девианттық мінез-құлық деп нені айтамыз?
2) Девианттық мінез-құлықтық қандай теорияларын білесіңіздер?
3) Қазіргі қоғамда девиацияның қандай проблемалары орын алған? Олар несімен қауіпті?

25 дәріс. Дәстүрлер мен салттар тұлғаның адамгершілік сапаларын қалыптастырудың құралы ретінде

1. Дәстүрлер мен салттардың мәні.
2. Жетісу қазақтарының әдет – ғұрыптары, салт - дәстүрлері.

Дәрістің мақсаты: ұлтымыздың ұмыт болып бара жатқан салт – дәстүр, әдет – ғұрыптары мен тәлім – тәрбие үрдісінен арнайы білім беріп, студенттердің ұлт мәдениетінің нәрімен сусындауына, адамгершілік асыл қасиеттер үлгісін санаға сіңіруге жағдай жасау.

Дәрістің мазмұны: салт – дәстүр, әдет – ғұрып халықтың рухани дамуының өзегі, тілінің тірегі, мәдениеттің арқауы. Ғасырдан – ғасырға, ұрпақтан – ұрпаққа сабақтастығын сақтаған халқымыздың асыл мұрасы ретінде баяндалады.

1. Салт– дәстүр дегеніміз әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс – тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез– құлықтың үлгілері болып табылады.

Салт–дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық–өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалаған. Бұрынғы заманда қазақ қоғамы үшін салт – дәстүр бұлжымас заң

рөлін атқарған. Салт– дәстүр халықтардың тіршілік кәсібіне, наным – сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан – ұрпаққа ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Оның жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері дамып, жаңа мағынаға ие болады. Мысалы, қазақтар жаугершілік заманда қой сойып, қанына найзасын малып, бір – бірімен анттасып достасқан. Достықты бұзғанды ант атсын деп серттескен. Бертін жаңа қоғамның дамуына байланысты анттасу салты мүлде жойылды. Немесе бүгінгі күндерде ерлі – зайыпты қариялардың алтын, күміс тойларын өткізудің тәрбиелік мәні жаңарған салт– дәстүрдің қажетті түрі. Оның ұрпақ тәрбиесі үшін үлкен прогресшіл тәрбиелік мәні бар.

Салт – дәстүр сабақтастығы ұлттар арасындағы қарым– қатынаспен тығыз байланысты. «Әр халықтың мәдениеті өзіне тән ерекшелігімен дараланып, көзге шалынады. Алайда басқа халықтардың әсерінсіз таза, дара ұлттық мәдениет тіпті де кездеспейді. Ұлттар мен халықтардың материалдық және рухани байланысы, қарым – қатынасы арқылы олар бір – бірін мәдени байлығы жағынан толықтырады» – дейді С.Н. Артановский. Әртүрлі ұлт пен халықтарда кездеспейтін, қайталанбайтын таза ұлттық салт– дәстүр ешбір елде болмақ емес. Бір ұлтта бар салт – дәстүрлер, ұлттық ою – өрнек, тағам, спорттық ойын түрлері екінші бір ұлтта да белгілі ұқсастықпен және өзіндік ерекшелігімен көрініс береді.

Мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер еңгізеді.

Мәдениетті тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі маңыздысы:

– мәдени әрекет;
– мәдени орта;
– мәдени игіліктер мен қажеттіліктер;
– мәдени ұйымдар мен ұжымдар.

Бұлардың арасында ең негізгісі – мәдени әрекет. Әрекеттену – жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі. Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс – қимылдарды атайды. Мәдени игіліктерді толассыз жасау нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді. Осы әрекеттің қайнары, түпкі қозғаушы күші ретінде ғылым адамның талап – мұқтаждарын, мәдени қажеттіліктерін бөліп қарастырады.

Отбасын құруға байланысты халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасып, желісін үзбей жалғасып отырған салт-дәстүрі бар. Бұл әдет-ғұрыптардың барлығы көбіне жастарды тәрбиелеуге, оларды отбасын құрудағы жауапкершілікке үйретуге бағытталған. Алматы облысынан жиналған этнографиялық материалдарға қарағанда, Жетісу қазақтарының қыз ұзату, келін түсіру әдет-ғұрыптарында ұлттық дәстүр жалғасын тауып отыр.

Жастардың отбасын құруы, ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша, *құдаласудан* басталады. Қазақтар, әдетте, тең теңімен, тезек қабымен деген қағиданы ұстана отырып, көбіне өздері шамалас сыйласатын кісілермен құдаласады. Осыған байланысты құдалықтың да бірнеше түрі (*бел құда, бесік құда,* т.б.*)* болатын. *Құдалықтың* мұндай түрлері Жетісу қазақтарына да мәлім болған. Белгілі этнограф Х. Арғынбаев қазақтардағы құдалық түрлерін жүйелей келе, бала іште жатқанда болған құдалықтың түрін *бел құда* деп атаса, Сарқан ауданында бұл «қарын құда» деген атаумен белгілі. Ал, құдалықтың *бесік құда* түрі Жетісу қазақтарында 40-50 жылдарға дейін кездескендігін ел арасынан жиналған материалдар дәлелдейді. Ел арасынан жиналған деректер жастардың көбінесе алдын ала ата-анамен келіспей қыз алып *қашуы* екі жақты көп салмақтан құтқарудан туындаған деп көрсетеді. Жағдайы келгендер қазірге дейін *қызды айттырып алады*. Шет жерлерден көшіп келген қандастарымыз жергілікті дәстүрлі мәдениет көп сақталмағандығын, тек еліміз егемендігін алғаннан бері ғана және бүгінде өздерінің осы аймаққа қоныс аударуына байланысты жергілікті қазақтардың дәстүрлі қайта жаңғыртуға бет бұрғандығын айтады. Соған байланысты болар, соңғы кезеңдерде *қызды айттырып алу* көбейіп отырған көрінеді.

Жоғарыда айтылған *құдалық* атауларындағы өзгерістер сияқты, айттырып алудағы «*үкі тағу*», «*сырға салар*» жоралғыларының мәні бір болғанмен, атауларында ерекшеліктер кездеседі.

Ал енді, *құдалықты* бекіту *құйрық-бауыр* жесісумен байланысты екендігі белгілі. *Құйрық-бауыр жеудің* мәні мен маңызы жөнінде Х.Арғынбаевтың еңбегінде көрсетілген.

Қазақстанның оңтүстік аймағындағы қазақтарға тән жоралғы – келінді әкелгеннен кейін кешірімге жіберілетін әдет-ғұрыптар Жетісу қазақтарында да кеңінен таралған. 40-шы жылдарға дейін Кегендегі албандар *құдалыққа* келген 20 шақтыт кісіге міниіс мал берсе, бүгінде ол *киітке* (жағалы киім) айналған. Сонымен қатар Кеген ауданынан жігіттің әкесінің нағашы жұртымен құда сүсу, яғни *түп нағашы жұрттан* қыз алу көбірек кездесетіндігін байқадық.

Құдалық жолымен балаларын үйлендіру қазақ халқында ерте кезден келе жатқан әдет – ғұрыптардың бірі болып табылады. Қазақта құда болудың бірнеше түрі болған: бел құда, бесік құда және қарсы құда. Бірін-бірі жақсы білетін, араласып жүрген кісілер бел құда болысуға сөз байласқан.Қарсы құдалықтың мәні мынада: егер қыз алған жақ қыздың қалыңмалын төлеуге шамасы келмесе, қалыңмал орнына өз жағынан бір қыз берген. Қалыңмал төлеу дәстүрі де көнеден келе жатқан әдеттің бірі және оның көптеген сілемдері қазақтың эпостық шығармаларында сақталған.

Құдаласу процесіндегі алым алудың бір кәдесі – «*құда тартар*». Бұл жоралғы бойынша, «*хан құданы*» («*бауыздау құда*» жігіттің өз әкесі не атасы) емес, оның жанындағыларды есікке қарай сүйрейді. Мұны Қазақстанның оңтүстік аймағындағы қазақтар «*құда тартар*» деп атаса, Жетісу қазақтары *жан арашасына беретін сыйы* дейді.

Құдалыққа аттанарда бұрынғыдай *«қоржын тігеміз»* деп, ауыл адамдары мен жақын-жуықты *қоржын тойға* шақырады.

Бұларға қоса қоржын апарылады, оның екі түрі: *«құда қоржын», «күйеу қоржын»* болады. *Құда қоржынға* құдалардың *киіті,* мата , қант-кәмпит, т.б. тәттілер салынады. Бұл құдалардың арамыз тату-тәтті болсын деген мақсатынан туған. *Күйеу қоржынға* өрік-мейіз, құрт, тоқаш, 2 мың теңге ақша, қант, шай салынады. *Қоржынның* аузына *білезік, жүзік,* екі басына мата салынады, оны қоржынның аузын ашқан адамдар алады.

Бұлардың міндеті – жастардың арасында болып қалатын кикілжіңді шешу және оларға ақыл-кеңес беріп, тәрбиелеу. Екі жас бас қосып, отбасын құрғаннан кейінгі жұбайлық өмірдің жауапты кезеңі бала сүю, оны тәрбиелеу болып табылады. Құрсақ шашу тойын өткізу босанатын әйелдің көңіліне шаттық, бойына қуат әкеліп, ел алдындағы жауапкершілігін арттырады деп түсіндіреді. Бұл - бұрыннан келе жатқан дәстүр. Түнде суға барсаң, су перілерінен шошып, бала түсіп қалады деген ұғым болған. Бала туылғанда кіндігі мойнына оралып қалмасын деген ниетпен келінге ала арқанды аттама , итке кет деме деген сияқты түсінік болған. Бала туылғаннан кейінгі 40 күн ана үшін де қауіпті кезең болып саналады. Баланы қырқынан шығарғанға дейін күзетудің мәнісі жас босанған әйелдің қарақұсы болады, сол «қарақұс» баланы алып кетпесін деген ырымнан туған. Нағашы жұрттың балаға тай мінгізуі, әдетте, әйел баласымен төркіндеп барған кезде жасалатын рәсім. Баланы бесікке көпті көрген, көп балалы, елге сыйлы аналарға салдыртады, кей жағдайларда баланы көрсетпей-ақ бесікке салу ырымы жасалады. Баланы қырқынан шығарғанда шашы мен тырнағын басқа кісі алады. Әдетте, ол пысық, ісмер әйел болуы керек, бала соған тартсын деп ырымдайды. Шашы мен тырнағын, ит көйлегін тастауға болмайды. Қазіргі кезде 40 құмалақтың орнына 40 күміс тиын салу да кездеседі. Қызды 40 күнге жеткізіп не асырып, баланы 37 күнде қырқынан шығара береді. Мұны қыздың қалыңмалы көп болсын, ал ер бала тез ер жетіп, азамат қатарына қосылсын деп түсіндіреді. Қазақ салтында баланың өсуіне байланысты толып жатқан ырым-жоралғы бар. «Тұсау кесу» ырымында баланың шешесі абысын – ажындарымен жиналып, ауылдағы аяғы-жеңіл, жүйрік адамға баланың ер жеткенде «малы көп болсын, дастарқаны бай болсын» деген тілекті білдіреді. Ала жіпті қолдану «ала жіпті аттамайтын адал азамат болсын, пәле жаладан сақтасын» деген тілектен туған. Көк шөптен ескен арқанды пайдалану «көк шөптей өсіп, өнсін» деген ниетті білдіреді.

Ертеден жалғасын тауып келе жатқан жоралғының бірі – «*өлі-тірі».* Халық арасындағы ұғым бойынша, «*өлі-тірі»* – негізінен *аруақтардың* ризашылығын алу үшін берілетін *кәде*. *Өлі-тірі* алынған соң қыз әке-шешесі көрші-көлем , туған-туысқанды шақырып, қонақ ететін болған. *Өлі-тіріге* жайылған дастарқаннан қыз да, күйеу де дәм ауыз тимеу керек, бұл олардың әке-шешелеріне де қатысты болған.

Адам баласы туылып, о дүниеге аттануы сол рудың, елдің елдігін көрсететін сын болып табылады. Өлік шыққаннан кейін де қайтыс болған

кісінің туысқандары – ер адамдар өліктің жатқан төсегіне жаңа не жуылған жайылманы жайып, 7 күнге дейін шырақ жағып қойып, «орнын» күзететін. Оның себебі: жетісін бергенге дейін марқұмның рухы үйге келіп жүреді. Шариғат бойынша көз жұмған адамды үйде көп ұстамай, тезірек жерге беру керек. Бірақ Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік өлікті 2-3 күнге дейін сақтау орын алған. Халық түсінігінше, адам қайтыс болған соң үйдің іші көрінбейтін қанға толып, қан сасып кететіндіктен, ол үйде 3 күнге дейін ас пісірілмейтіндігі көрсетіледі. Өлікті жуу көбіне «сүйекке түсу», «сүйекке кіру» деп аталады. Жуу – алланың парызы, жуған адам оған хақы келмеу керек. Сүйек жуғандарға өз ретіне қарай марқұмның киімдерін үлестіреді. Басын ұстаған адамға бас киімін, аяғын ұстағанға аяқ киімін береді. Бұрынғы кезде көбінесе киілген киім берілсе, 70- шы жылдардың аяғынан бастап көбінесе жаңа киім беру салтқа енген. Киім берудің де өзіндік мәні бар. О дүниеге аттанған адамның киімін туған-туысқанына, жақынына беруге тырысқан, олар бұл киімді өліктің жылына дейін киіп жүретін болған. Әйел киімдерінің еркектердікіне қарағанда көптігі олардың күнәларының көп болуына байланысты деген пікірді мәлімдеді. Х.Арғынбаевтың айтуы бойынша, әдетте, еркек кебіні үш, әйел кебіні бес қабат болатындай етіліп пішіледі. Жаназа оқығанда намазда дәрет алған адамдар ғана тұруы керек, ең соңғы қатарда марқұмның туысқандары тұрады. Жаназа шығарған адамға бір мал береді. Өлікті шығарғанда теңге шашу, жыртыс жырту сол кісінің байлығын, жасын берсін деген ұғымнан туындаған. Жасы келген адамның қазасында бейіт басында тәбәрік ретінде жыртыс таратылады.

Бақылау сұрақтары:

1) Дәстүрлер мен салттардың мазмұнын сипатаңыздар.
2) Қазіргі кезеңде халықтық дәстүрлер мен салттардың классификациясын жіктеңіздер.
3) Қазақ халқының дәстүрлерінің дамуының тарихи аспектісі қандай?

26 дәріс. Білім құндылық, процесс, нәтиже және институт ретінде

1. Білім әлеуметтік институт ретінде.
2. Білім әлеуметтік тәжірибені жеткізу механизмі ретінде.
3. Қазақстан Республикасындағы білімнің әлеуметтік проблемалары.

Дәрістің мақсаты: қазіргі әлемде білімнің маңыздылығының артуын түсіндіру.

Дәрістің мазмұны: қоғам мен тұлға дамуындағы білімнің рөлін ашу.

1. Білім-қоғамның әлеуметтік жүйесінің бірі, маңызды әлеуметтік институты. Білімнің мазмұны қоғамның бір күйден екінші күйге өтуін,қалпын білдіреді. Білім ұғымының мазмұны негізінен төрт аспектіден көрінеді:

1) Құндылық ретінде. Білімнің құндылығы жеке адамның, мемлекет пен қоғамның мақсатының бірлігінде.

2) Жүйе ретінде. Қоғамның әлеуметтік жүйесінің көптеген әртүрлі деңгейдегі және бағыттағы мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу-тәрбие ұйымдары мен орындарынан, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерден, әртүрлі орындағы білімін жетілдіру буындарынан тұрады. Білімнің әлеуметтік жүйе, институт ретінде негізгі функцияларына мыналар жатады: өскелең ұрпаққа адамзат жинақтаған білімді жеткізу; тұлғаны әлеуметтендіру процесіне қатысу; әлеуметтік тәжірибенің сабақтастығын қамтамасыз ету; адамзат мәдениеті құндылықтарын меңгеру; әлеуметтік мобильдікке ықпал ету және қоғамның әлеуметтік-кәсіби құрылымын қалыптастыру.

3) Процесс ретінде. Білім процесс ретінде білімді, дағдыны және ептілікті беру мен игертуде және жан-жақты тұлғаны қалыптастыруда өзара байланысқан екі құрылымдық компоненттен- оқу және тәрбие процесінен тұрады.

4) Нәтиже ретінде. Ол инвидуальдық-тұлғалық және қоғамдық-мемлекеттік деңгейде бағаланады. Бірінші деңгейде оның нәтижесі білім алушылардың белгілі бір мемлекеттік білім деңгейіндегі қол жеткен табысымен және соған сәйкес алған құжатымен куәләнады. Мемлекеттік деңгейдегі білімнің нәтижесі елдің экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени прогресі негізінде бағаланады.

Білім институты әлеуметтік бақылауды және билік құрылымының легитимділігін қамтамасыз ететін қоғамның саяси және әлеуметтік жүйесінің бөлінбес бөлігі болып саналады. Зайырлы демократиялық білім жүйесінің даму стратегиясы екі міндетті шешуге бағытталған:

Сауатсыздықты жою және динамикалық дамудағы өндіріс салаларына мамандар дайындау;

Жаңғырған қоғамның саяси құндылықтарын қабылдаған қазіргі саяси ұйымдармен тиімді өзара әрекетке қабілетті азаматты тәрбиелеу.

Қазіргі білім институты күрделі инфрақұрылымнан тұрады: оқу орындары мен үйлестіруші орталықтар желісінен, қаржыландыру жүйесінен, кәсіби оқытушылар құрамынан, оқушыларды оқыту әдістері мен білімін бағалау жүйесінен жасалған оқу бағдарламалары мен оқу құралдарынан, көрнекі оқытудың қосымша техникалық құралдарынан және т.с.с. құралған.

Ұлттық білім жүйесін ұйымдастыруға қатысты дәрежесі бойынша мемлекетті үш түрге бөлуге болады:

– орталықтанған (Франция, Италия, Дания, Швеция, Норвегия, Греция, Аргентина, Бразилия, Сальвадор);

– орталықтандырылмаған (Швейцария, АҚШ, Германия, Индия, Канада, Австрия);

– аралас (Ұлыбритания, Жапония).

Қазақстан, Ресей және т.б. ТМД елдеріндегі халыққа білім берудің жүйесі жалпы (балалар мен жасөспірімдердің кәсібилікке дейінгі тәрбиесін

қамтамасыз ететін оқу орындарының жүйесі) және арнайы білімге бөлінген. Жалпы білім деңгейі бойынша жоғары, орта арнаулы, кәсіби- техникалық білімге бөлінеді. ҒТР және жаңа ақпараттық технологияның ықпалымен ХХ ғасырдың соңында бірқатар елдерде ұлттық білім жүйесін реформалау басталды. Білімнің барлық мектепке дейінгі, мектеп, кәсіби, мамандар дайындау мен біліктілігін арттыру деңгейлері мен түрлерін біріктіруге бағыт-бағдар ұстаған үздіксіз білім тұжырымдамасын дайындауға ерекше көңіл аударылды.

2. Білім бұл адамның ғылым мен мәдениетке енуінің бірден-бір оптимальді және интенсивті тәсілі. Білім процесі барысында ғана адам мәдени құндылықтарды игереді. Білімнің мазмұны әртүрлі елдер мен халықтардың мәдени мұраларынан, тұрақты дамудағы ғылымның әр саласынан, сондай-ақ адам өмірі мен практикасынан жиналады және үздіксіз толығып отырады.

Білім-қоғам мен нақты адамның арасын байланыстырушы буын. Қоғам өзінің әлеуметтік институттарымен және ұйымдарымен адамдарды және қоғамдық құрылымдарды қажетті бағытқа жөн сілтеу үшін, осы мақсатқа жету үшін ең алдымен білімді пайдаланады. Қоғамдық масштабта білімнің мазмұны өзін тиімді меңгерту үшін сәйкес мекемелерді, құрылымдарды, институттарды талап етеді. Мектеп институты дүниеге келеді, университеттер құрылады, арнайы орта оқу орындары пайда болады.

Орта ғасыр және жаңа заман жағдайында кітап баспасының артуымен байланысты қазіргі формадағы білім беру шықты. Бүкіл тарихи кезеңдердің бәрінде әртүрлі білім беру құрылымдары қоғамның және мемлекеттің сауатты және білгір адамдарға деген қажеттілігін қанағаттандырып отырды. Білімнің дамуына мемлекетте, өндірісте, ғылымда, мәдениетте және отбасында қажеттіліктің пайда болуы білімнің жаңа кезеңге өтуін білдірді және оның парадигмаларына ықпал етті. Осы формадағы екі жақты қажеттілік пен мүдделік XIX-XX ғасырлар тоғысында қалыптасты. Қоғам мен оның нақты әлеуметтік институттары оны анықтады. Тек қана солар ғана өмірде білімнің және оның тұжырымдамаларының педагогика және басқа да ғылыми пәндер деңгейінде, жалпы әлеуметтік-гуманитарлық білім деңгейін қарқынды дамуға әкелді.

XX-XXI ғасырлар тоғысында білім рөлінің индивидтің, көптеген әлеуметтік топтардың, жалпы қоғамның өмірінде айтарлықтай күшеюі білімнің маңызын мойындауға жеткізді. Бұл білімнің жаңа,құнды парадигмасын енгізуді талап етті. Кейбір авторлар (мысалы, Д.Белл, Э.Тоффлер) білімді әлеуметтік құндылық базасы ретінде қалыптастырып, XXI ғасырдағы қоғамды білім қоғамы ретінде сипаттайды. Егер бұрынғы ақпараттық дәуір «кітап» мәдениетін қалыптастырса, қазіргі ақпараттық қоғамға өту «экрандық мәдениеттің» таралуын жүргізуде. «Гутерберг (бірінші типограф) галактикасын» «Ғаламтор галактикасының» алмастыруы жүруде.

3. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері білім саласында реформа жүргізіліп келеді. Білім жүйесіне қосылып, жоғары білім берудің бакалавр-магистр (немесе доктор дәрежесі) сынды екі деңгейлік жүйесіне

көшті. Білім беру жүйесінің қызметкерлерінің, әсіресе мұғалімдердің, профессор-оқытушылар құрамының, тәрбиешілердің және басқа да білім беру субъектілерінің әлеуметтік қорғалуы, материалдық жағдайы, әлеуметтік орны, мәртебесі, беделі маңызды мәселе болып табылады. Бұлар білім саласындағы аса күрделі әлеуметтік проблемалар, олар бірте-бірте шешілетін болады. Оқу орындарын мамандармен қамтамасыз ету мәселесі, әсірісе мектерде әзірге білікті мұғалімдер жетіспеушілігі орын алуда. Жоғары білімді мұғалімдер қатары аз. Бұл ауылдық мектептерде орын алуда. Кейбір мектептерде сабақты педагогикалық білімі жоқ мұғалімдер жүргізіп келеді.

Республиканың оқу орындары, әсіресе мектептердің оқу ғимараттарымен, корпустармен, жатаханалармен қамтылуы қанағаттанарлықсыз. Бұл тұрғыдан алғанда жаңа мектептер салу, мектептерді, училищелерді жөндеуден өткізу өткір мәселе күйінде қалып отыр. Көптеген балабақшалар 90-жылдары жекешеленіп кетуіне байланысты мектепке дейінгі мекемелердің жетіспеушілігі байқалады. Мемлекет қалалар мен ауылдық жерлерде балабақшалар салуды қарқынды жүргізуді қолға алып, осы мақсат үшін үлкен қаржы бөлуде. Осы тұрғыдан алғанда мемлекеттік бастауыш және орта кәсіби оқу орындары үшін бұл істер ерекше маңызды. Бір кездері олардың қалаларда жақсы ғимараттары болған еді, бүгіндері қиыншылықтар көруде. Бұл бағытта да сәйкес құжаттар қабылданып, үкімет мекемелері аталмыш проблемаларды шешуге кірісті. Мұндай мәселелер жоғары оқу орындарында да кездесуде. Ондағы әлеуметтік мәселенің арасынан профессор-оқытушылар құрамының жалақы деңгейі, оларды баспанамен қамтамасыз ету және т.б. мәселелер көзге түседі. Профессор-оқытушылар құрамының жалақы деңгейі әлі де болса орта республикалық деңгейге жеткен жоқ. Олардың 40%-ның ғылыми атағы мен дәрежесі жоқ. Мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылардың қатарын айтарлықтай көбейту емес, оқулықтар мен оқу құралдарының деңгейін арттыру, олардың аз данамен шығуы мәселесі әліде орын алып отыр. Коммерциялық жоғары оқу орындарында да дәл осындай әлеуметтік проблемалар қалыптасқан. Мемлекет білім беру саласында қаржыны жыл сайын бөлгенімен, проблемалар әлі де сақталуда.

Бақылау сұрақтары:

1) Білімнің әлеуметтік институт ретінде қандай ерекшеліктері бар?
2) Білім әлеуметтік институт ретінде қандай функциялар атқарады?
3) Қазақстанда білімнің қандай әлеуметтік мәселелерін білесіңіздер? Одан шығудың жолдары қандай?

27 дәріс. Ғылым және білімнің қазіргі стратегиясы мен модельдері

1. Білімнің тарихи, экономикалық және әлеуметтік факторы, оның негізгі сипаттары мен ерекшеліктері.
2. Білім ұғымының жетілуі, кеңеюі.

3. Әлемнің әртүрлі мемлекеттеріндегі білімнің қазіргі жүйесі.

Дәрістің мақсаты: студенттерге білім беру жүйесіндегі білім берудің әртүрлі функцияларына және қазіргі уақыттағы тұрақты модельдеріне түсінік беру.

Дәрістің мазмұны: білім беру жүйесі базалық және қосымша білім беретін өзара байланысқан мекемелер бірлестігі жетік қарастырылады.

1. Қазіргі уақыттағы өркениеттің әлеуметтік институттары ішінде білім алғашқы позициялар қатарынан орын алады. Шешуші түрде технологиялық, экономикалық, саяси дамудың қарқыны, қоғамдағы мәдениет пен руханилықтың күйі, адамның аман-саулығы осы білімнің саласына байланысты. Бұрынғы уақытта екі жұмыскер адамға бір оқушы келетін. Қазіргі уақытта да білім саласы басынан кешіп отыр. Адам мәдениеті, қоғам жетістіктері мен жалпы көпшілік мәдениеті мүмкіндіктері арасындағы диспропорция қалыптасып, тереңдеуде. Адамзат ешқашан да өзінің ғылыми ашуларын, өндірістік технологияны, ақпараттық жүйені төмен коэффициентпен соншалықты қолданып көрген емес. Адамзат мәдениетінің тас талқан болуы дабыл қақтыруда. Мамандар өз пәнімен тұйықталды, өз әрекеттерінің болашақта тигізетін салдарын көруді қойды, олардың арасындағы өзара түсіністік әлсірей бастады, жаппай тәжірибенің жетістігінің таралуы мен кедергілері өсуде.

Білім берудің әлеуметтік проблемаларымен әлеументтану бағыттардың өкілдері айналысып келеді. Э.Дюркгейм білім берудің әлеуметтік қырларын анықтап берді. Оның пікірінше білімнің негізгі қызметі – мәдени құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа тарату. Оның функционалдық теориясы бойынша мәдени құндылықтар білім арқылы сақталады, сонымен бірге бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріледі. Ол тек қана қоғам, оның мүшелері арасында бірлік болған жағдайда өмір сүріп кете алады деп тұжырымдайды. Екінші жағынан мұндай құндылықтарды жастарға беру үшін формальды ұйымдар керек, мәселен түрлі сатыдағы мектептер қажет.

Әлеументтанудағы функционалистік дәстүрді дамытқан Т.Парсонс болды. Ол Дюркгеймнің білім беру жүйесі индивидті қоғаммен байланыстырудағы әлеументтендіруші рөлінің маңызына орай қалыптасады. Бірақ Парсонс отбасы және білім беру мекемелерінде әлеуметтендіру ерекшеліктерін жеке - жеке талдап көрсетеді. Ол жеке біреуді бала ретінде қарастырып, ал қоғамдық стандарттан тыс қалады. Отбасы ішінде сәбидің статусы туылған күннен бері анықталады. Бірақ қоғамда әлеуметтік статусына индивид өз күш - жігерінің арқасында қол жеткізеді. Осылайша жеке адамның отбасындағы шама-шарқы жалпы қоғамдағы жағдайынан туындайды, ерекшеленеді. Т.Персонстың білім беру әлеументтанудағы аса маңызды ереженің бірі білім беру жүйесі жеке адамдарды нақты еңбегіне қарай бағалау қажеттерін уағыздайды.

Республикамызда болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесіне әсерін тигізуде. Нарық мұнда да өз әмірін жүргізе бастауда.

Оқу, білім алу адам өмірінің үлкен бөлігін - оның жемісті, шығармашылық жылдарын ескере отырып қамтиды. Квалификацияның орта деңгейіндегі мамандыққа үміткер жас адам 13 жылдан кем оқымау керек, ал жоғары квалификациялы мамандық үшін оқу мерзімі 20 жылға дейін барады. Жүйелі білімге қосылатын төменгі шек те түсіріледі: білім ерте бала шақта енеді, ене отырып бұның психофизикалық салдары жөніндегі нақты мәліметтерді ескермейді. Білім алудың аса жауапкершілікті фазасы адамның әлеуметтік өзін-өзі тану кезеңі - кәсіптік, отбасылық және азаматтық дәуіріне сәйкес келеді.

Білім әлеуметтануды нені зерттейді?

Оның зерттеу нысанасын не құрайды?

Оның қызығушылықтарының аумағын біле отырып, ол білімді әлеуметті-мәдениетті институт ретінде тани отырып, оның генезисін, қызметін, құрылымын, ұйымдастыру ретін, білім саласының әлеуметтік құрылым динамикасын, осы саланың басқа қоғамдық институттарымен және адам өмірі саласымен өзара байланыстылығын зерттейді.

2. Әдебиетте оқу жүйесін белгілеу үшін мынандай терминдер қатары қолданылады: ілім, оқу, үйрету, білім, тағы басқалары. Жалпы түсінік ретінде «ілім» түсінігі қабылданған, соның ішінде ілім- білімді игеру ретінде, ілім-тәжірибені игеру мен ілім-білім - мәдениетті игеру ретінде. Ілімді игеру ретінде түсінудің ілімдік негіздерін белгілі психолог С.Л. Рубинштейн салған. Оның есептеуінше, ілім мен ғылыми таным әртүрлі, бірақ түпті емес. Ілім - танымның бір түрі. Мұндай көзқарас білім туралы түсінікті тек білімді игеру жүйесі ретінде ғана емес, сондай-ақ тәжірибені игеру ретінде де толықтырады.

Ж.Пиаже ілімді тәжірибені игерудің формаларына терең эксперименталды сараптама жүргізді. Олардың ішінен бөліп қарайтыны: ассимиляция - ескі кесінділерге жаңа нысананы қосу мен аккомодация - бастапқы кесіндіні жаңа нысаналарға соңғысының құрылымын ескере отырып ыңғайластыру.

Бірінші жағдайда (ассимиляция) - қандай да бір мақсат, міндеттерді шешудің белгілі алгоритмдерінің негізінде шешіледі. Ал, екінші жағдайда (аккомодация) - адам принципті жаңа мәселеге, міндетке кезіккенде өзінің дағдысы мен икемін соған ыңғайластырады. Ағзаның өзін қоршаған ортаға бейімделуі субъект пен объектінің теңестрілуі ретінде қарастырылады.

Бұндай ойлар Выготский негізін салған білімге мәдениетті игеру құралы ретінде қарау көзқарасы жатыр. Адамның мәдениетті игеру тарихи қалыптасқан қызметті көптүрлі формаларында жүреді.

Адамның, жеке тұлғаның қалыптасуы қарапайым қатынастан - ойынға, ойыннан - оқуға, оқудан - еңбекке өрлеу жүйесінде жүреді.

Құндылықтарды игеру жүйесі осы құндылықтар қызмет ететін қоғамдық қатынастардың жүйесіне байланысты. Яғни, оқу - бөлек құндылықтарды игерумен ғана шектеліп және әрекеттердің бағыт-бағдары мен дағдылардың

қалыптасуымен байланысты болып қана қоймай, жеке тұлғаның әлеуметтік байланыстар жүйесінің субъектісі ретінде қалыптасуынан шығады, сонысымен ол тәрбие формаларының біреуі болып табылады.

Соңғы жағдай қоғамның технологиялық, экономикалық, саяси, экологиялық және тағы басқа қажеттіліктерін өтейтін оқудың әлеуметтік жүйесін тарқатуда өз көрінісін табады.

Білім беру - адамның дамуының жалпы әлеуметтік формасы. Ол ұйымдастырылған және ұйымдаспаған, прогрессивті және қалыс қалған болуы мүмкін, бірақ білімсіз адамның дамуы мүмкін емес. Білім берудің мақсаты - ұрпақтан-ұрпаққа адамзат мәдениетінің жетістіктерін жеткізу, олар: өндірістік технологиялар мен адамдардың қарым-қатынасы, әлемді қабылдау дәстүрлері немесе өндірістік өнер. Э.Дюркгейм осы фактіні баса көрсетеді. (Мысалы, Афин тұрғындары көркем өнерді үйренуге, Көне Римде - әскери басқарушылар мен мемлекет қайраткерлерін дайындауға, Орта ғасырларда - христиандық ілім-білімді игеруге, қайта өрлеу дәуірінде өнерге, әдебиетке деген қызығушылыққа көп көңіл бөлінген).

Жеке тұлғаның қалыптасуы мен өмірге қабілетті қоғамның білім берудің жемісінің орнығуы. Оқу мен білім беру - әлеуметтік құрылымның құрамдары. Қоғамдық ой-пікірде, нормативті құжаттарда білім беру институттарына тек қана білім беру қызметін жүктеп қана қоймай, әлеуметтенуді, тәрбиелеуі жүктелген.

Сонымен, білім беру дегеніміз - қоғамда құндылықты, оқу мен білімді бір адамнан немесе топтан басқасына берілудің негізін құрайтын институцияланған (формальді) жүйе. Біз білім беру функционализм заңына сәйкес құндылықтардың сақталуы мен технологияның жаңа әдістерін енгізумен және іс жүзіндегі білімнің аса тыс бағалануымен байланысқан әлеуметтік өзгерістерге жағдай жасайтынын атап көрсеттік.

3. Бастауыш және орта мектеп деңгейінде білім беру жүйесінің бөлек сатыларға бөлінуі оқушыға шектелген психологиялық және биологиялық мүмкіндіктер әкеледі. Білім беру жүйесі оқушылардың осы шектеулерді аса жоғары деңгейлерде бастан өткізетін бірнеше өлшемдермен ерекшеленеді.

Американдықтар білімді табыс көзі деп есептейді. Білім деңгейі мен жұмыстағы табыспен, сәттілік арасында тығыз байланыс бар. Бірақ бұнымен қоса, табыс, сәттілік басқа да факторлармен сипатталады, мысалы, ата-аналардың социоэкономикалық статусы.

Білім беру қоғаммен, оның негізгі белгілерімен (еңбек, тіл, сөздік қарым-қатынас) бірге пайда болған. Ол келешек ұрпақты оқытуға, тәрбиелеуге қатысты адамның меншікті қызметі болып табылады.

Білім беру жүйесі базалық және қосымша білім беретін өзара байланысқан мекемелер бірлестігі. Білім беру жүйесінің негізінде жатқан - базалық білім беру, ол мазмұнымен ерекшеленеді де, заңды түрде куәлік, аттестат, диплом (мектепке дейінгі сатыдан басқа) түрінде көркемделеді. Оның ішкі жүйелері боп саналатындар:

1) Мектепке дейінгі білім.

2) Мектепте алынған толық емес орта білім.
3) Үш негізгі жолмен асатын толық орта білім.
4) Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптары.
5) Орта кәсіби техникалық білім.
6) Орта арнайы білім.
7) Жоғары білім, одан кейінгі білім аспирантура мен докторантура.

Мектеп - қазіргі білім берудің негізгі басты институты. Оның негізгі қызметі - оқыту. Оқытушы мен оқушы арасында белгілі өзара қарым-қатынастарды бекітеді. Әрбір мектептің өзінің оқыту стандарты болады, оның мақсаты - оқушыны қандай да бір белгілі бір дәрежеде дайындыққа жеткізу.

Педагогикалық жүйелердің дифференциациясынының негізгі бағыттары:

- мектеп - гимназиялар;
- мектеп - лицейлер;
- мектеп-кешендер, соның ішінде «балабақша-мектеп».

Жалпы мақсат - адамды мәдени жетістіктерге жетуді қарастыра отырып, білімнің қазіргі жүйесі басқа да әртүрлі функциялар атқарады, адам мен қоғамның көптеген өмірлік мәселелерін шешудің механизмі, әмбебап әдісі болып табылады. Білімнің қызметі: оқыту, әлеуметтендіру, тәрбиелеу.

Әртүрлі өкілдер арасында, қоғамдық ойда білім берудің мақсаты жөнінде 3 аса тұрақты модельді бөліп қарастыруға болады:

1) *Экстенсивті модель* - мүмкіндігінше барынша толық жиналған тәжірибені, мәдени жетістіктерді беру, оқушыға өзін-өзі анықтауға көмектесу, ондағы әлеуметті іске асыру.

2) *Өнімді модель* - оқушыны өзінің жеке дамуы мен әлеуметтік қауымдастық дамуын қолдайтын белгілі бір жұмыс құрылымымен айналысуға тура келетін қызметтің түрлеріне дайындау.

3) *Интенсивті модель* - оқушының әмбебап сапаларын дамыту негізінде оны тек қана белгілі бір пәнді игеріп қана қоймай, сондай-ақ өзін тұрақты жақсартуға, жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға дайындықты қалыптастыру.

Білімді әлеуметтік институт есебінде қорытуға әлеуметтік бірліктердің өзара байланысын білу қажет, ол үшін оларды әлеуметтік тұрғыдан зерттеу керек.

Бақылау сұрақтары:

1) Білім әлеуметтануының мазмұнын анықтаңыздар.
2) Ілім – әлеуметтік - мәдени процесс ретінде түсіндіріңіздер.
3) Білім берудің тұрақты модельдерін атап көрсетіңіздер.

28 дәріс. Мәдениет құндылықтар жүйесі және әлеуметік институт ретінде

1. Мәдениетті зерттеудегі негізгі теориялық амалдар.

2. Мәдениеттің іргелі сипаттары.
3. Мәдениеттің әлеуметтік функциялары.

Дәрістің мақсаты: теориялық амалдарды аша отырып мәдениеттің қоғамдағы рөлін көрсету.

Дәрістің мазмұны: мәдени-аналитикалық, құрылымдық-функционалдық және құрылымдық-символдық зерттеу амалдарын, мәдениеттің басты- басты сипаттырын ,т.б. қарастыру.

1. Мәдениетті әлеуметік құбылыс және институт ретінде қарастырғанда, олардың әлеуметтік мәнін зерттегенде, мәдени-аналитикалық, құрылымдық-функционалдық және құрылымдық-символдық бағыттар, амалдыр, аса тиімді, жемісті. Мәдени-аналитикалық амал теориясының өкілінің бірі П. Сорокин (1902-1979). Ол мәдениетті зерттеуде ерекше амал қалыптастырып, қоғам мен мәдениетті ажырамас бірлікте (осыдан «социомәдени» термині шықты) қарастырды, адамның қызметінің барлық аспектісін осы призма арқылы талдау керек деп есептеді. П. Сорокиннің пікірінше, тек құндылықтар ғана кез келген мәдениеттің негізі және фундаменті қызметін атқарады. Басымды құндылықтар сипатына сәйкес, П. Сорокин барлық мәдениеттен тыс жүйені идеационалды, идеалистік және сезімтал (қазіргі) типтеріне бөлген. Бұлардың біріншісі бір ғана құндылық және шынайылық ретіндегі Құдайды ең сезімтал және асқан парасатты деп қабылдау принципіне негізделген. Бұл типке ол ортағасырлық еуропа мәдениетін, брахмалық Индия, будда және б.з.д. VIII-VI ғасырдағы грек мәдениетін жатқызады. Екінші жүйені П. Сорокин идеационалдық пен сезімталдықтың арасындағы аралық ретінде қарастырады, өйткені бұл мәдениеттің басымды құндылықтары Аспанға, Жерге бағыт-бағдар ұстайды. Мәдениеттің осы типіне П.Сорокин Батыс Еуропаның XIII-XIV ғасырлардағы, сондай-ақ б.з.д. V-IV ғасырлардағы Ежелгі Грекия мәдениетін жатқызады. Мәдениеттің қазіргі типін П.Сорокин сезімтал деп атайды. Бұл тип объективті ақиқат және оны мәнінің сезімталдылығын мойындауға негізделген. Сезімтал мәдениеттің қалыптасуы XVI ғасырда басталып, шарықтау шегіне XX ғасырдың ортасында жетті. Бұл мәдениет идеационалды мәдениет құндылықтары діннен, моральдан және т.б. босатуға ұмтылды. Оның құндылықтары күнделікті өмір шындығының төңірегіне шоғырланған. П. Сорокиннің пікірінше бүгінгі «сезімтал» мәдениет бітуге дұшар. Георг Зиммель (1858-1918) «Қазіргі мәдени дау-дамай» атты еңбегінде әрбір әлеуметтік жіктің құндылығы болады, олар әлеуметтік әрекеттің бағыталуын айқындайды, осы мағынадан келгенде қоғамда құнды-бағыт-бағдарлы бірліктің пайда болуын күту қиын болатынын, демек әлеуметтік өмірдің рухани саласында бірігіп ұмтылудың болмайтынын жазды. Мәдениет рухани маңыздылығы өмір қызығын және сезінуі минимумға жеткен тұрмыстық, бұқаралық болумен қатар, ерекше дамыған индивидтердің сезімтал жігіне оларға түсінікті және жоғары бағалайтын, яғни элиталық

болады. Мәдениет құбылыстарын зерттеудің құрылымдық-функционалдық амалы ХХ ғасыр басында қалыптасты. Б.Малиновский функционалдық әдістің көмегімен әлеуметтік-өзара әрекеттің әртүрлі формаларын жазды және мәдениет ұғымын әлеуметтік жүйелердің өзара байланысының органикалық жиынтығы ретіде пайдаланды. Әлеуметтік жүйелер адамдардың бірінші(табиғи) және екінші (әлеуметтік-мәдени) қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қызмет етеді. Ал мәдениет әлеуметтік тәжірибе ретінде көрінеді. Мәдениеттердің арасындағы айырмашылықтарды көрсете келе Б.Малиновский қажеттіліктерді жүзеге асырудың алуан түрлі тәсілдерін байқатты. Әрбір әлеуметтік жүйенің өз мәдениеті болады. Мәдениет алмасуын ол процесс ретінде түсінді, соның арқасында әлеуметтік жүйе формалары басқасына өтеді, бұл әртүрлі факторлардың ықпалымен болады.

Функционалдық әдіске түсініктеме берген А.Р. Рэдклифф- Браун мәдениетке ықпалдасқан жүйе ретінде қарайды. Оның әрбір элементі әлеуметтік құрылым өмірінде белгілі бір функция атқарады. Осы функцияларды анықтау «Әлеуметтік физиология» немесе мәдениет әлеуметтануы ғылымының міндетіне айналады. Осындай жағдайдан шыға отырып ғалым жалпы функционалдық заңдар барлық адамзат қоғамына, барлық мәдениетке тән деп санайды. Функционалдық әдіс оларды ашуға, олардың көмегімен мәдениеттің әрбір элементін түсіндіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде қызмет атқарушы ретіндегі мәдениетке ықпал ететін құбылыстардың сипатын зерттеуге мүмкіндік пайда болады.

Құрылымдық-символдық амалды жақтаушылар әлеуметтік шынайылықтың жаңа моделін жасау мүмкіндігі туралы жариялады. Бастапқыда құрылымдық түзілім ретіндегі тіл сондай модель болды. Швейцария тілтанушысы Фердинанд де Соссюр (1857-1913) тілді бірінші болып таңба, белгі жүйесі ретінде анықтады және оны семитология ретінде зерттеуді ұсынды. Ол адамның тілдік сөйлемше формаларының барлық проблемасына лингвистика талдау жасай алмайды, ол үшін психология мен әлеуметтанудың зерттеу әдістері қажет деп есептейді. Француз антропологі Клод Леви-Стросс (1908) «Үшінші дүниенің» көптеген елдерінде этнографиялық зерттеу жүргізді: қарапайым адамның ойлау ерекшелігін көрсетуге ұмтылды. Түземдердің мәдениеті өз заманының және дүниенің белгілі бір бөлігінің мәдениеті. Құрылымының басқа элементтердің өзгеруі, бір элементінің өзгеруіне, бір типтегі модельдердің қайта құрылуы модель топтарын құруға әкеледі. Басқаша сөзбен айтқанда құрылымдық әдістері әлеуметтік құрылымның статистикасын және динамикасын, олардың субординациясын зерттеуге мүмкіндік береді.

2. Мәдениет ұғымы адамның әлемге (дүниеге) әмбебап қатынасын білдіреді, сол арқылы адам әлемді және өзін де жасайды. Адамның әлемге қатынасын мән, мағына анықтайды. Мән, мағына адамның кез келген құбылыспен, затпен қатынасын белгілейді: егер де бірдеңе мәнінен айырылатын болса, онда ол адам үшін керексіз болады. Тек қана мән-мағына ғана мәдениетті құрайды. Адам осы мән, мағынаны бүкіл әлемге үйлестіріп

береді. Әлем ол үшін өзінің әмбебап адами маңыздылығымен көрінеді. Мәдениет адамның әлемді «өзінікі» жасайтын әмбебап тәсілі. Осылайша бүкіл әлем адами мән, мағынаны алып жүрушіге, мәдениет әлеміне айналады.

Америка әлеуметтанушысы, этнографы Джордж Мердок бүкіл адамзат мәдениетіне тән бірнеше «іргелі сипаттарды» ерекшелеп көрсетті.

1) Мәдениет оқу, білім арқылы таралады.
2) Мәдениет тәрбиемен беріледі.
3) Мәдениет әлеуметті.
4) Мәдениет идеационды.
5) Мәдениет қажеттіліктерді қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.
6) Мәдениет бейімделгіш.
7) Мәдениет интегративті.

Мәдениеттің іргелі сипаттарын айқындауда мәдениеттің элементтері маңызды рөл атқарады. Мәдениеттің негізі элементтері:

1) Құндылықтар, бұл көптеген адамдардың бөлісетін құрметті, қадірлі түсінігі. Құндылық күмән тудырмайтын нәрсе. Ол жазылмаған жарлық, бірақ оны сол мәдениеттің барлық адамы біледі.

2) Социомәдени нормалар-индивидтердің, топтардың қызметіне және қарым-қатынастарына қойылатын талаптар. Олар тарихи қалыптасады және әр кезде қайсыбір қоғамдық қажеттілікті білдіреді. Социомәдени нормаларда құндылықтарға қарағанда бұйрықтық сәттерді, белгілі үлгіде қимылдауды талап етеді. Мәдени нормалар: әдеттер, салттар, дәстүрлер, заңдар.

3) Әдеп-адамның ұқсас жағдайда бір әрекетті қайталауға психологиялық бейімі. Бастапқыда ол жеке адамдарда қалыптасады, содан кейін оны адам топтары қабылдайды да ұжымдық әдетке айналады.

4) Салт-ұжымдық әдеттер бекіткен мінез-құлық тәртібінің дәстүрі. Содан соң салт әрекетінің бұқаралық үлгісі ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріледі, яғни дәстүрге айналады. Салтты бұзушыларға санкциялар қолданылады.

5) Әдет-ғұрып - бұл моральдық маңызға ие болған әдеттер. Әдет-ғұрыпқа мораль ұғымы жақын. Мораль-бұл қайырымдылық пен зұлымдыққа, әділеттікке т.б. түрде идеялық негізделген мәдени нормалар жиынтығы. Үлкенді балағаттау, әйелді ұру, әлсіздерді ренжіту әдет-ғұрыпқа, адамгершілікке жатпайды. Діндарға шіркеуге бармау әдет-ғұрыпсыздық, ал дінге сенбейтін адам үшін олай емес. Яғни әртүрлі субмәдениеттерде әдет-ғұрып ұғымының айырмашылықтары болады.

6) Заң-мемлекеттік жоғарғы органдардың қабылдаған нормативтік актісі. Социомәдениет нормаларының бұл түрі сөзсіз бағынуды талап етеді.

3. Мәдениеттің негізгі функциясы:

- адам шығармашылығы (ізгіліктік), яғни адамның шығармашылық қуаты оның өмір тіршілігінің барлық формасында дамиды(басты функция);

- мәдениет таным құралы және қоғамның, әлеуметтік топтың, жеке адамның өзін-өзі тануы тәсілі болғандықтан гносеологиялық (танымдық) міндеттер атқарады;

- ақпараттық-бұл әлеуметтік тәжірибені хабарлап, басқаларға қарағанда уақыт байланысын (өткенді, бүгінгіні және болашақты) қамтамасыз етеді;

- коммуникативтік – бұл өзара түсініктің бірдейлігін қамтамасыз ететін әлеуметтік қарым-қатынас міндеті;

-құндылық-бағдарлық міндеті, яғни мәдениет өзіндік ерекше «өмірлік құндылықтар картасы» іспетті белгілі бір бағыт жүйесін береді, соның негізінде адам өмір сүреді және оған бағыт ұстайды;

-нормативтік-реттеушілік, басқарушылық міндетінде мәдениет адам мінез-құлықына әлеуметтік бақылау құралы ретінде көрінеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Мәдениетті зерттеудің негізге теориялық амалдары қандай?
2. Мәдениеттің іргелі сипаттамасына не жатады?
3. Мәдениет қандай функцияларды атқарады?

29 дәріс. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары қоғамының әлеуметтік институты ретінде

1. Бұқаралық ақпарат құралдары ұғымы және мәні.
2. Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі әлемдегі жауапкершілігі.
3. Саясат және БАҚ.

Дәрістің мақсаты: БАҚ қоғамдық процеске ықпалын,рөлін аша отырып, оның қазіргі қоғамдағы еркіндігі мен жауапкершілігін талдау.

Дәрістің мазмұны: БАҚ-ның түрлері мен функцияларын, әлеуметтік жауапкершілігін қарастыру.

1. «Коммуникация» термині ғылыми әдебиеттерде XX ғасырдың басында пайда болды. Коммуникация (латынның communication-жалпылау, әңгімелесу, байланысу, хабарлау, жеткізу деген мағына беретін сөзінен шыққан) - адамдар, топтар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттің қажетті элементі болып табылады. Соның барысында әлеуметтік үрдістер саласында жетекші орын алатын ақпараттарды, сезімдерді, бағаларды, маңыздылықты, мәнді құндылықтарды беруге қол жетеді. Коммуникация - бұл адамдардың тіршілік әрекеті үрдісіндегі олардың өзара әрекетінің ерекшелікті формасы. Коммуникациясыз әлеуметтік қауымдастықтарды, әлеуметтік жүйелерді, институттарды, ұйымдарды және т.б белгілеу мүмкін емес, ол болмайынша әлеуметтілік, социум өмір сүре алмайды. Коммуникация қоғамның әлеуметтік топтарының және жекелеген индивидтердің өмірінің барлық жақтарын қамтиды. Коммуникация негізінде қоғамда адамның жеке басының және ұжымның мінез-құлық ережелері қалыптасады. Егер де жалпы коммуникация моделі үш бөлімдік құрылымынан: коммуникатор - хабардан тұратын болса, бұқаралық коммуникацияда

хабардың нақты адресаты болмайды, өйткені БАҚ арқылы ақпарат қандай жағдай болмаса да тұтынушысын табады. Мұндай қатынастарда коммуникатор белсенді рөл ойнайды және аудитория үшін виртуалды шынайылықты жасай алады немесе шынайылықты жоғалту сезімін жасайды. Аудитория мен БАҚ арасындағы қатынас тәуелділік сценарии бойынша құрылады. Бір жағынан масс – медианың тыңдаушыларға, көрермендерге, оқырмандарға деген объективті мүдделік бар, екінші жағынан, БАҚ – негізгі қалың бұқара үшін ақпараттың басты қайнар көзі. Қоғам, жіктерден, таптардан, қабаттардан тұратын, қандайда бір коммуникациялық код жасайды. Әртүрлі әлеуметтік топтардың кодтарының бірлігі коммуникациялық тиімділігін қамтамасыз етеді. Осылайша, шексіз аудиторияға ықпал етуге және оны басқару мүмкіндігіне, ақпаратты жеткізу шығынын барынша төмендетуге және әлемде болған кез келген оқиғаға жедел жауап қайтаруға бұқаралық коммуникация құралдары (БКҚ) белсенді пайдаланылады. Бұл үрдісті экономикалық және саяси факторлар айқындады. БКҚ мүмкіндіктерін зерттеу, әсіресе олардың қоғамдық процестерді басқару саласындағы маңызын анықтаудан, «мемлекет - қоғам» жүйесінің өзара қатынастарын реттеу тиімділігін бағалау қажеттігінен туындаған. БКҚ қазіргі қоғамды басқарудың маңызды механизмі болып саналады және бірнеше функция атқарады:

1) Ақпараттық;
2) Мінез-құлықты ұйымдастыру;
3) Коммуникация объектілері мен органдарының бүкіл жүйесі арасындағы қатынасты ескеретін коммуникативтік функция.
4) Белгілі бір эмоциональді-психологиялық көңіл күйді қалыптастыру функциясы. Тұрақтылықты сақтау қазіргі қоғамның негізгі проблемасы болып табылады. Бұл қойылған басты мақсатпен түсіндіріледі, топ аралық дау – жанжалдарды барынша төмендету, қоғамда әлеуметтік шиеленісті бәсеңдету. Бұл мәселені шешуде қоғамдық пікірді басқару механизмі – қоғаммен байланыс көмектеседі. Мұнда БАҚ шешуші рөл атқарады.

2. Қазіргі ақпараттық қоғамда еркіндік пен жауапкершілік мәселесі өте өткір. Бұқаралық ақпарат құралдары, адамдардың санасына ықпал етудің үлкен мүмкіндіктерін меңгерген, адам мен қоғам өмірінің барлық саласына еніп отыр. Қоғам өміріндегі теледидар мен баспасөздің рөлін айтып жеткізу қиын, сонымен қатар, бүгінде электронды БАҚ бұқара халық санасына ықпалын шапшаң арттыруда. Бұқаралық коммуникация индустриясының технологиясын жетілдіру, соның ішінде, ақпаратты жинау, өңдеу және тарату тәсілдерін жетілдіру жылдан- жылға өсіп келеді. Редактор мен журналисттердің, бұқаралық ақпарат органдары, құрылтайшылар, билік пен халық арасындағы қатынастардың кешенді сипаты әлеуметтік акторлардың мүдделерінің дау – дамайын білдіреді. Нәтижесінде бұқаралық ақпаратты өндіру және жеткізу бірқатар қарама – қайшылықты факторларға тәуелді болады, ал журналистердің жұмыс нәтижесі кәсіби қауым мен аудитория тарапынан бір мағыналы баға ала алмайтын болады. Қазіргі кезеңдегі

бұқаралық коммуникацияның дамуындағы мұндай баға БАҚ қызметкерлерінің еркіндігі мен жауапкершілігі мәселесін қозғады. Журналистер қоғам алдында, жұмыс беруші алдында жауапты саналады; бұқаралық коммуникация құралдары өз қызметінде тіке немесе жанама болсада зорлық-зомбылықтың, қоғамдық жөнсіздіктің, азшылықты қорлаудың орын алуына жауап береді. Журналистика әрбір бұқаралық ақпарат органдарының артында тұрған күштердің және аудиторияның мүддесін білдіретіндіктен екі жаққада бағынышты. Мемлекеттік немесе жергілікті әкімшілік пен БАҚ қатынастарының кешенді сипаты биліктің көп жақты құрылымымен, БАҚ иесінің жеке басы, сондай-ақ соттар мен прокуратураның құрылымымен детерминдірілген.

3. Демократиялық мемлекет құру деген демократиялық институттарды қалыптастыруымен және нормалардың жинытығын жасаумен шектеліп қалмайды. Олар саяси мәдениет мәнін иеленеді, яғни саяси мінез-құлыққа ықпал ететін құндылықты-нормативті өлшемге айналады. Алайда, БАҚ-ның саяси мәдениетті қалыптастыру процесіндегі рөлін бағалау әркелкі. Қазіргі қоғамда масс-мединаның өмір сүруін нарық қажеттілігі анықтайды, өйткені экономика этика мен мәдениеттен басым. Медиа материалдарын талдау орталық баспасөздің көбіне ішкі және сыртқы саясатқа үлкен көңіл аударатынын көрсетті, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және спорт мәселелеріне назар қоятынын байқатты. Практикада көңіл көтеруге, дүрліктіруге бағыт ұстанған ақпараттық материалдар қоғамда тұтыну идеологиясын және кері кету тенденциясын қалыптастырады, бекітеді, бұл азаматтық борыш, жауапкершілік, патриотизм және адамгершілік сынды категорияның оңтайлығын бұзады. Орталық баспасөз, өз кезегінде, мәліметтерді таратуда оқырманды белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі ретінде қарастыруды мүлдем тыйды. Баспасөзді жүріп жатқан құбылыстар мен оқиғаларға жедел жауап қайтаратын, әсер ететін құрал ретінде қарастырғанда БКҚ-ның уақыт байланысын орнатушы ретіндегі маңызды функциясы назардан тыс қалдырмауы керек. Оның патриоттық санасы осыдан көрінеді. Осылайша, билік, көптеген масс-медианы бақылайтын, өмірлік маңызды проблемаларды шешу үшін қоғамның өз маңыздылығын және ұйымдасуын түсінуге мүмкіндік бермеуіне жауапты. Азаматтық қоғам институттары мен биліктің өзара әрекеттесу әдістемесін жасау қажет. Халықты басқару процесінің кез - келген деңгейіне белсенді тарту керек. БКҚ осы процестің дамуына ықпал етуі тиіс. Соның ішінде, юристік сараптамаға ұқсас, қаралатын заң жобаларының қоғам мүддесіне сәйкестігіне қоғамдық сараптамадан өтуі қажет, заң жобаларын ашық парламенттік тыңдауға немесе көпшіліктің талқысына салу керек. Желілік технологиялар қоғамы жүріп жатқан процестер мен құбылыстар туралы тең құқықты және барынша толық мәліметтерді алмасуды ойластырған әлеуметтік коммуникацияның сапалы жаңа моделін жасау үшін мүмкіндіктер ашады. Бұл тұрғыдан алғанда электронды демократияны мемлекеттік және муниципальді басқаруды ашықтық, есеп беру, әлеуметтік

орталық қажеттіліктерімен санасу критерилеріне сәйкестігін қамтамасыз ететін саяси өзін – өзі ұйымдастыратын қоғамның формасы ретінде түсіндіріледі.

Бақылау сұрақтары:

1) Бұқаралық ақпарат құралдары ұғымына берілген қандай анықтамаларды білесіңіздер?
2) БАҚ жауапкершілігі деген не?
3) Саясат пен БАҚ ара қатынасы қандай?

30 дәріс. Жаһандық кеңістіктегі Қазақстан

1. Жаһандану жағдайындағы Қазақстан.
2. Жаһанданудың Қазақстанға тигізген оң және теріс жақтары.

Дәрістің мақсаты: жаһандану халықаралық қатынас пен әлемдік қауымдастыққа үстем етуші фактор екенін растай отырып, жаһандану процесі қоғамдық өмір салаларын қамтитынын түсіндіру.

Дәрістің мазмұны: жаһандану процесі және оның Қазақстанға ықпалын, жаһандану процесінің әлемдік қауымдастықтағы рөлін, соның ішінде Қазақстандағы жаһандану көріністерінің бағыттарын қарастыру.

1. Жаһандану адамзат дамуының жаңа факторы және қазіргі әлемнің басымды тенденцияларының бірі. Әлемнің өзгеде елдегі сияқты Қазақстан бұл процестен тыс қала алмауы. Еліміздің экономикасының либералдануының және шетел инвестициясының айтарлықтай жоғарғы дәрежеде тартылуы нәтижесінде Қазақстан жаһандануға тартылды. Үлкен энергетика ресурстарының қорының болуы, құнды табиғи қазбалардың болуы, үлкен аумағының және стратегиялық геосаяси жағдайының болуына орай еліміз әлемдік экономикада сәйкесінше орын алды. Қазақстанда мұнай өндіру қарқыны артуда, әлем рыноктарына оларды жеткізудің коммуникациясы жасалуда, бұл мемлекеттің ресурстарды жеткізіп беруші ретіндегі өз әлеуетін жүзеге асыруға ұмтылысын көрсетеді. Әлемдік экономикада әр ел өзінің орнын табуы тиіс. Қазақстанның әлемнің экономикалық кеңістігіне енуі Орталық Азиядағы лидерге айналуында. Қазақстан Орталық Азия республикаларының әлеуметтік – саяси және экономикалық өзара әрекеттесуінің басты буыны болып саналады. Ол өзінің экономикалық ықпалын осы аймақта белсенді саясат жүргізіп, кеңейтуге тырысуда. Экономикалық жаһандану жағдайында елдердің аумақтық және экономикалық қағидатпен жақындасуы жүреді, Қазақстан осындай кооперацияның бастамашысы болып келеді. Ол ТМД, ЕврАзЭЫ (Еуропа экономикалық ынтымақтастығы), ШЫҰ (Шанхай ынтымақтастық ұйымы), ЭЫҰ (экономикалық ынтымақтастық ұйымы, бұған Орталық Азия елдерімен

қатар, Ауғанстан, Иран, Пәкістан және Түркия қатысады), ТРАСЕКА (Еуроазиатский транскортный коридор: Азербайжан, Армения, Болгария, Грузия, Казахстан, Кыргызстан, Молдова, Румыния, Тәжікстан, Түркіменстан, Түркия, Өзбекстан, Украина) және ОЦАС (орталықазия ынтымақтастық ұйымы). Бұның бәрі қатысушы елдердің экономикасының дамуына ықпал етуге тиіс. Қазақстан компаниялары мен банктері Ресей, Грузия, Қырғызстан, Украина және т.б. мемлекеттердің аумағында соңғы жылдары қызметтерін арттырды. Еліміздің әлемдік экономикалық кеңістіктегі орнын түсінуде:

1) Аумақ көлемі маңызды. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан 10 орында. Экономиканың жаһандануы жағдайында еліміздің үлкен аумағы, оның географиялық орналасуы, геосаяси орыны ықпалдасу процесіне тез кіруге ықпал етеді. Ел аумағы Батыс пен Шығыстың түйісінде орналасқан.

2) Жан басына шаққандағы ІЖӨ жағынан Қазақстан 67 орында.

3) Алтын және волюта резервы бойынша 53 орында 17 млрд АҚШ доллары көлемінде (2007 ж). Бұл халықтың хал – ахуалын және экономиканың тұрақтылығының көрсеткіші. Қазақстаннан кейін 140 мемлекет орналасқан, резервы 10 млн $ АҚШ құйтын елдерде бар.

4) Әлем рыногінде шетелден инвестиция тарту және өз инвестициясын шетелге шығару жағынанда Қазақстан белсенді. Шетелге инвестиция шығару жағынан Қазақстан 52 орында. (2006 ж), ал елімізге шетел инвестициясын тарту жағынан 47 орында (2006 ж).

5) Шетел инвестициясын Қазақстанның табиғи қазба байлықтары қызықтырады. Республика әлемдік нарықта көмір өңдеу мен экспорттауда 10 елдің қатарына кірді. Темір рудасының қоруы бойынша әлемде 8 – і орында, әлемдік қорда оның үлесі 6% құрайды. Мыстың үлкен қоры бар, елімізде өндірілген мыс шетелдерге экспортталады. Қазіргі кезде Қазақстан астықты шетелге шығарудағы әлемдегі ірі экспортер. Республикада егістік көлемінің шамамен 90% астықтың үлесіне тесілі. ТМД кеңістігінде астық өндіруден Қазақстан Ресей мен Украинадан кейін үшінші орында. Қазақстанның астықты жылына экспорттау әлеуеті 5-6 мен тоннаны құрайды. Өндірістің жаңа технологиясын пайдаланудың есебінен Қазақстан таяу жылдары әлемдік нарыққа бидайды шығаруды 12 млн тоннаға жеткізбекші.

2. Жаһандану Қазақстанға экономикалық даму үшін көп мүмкіндік береді. Шетел инвесторлары – трансұлттық корпороциялар қаржыны Қазақстан экономикасының негізі – энергетикалық секторға, мұнайгаз саласын салып, экономиканы дамытты. Дүние жүзілік сауда ұйымына Қазақстанның мүше болуы дүние жүзі шаруашылығына ықпалдасуына оң әсерін тигізді. Отандық тауарлардың басқа елдердің нарығына кіруіне жағдай туғызды және еліміздің әлемдік сауда да өз орыны нақты анықтауға мүмкіндік берді.

Қазақстан басқа да Орталық Азия мемлекеттері сияқты шикізат елі рөлін бірте – бірте төмендетіп келеді, сөйтіп экономиканы индустриальды – инновациялық бағытта дамытуға бет бұрды.

Жаһанданудың Қазақстан Республикасы үшін жағымсыз тұстары да жоқ емес, оған келесі факторлар қатты ықпал етті:

- жекешелендірумен және экономиканы либералдандырумен байланысты мемлекеттік меншік өте қысқарды;
- ашықтығы жағынан республика әлемде алғашқы орындардың бірінде тұр;
- Қазақстан мемлекеттік меншігі денгейі айтарлықтай жоғары Қытай және Ресей мемлекеттерімен шектескен;
- Қазақстан геосаяси жағынан Шығыс пен Батыстың түйіскен жерінде орналасқандықтан транзиттік жол, онымен жария тауарлармен қатар есірткі және т.б. тауарларды тасмалдау қауіпі бар;
- Қазақстанның энергетика ресурстары трансұлттық корпорацияларды өзіне тартады және ол ықпалдасу процесін жеделдетеді;
- үлкен аумақ және халық санының аздығы;
- коммуникацияның дамуы, экономиканың индустриалдық сипаты, жұрттың жоғары білімдігі жаһандануды, ықпалдастықты күшейтеді.

Жоғарыдағыларды қорыта келіп, жаһандану экономикалық егемендікке, экономикалық қауіпсіздікке және мемлекеттің ұлттық мүддесіне қайшы келетін қауіп – қатері бар. Сондықтан жаһандану дәуірінде экономиканы қорғау қажеттігі туындайды.

Бақылау сұрақтары:

1) Қазақстанды жаһандану үдерісіне қатысушы ретінде сипаттаңыздар.
2) Жаһанданудың жағымды тұстары қандай?
3) Жаһандану үдеріснің қазақстандық даму моделінің қалыптасуына әсері қандай?

Әдебиеттер тізімі

Негізгі

1 Аубакирова Г. Роль государства в модернизации экономики постсоветского Казахстана // Проблемы теории и практики цпр. - М., 2015. - №3. – С. 27-35.

2 Ахметов А., Ахметова Г., Еңбек құқығы. – Алматы, 2005.

3 Абрамов Р.Н. Профессиональный комплекс в социальной структуре общества (по Парсонсу) // Социс. – 2005. – №1.

4 Аженов М.С., Утепов С.К., Жаназарова З.Ж. Общая социология: Альбом схем. – Алматы, 2001.

5 Аитов Н.А., Бикенов К.У. Социология. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.

6 Аширбеков А.К., Джумакулов З.Д. Реализация прниципов Болонского процесса в Республике Казахстан //ҚР ҰҒА баяндамалары – доклады НАН РК. 2015.

7 Аймыханова Н. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы.- Алматы, «Жеті жарғы», 2012.

8 Әбсаттаров Р.Б., Дакенов М. Әлеуметтану: Өзекті мәселелер. Екі томдық оқу құралы. – А.: «Қарасай», 2013.

9 Әбдікерова Г.О., Шынарбекова М.К. Қазіргі тұлғаның әлеуметтену ерекшеліктері //ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2013. - №1 (44). – 122-130 с.

10 Әбсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. Екі томдық. – Алматы: «Қарасай», 2011. – 424 б.

11 Басов С.А. Гражданское общество и гражданские отношения: поиск смысла // Социс. М., 2012.

12 Байділдинов Л.Ә. Теориялық саясаттану: оқулық. –Алматы, 2005.

13 Биекенов М.А. Медернизация политического процесса Казахстанского общества. – Астана: Академия гос. упр. При Президента РК, 2006. – 348 с.

14 Булгакова Д. А. « Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы. – Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2013. – 130 бет .

15 Булуктаев Ю.О. Партийно-политическое строительство в Республике Казахстан (1991-2012). Книга 1. Становление многопартийности. 1990-е гг. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2012. – 240 с.

16 Болон процесі тұрғысынан жоғары білім беру сапасын жетілдіру: үдерістері мен келешегі: халық. ғыл. әдістемелік конф. матер. (Алматы, 2 ақпан 2015ж.). – А., 2015.

17 Баққұлов С.Д. Құқық негіздері. - Алматы, 2004.

18 Волков Ю.Г. Мостовая И.В. – Хрестоматия. Социология. – Москва, 2003. Григорьев С.И., Растов Ю.Е. Основы современной социологии: Учеб. пособие. – М., 2002.

19 Дакенов М. Жаһандану үдерісінің әлеуметтік салдарлары // Хабаршы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы» Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы, 2014. - №2(41). – 68-72 б.

20 Дәкенов М. Әлеуметтану. Сөздік анықтамалық. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2016.

21 Добреньков В.И., Кравченко А.И. Социология. Социальная структура и социальная стратификация. – М.: Инфра, 2000.

22 Дулатбеков Н.О. и др. Мемлекет және құқық негіздері / Дулатбеков Н.О., Амандықова С.Қ., Турлаев А.В. – Астана: Фолиант, 2001.- 252 б.

23 Джагфаров Н.Р. Формирование режима личной тоталитарной власти в стране (1917-1937). – Алматы: Аяла прима, 2013. – 294 с.

24 Дьянченко С., Кармазина Л.И., Шаймергенов Т.Т. Теория и практика политических партий: история, современность, перспективы. Учебное пособие. В 2-х частях. – Астана, 2010.

25 Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 240 б.

26 Жаһандану кезеңіндегі мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері //Актуальные проблемы государства и права в эпоху глобализации: халықар. Ғыл.-тәжіриб. Конф. Матер. (Алматы, 18 сәуір 2014 ж). – Алматы, 2014. – 480 б.

27 Жаксылыков Е. Гражданское общество: политологический аспект // Мысль. – 2004. – № 3.

28 Зекрист Р. Власть и общество: теоретический и методологический анализ. – Костанай, 2012. – 312 с.

29 Иманбаев М., Смағұлов Е. Саясаттану негіздері.- Алматы, 2014.

30 Иманбекова Б.И. Партиялар, партиялық жүйе тарихы және қазіргі кезең. – А., 2001.

31 Искакова Г. Гражданское общество как условие реализации прав человека // Саясат. – 2004. – № 12.

32 Карабаев Ш.К. Әлеуметтану негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Экономика баспасы, 2007.

33 Кирдина С.Г. Гражданское общество: уход от идеологемы // Социс. М., 2012.

34 Красиков С.А. Глобализация: политические риски открытости. - Полис. – 2008.

35 Козырев Г.И. Политическая социология: Учеб. пособие. – М., 2013.

36 Караткевич А.Г. Политические изменения в трансформирующихся переходных обществах: условия и факторы оптимизации.- Спб., 2012.

37 Кравцов А.О. Муниципиальные образовательные системы: концептуальные основания инновационного развития //ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – Вестн. КазНУ. Сер. Экономическая. – 2012. - №1. – с. 12-15.

38 Кабаченко А.П. Политический процесс и политическая система: источники саморазвития // Вестник МГУ. Сер. 12. Политические науки. – 2001. – № 3.

39 Ким Р.А. Основные принципы и функции исполнительной власти в Республике Казахстан // Актуальные модели социальной модернизации в условиях формированного индустриально- инновационного развития государства: матер. Междунар. Науч.-прак. Конф. (8 ноя. 2012). – Алматы, 2012. – С. 214-218.

40 Колдыбаева С. Разумный авторитаризм или демократия? // Мысль. – 2004. – № 8.

41 Құсайынов А. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы: монографи. – Алматы: Курсив, 2013. – 196 б.

42 Кудайбергенов У. Место и роль законодательства в системе права РК // Мысль. – 2005. – № 2.

43 Қуандық Е.С. Саясаттану негіздері: оқу құралы. - Алматы, 2013.

44 Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері. Оқыулық 2 кітаптан тұрады / Құрастырған Е.Баянов. 1- ші кітап. – Алматы, 2009. – 384 бет .пособие. – М., 2005.

45 Құқық негіздері: Оқу құралы / Б.Ө. Алтынбасовтың редакциялығымен. – Астана, «Мастер По» ЖШС, 2012. – 336 бет.

46 Қазақстан Республикасының еңбек туралы негізгі заң актілері. – Алматы: Юрист, 2014.

47 Қазақстан Республикасының 1995 ж. 30 тамызда қабылданған Конституциясы. (2011 ж. 2 ақпанда енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен). – Алматы, 2011.

48 Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заң, 2001 ж. 23 қаңтар;

49 Қопабаев Ө.Қ., Өзбекұлы С. Мемлекет және құқық теориясы. - Алматы, 2007.

50 Қазақтың дәстүрлі мәдениеті. - А., 2014.

51 Қазақстан халқының салт-дәстүрлері. - А., 2011.

52 «Қазақстан Республикасының неке және отбасы туралы» Заңы, 2015 ж. 26 желтоқсан.

53 Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық; Авторлар алқасы: Жоламанов Ж., Тәуекелов А.Н., Мұқтарова А.К. – А., 2008.

54 Мусатаев С. Батыстық азаматтық қоғам концепциясындағы адам құқығы мен бостандықтар мәселесі. - Саясат, 2003. - №9.

55 Малиновский В.А. Лидер: президентская власть в Казахстане на рубеже эпох: монография. – Астана, 2012. – 528 с.

56 М. Иманбаев, Е. Смағұлов Саясаттану негіздері.- Алматы, 2014.

57 Нұрғалым К.С. Қазақстандағы саяси билік: модернизациялану процесіне салыстырмалы талдау:оқу құралы./ К.С. Нұрғалым / Қ.И.Сатпаев атын. ҚазҰПУ.-Алматы-2013.-194 бет

58 Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы, 2003.

59 Назарбаев Н. Болашаққа «бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 2017, 12 сәуір.

60 Н. Назарбаев и казахстанский модель строительства государства. – Алматы: литера М, 2012. – 256 с.

61 Н. Турецкий. Особенности казахстанской модели парламентаризма //20 лет Независимости РК: достижения и перспективы развития? Междунар. Науч. – практ. Конф. – Караганда, 2011. – Т.1. – С. 126-130.

62 Образовательная политика: монография. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2014.

63 Подкользин А.Я. Управленческие ошибки. – Сиб., 2013.

64 Раздықов С. Основы политологии. Учебник. - Алматы, 2012.

65 Смагулов Е.М. Основы политологии.- Алматы, 2014.

66 Сырымбетқұлы Б. Саяси құқықтық ілімдер тарихы(Ежелгі заман, орта ғасырлар және жаңа заман): оқу құралы.-Алматы:LEM, 2015.

67 Саяси билік: оқу құралы./ С.Ш. Мұсатаев /әл-Фараби атын.Қазақ ұлттық ун-ті. - Алматы: Қазақ университеті, 2014.

68 Смагулов Е.М. Основы политологии.- Алматы, 2014.

69 Сырымбетқұлы Б. Саяси құқықтық ілімдер тарихы(Ежелгі заман, орта ғасырлар және жаңа заман): оқу құралы.-Алматы:LEM, 2015.

70 Сатыбалдин С. Қазақстан таңдауы «2050 стратегиясы». «Мәңгілік ел». «Нұрлы жол»: монография. – Алматы, 2015. – 352 с.

71 Сапарғалиев Ғ., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық 2- басылым, өңдеген, толықтырған. – Астана: Фолиант, 2011. – 360 бет.

72 Сапаргалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Оқулық. - Алматы, 2000.

73 Сыздықова С.М. Қазақстан Республикасының Конституциясы – азаматтардың ар-ождан еркіндігінің кепілі // «Еуразия: халықтар, мәдениеттер, қауымдар» атты Төртінші халықаралық Еуразия ғылыми форумының еңбектері (Астана, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, 2005, 7-8 қазан).

74 Садкисьян И.И. Политическая модернизация: британская модель // Вестн. Моск. Ун-та. Сер.18. социол. И политология. – М., 2013.

75 Сериков Э.А. Система высшего технического образования Казахстана: движение по спирали. – А, 2015. – 2-6 с.

76 Ступник Р.С. Зарубежный опыт и практика модернизации образование. – М.: Открытый мир, 2012 .

77 Тулеугалиев Ғ.И. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: Жоғары оқу орындарына арналған акад. Курс. 1 – том. – Алматы: «Жеті жарғы», 2001. – 376 бет.

78 Тлембаева Ж.У. система законодательства Республики Казахстан: проблемы теории и практики: монография. – Астана, 2012. – 330 с.

79 Уваров В.Н. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы. Оқулық. – Алматы, 2002.

80 Хартман М. Транснациональный класс – миф или реальность.? // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Сер. 11, Социология: РЖ. – М, 2012.

81 Шәукенова З.К. Қазақстан Республикасындағы идеологиялық конструкциялау. – Алматы, 2013. – 218 б.

82 Шаукенова З. Идеологическое конструирование в республ. Каз-н. – Алматы: КИСИ при Президента РК, 2012. – 316 с.

Қосымша

1 Абдрашева Б.Ж. Ұлттық құндылықтар ұлттық дәстүр құрылымында. – Қарағанда, 2014.

2 Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012.

3 Әлқожаева Н.С., Ертарғынқызы Д. Жасөспірімдеде девиантты мінез-құлықтың пайда болуының әлеуметтік-педагогикалық себептері // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – ВестнКазНУ. Сер. Пед. Науки. – 2012. - №1.

4 Биекенов К.У. Глобализация политической культуры гражданского общества. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 444 с.

5 Государственная программа «Культурное наследие», – Астана, 2004.

6 Калыш А.Б. Внутрисемейные конфликты и разводы в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013.

7 Калыш А.Б. Семья и брак в современном Казахстан. – Алматы: Арыс, 2013.

8 Мүтәліпов Ж. Мәдени диалог және өркениеттер тоғысы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат баспасы, 2012. – 240 б.

9 Нейматов Я.М. образование в XXI веке: тенденции и прогнозы. – М: Алгоритм, 2002

10 Нысанбаев Ә. Қазақстан халқының рухани құндылықтық әлемі. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институы, 2015.

11 Симтиков Ж. Казахстанские институты гражданского общества в условиях политической модернизации. – Саясат – Полис. – 2009. - №10.

12 Сайлан Б.С.Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.). – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2011.

13 Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: әлеуметтік-мәдени негіздер. – Алматы, 2013.

14 Шаукенова З. Отбасы институты – Қазақстан қоғамы тұрақтылығының факторы. – Алматы, 2014.

Интернет-көздері

1 Официальный сайт Президента Республики Казахстана- http://www.akorda.kz

2 Правительство Республики Казахстан - http://www.government.kz

3 Парламент Республики Казахстан - http://www.parlam.kz

Мазмұны

Алғы сөз..... 3
1 дәріс. Қазіргі қоғамдық әлеуметтік институттар..... 4
2 дәріс. Қазіргі қоғам әлемдік жүйе ретінде..... 8
3 дәріс. Қазіргі замандағы жаһандану үдерісі..... 13
4 дәріс. Әлеуметтік қауымдастықтар қоғамның әлеуметтік құрылымының элементі ретінде..... 18
5 дәріс. Әлеуметтік институттар қызметін талдау..... 21
6 дәріс. Қазіргі қоғамның стратификациялық модельдері..... 28
7 дәріс. Қазақ институттар қоғамдағы әлеуметтік мобильдіктің негізгі арнасы..... 32
8 дәріс. Азаматтық қоғам қалыптастырудағы әлеуметтік институттар..... 39
9 дәріс. Саясат қоғамдық құбылыс ретінде..... 45
10 дәріс. Мемлекеттік қоғамның саяси жүйесінің негізгі институты..... 48
11 дәріс. Саяси режим мемлекет формасының элементі ретінде..... 53
12 дәріс. Қазіргі қоғамның идеологиялық көрінісі..... 56
13 дәріс. Конституция мемлекет пен қоғамның негізгі заңы..... 60
14 дәріс. Президент институты: тарих және қазіргі заман..... 65
15 дәріс. Парламент қоғамының саяси жүйесінің инсттуты ретінде..... 68
16 дәріс. Саяси партиялар азаматтық қоғамның институты ретінде..... 72
17 дәріс. Құқық әлеуметтік институт ретінде..... 77
18 дәріс. Құқық қоғамдық қатынастарды реттеуші ретінде..... 80
19 дәріс. Экономикалық жүйе әлеуметтік институт ретінде..... 84
20 дәріс. Экономика әлеуметтік үдеріс ретінде..... 88
21 дәріс. Дін қоғамдық сананың спецификалық формасы ретінде..... 92
22 дәріс. Неке және отбасы әлеуметтік институт ретінде..... 97
23 дәріс. Тұлғаны әлеуметтендіру институттары, агенттері және механизмдері..... 101
24 дәріс. Девиация әлеуметтік құбылыс ретінде. Аномия: себептері және оны жоюдың жолдары..... 103
25 дәріс. Дәстүрлер мен салттар тұлғаның адамгершілік сапаларын қалыптастырудың құралы ретінде..... 108
26 дәріс. Білім құндылық, процесс, нәтиже және институт ретінде..... 112
27 дәріс. Ғылым және білімнің қазіргі стратегиясы мен моделдері..... 115
28 дәріс. Мәдениет құндылықтар жүйесі және әлеуметтік институт ретінде..... 119
29 дәріс. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары қоғамының әлеуметік институты ретінде..... 123
30 дәріс. Жаһандық кеңістіктегі Қазақстан..... 126
Әдебиеттер тізімі..... 129

Коммерциялық емес акционерлік қоғам
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ
Әлеуметтік пәндер кафедрасы

БЕКІТЕМІН
ӘД жөніндегі проректор
_____С.В. Коньшин
«____» _____2018ж.

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАР: САЯСАТ, ҚҰҚЫҚ, ДІН

Дәрістер жинағы
(барлық мамандықтарға арналған)

КЕЛІСІЛДІ
ОӘБ бастығы
_____Р.Р. Мухамеджанова
«_____»_____2018ж.
ЖУӘК төрағасы
_____Б.К. Курпенов
«_____»_____2018ж.

Кафедра мәжілісінде қаралды
және құпталды
19. 02. 2018 ж. № 6 хаттама
Кафедра меңгерушісі
_____Кабдушев Б.Ж.
«_____»_____2018ж.

Редакторы
_____
«_____»_____2018ж.

Құрастырушылар:
_____ Дакенов М.Д.
_____ Танирбергенова Р.К.

Алматы 2018

2018 ж.
жиынтық жоспары, реті 239.

Муксын Дакенович Дакенов
Рабига Колекбаевна Танирбергенова

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАР: САЯСАТ, ҚҰҚЫҚ, ДІН

Дәрістер жинағы
(барлық мамандықтарға арналған)

Редактор Ж.Н. Изтелеуова
Стандарттау бойынша маман Н.Қ. Молдабекова.

Басуға _____ қол қойылды
Таралымы 200 дана.
Көлемі 8,4 есептік-баспа табақ

Пішімі 60х84 1/16
Баспаханалық қағаз № 1
Тапсырыс____. Бағасы 4200 т.

«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірмелі-көбейткіш бюросы

050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126